

I-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ҰҒЫМЫ, ТҮСІНІГІ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

§1. Қылмыстық жазаны атқару барысындағы мемлекеттік саясат

Мемлекет белгілі бір әлеуметтік мақсатқа жету үшін нақты саясатты басшылыққа алады. Сол көзделген мақсатқа жетудің жолдары мен тәсілдері саясат анықталғаннан кейін ғана дайындалады.

Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын, Конституцияның 40-бабының 1-бөлімінде ккрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды, сонлықтан біздегі мемлекеттің даму саясатын біртұтас даму деп айтуға болады. Саясаттың біртұтастығын анықтайтын жалпы мақсаттар мемлекеттік органдардың қызметі арқылы, жүргізіліп, іске асырылады және күрделі сатылардан өтеді.

Мемлекеттік саясат таралымды құбылыс, ол қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында кездеседі. Елдің даму бағытын ескере отырып қоғам өмірі салалары да, әдепкі мемлекет саясатының өздеріне қатыстыларын анықтап, іс жүзінде көрсете бастайды.

Жоғарыда айтылған қоғам өмірі салаларының әр алуандығына байланысты, осындай бағыттың бір түрі мемлекеттің қауіпсіздігі, қоғам тәртібін сақтау, қылмыстықпен күрес саласындағы саясат болып табылады. Бұл саясат қазір қылмыстық саясат деген атауға ие, өз мемлекеттің қылмыстылықты бақылауының әдісіне, нысандарына, қағидаларына, мақсатына, т.б. жақтарына баға және бағыт береді. Қылмыстық саясаттың өзі немесе оның құрамдас бөліктері мемлекеттің осы саладағы саясатын белгілегенде, бұрынғы өткен уақыттардағы осы қызметкерге баға береді және алдағы уақытта жаңа тәсілдер қолдану арқылы жетуге бағыт-бағдар бере алады.

Осы саладағы мемлекеттік саясат жан-жақты, оларды былай бөлуге болады:

- 1) қылмыстың алдын алудағы саясат;
- 2) қылмыстық-құқықтық саясат;
- 3) қылмыстық-атқару саясаты;
- 4) қылмыстық іс жүргізу саясаты.

Егер қылмыстық жазаны атқару саласындағы саясатты алып қарасақ, ол қылмыстық саясатпен тығыз байланысты. Өйткені ол мемлекет жүргізетін әлеуметтік саясаттың бір түрі болып табылады.

«Қылмыстық саясат» терминін алғаш рет 1840 жылы Ансельман Фейербах қолданған. Қылмыстық саясаттың мазмұнын, көлемін анықтау – күрделі мәселе. Ал, қылмыстық-атқару құқығы саясатының мазмұнын анықтауға келгенде, оны осы құқық шеңберінде қарастыруға жататын мәселелермен байланыстыра анықтаған дұрыс. Қылмыстық-атқару құқығы ғана емес, басқа құқық салалары да өз нормаларының бағытын сол құқықтың қағидаларына, міндетіне қарай белгілейді. Түбінде сол құқықтың қандай мақсатта, қандай бағытта қолданылатыны, неге жетуді көздейтіндігі анықталады. Бұл бір жағынан, ал екінші жағынан, құқықтық саясат қылмыспен күресетін арнайы органдар қызметінің мақсатын, нысанын, мазмұнын анықтай алады.

Сапасына қарай және шығу табиғаты бойынша, саясат пен құқықты біріктіріп қарауға болмайды. Бұлар екеуі екі бөлек сапаға ие және түсініктері де бөлек. Құқықтың бағытына келгенде, саясат құқықтың негізін қалаушы фактор болып табылады.

Дәлірек айтқанда, мемлекет саясатқа сүйене отырып құқықты жасайды. Құқық өзінің нормаларында жүргізіліп отырған саясаттың сәйкес келер тұстарын көрсетіп ол нормаларға сол құқықтың мазмұнында үстем болады.

Жазаны орындау саласындағы саясат мемлекеттің бағытын, тәсілдерін, қағидаларын, мақсатын білдіреді және жазаның орындалуы туралы мемлекеттің көзқарасын іс жүзінде көрсетумен айналысады. Жазаны орындау туралы саясатәлеуметтік-құқықтық саясатқа өзінің үлесін осылай қосады.

Қылмыстық жазаны орындау барысындағы саясаттың қағидалары мен мақсаттары тұрақты болып келеді. Өйткені ол бір мемлекеттің ғана емес, халықаралық актілердің шарттары негізінде құрылған. Қазір дүние жүзіндегі мемлекеттердің даму бағытының ұқсастығы және бір-біріне жақындасуы нәтижесінде, олардың арасында ортақ мемлекеттік мүдделер байқалады. Сол себепті мемлекеттердің ортақ саясаттары шеңбері анықталып, ол іс жүзінде орындалуы үшін құқықтық реттелуге жатады. Қылмыстық-атқару саясатының тұрақтылығы дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттердің сотталған адамдарды біртектес бағалауына, өз қоғамынан белгілі бір жетістіктерді көруге ұмтылуына байланысты. Ол жетістіктер мемлекеттің ізгі бағытты көздеп, адам тәрбиесі мәселесімен де айналысатын мемлекет екендігін көрсетумен анықталады. Демек, қылмыстық атқару саясатының халықаралық актілердің шарттары негізінде құрылу себебі – сол мемлекеттердің арасында ортақ саясаттың пайда болуына байланысты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабында былай келтірілген:

- 1) азаматтардың ар-намысына қол сұғылмайды;
- 2) ешкім сырт тараптан қорлық, зорлық-зомбылыққа ұшырамауы тиіс.

Қылмыстық жазаны орындау ауқымындағы саясаттың негізгі нысаны мен әдісі туралы әртүрлі әлеуметтік факторлармен анықталады. Олар қоғамдық, экономикалық және әлеуметтік саясаттың жағдайымен, қылмыстылық деңгейімен, халықаралық актілердің талаптарын қамтамасыз еудегі әртүрлі ұйымдардың қызметімен, заң ғылымы салаларының дамуымен байланысты болады.

Кез келген заң халық үшін шығарылады. Ол заңды халық жай біліп қана қоймай, оның маңызын да түсінуі керек. Осыдан барып халықтың қылмыстық-атқару заңын түсінуге мүмкіндігі болады. Жазаны орындау туралы саясатты халықтың санасымен және адамгершілік деңгейімен байланыста қарастыруға болады.

Халық санасының деңгейі – халықтың көрген-білгенімен, сауаттылығының, білімінің жоғары болуымен және т.б. жақсы сападағы белгілерді иеленуімен көтеріледі. Халық санасының деңгейін күнделікті қарапайым мағынадағы адамгершілік деңгейінен төмен деп айтуға болмайды. Ал ірі көлемдегі немесе дүниежүзілік мәселелерді шешуге келгенде, қарапайым халық санасы деңгейінде ақаулы кемшіліктер байқалуы мүмкін. Егер осы деңгей адамгершілік деңгейге жақындаса немесе бірдей мөлшерде болса, онда ол деңгей құқықтық саясатты толық түсіне біледі және оның негізгі жақтаушысы болып есептеледі. Демек, жазаны орындау туралы саясат та адамгершілікпен астарлас жатқан құбылыс.

Мемлекет заңдарда адамгершілік пен құқықтың бағалылығын бекітуі де мүмкін. Бірақ халық бұл моральдық қағиданы сақтай бермейді. Бұл жағдай кейде қоғамда әлеуметтік қатынастардың шиеленісуіне байланысты қоғамның адамгершілік деңгейін әлсіретеді. Мұндай жағдай кейде адамдардың бір-біріне деген қатыгездігіне әкеп соқтырады. Сотталушыға деген көзқарас құқықтық нормалар мен ережелер бекіткендей, қоғамда бірқалыпты және ізгілікті ретте сақтала бермейді. Әсіресе ұлттық алаңсыздықтан туындайтын даулар аса қауіпті болып келеді. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында былай делінген:

- 1) сот пен заң алдында барлық адамдар тең;
- 2) адамдар ұлтына, дініне, нәсіліне, тіліне, діни нанымына, әлеуметтік, мүліктік жағдайына қарамай, бәрі тең.

Қоғамның әлеуметтік-саяси тұрақтылығы, ұлт аралық келісім, саяси мақсаттардың нақтылығы, дұрыстығы, олардың өз кезеңінде жүзеге асуы тәрізді жағдайлардың барлығы, жазаны атқару саласындағы саясаттың жүзеге асырылуына тиімді жағдайлар жасайды. Конституцияның азаматтар құқықтары мен мүдделері жайындағы нормаларының халықаралық актілермен сәйкес келуі де саяси тұрақтылыққа үлесін қосады. Демек, халықаралық құқықтық актілер жазаны атқару туралы мемлекеттік саясатқа әсерін тигізе алады.

Халықаралық келісімдерде белгіленген сотталушыға деген көзқарастың және адамдардың құқықтарын қорғау туралы жалпы ережелер мен қағидалардың құндылығы жоғары деп танылып, басқа мемлекеттермен осы саладағы қатынастарды жасау кезінде жетекшілік роль атқарады. Сондықтан ол заңдардың идеологиясы мен қағидалары жазаны атқару саласындағы саясатта және қылмыстық- атқару заңдарында өзінің көрінісін тауып отырады.

Қылмыстық-атқару құқығы саясатын іс жүзінде көрсететін субъектілер-сотталған адамдармен жұмыс істейтін құқық қорғау органдары, жазаны атқарушы мекемелер мен органдар, жергілікті басқару органдары болып табылады.

§2. Қылмыстық-атқару құқығы ұғымы, оның міндеттері, ғылымы және жүйелері

Қылмыстық құқықта негізінен жекелеген қылмыс түрлеріне құқықтық талдау жасалып, олардың әрқайсысына жаза қарастырылады. Соның ішінде жазаны тағайындау кезінде ескерілетін мән- жайларды қолдануды үйретеді. Бірақ қылмыстық құқық осы тағайындалған жазаны өтек кезінде пайда болатын қатынастарды қарастырмайды. Демек, сотталған адамдарға тағайындалған әртүрлі жазалардың ерекшеліктерін, оларды өтеу кезінде пайда болатын ерекше қатынастарды зерттемейді. Себебі жазаларды өтеу және атқару тәртібі мен жағдайлары қылмыстық құқық пәнінің зерттеу объектісіне жатпайды. Яғни, қылмыстық жазаны өтеу кезінде басқа құқық саласына жатпайтын ерекше қоғамдық қатынастар туындайды. Бұл ерекше қоғамдық қатынастар негізінен қылмыстық жазаны атқарушы мемлекеттік органдар мен сотталған адамдар арасында болады. Осы екі субъектінің арасында пайда болған

қатынастарды жеке құқық саласы-қылмыстық-атқару құқығы реттейді. Бұл реттеушілік қызмет осы қоғамдық қатынасқа түсуші субъектілердің, яғни жазаны іске асырушы мемлекеттік органдар мен сотталған адамдардың құқықтары мен міндеттерін анықтау жолымен іске асырылады.

Қылмыстылықпен күресудің бір жолы-қылмыс жасаған адамдарды жазалау болып табылады. Қылмыскерлерді түзеу және басқа да адамдарды қылмыс жасаудан сақтандыру қылмыстық жазаны дұрыс, әрі тиімді атқаруға байланысты. Қылмыстық жазаны атқару-қылмыстық жауапкершілікті іске асырудың негізгі көрінісі болып табылады. Жазаны қылмыскерлерге өтеу кезінде дұрыс жазалау тәсілін таба білу, оларға жазаны өтеу және атқару тәртібі мен жағдайларын дұрыс белгілеп, дұрыс ұйымдастыра білу, әрине, тек қылмыстық атқару құқығының негізгі айналысатын мәселесі болып саналады.

Қылмыстық- атқару құқығы да басқа құқық салалары тәрізді өзіне ғана тән, белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар жүйесінен құралады.

Сонымен, қылмыстық-атқару құқығы дегеніміз-Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі қарастырылған жазаларды өтеу және атқару кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заң нормаларының жүйесі болып табылады.

Бұл құқықта нормалар жиынтығы емес, нормалар жүйесі деп айтылуының себебі-ол жазаны іске асыру кезінде басқа нормативтік актілердің де қолдануына байланысты. Басқа құқық салаларында да заңды, түсіндіру, талқылыу, толықтыру үшін шығарылған нормативтік актілер болады, бірақ олар сол құқықтың ішінде тікелей қарастырылады. Ал қылмыстық-атқару құқығында сотталған адамдармен жұмыс істеу барысында құқықтық қарастыруға жатпайтын, бірақ анықтауды қажет ететін жайттар болады. Осы бағыттағы мәселелерді анықтау үшін Әділет министрлігі бекіткен, жеке нормативтік акті-«түзеу мекемелеріндегі ішкі тәртіп ережесі» қолданылады. Бұл ережеде құқық нормаларында қарастырылған мәселелер нақтыланады, айқындалады. Мысалы, қылмыстық-атқару құқығы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға тыйым салынған заттарды ұстауға рұқсат етпейді. Ол тыйым салынған заттардың тізімі мен атауы Қылмыстық-атқару кодексінде емес, ішкі тәртіп ережесінде келтірілген. Қылмыстық-атқару құқығын оқу кезінде осы тәрізді, мысалы, «қылмыстық-атқару инспекциясы туралы ереже», тағы басқа да нормативтік актілерді қолдануға тура келгендіктен, бұл құқық «нормалар жүйесі» ретінде алынады. Сонымен қатар қылмыстық-атқару құқығы әр түрлі жазалардың атқарылуының тәртібі мен жағдайларын жеке-жеке тарау ретінде қарастырады. Нәтижесінде заң нормаларының жүйесі құрылады.

Қылмыстық жазаны өтеу және орындау кезінде туындайтын қатынастардың түрлері осы пәннің мазмұнымен анықталады. Бұл қатынастар толық анықталуға жатады. Жазаны өтеу және орындау кезінде мемлекетке және сотталған адамдарға белгілі бір міндеттер жүктеліп, олар атқаруға және сақталуға тиісті, сондай-ақ жазаны өтеу, орындау кезінде оларға заңда көзделген тәртіпте белгілі бір құқықтар беріледі. Бұл құқықтар мен міндеттер жазаның түріне қарай нақтылана түседі. Мысалы, бас бостандығынан айыру жазасына қарағанда, қоғамдық жұмысқа тарту, айып төлеу тәрізді жазаларда сотталған адамның құқықтары көп шектелмейді.

Қылмыстық-атқару құқығында реттелетін қоғамдық қатынастар, сот жаза тағайындағаннан кейін басталады. Реттелуге жататын қоғамдық қатынастар ретінде, сотталған адамдарға жазаны өтеу кезінде пайда болатын барлық жағдайлар, қажеттіліктер алынады. Бұл қоғамдық қатынастардың аяқталу уақыты, жазаны өтеп болған уақытпен емес, кейбір ауырырақ жазалар бойынша жаза мерзімі өтелгеннен кейін, сотталғандарға әкімшілік бақылау жасау тәрізді қатынастармен айқындалады.

Бұл құқықта Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қарастырылған жазалардың барлығының да орындау тәртібі мен жағдайлары реттеледі. Яғни, тек қылмыс болып танылған әрекеттер үшін ғана тағайындалатын жазалардың орындалу мәселесі қарастырылады.

Бұрынғы еңбекпен түзеу құқығынан қылмыстық-атқару құқығының айырмашылығы – еңбекпен түзету құқығында тек еңбек арқылы түзеумен байланысты жазалар қамтылса, ал қылмыстық -атқару құқығында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қарастырылған барлық жаза түрлерінің орындалу тәртібі қамтылған. Бұл жазалардың ішінде еңбекпен түзеумен байланысты емес, яғни айып төлеу, мүлкін тәркілеу, өлім жазасы тәрізді т.б. жазалар, іске асырылу тәртібі мен жағдайлары бойынша жеке ерекшеліктерге ие. Жеке ерекшеліктер жазалардың мазмұнында ғана емес, сонымен бірге жазалардың өтелуін қамтамасыз ететін органдардың түрлерінде де байқалады.

Қылмыстық-атқару заңы, жазаны өтеу мен атқарудың тәртібі мен жағдайларын сотталған адамдарға болсын, басқа адамдарға болсын, қылмыс жасаудан сақтандыру, сотталған адамдарды түзеу мақсатында қарастырады. Қай құқық саласы болмасын, өзінің негізгі реттеушілік қызметін қоғамға пайдалы бағытта атқаруы, оның негізгі мақсаты болып саналуы керек. Қылмыстық-атқару құқығы сотталған адамдарды түзеу, оларды алдағы уақытта қылмыс жасаудан сақтандыру арқылы қоғамда әлеуметтік әділеттікті орнатуды көздейді.

Аталған мақсаттармен бірге, қылмыстық-атқару құқығы осы пәннің мынадай жеке міндеттерін келтіреді:

- жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу;
- сотталғандарды түзеу құралдарын анықтау;
- сотталған адамдардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау;
- әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету.

Жазаның жүйесіне және оларды атқаратын органдар мен мекемелердің түрлеріне қарай бұл мақсаттар мен міндеттер нақтыланады, дараланады. Ол әр жазаның орындалу кезінде пайда болатын қатынастардың ерекшелігіне байланысты болып табылады. Мысалы, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру, қамау, өлім жазасы, өмір бойына бас бостандығынан айыру тәрізді жазаларды атқару бойынша қылмыстық-атқару мекемелері жүйесінің міндеттері мыналар бола алады:

-сотталғандарды еңбекке баулу, оларға орта және кәсіптік білім беру;
-денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

-сотталған адамдар мен ондағы қызмет жасайтын адамдарды жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

-оперативтік-іздестіру қызметін атқаратын органдарға көмек көрсету;

-жазаны атқарушы мекемелерде заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету.

Бұл міндеттерді іске асыру күрделі мәселе болып есептеледі. Себебі аталған міндеттерді іске асыру үшін, қылмыстық-атқару заңында қарастырылған барлық қатынастарды, міндеттер мен құқықтарды қосып, кешенді түрде пайдалану керек.

Жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу міндеті әртүрлі жазаларды орындау барысында кездесетін қатынастарды арнайы нормаларда қарастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Құқықтық таным саласында әлі кездеспесе де, кездесуі мүмкін қатынастарды алдын-ала көре біліп реттеу, яғни ондай жағдайларға да көңіл бөлу, қылмыстық-атқару ғана емес, барлық құқық салаларының міндеті болып табылады.

Қылмыстық заңда көзделген жазаға қылмыс жасаған адамды тартқанда, түпкі мақсат ретінде ол адамның түзелуі нысанаға алынады. Адамды түзеудің жолдары әртүрлі. Бірақ қылмыс жасаған адамдарды түзеу үшін адамды тәрбиелеудің қатаңырақ түрі, оның кейбір құқықтарын шектеу тәсілі қолданылады.

Қоғамға пайдалы түзу адамда құқықты сыйлайтын қасиет қоғамға, адамдарға, еңбекке, адамгершілік тұрғыдағы барлық нормаларға ілтипатпен қарайтын көзқарас болуы керек. Қылмыс жасаған адамдарға осы қасиеттердің кейбіреулері төмендеу

болады. Ондай адамдарды жазаға тартқанда, осы жетіспейтін қасиетке тарту-жазаның негізгі мақсатын орындау болып табылады. Осы жақсы қасиетке баулу ретінде, адамды тәрбиелеудің бірнеше тәсілдері қарастырылған. Бұлар жаза өтеу мен атқару режимі, тәрбиелеу мақсатындағы жұмыстар, қоғамдық пайдалы еңбекке араластыр, орта немесе кәсіптік білім беру, адамды қоғамшыл болуға баулу. Сотталған адамдарды түзеудің заңда қарастырылған құралдары жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына, жазаның түріне, сотталған адамның жеке басы мен мінез-құлқына қарай нақтыланып қолданылады.

Заң сотталған адамдарды түзеудің негізгі құралдарын тиімді қолдануды қарастырады. Мысалы, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін сақтауды қамтамасыз етудің құралы ретінде күш қолдану мен арнайы қару-жарақтарды қолдану көздеген. Мұндай шараларды қолданудың негізі мен тәртібі де заңда реттелген.

Қылмыстық-атқару құқығы басқа құқық салаларына қарағанда, жаңа құқық саласы болып табылады. Бұрынғы еңбекпен түзеу құқығымен салыстырғанда, қылмыстық-атқару құқығы қылмыстық жазалардың барлығының атқарылу тәртібі мен жағдайларын қарастырады. Қылмыстық-атқару құқығын бұлай тану, бұған дейінгі кейбір ғалымдардың пікірлерінің нәтижесінде пайда болды. ***Қылмыстық-атқару құқығының негізінде қылмыстық-атқару ғылымы жатыр.*** Бұл құқық салаларының ғылымы ретінде, жазаны өтеу мен атқарудың тәртібі мен жағдайларын дұрыс әрі тиімді ұйымдастыру, сотталған адамдарды қоғам үшін жарамды ететіндей құралдарды дұрыс таңдай білу, т.б. мәселелерден құралатын зерттеушілердің құқықтық көзқарастары, ой-пікірлері, ұсыныстары алынады.

Қазіргі кезде, қылмыстық-атқару ғылымының кейбір мәселелері бойынша зерттеулер, тұжырымдар өмірде, тәжірибеде қолданыла бастады. Сонымен бірге, қылмыстық-атқару ғылымы кейбір шет мемлекеттердің осы бағыттағы мәселелерді шешу тәжірибелерін бізде қолдану мүмкіндіктерін де қарастыруда. Әдетте, қай құқық саласы болмасын, оның нормаларының жұмыс істеуі, дұрыс, тиімді құрылуы, сол құқық ғылымына байланысты. Егер жазаны орындау мен өтеуге байланысты келтірілген көзқарастар мен пікірлердің құндыларын пайдалана білсек, онда біздің қылмыстық-атқару ғылымымыз ғана емес, жалпы қылмыстық-атқару заңы да көп елдерге үлгі ретінде алыну мүмкіндігіне ие болады.

Жазаны өтеудің және атқарудың тәртібі мен жағдайлары, сондай-ақ жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметі туралы зерттеулер, ұсыныста, ой-пікірлер осы ғылымның объектісін құрайды.

Қазіргі кезге дейін осы құқық саласына байланысты көптеген докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды, бірнеше монографиялық зерттеулер жазылып

шығарылды, ғылыми конференцияның материалдары, көптеген мақалалар жарыққа шығарылды. Қылмыстық-атқару құқығы жеке пән ретінде бағаланып, бірнеше оқу құралдары шықты.

Жазаны орындаудың тиімділігі мәселесіне, әсіресе бас бостандығынан айыру тәрізді жазаларды атқарудың тиімділігіне көп көңіл бөлінді. Бұл мәселелерді теория жүзінде ғана қарастырып қоймай, оны іс жүзінде қолданып, сынап көру жазаларды атқарудың тиімділігі мәселесінің неізі ғана емес сонымен бірге, қылмыстық-атқару құқығының да тиімділігінің негізі болып табылады.

Қылмыстық-атқару құқығы маңызы жағынан келгенде, құқық саласы ретінде ғана емес, сондай-ақ ғылым түрі ретінде де қолданылады.

Бұл пән көлемі жағынан жалпы және ерекше бөлімге бөлінеді. Жалпы бөлімде нақты жазаларды атқару кезінде негізге алынатын жалпы ережелер қарастырылған. Жалпы ереже ретінде, қылмыстық атқару құқығының түсінігі, қағидалары мен міндеттері, оның қайнар көздері, сотталған адамдардың құқықтық жағдайлары, сондай-ақ жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың түрлері, олардың қызметіне бақылау жасау мәселесі қарастырылған. Ерекше бөлімді қылмыстық-атқару құқығымен реттелетін жекелеген жазаларды атқарудың тәртібі мен жағдайлары баяндалады. Сонымен бірге жазаны өтеген адамдарға көмек көрсету, оларға бақылау жасау мәселесі де қарастырылған.

§3. Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары

Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары ретінде, барлық нормалардың бағытын бір жолға салып біріктіретін, сол бағыттың нормаларын түзететін, құқықтық қатынастарды реттеу жолында басшылыққа алып отыратын заңның ізгі пікірлері алынады. Демек, қылмыстық-атқару құқығының қағидалары дегеніміз – құқықтың осы саласының сипатына, оның мазмұны мен міндеттеріне қоғамның пікірін білдіретін негізгі ережелер, жетекшілікке алынатын идеялар болып табылады. Осы құқықтық қағидалар арқылы қылмыстық атқару құқығының қандай бағытта жұмыс істейтіндігін байқауға болады. Қылмыстық атқару құқығының объектісі қылмысты құқық тәрізді құқық салаларымен ұқсас болғандықтан, оның қағидаларында ішінара ұқсастық байқалады. Бірақ қағидалардың атауында ұқсастық, біркелкілік байқалғанымен, оларды түсіндірер кезінде осы құқық саласына ғана тән бағыт қолданылып, ерекшеліктері анықталады.

Әдетте, құқықтық қағидаларды жалпы құқықтық, салааралық және салалық деп бөледі. Жалпы құқықтық қағидалар барлық құқық салаларына тән болып келеді, олар барлық құқықтарда кездеседі. Салааралық қағидалар белгілі бір құқықтарда кездеседі. Біздегі салааралық қағидалар қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу құқығымен

ұқсас болып келеді. Ал белгілі бір құқық саласына ғана тән, сол құқықтың мазмұнын, маңызын білдіретін қағидалар салалық қағидалар деп аталады. Олар заңның өзінде, жеке нормаларда аталып көрсетілмейді. Қылмыстық атқару заңының қағидалары заңның мазмұнын сипаттайды. Қағидаларды заңда жек бап ретінде атап көрсетудің бір жақсы жағы – ол осы құқықтың қағидаларын атау кезінде орын алуы мүмкін әралуандылыққа, әртүрлілікке жол бермейді. Себебі, әр оқытушының осы құқықтық жетекшілікке алатын идеясы ретінде пайымдаған ойлары, кейде даулы болуы да мүмкін. Ал, қағидаларды заңда тікелей атап көрсету, қағида жүйелерін бірдей түсінуге, демек, заң актілері нормаларының біркелкі қолданылуына жағдай жасайды. Қылмыстық атқару Кодексінің 6-бабында мынадай қағидалар келтірілген: заңдылық, баршаның заң алдындағы теңдігі, гуманизм, демократизм, жариялылық, жазаларды атқарудың саралануы мен жеке даралығы және жазаны түзеу ықпалымен біріктіруді қамтамасыз ету.

Заңдылық қағидасын тар және кең мағынада қарастыруға болады. Тар мағынада, заңды барлық азаматтар және барлық лауазымды адамдар бұзбай, дәл сақтауы керек. Ал қылмыстық жазаны атқару, өтеу міселесіне келгенде, заңды және конституциялық нормаларды барлық сотталған адамдар және жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметкерлері қатал, бұлжытпай сақтау керек. Бас бостандығынан айыру мекемелерінде заңдылықты сақтау қоғам өмірі үшін аса қажет болып табылады. Себебі, жазаны атқарушы көпшілік органдар, мекемелер жабық түрде жұмыс істейтіндіктен, оларда заңдылықтың бұзылуы әбден ықтимал. Қоғам жабық түрде жұмыс істейтін мекемелердегі заң талаптарының бұзылуын біле алмау мүмкін. Заң өз нормаларын ізгі мақсатқа, яғни сотталған адамдарды түзеуге бағытталғандықтан, осы нәтижеге жету үшін, сол заң талаптары барынша бұзылмай сақталуы тиіс. Егер жазаны атқарушы мекемелердің қызметкерлері мен сотталған адамдардың арасындағы қатынастарда заңдылық бұзылмаса, онда заңның өзінің алдына қойған мақсатын жетуіне мүмкіншілік туындайды. Сотталған адамдарда мемлекетке, заңға деген өшпенділік емес, керісінше, сыйластықпен қарау орын ала бастайды.

Заңдылық қағидасы кең мағынада барлық адамдардың заңды қатаң сақтауын білдіреді. Бұл – біріншіден, ал екіншіден – заңдылық қағидасы мемлекетте сапалы жасалған заңның өмір сүруін талап етеді. Сапалы, жетілген заң, қоғамдағы объективтік өмірге сай келетін заңның өмір сүруін білдіреді. Жақсы сападағы заң болсын, ақауы мол, өмірден қала бастаған заң болсын, ол күшінде тұрған заң болғандықтан, оның баршаға міндетті күші болады. Ол заңды адамдар бұлжытпай сақатуы тиіс. Жақсы дайындалған заң жүйесін дүниеге әкелу – заң шығарушының міндеті. Заң шығарушы заңды өзгерте немесе алып тастай алады, бірақ оның заң өзгергенге немесе алып тасталғанға дейін оны елемеуге қақысы жоқ.

Заңды сақтау дегеніміз, заңның өзінен кіші заңдардан жоғары тұруын білдіреді. Егер негізгі заң мен кіші заңның (подзаконный акт) арасында айырмашылық немесе қайшылық байқалса, онда негізгі заң қолданылады.

Заңды сақтау дегеніміз – заңның жеке адамдардың мақсатынан жоғары тұруын білдіреді. Жеке ниет-мақсаттар әртүрлі бола береді. Мысалы, саяси-экономикалық, әскери, т.б. мақсаттар.

Заңның, кейде заңгерлердің немесе жеке адамдардың тарапынан сынға ұшырайтын кездері болады. Оның себебі заңның ескеруі немесе нақты өмірден қала бастауы болуы мүмкін. Өмір тез жылжиды. Заң осы себептен тез ескіруі мүмкін. Әрине, қоғамда заң бірінші емес, өмір бірінші, сондықтан заң қашан да қоғам өміріне ілесіп отырады. Бұл біріншіден. Екіншіден, адам мен заңның арасында қарама-қайшылық байқалуы мүмкін. Оның себебі - заңның дұрыс, сапалы берілмеуінде, яғни нақты қоғам өмірінің шындығына сай келмейтіндей болып шығарылуында. Мұндай жағдайда да заңды өзгерту туралы ой келеді. мұнда жұмыстар үнемі атқарылып жатыр. Мысалы, жаңадан қабылданған қылмыстық заң, қылмыстық-атқару заңы, т.б. заңдар мұның дәлелі бола алады. Сонымен, заңның, сапасы жағынан қандай деңгейде болса да, сақталуы баршаға міндетті болып табылады.

Гуманизм қағидасы қайбір мемлекетте болмасын, адамды бір-біріне жау тұтып қарамай, бір-біріне ізгілікпен, кешіріммен, бауырмашылықпен қарауды білдіреді. Сол сияқты, адам мен адамның арасындағы қатынас қана ізетті, ізгілікті болып қана қоймай, мемлекет пен адамның, ділерек айтқанда, заң мен адамның арасындағы қатынастар да ізгілікті, кешірімді болуы керек.

Қылмыс жасаған адам жазаға тартылғанда, жаза, сол адамды тәрбиелеу, түзеу үшін қолданылады. Сондай-ақ қылмыскерлерді қылмыскер ретінде қалдырмай, заң сол адамнан ертеңгі қоғамның пайдалы мүшесін көруді көздейді. Қылмыскер жазаға тартылғанда уақытша қоғамнан аластатылған, дәлірек айтқанда психикалық тұрғыдан сауықтыру үшін қоғамнан ажыратылған адам ретінде танылады. Сотталған адамды жазаға тартқанда азап шектіру, қинау мақсатқа алынбайды. Жазаның орындалу мазмұнында ондай жат мақсаттар жоқ, ол заңда көзделмеген. егер сотталған адам жаза тәртібіне бойұсынбаса, қарсылық көрсетсе, онда осы әрекеттің жолын қию мақсатында күш қолданылады. Оған дейінгі кездерде күш қолдануға заң тыйым салады.

Қылмыстық құқық тәртізді, қылмыстық-атқару құқығы да сотталған адамды түзету мақсат ретінде көздейтіндіктен, сотталған адамда түзелудің нышаны байқала бастаса, одан кейбір құқықтық шектеулер алына бастайды немесе жағдайы жеңілдетеді. Қылмыстық-атқару заңы мазмұнының көптеген жерлерінен гуманистік бағытты кездестіруге болады. Мысалы, сотталған адамның жеке басы қауіпсіздің қамтамасыз

ету, оған дәрігерлік көмек көрсету, оқу, мамандық беру, түзелу жолына түсуіне байланысты жеңілдетілген жағдайға ауыстыру, шартты түрде ерте босату, т.б. жағдайлар. Гуманистік қағиданың негізінде мемлекеттің сотталған адамға жеңілдіктер жасау туралы көзқарасы емес, негізінен сотталған адам мен мемлекеттің арасында бірін-бірі сыйлаушылық бағытын ұстану жатыр. Бас бостандығынан айыру тәрізді жазаларды, басқа жазаларға қарағанда құқықтық шектеулер көп қолданылса, ол қылмыскердің жасаған қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сол қылмыс жасаған адамның мінез құлқына байланысты. Мұндай сотталған адамдардың құқықтарын көптеп шектеу оларды түзеудің құралы ретінде қолданылады.

Гуманизм қағидасын сотталғын адамға жеңілдіктер жасау деп біржақты түсінуге болмайды.. Бұл қағиданың мазмұнында, қылмыскердің қауіптілігіне қарай қаталдықты қолдану арқылы, қоғам үшін дұрыс, ізгі қатынас жасалады деген ұғым да жатыр.

Демократизм және жариялылық қағидасы сотталған адамдардың хал-жағдайымен қоғамның хабардар болуын білдіреді. Қылмыстық жазаны атқару қызметі барлық жаза түрі бойынша жабық түрде жұмыс істемейді. Бас бостандығынан айыру жазасын атқаратын мекемелер де мемлекет, қоғам тарапынан бақылауда болып, өздерінің жұмыстары туралы мемлекет алдында есеп беріп отырады. Жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметі баспасөз, ақпарат құралдары үшін ашық жұмыс істейді. Демократизм қағидасы сотталған адамдардың баспасөз алдында сөз сөйлеуімен, пікірін білдіруімен де анықталады. Демократизм қағидасы сотталған адамды қылмыстық- атқару қатынасының субъектісі ретінде танумен көрініс береді. Жазаны өтеу кезінде олардың конституциялық кейбір құқықтары мен мүдделері бұлжытпай сақталады.

Баршаның заң алдындағы теңдігі қағидасы сотталған адамның нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, шығу тегі мен әлеуметтік жағдайына қарамай, олардың заң алдында теңдігін білдіреді. Ол мемлекеттің негізгі байлығының бірі болып табылады және әр адамның ұлтына, дініне, мүліктік, т.б. Жағдайларына қарамай заң алдында теңдігі конституциялық нормалардан туындайды. Барлық қазақстандық азаматтар Қазақстандық Республикасы азаматтары үшін берілген құқықтарды иеленеді және міндеткерліктерді атқарады. Сол сияқты сотталған адамдар да өздерінің жеке ерекшеліктеріне қарамай заң алдында бәрі бірдей, бәрі тең болып есептеледі. Және бірдей құқықтар мен міндеткерліктерді атқарады. Адамды нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, саяси, діни, сеніміне, әлеуметтік жағдайына қарай алалауға, бөліп қарауға, осы негізде артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

Жазаларды атқарудың саралану (дифференциация) қағидасы сотталған адамдарды белгілі бір категорияларға бөлуді талап етеді және жазаны атқарушы орындарда әр категориядағы сотталған адамдарды бөліп ұстауды білдіреді. Сотталған

адамдарды әр түрлі категорияларға немесе топтарға бөлу негізі, олардың жынысы, жасы, қылмыстарының рецидивтілігі, жазаның түрі, түзеу мекемелеріндегі мінез-құлқы, т.б. Бола алады. Бір тектес топтағы сотталған адамдарды басқаларынан бөліп жаза өтетү, түзеу шараларын қолдануға және сотталған адамдармен түзеу мекемелерінің жұмыс істеуіне ыңғайлы болып табылады.

Жазаны атқарудың жеке-даралығы (индивидуализация) қағидасы сотталған адамдарды топтастырғанда құқықтық белгілерді қолдануға итермелейді. Бұл қағиданың негізі ретінде, сотталған адамның қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипаты, қылмыст ыжасау жағдайы, сотталған адамның мінез құлқындағы жекелеген ерекшеліктері мен оларды түзеу мекемелерінде жаза өтеу кезіндегі мінез-құлқының өзгеруі алынады. Сотталғанадмның түзеу мекемесінде жаза өтеуі кезінде, мінез-құлқы өзгеріп отыруы мүмкін. Соған сәйкес, ол адамға түзеу шарасын қолдану көлемі мен түрі де өзгеріп отырады. Жаза өтеу кезінде сотталған адамдар қоғамға деген пікірі бір-біріне ұқсас, өзі тәріздес адамдармен бірге ұсталады. Бұл қағиданың көрінісі, сотталғандардың мінез-құлқының өзгеруіне қарай жазаны ауырлатуды немесе жеңілдетуді қолданғанда анық байқалады. Жалпы айтқанда, қылмыстық атқару заңының негізгі мақсатының бірі, сотталғандарды түзеу болғандықтан, жазаны жеке-дара атқару қағидасын жазаны атқарушы мекемелердің жұмысында басшылыққа алынатын негізгі қағида деуге болады.

Жазаны түзеу ықпалымен жалғастыру қағидасы сотталған адамдарға қолданылатын түзеу құралдарын кешенді түрде қолдануды міндеттейді. Сотталғандармен түзеу жұмыстары жалпы және жеке жүргізіледі. Жалпы түрде барлық сотталғандарға ортақ түзеу тәсілдері қолданылса, жеке ше жұмыс жасау қажет болады. Әрине, сотталған адамдар жаза өтеп жатқандықтан, жазаның құрамының бір белгісі жазалауды да басынан кешіреді. Жазаны түзеу ықпалымен байланыстыра атқарғанда адамды жазалау және тәрбиелеу шаралары біріктіріле қолданылады. Бұл шараларды көлемі мен жүйесі, жазаның түріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Оны қолдану сотталған адамды түзеу үшін міндетті әрі қажетті. Келтіріп отырған қағидалардың өмірде көрініс алуы адамның құқықтық санасын, моральдық сапасын көтереді, сондай-ақ жазаны өтеу мен орындаудың әділетті екендігін көрсетеді.

Жазаны атқару жұмысын тым ауырлатып немесе еңілдетіп жүргізу де қауіпті. Яғни тым ауырлатып немесе жеңіл түрде жазаны өтетү де әділеттілікке әкелмейді. Ал, нәтижесінде жазаның мақсатына жету тіпті қиындайды.

Жазаны түзеу ықпалымен байланыстыру мәселесі қылмысық -атқару ғана емес, мемлекеттің, қоғамның алдындағы мәселе болып отыр. Себебі бұл қағидаға келгенде қоғамда қарама-қайшы пікірлер қалыптасты. Біреулер сотталған адамдарды “ендігі жерде адам болуы қиын” - деп, күмән келтіреді. Бұл ойдық қандай да бір деңгейде

шындығы бар болар. Бірақ, сотталғандарды түзету үшін заң нормаларында дұрыс бағыттар көрсетілген. Бұл бағыттар әлі де жеткіліксіз болуы немесе әлі де толықтырылуды қажет етуі мүмкін. Қылмыс жасаған немес сол жалға бейімделген адамдарды түзеу, күрделі мәселе болып қалуда. Оның тәсілдері мен амалдары әлі де зерттелуге жатады.

Қылмыстық-атқару заңының қағидаларын сақтау - сотталған адамдарды түзеу бағытындағы барлық жұмыстарға жағдай жасайды.

§4. Қылмыстық атқару заңдары

Қылмыстық-атқару заңдары, ҚР Қылмыстық -атқару кодексі мен басқа да жазаны өтеудің атқарудың тәртібі мен жағдайларын реттейтін, нормативтік-құқықтық актілерден құралады. Бұл тура мағынасында. Осы мағынада қылмыстық-заңдары ретінде, тек қылмыстық жазаны өтеу мен атқаруға байланысты шығарылған заңдар тобын ғана алу керек. Ол ҚР Қылмыстық-атқару кодексінен және қылмыстық-атқару мәселесіне арналған басқа да заңдардан құралады.

Қылмыстық-атқару туралы қатынастар басқа да заңдарда кездесе алады. Мұндай заңдардың реттеушілік объектісі жаза өтеу, оны атқару мәселесі болмауы мүмкін. Бұл заңдар тобын кең мағынадағы қылмыстық-атқару заңдары қатарына жатқызуға болады. Қылмыстық- атқару құқығының қайнар көздерінің бірі ҚР Конституциясы болып табылады, себебі Конституция нормаларына, оның бағытына сәйкес келуі керек. Егер Конституция мен құқықтық актілердің арасында қарама-қайшылық байқалса, онда құқықтық акті өзгертілуі немесе күшін жоюы керек.

Конституциялық нормалардың бірнешеуі қылмыстық-атқару құқығына тікелей қатысты. Ең алдымен, Конституция нормалары мемлекеттің ғана емес, жеке адамдардың да, олардың құқықтары мен бостандықтарына, ар-ождан бостандығына кепілдік береді. Конституция әр адамның тіршілігі үшін қажетті орта немесе арнаулы білім алуына құқығы бар екендігін көрсетеді. Сотталған адамдар ертең қайтадан қоғамның тең құқылы мүшесі болып саналатындықтан, олардың мектеп көлеміндегі және арнайы мамандыққа оқуы мемлекет тарапынан ұйымдастырылады және осы істерді орындалуына жағдай жасауға міндеттенеді.

Қазір біздің республикада ғана емес, дүние жүзінде, адам құқықтар мен бостандықтарын қорғайтын нормативтік актілерді адамдардың бір-бірінің еңбегін еріксіз түрде тегін пайдаланып қаналуына тыйым салынған. Сол сияқты, дене еңбегін орындаумен байланысты жазаға тартылғандар да, тегін жұмысқа тартылмайды. Жазаға тартылған адам мәжбүрлі дене еңбегіне тартылғанмен, қандай да бір деңгейде еңбегі үшін ақы алады. Сондай-ақ сотталған адамдарда былайғы азаматтар тәрізді санитарлық

-гигиеналық тәртіп сақталған, денсаулыққа тікелей зиянды емес жұмыстарға ғана тартылады.

Конституция азаматтардың демалыс, медициналық көмек, зейнетақы алуына, сондай-ақ ар-ождан, діни бостандықтарына қол сұғылмауына кепілдік береді. Бұл кепілдіктер заңның сотталған адамдардың құқықтық жағдайларын бейнелейтін арнайы бабында анықталған. Осы мүдделер жазаны атқарушы мекемелердің түрлеріне қарай нақтылауны мүмкін.

Қылмыстық-атқару заңы сотталған адамдармен қатынас жасауды, олардың міндеттері мен құқықтарын қарастыратындықтан мемлекеттің ең жоғарғы заң шығарушы органы - ҚР Парламентімен қабылданады. Сондықтан осы немесе тағы басқа заңдармен жұмыс істегенде ешкімнің де бұра тартуға немес оның нормаларын бұзуға қақысы жоқ.

Қылмыстық-атқару заңының Конституциясымен ғана емес, ҚР президентінің де қызметімен байланысы бар. Қазіргі уақытқа дейінгі ҚР Президентінің кейбір сотталған адамдарға кешірім жасау туралы жарлықтары шықты. Қылмысы үшін жазаға тартылған адамдар кешірім жасау актісінің арқасында жазаны өтеуден босатылуы немесе тағайындалған жазаға қарағанда жеңілірек жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасы кешірім жасау арқылы өмір бойына бас бостандығынан айырумен немесе 25 жылға бас бостандығынан айыру мен ауыстырыла алады.

Қылмыстық-атқару заңының негізгі қайнар көзі ҚР Қылмыстық-атқару кодексі болып табылады. Бұл заң 1997 жылғы 17-желтоқсанда қабылданып, 1998 жылдың 1-қаңтарынан бастап күшіне енді. Соның нәтижесінде аталған уақытқа дейін қолданылып келген, 1979 жылы 17 желтоқсанда бекітілген Еңбекпен түзеу кодексі сонымен қатар сол заңның негізінде шығарылған көптеген нормативтік актілер күшін жойды. Қылмыстық-атқару кодексі қылмыстық заңда қарастырылған барлық жаза түрлерінен туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Қылмыстық-атқару кодексі жалпы және ерекше бөлімдерден құралады. Жалпы бөлім үш тараудан тұрады. Жалпы бөлімде осы заңның жалпы ережелері, сотталғандардың құқықтық жағдайлары және жазаны атқарушы мекемелер мен органдар түрлері, олардың қызметіне бақылау жасайтын субъектілер қарастырылған.

Ерекше бөлімінде жеке жаза түрлеріне, яғни сотталғандарды қоғамнан алыстатумен байланысты емес жазалардың орындалу тәртібі мен жағдайлары, бас бостандығынан айыру, әскери жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайлары, сондай-ақ өлім жазасын атқарудың тәртібі және сотталған адамдарды жазаны өтеуден босату, оларға кейінгі уақыттарда бақылау жүргізу мәселесі реттелген. Қылмыстық – атқару заңында жазаларды өтеу және атқару заңында жазаларды өтеу және атқару кезінде кездесетін барлық қатынастар қамтылуға жатады. Ал ішінара көрсетілмей, қамтылмай

кеткен жағдайлар болса, олар заңға толықтыру ретінде енгізіледі. Қылмыстық – атқару заңы Қылмыстық заңмен тікелей байланысты. Жаза мәселесіне келгенде, Қылмыстық - атқару заңын Қылмыстық заңның жалғастырушысы деп айтуға да болады. Себебі 1998 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген Қылмыстық заң, Қылмыстық атқару заңына тікелей байланысты бірнеше нормаларды келтіреді. Қылмыстық заң әрбір жазаның қолдану мерзімін, қолданылуы мүмкін емес жағдайларды анықтайды. Онда барлық жаза түрлерінің табиғатына жеке сипаттама берілген. Сол сияқты, Қылмыстық кодексте жазадан босату мәселесі жеке тарауда қарастырылған және жазадан босатудың негізі мен түрлері анықталып, әрбір түрінің қолданылу негізі реттелген. Қылмыстық заңда жаза өтеп жатқан адамдардың қылмысты әрекеттерді қайта жасау мәселесі жеке қарастырылған. Аталған жағдайлардың барлығы да қылмыстық-атқару мекемелерінің ұсынысы нәтижесінде, сот органдары арқылы шешіледі. Мұндай Қылмыстық заңда қарастырылған жағдайлардың туындауына жазаны атқарушы мекемелердің берген хабарламасы, ұсынысы негіз болады.

Қылмыстық – атқару құқығы заңдарының қатарына ҚР өкілетті органдарының шығарған нормативтік актілерін де жатқызуға болады. Сотталған адамдарға байланысты Әділет министірлігі оқу және денсаулық министірлігі, прокуратура, ҚР Жоғарғы соты тәрізді органдар арнайы заңдар шығаруы мүмкін. Бұл нормативтік актілер әр органның өз өкілеттігіне, қызметіне қарай бұйрықтар, қаулылар, шешімдер түрінде шығарылады. Мұндай нормативтік актілер де, Конституция және Қылмыстық – атқару кодексінің нормаларына қарама-қайшы келмеуі керек. Олар заңды нақтылау, түсіндіру, заңның орындалу тәртібін белгілеу мақсатында шығарылады. Мысалы, түзеу мекемелеріндегі ішкі тәртіп ережесі қылмыстық- атқару заңы нормаларының орындалу тәртібін белгілейді.

Көпшілік жазалардың атқарылу мәселесімен ҚР Әділет министірлігінің жазаны атқару жүйесі комитеті айналысатындықтан, осы салада нормативтік актілер шығару солардың қызметіне жатады. Қазіргі күнде мынадай нормативтік актілер қабылданған: ҚР Әділет министірлігінің «Қылмыстық атқару жүйесін реформалау және оның қызметкерлерінің мәртебесі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы, 1996 жылғы 15 шілдедегі «Бас бостандығынан айыру органдарынан босатылған адамдарға әкімшілік бақылау жасау жөніндегі» Қазақстан Республикасының заңы. Денсаулық сақтау министірлігі Әділет министірлігімен бірлесе отырып, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталған адамдарға медициналық көмек көрсету тәртібін шешеді.

Ведомствоаралық құқықтық актілер ҚР Әділет министірлігінде тіркелуге жатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан азаматтарын оқыту, мамандық беру, оның деңгейін көтеру, сондай –ақ тамақ калориясының нормасы, адамдарды тұрмыстық- материалдық қажетті заттармен жабдықтау тәрізді қажеттіліктерге белгілеген деңгейі, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталған адамдарға да қолданылады. Мұндай мәселені реттейтін нормативтік актілер қабылдағанда, оған сол мәселемен арнайы айналысатын ведомстволар араласады, ал қажет болған жағдайда олар бірлесе отырып қабылдайды.

Қазақстан Республикасы аумағында қолданылу мүмкіндігіне тек отандық заңдар ғана емес, сонымен бірге халықаралық құқықтық актілер де ие. Қазақстан БҰҰ мүше болуына байланысты адам құқығын, адам бостандығын қорғауға бағытталған басқа да заңдарды мойындайды. Бұлардың қатарына Адам құқығы туралы жалпы Декларация (

1948ж), Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт (1966ж), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт (1966ж), Қамаудағы адамдармен қатынас жасаудың төменгі стандартты ережесі (1955ж), Барлық адамдарды азаптаудың және басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысын қорлайтын қатынастардан және жаза түрлерінің қорғау туралы Декларация (1975ж), Өлім жазасына кесілгендердің құқықтарын қорғауға кепілдік беру шарасы (1984ж), Түрмеде жаза өтеумен байланысты емес жазалар туралы БҰҰ –ның төменгі стандартты Ережесі (1990ж), т.б. жатады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының ғана емес, басқа да мемлекеттердің қылмыстық-атқару заңдары халықаралық құқықтық актілерге негізделеді. Демек, жаза өтеу мәселесін қарастыратын халықаралық құқықтық актілерді Қылмыстық атқару заңдарының қайнар көздеріне жатқызу себебіміз республиканың халықаралық құқық нормаларын мойындауына және Қазақстанның халықаралық шарттарды жасасып, сол бойынша қызмет етуіне байланысты болып табылады. Аталған жайттар сол себептен Қазақстанның құқықтық жүйесінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Егер халықаралық шартта Қазақстан заңдарында көзделген қатынас басқаша реттелсе, онда халықаралық шарт нормалары қолданылады. Мұнда халықаралық нормалармен біздің заңдардың арасында қарама-қайшылықтар байқалғанда, жергілікті заң халықаралық шарт нормаларына сәйкестендіріліп өзгертіледі.

Егерде белгілі бір халықаралық актілер Қазақстан Республикасында қолданылмаса және ол заң ұлттық заңдарға жетекшілік роль атқару үшін шығарылса, оған байланысты болса, онда ол заңның ережелері бізде экономикалық, әлеуметтік жағдайлар көтерген кезде ғана қолданылады. Мысалы: үшін. «сотталған адамдармен қатынас жасаудың төменгі стандартты ережесі » бізде осындай роль атқарады.

Халықаралық құқықтық актілерді Қазақстанның толық орындауы, әрине, шарт емес. Ол заңдар бізде жетекшілік роль атқарады және барынша осы халықаралық бекітілген нормаларды ұстануға үгіттейді. Бұл әрине дұрыс. Себебі дүние жүзінде салт –дәстүрге, дінге байланысты шығарылған заңдар әлі де кездеседі. Ал, ол заңдарда қылмыс жасаған адамдарды тым қатал жазалау қарастырылуы мүмкін. Халықаралық күші бар нормалар адамдардың құқығы ар-ождан бұзылмауын, дене мүшесінің тұтастығына зардап келмеуін көздейді. Ол заңдар сотталған адамдарға да күшінің таралуын көздейді. Қазақстанның Қылмыстық – атқару заңы халықаралық актілер нормаларына түгел сәйкестендірілді деп айтуға болмайды. Адамгершілікті сақтау, адамды қорлық, зорлық – зомбылықтан қорғау мәселесі бізде жеке құқық салалары бойынша ғана емес, Республика Конституциясы нормаларымен де қорғалады. Ал сотталғандарды жаза өтеу кезінде « сотталған адамдармен қатынас жасаудың төменгі стандартты ережесіне» сәйкес ұстау бізде әлі мүмкін емес. Оның біршама себептері экономикалық ахуалға байланысты.

«Сотталған адамдармен қатынас жасаудың төменгі стандартты ережесі» мазмұны бойынша, бас бостандығынан айыру жазасын атқару мен өтеу тәртібіне байланысты шығарылған. Мұнда да сотталған адамдарды топтастыру, жаза өтеудің жағдайлары, сотталғандардың еңбек етуі, олармен тәрбиелік жұмыстар жүргізу мәселелері қарастырылған. Ереже - сотталған адамдарды топтастырудың критерийлерін, (жынысы, жасы, бұрын сотталғандағы, т.б.) топтастырудың мақсатын, әр түрлі категориядағы сотталған адамдармен қатынас жасаудың тәсілдерін белгілейді. Сондай-

ақ ереже – сотталғандардың бас бостандығынан айыру органдарындағы тұрағын, киімін, тамағын, денсаулығы тәрізді қажеттіліктерін әдетте қойылатын талаптарға сай келтіруге шақырады. Ережеде әрбір адамға жеке тұрақ берілуі келтіріледі, ал егер оған мүмкіндік болмаса, екі адамға бір тұрғын жай берілуін және олардың өздері тұра алатындай, бір – бірі үшін қауіпсіз адамдар болуын талап етеді.

Ереже – әрбір сотталған адамға жек төсек – орын берілуін және оның түгел және жарамды болуын, сондай-ақ өз уақытында жаңартылып отыруын ұсынады.

Ереже - тамақтың дұрыс дайындалып, берілуін, оның адам денсаулығын сақтауы үшін қажетті нәрлілігі болуын келтірген.

Ереже – сотталған адамдардың жол жүруі кезінде көліктің таза, қажетті мөлшерде жарық, ауасы таза болуын, сондай-ақ адам мөлшері көп болмай, қысылмай баратындай болуын да белгілейді.

Аталған ереже, әрбір түзеу мекемесінде қажет болған жағдайда дәрігерлік көмектің уақтылы берілуі үшін өздерінде дәрігерлер жұмыс істеуін және психиатрия саласынан білімі бар кемінде бір дәрігердің болуын талап етеді.

Ереже – сотталған адамның түзелуі үшін сыртқы дүниемен үнемі байланысты болуын келтіреді, бұл байланыс барынша көп болуын және сыртқы өмір мен түрме өмірінің айырмашылығын барынша азайтып ұстануға үгіттейді.

Ереже – бас бостандығынан айыру орындарындағы режим талаптарын қамтамасыз етуге шақырады, сондай-ақ сотталушының тәртіпсіздігі, режим талабын бұзғандығы үшін адамды қорлайтын, масқаралайтын, жанын кинайтын, сол тәрізді дене зардабын келтіріп жазалайтын әрекеттерге тыйым салады.

Ереже – «Сотталған адамдар еңбекке тартылғанда міндетті түрде қабілеттілігіне, күшіне сай келетін еңбекке тартылуы керек, ол еңбек оның ар – намысына тиетіндей немесе жанын кинайтындай болмауы керек », - дейді. Олар еңбек еткені үшін тиісті еңбек ақы ала алады.

Ереже – әрбір түзеу мекемесінде сотталған адамдар үшін ұйымдастырылған кітапхана болуын келтіреді және әркімнің өз дінін ұстап, оны тұтынуына кедергі жасауға да тыйым салады.

Сондай-ақ ереже, түрмеде өтеумен байланысты емес басқа да жазаларды келтіреді. Олар: экономикалық жазалау (санкция) , ақшалай өндіру, мүлікке деген құқығынан айыру, қоғамдық пайдалы еңбекке тарту, адамды үйінде ұстау, мүлікті иесіне қайтару немесе өтем төлеу, т.б. жазалар. Бұл жазалардың орындалуы кезінде, қоғамды барынша араластыруды қамтамасыз ету керек екендігін келтіреді. Осы жазаларды атқару кезінде, алдағы уақыттарда қылмыстың қайталанбауына, қылмыстан зардап шеккен жәбірленуші мен қылмыскердің құқықтарының арасында тәртіптің сақталуына, жазаны қолдану кезінде бөтен тараптардың араласуын азайту жағына көңіл бөлуді келтірген.

Ереже – түрмеде өтеумен байланысты емес жазаларды атқару кезінде ақпарат құралдарын пайдалануды, сондай –ақ қоғамның араласуын кеңейтуді жөн көреді.

§5. Қылмыстық - атқару құқығының нормалары

Басқа құқық салалары сияқты, қылмыстық – атқару құқығы да қоғамдық қатынастарда реттеумен айналысады. Бұл қоғамдық қатынастар қылмыстық жазаларды өтеу мен атқару мәселесінен туындайды. Қылмыстық-атқару құқығы бұл қатынастарды өзінің жекелеген нормалары арқылы реттейді.

Қылмыстық-атқару құқығының айналысатын мәселесі жазаның өтелуі мен атқарылуына байланысты болғанымен, оның нормаларының мазмұны мен бағытына біркелкілік байқала бермейді. Яғни, ол нормаларды түсіндіргенде топ-топқа бөліп түсіндіруге тура келеді. Мұндай топтар қатарына осы құқықтың Жалпы бөліміне қатысты нормалар, бас бостандығынан айыру жазасына байланысты нормалар, жазадан босатуды қарастыратын нормалар, т.б. топтағы нормалар жатады. Мұндай бір тектес нормалар, қылмыстық – атқару құқығының жекелеген институттары деп аталады. Осындай жекелеген институттардан бүтіндей бір құқық саласы- қылмыстық-атқару құқығы құрылады. Құқықтық институттар жекелеген нормалардан құралады. Ол нормалар біртектілігіне, қарастырып отырған мәселелерінің ұқсас болуына байланысты белгілі бір институттарға жатады.

Қылмыстық – атқару құқығының нормалары басқа құқық салаларымен салыстырғанда әр қилы болып келеді. Мысалы, қылмыстық құқықта негізінен жекелеген қылмыстарға түсінік немесе белгілер келтіріліп, онан кейін жазаның түрі мен мөлшері анықталады. Ал қылмыстық-атқару құқығында мұндай біркелкілік жоқ. Мұнда бір тарауда, жазаның белгілі бір түрінің атқарылу мәселелері қарастырыла отырылып, оны атқаратын органның міндеттері, сотталушының міндеттері, көтермелеу және жазалау шаралары, жаза мерзімінің есептелуі тәрізді қажетті жағдайлар бастан –аяқ жеке бап ретінде қарастырылып, бір институтқа біріктіріледі. Жиынтығында ол нормалар осы құқықтың мазмұнын ғана емес, әлеуметтік мәнін, яғни не мәселемен айналысатынын білдіреді. Сонымен, қылмыстық-атқару құқығының алғашқы бөлімі немесе мазмұны бойынша бастамасы, осы құқықтың нормалары болып табылады. Себебі норма құқық құрылысының бірден –бір, дәлірек айтқанда, бастаушы элементі болып табылады. Кез келген құқық саласының реттеушілік қызметі оның нормалары арқылы іске асырылады.

Бір тектес нормаларды дүниеге келтіру және оларды жүйелеу, жинақтау нормалардың кешенін дүниеге келтіруді немесе қабылдауды білдіреді. Ал нормаларды жинақтап қабылдау, ол жеке пәннің өмір сүруін және құқық саласының жеке-даралығын мойындау болып есептеледі.

Сонымен, құқықтың бірінші бастамасы нормалар болса, екінші бастамасы бір тектес нормалардан құралатын (мысалы, түзеу жұмыстарына, қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын атқаруды қарастыратын нормалар) жекелеген құқықтық институттар болып табылады. Құқықтың өзі осындай институттардан құралып, жиынтығында, жеке құқық болып қалыптасады.

Сонымен, қылмыстық- атқару құқығының нормалары ретінде, қылмыстық жазаны атқару мен өтеуге байланысты құқықтық қатынасқа қатысушылар мен субъектілердің заңда бейнеленген міндетті әрекеттерінің үлгісі алынады.

Қылмыстық – атқару құқығы нормаларының ішінде, осы құқықтың қағидаларын, міндеттерін және жалпы ережелерін қарастыратын нормалар бар. Бұл декларативтік сипаттағы нормалар болып табылады. Мұнда негізінен субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер қарастырылады. Декларативтік нормаларға қылмыстық-атқару құқығының жалпы бөлімінің нормалары жатады. Себебі мұнда барлық жаза түрлерінің атқарылуына байланысты ортақ қағидалар, міндеттер, құқықтық жағдайлар, сондай-ақ жазаны атқарушы мекемелер мен органдар қарастырылады.

Қылмыстық-атқару құқығы нормалары, кейбір жағдайларда басқа құқық салалары нормаларымен, яғни азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық құқық нормаларымен байланыстырылып қолданылады. Бұл байланыстар жаза өтеу кезінде тиісті қатынастар туындағанда орын алады. Мысалы, сотталушыны материалдық, тәртіптік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартқанда тиісті құқық салаларын қолдануға тура келеді.

Қылмыстық – атқару құқығы нормаларын, бағыты жағынан әр қилы болып кездескендіктен, әртүрлі критерийлер бойынша топтастыруға болады. Бұл құқық нормаларын материалдық және іс жүргізу (процессуальный) деп топтастыруға болады. Материалдық құқықтық нормалар жазаны өтеу және атқару кезіндегі субъектілердің міндеттеріне байланысты орындалуға тиісті әрекеттерді бейнелейді. Іс жүргізу құқықтық нормалары субъектілердің заңды әрекеттерді қолдануының, оның іске асырылуының тәртібі мен жағдайларын реттейді. Іс жүргізу нормалары қылмыстық-атқару заңында көбінесе түзеу мекемесі әкімшілігі мен сот қызметіне байланысты қарастырылған, мысалы, сотталған адамды түзелуіне байланысты жазаның жеңілірек түріне ауыстыру немесе жазадан шартты түрде ерте босату үшін, түзеу мекемесі әкімшілігі мен соттың бірлескен әрекеттерін қарастыратын нормаларды келтіруге болады.

Қылмыстық-атқару құқығы нормаларын заңда белгіленген жүріс – тұрыс ережесінің сипатына қарай мынадай түрлерге бөлуге болады: а) реттеуші; ә) мадақтаушы; б) қорғаушы.

Реттеуші нормалар, қылмыстық – атқару құқық қатынасы субъектілерінің міндеттері мен құқықтарын белгілейді. Бұл нормалар белгіленген құқықтардың сипаты мен олардың міндеттеріне қарай міндеттеуші, өкілдік беруші және тыйым салушы деп бөлінеді.

Міндеттеуші нормалар қылмыстық-атқару құқығының субъектілеріне белгілі бір әрекеттерді жасауды талап етеді. Мысалы, ҚАК –нің 26-бабындағы белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға құқықты органдардың міндеттері.

Өкілдік беруші нормалар, субъектілерге заңда белгіленген бірнеше нұсқалардың біреуін таңдау арқылы қалыптасқан жағдайды шешуді ұсынады. Мысалы, ҚАК 35 бабының 2- бөліміндегі соттың әрекеті.

Тыйым салушы нормалар, керісінше, субъектілерге заңға қайшы әрекет деп таңылған іс –әрекеттерді жасамауды, одан аулақ болуды талап етеді. Мысалы, ҚАК-нің 184 бабындағы шартты міндеттер.

Заңда тыйым салушы нормалар екі түрлі тәсілде кездесіп отырады. Бұларды былай деп атауға болады. А) рұқсат беруші; ә) мүмкіндік беруші;. Рұқсат беруші нормаларға, белгілі бір әрекеттерді жасауға рұқсат еткен нормалар жатады. Мүмкіндік беруші нормалар, заңды тікелей тыйым салмау арқылы белгілі бір әрекеттерді орындауға рұқсат беруді білдіреді. Яғни, тікелей тыйым салынбаған, соның арқасында орындалуға мүмкіндік алған жайттар болып табылады.

Мадақтаушы нормалар, қылмыстық –атқару заңында жазаны атқарушы мекеме әкімшілігі тарапынан сотталған адамдарға жақсы мінез-құлқына, түзелуіне байланысты қолданылады. Заңда мадақтаушы нормалар жеке бап ретінде кездеседі. Және сотталғандардың жазасын жеңілдету немесе мерзімін азайту, сондай-ақ алғыс жариялау,

бір айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде сый ақша беру тәрізді артықшылық түрінде кездеседі.

Қорғаушы нормалар жазаны атқару кезінде пайда болатын қатынастарды қамтамасыз етуге шақырады. Бұл нормалар, қылмыстық-атқару құқығы нормаларының қолданылуын қамтамасыз етуші нормалар болып табылады. Қорғаушы нормалар қатарына қылмыстық-атқару заңының жалпы білім нормаларын, сондай-ақ ерекше бөлімдегі режимнің түсінігін қарастыратын нормаларды жатқызуға болады. Қорғаушы нормалар, белгілі бір бағыттағы нормалардың негізін білдіретін бастаушы нормалар болып табылып, келесі нормалардың қолданылу негізін анықтайды.

Қылмыстық-атқару заңында ұйымдастыру-техникалық нормалар да кездеседі. Мұнда түзеу мекемелеріндегі техникалық талаптар, санитарлық-гигиеналық, техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары баяндалады. Мысалы, ҚАК 81 бабының 1 бөліміндегі түзеу мекемелерінде қауіпсіздік шараларын жүргізу мақсатында қолданылатын техникалық құралдар.

Қылмыстық-атқару нормалары құрылысы бойынша әркелкі. Бұл нормаларда диспозиция, гипотеза, санкция да кездеседі. Бірақ бұлардың барлығы бір норманың құрлысынан кездесе бермейді.

Қылмыстық-атқару заңының нормаларында диспозиция барлық жерде бар. Гипотеза және санкция жеке нормалар ретінде қарастырылған.

Диспозиция – субъектілердің құқықтарын білдіретін, қажетті жағдайларда оны қолдануға мүмкіншілік беретін ережелер болып саналады. Ол құқықтық қатынасқа қатысушылардың міндетті әрекеттерін көрсетеді және заң баптарының мазмұнын бейнелейді.

Гипотеза- белгілі бір жағдайларда ғана нормалардың қолданылатын реттерін білдіреді.

Норманың санкциясы, диспозицияда көрсетілген жағдайлар бұзылған кезде қолданылатын жазалаушы шаралар болып табылады.

Қылмыстық-атқару құқығы нормаларының ерекшелігі олардың негізінен императивтік сипатта болуында. Бұл құқық нормалары, құқық қатынасы субъектілеріне белгілі- бір әрекеттерді орындауды міндеттеу немесе бұйыру түрінде кездесуімен ерекшеленеді.

§6. Қылмыстық- атқару құқығы қатынастары

Сот үкімі заңды күшіне енген кезден бастап, мемлекеттің қылмыстық жазаны атқарушы органдары мен мекемелеріне сотталған адамға белгілі – бір жазаға сәйкес, белгіленген құқықтық шектеулер мен түзеу шараларын қолдану құқығы туындайды. Сондай-ақ нақты жаза түріне сотталған адамға да заңды белгіленген құқықтық шектеулерді сақтауға, түзеу шараларына бой ұсынуға міндеттілік туындайды. Осыдан барып қылмыстық – атқару заңы нормаларымен реттелетін қылмыстық – атқару құқық қатынасы пайда болады.

Қылмыстық – атқару құқығы нормалары, жазаны атқару мен өтеуден пайда болатын қатынастарды анықтап, осы қатынастарды реттеумен айналысады. Демек, қатынастарды реттеу кезінде, оған қатысушы субъектілердің арасында заңда қарастырылған міндеттер мен құқықтар туындап, құқықтық қатынас түрінде іске асырылады.

Жазаны атқару және сотталғандарға түзеу шараларын қолдану кезінде, жай және күрделі құқықтық қатынастар туындайды және онда бірнеше құқықтық қатынастар, дәлірек айтқанда, олардың әртүрлі көріністері пайда болады. Мұндай жағдай субъектілер арасындағы құқықтық байланыс, жазаны атқару кезінде әртүрлі мәселелерден туындайтын (мысалы, сотталғандарды еңбекпен қамтамсыз ету, режим талаптарын іске асыру, т.б.) өзара байланысты құқықтар мен міндеттерден болуымен сипатталады.

Қылмыстық-атқару құқық қатынастарының басқа да құқықтық қатынастардан айырмашылығы, ол сот үкімімен тағайындалған мерзімге сәйкес, ұзақ мерзімдік құқықтық қатынас болып табылады.

Қылмыстық-атқару құқық қатынасының басқа құқық қатынас түрлерінен келесі басты айырмашылығы, оның субъектілерінде. Мұнда негізгі субъектілер ретінде, жазаны атқарушы орган мен мекеме және жазаны өтеуге міндеттенген сотталушы алынады.

Қылмыстық-атқару құқық қатынасында, субъектілер арасындағы құқықтар мен міндеттіліктер тең емес дәрежеде жүргізіледі. Яғни бір субъектіге немесе жазаны атқарушы органға, мекемеке екінші субъектінің, сотталушының бағынышты болуымен жүргізіледі.

Қылмыстық-атқару құқық қатынасына жазаны атқару және өтеу барысында субъектілердің міндетті жасайтын (әрекеттері, әрекетсіздіктері) болып табылатын ерекше объектілер тән. Бұл объектілер жазаны өтеу және атқару барысында міндетті түрде кездеседі немесе жазаның көрінісі, мазмұны ретінде орын алады.

Сонымен, *қылмыстық-атқару құқық қатынасы дегеніміз - жазаны атқару және өтеуге байланысты мемлекет пен сотталушының арасында туындайтын, қылмыстық-атқару құқығы нормаларымен реттелетін құқықтық қатынастар болып табылады.*

Қылмыстық-атқару құқық қатынасын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың түрлері бойынша топтастыруға болады. Егер нормаларда субъектілердің міндеттерді орындауы, шектеулерді сақтауы, құқықтарды пайдалануы туралы айтылса, онда мұндай нормаларды **материалдық нормалар** деп атайды. Мұндай жағдайлардың негізінде туындайтын құқықтық қатынас - **қылмыстық-атқару қатынасы** деп аталады. Егер нормаларда субъектілердің қатынастарын құжаттандыру, ресмилендіру туралы қарастырылса онда мұндай нормалар **іс жүргізушілік (процессуалдық) нормаларға** жатады. Мұның негізінде материалдық қылмыстық-атқару құқық қатынасының бір нысаны болып келетін, **іс жүргізушілік қылмыстық-атқару құқық қатынасы** туындайды. Нәтижесінде, материалдық қылмыстық-атқару құқық қатынасы, іс жүргізушілік қылмыстық-атқару құқық қатынасы арқылы іске асырылады.

Материалдық та, іс жүргізушілік те құқық қатынастары реттеушілік және қорғаушылық құқық қатынастарына бөлінеді. Егер тараптардың әдеттегі міндеттері мен құқықтары іске асырылып жатса, онда реттеушілік материалдық және іс жүргізушілік құқық қатынасы орналады. Мұндай құқықтық қатынас түріне сотталғандардың заңда белгіленген шектен шықпай жаза өтеу жатады.

Сотталғандардың жаза өтеу тәртібін бұзуы, өздеріне тағайындалған міндеттерді орындамауы, құқықтық шектеулерді сақтамауы нәтижесінде **қорғаушы нормалар** қолданылып, қорғаушы құқықтық қатынастар туындайды. Қорғаушы материалдық және

іс жүргізушілік қатынастар нәтижесінде, сотталғандарға осы құқықтың мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Бұл қатынас түрі, қылмыстық-атқару құқығы нормаларын бұзуға жағдай жасайтын себептер мен жағдайларды жойыуға, сотталушыны заңсыз іс әрекеттер жасаудан бас тарттыруға бағытталған.

Кез келген құқықтық қатынастың **өз құралы** болады. Яғни ол құқықтық қатынастар белгілі бір элементтердің жиынтығынсыз бола алмайды. Ол құрамдас бөлімдерге (элементтерге) құқықтық қатынастың субъектілері мен басқа да қатысушылары, құқықтық қатынастың объектілері, құқықтық қатынастың мазмұны және заңды уақиғалар жатады.

Субъектілер және басқа да қатысушылар қылмыстық-атқару құқығы нормаларымен белгіленген тәртіпте белгілі бір субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерді атқаратын жеке адамдар мен заңды ұйымдар болып табылады. Құқықтық қатынастың субъектілеріне оның негізгі тараптары жатады, олар болмаған жағдайда құқықтық қатынас та туындамайды. Қылмыстық-атқару құқық қатынасы субъектілеріне жазаны атқарушы мекемелер мен органдар, олардың лауазымды адамдары, сотталған адамдар мен олардың туыстары жатады.

Құқықтық қатынастың объектілері, қатынасқа түсуші субъектілер мен қатысушылардың белгілі бір заңды мүдделері бола алады. Мысалы, сотталған адамның түзеу мекемесінен тысқары қысқа мерзімді жол жүруі, кездесулер өткізуі т.б. Демек, қылмыстық атқару құқықтық қатынастың объектілерін жазаны өтеу барысында орын алатын жағдайлар құрайды.

Қылмыстық-атқару құқық қатынасының мазмұны ретінде, оның субъектілерінің негізгі міндеттері мен құқықтарының жиынтығы және субъектілер мен қатысушылардың нақты жасаған әрекеттері алынды. Субъектілерде белгілі бір құқықтар мен міндеттердің болуы оларды жаза өтеу және атқару барысында байланыстыратын құрал болып саналады. Қылмыстық-атқару құқық қатынасы субъектілерінің сипаты мен көлемі жазаның түріне қарай ерекшеленеді, оның түрінде өзгешеліктер кездеседі. Мысалы, түзеу жұмыстары жазасын өтеуші сотталған адамның құқықтары мен міндеттері бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші сотталғандардыкіне қарағанда кең.

Құқықтық қатынастарды мазмұнына қарай екі түрге бөлуге болады: жазаны қолдану барысында түзеу шаралары қолданылатын құқықтық қатынастар және түзеу шаралары қолданылмайтын құқықтық қатынастар.

Заңды уақиғалар қылмыстық-атқару құқық қатынасын туындататын, өзгертетін және аяқтататын уақиғалар немесе әрекеттер болып табылады. Құқықтық қатынасты тудыратын, өзгертетін және аяқтайтын заңды уақиғаларға сот үкімінің күшіне енуі, сотталушыға жазалау шараларының қолданылуы, соттың шартты түрде жазадан ерте босату туралы шешім шығаруы тәрізді, т.б. уақиғалар мысал бола алады.

II – тарау. СОТТАЛҒАН АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

§1. Жазаны өтеуші адамдардың құқықтық жағдайлары ұғымы

XX ғасырдағы әлемдік қоғамдастықтың дамуындағы елеулі прогресс – адамның ар-ожданының, бостандығының құндылығын түсіну болып табылады.

Адамның құқықтық мәртебесінің негізінде оның азаматтық, конституциялық құқықтары мен бостандықтары және міндеттері жатыр. Адамның құқықтық мүддесінің өзіндік ерекшелігіне, оның өзгермеушілігі мен тұрақтылығы енеді. «Азаматтардың құқықтары» деген түсінікте, олардың белгілі бір игілікті, мүмкіншілікті пайдалануының кепілдігі бар.

Қазақстанда адам құқықтарын сақтау мәселесінің қатарына сотталған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға жол бермеу, оның алдын алу мәселесі де енеді. Сотталған адамдар бұрын қылмыс жасағандықтан, оларға мемлекет тарапынан тәрбиелеу мен жазалау шаралары белгіленіп, оны іске асыру тәсілі ретінде кейбір құқықтық шектеулер қолданылады.

Қылмыстық – құқықтық қатынастың субъектілері қылмыстық жазаны орындау барысында белгілі бір құқықтарды иеленеді немесе белгілі бір міндеттерді атқарады. Ол міндеттер, қылмыстық жазаны өтеу кезінде құқықтық шектеулер немесе жаза өтеуші адамдар үшін белгіленген ережелерді сақтау арқылы көрінеді. Сотталған адамдарға берілген құқықтар жазаның түріне байланысты нақтыланады және Қазақстан Республикасының басқа азаматтарының құқықтарымен салыстырғанда мөлшері бірдей болмайды.

Сотталған адамдардың құқықтық жағдайлары, жаза өтеуші адамдар үшін белгіленген конституциялық, азаматтық және арнайы құқықтарды, сондай-ақ оларға тағайындалған міндеттер жиынтығын білдіреді. Демек, сотталған адамдардың құқықтық жағдайлары туралы сөз қозғағанда оны осы екі тараптан қарастыру керек. Біріншісі – сотталған адамдардың пайдалана, иелене алатын құқықтары, екіншісі – оларға тыйым салынған құқықтық шектеулер көлемі болып табылады. Сотталғандардың негізгі міндеттері қылмыстық – атқару заңының 9-бабында келтірілген, ал олардың негізгі құқықтары осы заңның 10-бабында қарастырылған. Сотталған адамдарға Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтары, қылмыстық – атқару құқығының кейбір шектеулері мен беріледі. Берілген құқықтардың сақталуына кепілдік беріледі. Мемлекет сотталған адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың заңды мүдделерін сыйлайды және қорғайды, олардың жазаны өтеу кезінде құқықтық немесе басқа да тараптардан қорғалуын және заңмен белгіленген жағдайда түзелуін қамтамасыз етеді.

Жазаны өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайлары барлығында бірдей емес. Ол айырмашылықтар сотталған адамның мінез-құлқына, жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігіне, дәлірек айтқанда, өтеп жатқан жаза түріне байланысты белгіленген. Сондықтан сотталғандардың құқықтық жағдайлары, әр түрлі жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларына байланысты қылмыстық – атқару заңымен әр түрлі көлемде анықталады.

Жазаға тартылған адамдардың құқықтық жағдайының негізі, сол жаза өтеп жатқан адамдардың мемлекет азаматтары болып қала беретіндігінде, оларда азаматтық сақталып, қоғам мүшесі ретінде саналып қала беретіндігінде болып табылады. Сондықтан кейбір қоғамдық ұйымдар түзеу мекемелерімен бірлесе жұмыс істесе

отырып, сотталғандардың қоғам өміріне қайта оралуына көмектесу жұмыстарын жүргізеді. Қазақстанда бұл бағытта мемлекеттік емес мынадай ұйымдар жұмыс істеп келе жатыр: 1) Заңдылықты сақтау және азаматтар құқығы бойынша Қазақстан американдық бюросы; 2) Қылмыстық әділдік реформа орталығы.

Заңда көрсетілгеннен басқа жағдайларда ғана болмаса, сотталған адамдар өздерінің азаматтық міндеттерін орындаудан босатылмайды. Қазақстан Республикасының азаматтары қандай да болмасын жағдайларда азаматтығынан айырылмайды. Сондай-ақ Қазақстаннан құқықтары мен бостандықтары заңда белгіленген көлемде, тек соттың үкімімен ғана шектеледі. Бұл құқықтар мен бостандықтар қылмысты әрекеттерден қоғам мүддесін қорғау үшін қанша қажет болса, сонша шектеледі. Бұл жайт, сотталған адамнан ертеңгі қоғам мүшесін көру немесе жаза қолданудың нәтижесінде түзелген адамды шығару мақсатында жүргізіліп, тек өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына тартылғандарға ғана қолданылмайды. Бірақ, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы да жазаның 25 жылы өткеннен кейін, шартты түрде ерте босату арқылы алынуы мүмкін. Сондай-ақ бұл жазаға тартылған адамға кешірім жасалып, жаза мерзімі өзгертіле алады.

Сотталғандардың меншік құқығы Конституцияның 26-бабы бойынша қорғалады, ешкім өз мүлкінен айырылуға жатпайды. Азаматтардың өз меншігінен немесе мүлкінен айырылуға жалғыз ғана себеп – ол сот шешімі немесе үкімі болып табылады.

Сотталған адамдар жаппай бойұсынбаушылық, тәртіпсіздік жасағанның өзінде оларға зорлық-зомбылық, жан қинау, азаматтың ар-ожданын қинайтын әрекеттер істеуге қылмыстық-атқару заңы тыйым салады. Мұндай уақиғалар болған жағдайда, заң тек бойынұсынбаушылық, тәртіпсіздікті басатын шараларды қолданумен шектелуді талап етеді.

Сотталғандардың құқықтық жағдайы жаза түріне қарай нақтыланады дедік. ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қарашадағы Жарлығының 4-бабында: «Түзеу мекемелеріндегі бас бостандығынан айыруға жазаланған азаматтар сайлауға қатыса алмайды және сайлануға құқығы жоқ», - делінген.

Жалпы, қоғамнан аластаумен байланысты жазалар мазмұнында адамды саяси-моральдық аластау емес, тек адамның өзін ғана аластау белгіленген. Ал, жазаға тартылған адамның сыртқы өмірі мен саяси-моральдық қатынасқа ұмтылуы, керісінше мадақталады, сотталған адамның түзелу белгісі ретінде бағаланады.

Сотталғандардың құқықтық жағдайында адамның өз міндеттерін орындауы және берілген құқықтарды пайдалануы қылмыстық-атқару заңында барынша анық қарастырылған. Бұл мәселелер сотталған адамдарға жазаның бастапқы кезінде түсіндіріледі және қылмыстық жазаны орындау ісінің құқықтық негізін құрайды. Әрине, мұндай реттеушілік қызметінсіз заңдылықты сақтау, жазаның мақсатына жету мүмкін емес.

Қылмыстық заңмен қарастырылған барлық жаза түрлері қандай да бір деңгейде сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеумен ғана көрінетіндіктен немесе мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының негізгі түрі болғандықтан, осы саладағы құқықтық актілердің негізгі міндеті – жазаға тартылған адамдарға шектеулердің көлемі мен түрін анықтау, олардың бас бостандықтарының ауқымын анық белгілеу болып табылады.

Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жазаны өтеу кезіндегі міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясымен, халықаралық шарттармен, Қылмыстық-атқару кодексімен және өзге де заңдармен анықталады.

БҰҰ-ның 1985 жылғы 15 желтоқсандағы Декларациясы бойынша, басқа елдерде тұрып жатқан азаматтар сол мемлекеттің заңдарын сақтауы тиіс. Қазақстанға келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы шектеулі болады. Сотталған шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар бас бостандығынан айыру жазасын Қазақстан Республикасы азаматтарынан бөлек өтейді. Олардың жазаны өтеу барысындағы негізгі құқықтары ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабының 10-бөлімінде қарастырылған.

§2. Сотталғандардың негізгі құқықтары

Қылмыстық-атқару заңы сотталған адамдардың құқықтарының көлемін кеңейтіп, барынша анықтап көрсетуге тырысқан. Заңнан «Сотталған адамдардың құқықтары, заң ғана емес, сонымен бірге сотталған адамдарды ұстау режимімен де шектеледі», - деген бөлім алынып тасталды. Бұл дұрыс, себебі ол ереже бұрын практикада заң мен режим арасындағы толық реттелмеген тұстар бойынша қайшылықтар тудырды. Ондай реттелмеген немесе анықталмаған заң тұстарын түзеу мекемелерінің әкімшілігі өз көзқарасынша шешіп отырады. Мысалы, сотталушының некеге тұруы немесе некені бұзуы заңда қарастырылмағандықтан, бас бостандығынан айыру орындарындағы режимге негізделіп тыйым салынды.

Сотталған адамдардың құқықтарын, құқықтар саласы бойынша былай топтастыруға болады:

- саяси құқықтар – бұл азаматтың мемлекеттік және қоғамдық-саяси өмірге араласу мүмкіндігі, мемлекеттік басқару ісіне араласуға саяси бостандығын білдіреді;
- жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтары – бұл адамның жеке өмірі мен ішкі дүниесін басқа адамдардың араласуынан қорғайды, адамның жеке-даралығын қамтамасыз етеді;
- әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен бостандықтары – адамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін, экономикамен тығыз байланыста болуын білдіреді;
- мәдени құқықтары мен бостандықтары – бұлар азаматтардың мәдени игіліктерді қолдануына бағытталған.

Бұл аталған құқықтар, сотталғандардың құқықтарын кең мағынада қарастырғандағы көлемі. Ал тар мағынада сотталған адамдардың негізгі құқықтары екі топтан, жалпы және арнайы құқықтардан тұрады. Жалпы құқықтар, барлық азаматтар үшін берілген құқықтар. Олар: әкімшілік, еңбек және басқа да заңдар салаларымен реттелген. Ал арнайы құқықтар, тек қылмыстық-атқару заңында ғана қарастырылған.

Жалпы құқықтарды конституциялық және азаматтық құқықтар деп бөлуге болады. Бұл құқықтар да, сотталған адамдар да белгілі бір деңгейде шектелген. Мысалы, сотталған адамдардың сайлауға және сайлануға қақысы жоқ, сондай-ақ көше шерулерін, демонстрация, митинг-жиналыс жасауға құқықтары жоқ. Әдетте, жай

азаматтардың хат-жазба құпиялығын сақтауға құқысы бар, ал сотталған адамдардан ол құқықтар алынып тасталған.

Азаматтық құқықтар, сотталған адамдарда, конституциялық құқықтарға карағанда аз шектелген. Сотталғандар жаза өтеу мерзімінде де құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі бар болып қала береді. Ал, осы құқық саласы бойынша қойылған шектеулер, ол жазаның ауырлығына байланысты көбірек шектелуі мүмкін. Мысалы, сотталған адамдардың бір-бірімен жаза өтеу кезінде қолданып жүрген мүліктері мен келісім-шарт жасауына тыйым салынады.

Заң сотталған адамдардың негізгі құқықтарын келтіреді. Сотталған адамдарға жазаның бастапқы кезінде-ақ, құқықтары мен міндеттері толығымен түсіндіріледі. Сотталғандардың жаза өтеу туралы мәліметтер алуға құқығы бар. Ал, жазаны атқарушы әкімшілік сотталғандарды осы мәліметтермен таныстырады. Сондай-ақ, жазаны өтеу тәртібі мен жағдайларындағы өзгешеліктер мен ерекшеліктерді түсіндіреді. Сотталған адамдардың әкімшілік қызметкерлерінен және басқа да адамдардан сыпайы қатынас көруге құқы бар. Өз кезегінде олар да жазаны атқарушы әкімшілік қызметкерлерімен, тағы басқа азаматтармен сыпайы қатынаста болуға міндетті.

Сотталған адамдар өміріне, денсаулығына тікелей қауіпті жұмыстарға жіберілмейді. Сондай-ақ оларға медициналық сипаттағы әртүрлі салалардағы сынақтарды қолдануға тыйым салынады. Сотталған адамның өзі келісім берсе де, ол сынақ оған жүргізілмейді. Сотталғандардың негізгі құқықтарының бірі – ол кез келген мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарға, жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне жазаны атқарушы органдардан, мекемелерден жоғары тұрған басқару органдарына сот, прокуратура органдарына, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша немесе жазбаша түрде шағымдануға, ұсыныстар, өтініштер жасауға құқылығы болып табылады. Сотталған адамдар шағымданғанда, өтініш, ұсыныстар жолданғанда, оны өзі білетін тілде жазуға құқығы бар. Сотталғандарға жауап, мүмкіндігінше сол өтініш жасалған тілде қайтарылады. Ал, ол тілдерде мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде немесе орыс тілінде беріледі. Жауапты өтініш жасаған тілде беруді, жазаны атқарушы мекеме немесе орган қамтамасыз етеді. Сотталғандар қажет болған жағдайда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Сотталған адамдар түзеу мекемелері тарапынан медициналық көмек алуға және дәрігерлік көмекті тегін немесе ақылы түрде алуға құқылы. Сотталғандар өз есеп-шотындағы ақшамен немесе туыстарының көмегі арқылы емделу ала алады.

Сотталған адамдардың Қазақстан Республикасы зейнетақы туралы заңдарына сәйкес, зейнетақы алып тұруға немесе оны жақын туыстарына, отбасына жіберіп отыруға құқығы бар. Сондай-ақ, сотталғандар өздері қажет деп тапқан жағдайда заң көмегін сұрауға, адвокаттармен кездесу өткізуге құқылы. Сотталғандар адвокаттармен тек қысқа мерзімді кездесулер түрінде, оңаша кездеседі.

Шетел азаматтары өз елінің дипломатиялық немесе консулдық мекемелерімен байланыс ұстап тұруына, олардан көмек сұрауға қорғауына алуын сұрауға құқылы. Ал, Қазақстанда дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдер азаматтары, өздерінің мүдделерін қорғауды мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдеріне немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдарға арызданады және олармен байланыс жасауға құқығы бар.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарды есептемегенде, басқа жазалар бойынша сотталғандар сайлауға қатысуға құқы бар, сондай-ақ олар бүкілхалықтық референдумға қатыса алады.

Сотталғандардың құқықтарының бірі – олардың жеке басы қауіпсіздігін сақтауға құқылығы болып табылады. Бас бостандығынан айыру органдарындағы сотталғандардың арасында бірін-бірі қорлау, бір жыныстағы адамдармен жыныстық қатынасқа түсуге азғыру, өзара төбелес, кісі өлтіру кездесіп отыратыны рас. Бұрынғы заң бойынша мұндай жағдайлар көрініс алғанда, түзеу мекемесі әкімшілігінің оларды бір-бірінен ажыратуға, басқа колонияларға немесе жеке камераларға ауыстыруға мүмкіншілігі болмады.

Сотталғандардың ар-ождан бостандығы мен өтініш жазу құқығына заң үлкен көңіл бөледі. Бұл жайттар жеке баптарда қарастырылған.

Қылмыстық-атқару заңы сотталғандарға құқықтар ғана беріп қоймай оларды құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан да қорғайды. Олар әсіресе бас бостандығынан айыру тәрізді қатал жазаларға сотталған адамдардың түзелуіне үлкен үлес қосады.

Сотталған адамдар қолма-қол ақысыз, азық-түлік өнімдері мен бірінші қажетті заттарды: киім, аяқ-киім, сондай-ақ түзеу мекемелерінде ұстауға тыйым салынбаған өзге де тауарларды (мысалы, теледидар) сатып ала алады. Сондай-ақ, сотталғандар өздерінің зейнетақы қорын аштыруға, оған өз табысынан ақша жібертіп отыруға, туыстары мен таныстарынан ақша алып немесе ақша жіберіп отыруға, Қазақстан аумағында қолданылатын бағалы қағаздарды сатып алуға құқылы. Өзін қамсыздандыру туралы шарты, бағалы қағаздарды, т.б. қажетті құжаттары жеке ісінде сақталады. Әкімшілік ол қағаздарды сақтап, сотталған адам жазаны өтеуден босатылған кезде өзіне қайтарып береді.

Сотталғандар кітап, газет журналдар алдырып оқуға құқылы. Түзеу мекемелерінің аумағында кітапхана болады және сауда дүкенінде де кітаптар сатылады. Сауда дүкені арқылы сатып алынған кітап журналдар сотталғандардың посылка, бандероль алуының санына кірмейді.

Бас бостандығынан айыру, тәрбиелеу, қоныстану колонияларында жаза өтеп жатқан адамдарға жақын туыстарының қайғылы қазасы болуына немесе зілзала апатқа ұшырауына байланысты қысқа мерзімге жол жүруіне рұқсат беріле алады. Ал әйелдер

балаларын туыстарына беріп қайту мақсатында жолға шықса барып қайту жолын есептемегенде, 7 тәулікке дейін рұқсат беріледі.

Жүкті әйелдерге, баласын емізетін әйелдерге, ауыруларға, кәмелетке толмағандарға жеңілдетілген жағдай жасалып, тамақ нормасы мен түрі көбейтіледі.

Түзеу мекемесі аумағындағы балалар үйінде баласы бар әйелдерге, жұмыс кезінде балаларын тамақтандырып келуге (емізетін болса), жұмыстан бос уақытта баласымен бірге болуға, ал түзеу колониясының мүмкіншілігі болғанда, баласымен бірге тұруға рұқсат етіледі.

Заң баласы бар әйелдердің жағдайларын барынша толық қамтып, толық түсіндіруге тырысады. Баласы бар әйелдер үшін түзеу мекемелерінде балалар үйі ұйымдастырылады. Онда балалар 3 жасқа дейін болады. Ондағы балалар үйіне түзеу колониясының көріністері барынша байқалмауы керек. Егер әйелдің жаза мерзімінің бітуіне бір жыл қалып, ал баласы 3 жасқа толса, баласы қалған бір жылға балалар үйінде қалдырыла алады.

Түзеу мекемесінің әкімшілігі - нашақорлық және маскүнемдік дертіне шалдыққан сотталған адамдарды емдеуді ұйымдастырады. Оның үстіне мұндай ауруларды мәжбүрлі және міндетті түрде емдеуге қылмыстық заң міндеттейді.

Жалпы сотталған адамдарға белгілі бір құқықтарды беріп қана қоймай, оларға әлеуметтік тұрғыдан жәрдемдесу, сол жәрдемді дұрыс көрсету, сотталған адамдардың түзелуіне, қоғамға оң көзқараспен қарауына себеп болады.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес басқа жаза түрлерінде сотталған адамдардың құқықтары бұған қарағанда кең. Олардың әлеуметтік қажеттіліктері де кеңірек қамтамасыз етіледі.

Жаза қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейіне байланысты тағайындалғандықтан, бас бостандығынан айырумен байланысты емес басқа жаза түрлерін де, сотталған адамның шартты түрде ерте босатылуға мүмкіндігі де бас бостандығынан айыру жазасына қарағанда молдау.

3 . Сотталған адамдардың негізгі міндеттері

Барлық қылмыстық жазалар мемлекеттік мәжбүрлеуді білдіреді және кейбір құқықтары мен бостандықтарынан айырады. Бұл мәселе осы бағыттағы заңдар мен осы тектес нормативтік актілердің міндеттері болып табылады. Жаза өтеуші сотталған адамдарды құқықтары мен бостандықтары жаза түріне, режим түріне қарай нақтыланады немесе ерекшеленеді.

Сотталған адамдардың негізгі міндеттері ретінде, олардың жаза өтеуі кезінде заңдар тарапынан қойылатын құқықтық шектеулер мен талаптарды ұғамыз. Демек, сотталғандардың негізгі міндеттері ол жаза өтеу уақытындағы сотталғандар тарапынан сақталуға тиіс міндеттер болып табылады.

Сотталғандардың негізгі міндеттерін екі топқа бөліп қарастыруға болады: біріншісі – барлық адамдарға ортақ міндеттер де, екіншісі тек сотталған адамдарға ғана белгіленетін арнайы міндеттер. Бірінші топтағы міндеттер - барлық азаматтар сақтауға тиісті әкімшілік, еңбек, т.б. заңдарға қарастырылған міндеттер. Бұл міндеттердің кейбіреулері, егер жаза мазмұнында кездессе, онда ол міндеттерді жалпы азаматтарға қойылатын міндеттерден айырмашылығы бола бермейді. Мысалы, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау тәрізді жалпы азаматтарға қойылатын міндеттер, дене еңбегіне тартумен байланысты өтелетін барлық жаза түрлеріне де қойылады. Ал арнайы міндеттер тек қылмыстық атқару заңымен белгіленген. Сотталған адамдардың негізгі міндеттері Қылмыстық атқару заңынан басталып, қылмыстық жаза мәселесін қарастыратын өзге де нормативті актілермен белгіленеді. Сотталғандар осындай құқықтық шектеулерден туындайтын талаптарды сақтауға міндетті. Жазаның түріне немесе жаза өтеу кезіндегі мінез құлқының өзгеруіне байланысты олардың құқықтары мен міндеттері өзгеруі мүмкін дедік. Сотталғандар жазаны атқарушы органдар мен мекемелер әкімшілігінің мінез құлқына байланысты арнайы белгіленген заңды талаптарын сақтауға міндетті.

Сотталған адамдардың негізгі міндеттері мыналарға тіреледі: сотталғандар Қазақстан Республикасы азаматтарына белгіленген талаптарды орындауға, қоғамда сақталуға тиісті адамгершілік нормаларды сақтауға, сот үкімімен белгіленген жазаның мерзімі кейбір құқықтық талаптарды (мысалы, еңбек ақысынан ұсталуға жататын алымдарды өтеуге) сақтауға, санитарлық, гигиеналық және жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің тәртібін бұзуға міндетті. Сотталған адамдар түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметкерлеріне және түзеу мекемесіне келген басқа да азаматтарға сондай-ақ өзге сотталған адамдарға ілтипатпен сипайы түрде сөйлесіп қатынас жасауға міндетті. Қылмыстық атқару заңында сотталғандардың жазаны атқарушы органдар мен мекемелер әкімшілігінің шақыруы бойынша келіп, қойылған сұрақтарға жауап беру міндеттілігі де қарастырылған.

Сотталғандардың өздеріне жүктелген міндеттерді, сонымен бірге жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің заңды талаптарын орындамауы қылмыстық заңда, Қылмыстық атқару заңында белгіленген жауаптылыққа соқтырады. Мысалы, жазаны атқарушы мекеме әкімшілігінің жазаның орындалуы туралы түсіндіре беру туралы шақыруына сотталушының келмеуі, оны күштеп әкелуге

соқтырады. Ал жаза мерзімін өтеуден сотталған адамның бұлтуы қылмыстық жауаптылықты тудырады.

4. Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару заңында сотталған адамдардың жеке басы қауіпсіздігі дегеніміз не дегенде адамның өміріне, денсаулығына, жыныстық бостандығына қауіп туындамауы. Осыған сәйкес сотталған адам басқа адамдар тарапынан жеке басына қауіп туындағанын хабарлағанда, ол қамау, бас бостандығын шектеу, бас бостандығын айыру түріндегі жазаны атқару мекеменің кез келген лауазымды адамы арқылы мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстырылады. Мұндай фактілер байқалған жағдайда түзеу мекемесінің әкімшілігі дереу, ұзақтығы әрі кеткенде 24 сағаттың ішінде өтініш жасаған адамды қауіпсіз орынға орналастыруға міндетті.

Жазаны өтеушілердің арасында ауыр қылмыс жасағандар, оның ішінде адамның жеке басына қарасты қылмыс жасағандар, режим тәртібін бұзғандар да кездеседі. Әрине, ондай қоғамға қауіпті әрекеттерді олар бір-біріне де жасауы мүмкін. Сондықтан да Қылмыстық атқару заңы сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігіне деген мүддесін арнайы құқық ретінде заңда қарастырылған. Сотталған адамдардың жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қылмыстық атқару сипатына ие шаралар қарастырылған.

Сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бұр құралы ретінде, заң сотталған адамдармен тәрбиелік мағынадағы жұмыстарды жүргізуді ұсынады.

Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы түзеу колонияларындағы режимнің мазмұнынан да көрінеді.

Келесі құрал - мәжбірлеу сипатындағы қадағалау шаралары. Бұл құрал сотталған адамдардың жүріс-тұрмысына, мінез-құлқына бақылау жасаудан тұрады. Сондай-ақ сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды құралы - қауіпсіздік шараларын жүргізу қажетті жағдайларда қару және жазалау шараларын қолдану болып табылды.

Жазаны өтеуші адамдардың жеке басына туындаған қауіпке түзеу мекемесі әкімшілігінің жүргізген қадағалауы және оперативті іздестіру шараларын жүргізу нәтижесінде белгілі болған өзге қауіптер де жатады.

Адамның жеке басына қауіпті тек сотталғандардың тарапына ғана болады деп түсінбеу қажет. Сондықтан да түзеу мекемесінің лауазымды адамы сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігін сақтау шараларын дереу жүзеге асыру тиіс. Қауіпті жоюдың

алғашқы шараларының бірі – сотталған адамды қауіпсіз жерге апара тұрып немесе қауіп төндірген адамды сотталғандардан бөлек жерге қамауы болып табылады. Қылмыстық –атқару заңының 11-бабының 2 бөліміне сәйкес қауіпті түпкілікті жою үшін түзеу мекемесінің бастығы келесі шешімдерді қабылдайды:

- өтініш жасаған адамды қауіпсіз орынға орналастыру: жеке бөлмеге, камераға орналастыру; түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес бұл үй-жайдан басқа тәртіптік камералар да қолданылуы мүмкін;
- сотталушының жеке басына қарасты қылмыс жасалу мүмкін болғандықтан әртүрлі шаралар қолданылады;
- жазаны одан әрі өтеу орны туралы мәселені шешеді.

Егер қауіп ұзақ мерзімді, әрі толық жою мүмкін болмағанда түзеу мекемесінің басшысы қауіп төндіруші сотталған адамды басқа түзеу мекемесіне ауыстыру туралы шешім қабылдай алады.

Сотталғандардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету.

Ар-ождан және дін ұстану бостандығы адамның негізгі құқықтары ретінде , «Азаматтардың құқықтары туралы жалпы Декларацияды »(18-бап) және «Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактіде » (18-бап) қарастырылған. Бұл бостандық азаматтардың конституциялық бостандығы болып табылады және ол бостандықты сотталған адамдар да пайдалануға құқылы. Сотталғандарға ар-ождан бостандығы мен дін ұстану бостандығына кепілдік беріледі. Ар-ождан бостандығы дегеніміз - адамдардың діни немесе атеистік көзқарастарды таңдау, ұстану, насихаттау құқығы болып табылды.

Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет болғандықтан онда әртүрлі дінді тұтынатын халықтар тұрады. Сондықтан әртүрлі халықтардың ауыз бірлігін сақтау үшін, мемлекет оларға азаматтардың негізгі құқықтарының бірі ретінде діни бостандықты да береді. Адамдардың белгілі бір дін түрін ұстану ерікті түрде жүргізіледі.

Дінді адамдарға күштеп немесе мәжбүрлеп, қысымшылық жасау арқылы тұтындыру заң тиым салынған әрекет болып табылады және қылмыстық жауапкершілікке соқтырады. Қазақстанда қай дінді тұтыну – азаматтардың өз еркі болып саналады, яғни діни бостандық ретінде оны тұтыну ғана емес сонымен бірге тұтынатын дін түрін азаматтардың өздерінің таңдауы алынады.

Қылмыстық-атқару заңы сотталған адамдардың ар-ождан және діни бостандығына кепілдік бергенімен, дінді насихаттау бостандығын бермейді және тікелей заңда көрсете отырып тиым салмаған да. Негізінде түзеу мекемелерінде сотталған адамдардың арасында дін насихаттау ісін жүргізу күрделі мәселе болып

табылады. Өйткені басқа дінді тұтынатын адамдар үшін олардың көздерінше басқа дінді мақтау соны ұстануға үгіттеу қауіпті жағдайды тудыруы мүмкін. Себебі қоғамға қауіптілігі сақталған немесе жеңіл ойлы болып келетін сотталған адамдарды мұндай жағдайлар, олардың алауыздығына әкеліп соқтыра алады. Демек, сотталған адамдардың арасында дінді насихаттау ісіне бостандық беру, түзеу колонияларындағы режим тәртібіне қайшы келуі мүмкін.

Сотталған адамдарға ар-ождан, дін бостандығын беру мәселесі барлық жаза түрлерінде қарастырылмайды. Бұл бостандықтардың бас бостандығынан айырумен байланысты жаза түрінде қарастырылу себебі, басқа бас бостандығынан айырмайтын жаза түрінде ар-ождан бостандығы мәселе болып табылады. Олардың көпшілік құқықтарының толық сақталғандығы тәрізді ар-ождан бостандығы да толық сақталған.

Қамау немесе бас бостандықтарынан айыру тәрізді жазаны өтеп жатқан адамдарға қажет болған жағдайда олардың өтініші бойынша діни бірлестіктердің қызметшілері шақырылады. Түзеу мекемелеріне діни қызметшілердің келу кезінде оның жеке басы қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Діни қызметкерлердің жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарасы ретінде, оның қасына түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлерінің болуы, колонияда тыныштық болуы тәрізді, қауіпсіздікті көрсететін жағдайлар алынады.

Сотталғандар егерде өзінің діни дәстүрлерін өткізу үшін арнайы үй-жай қажет деп тауып, оны әкімшіліктен сұраса, әкімшілік ол үшін қажетті үй –жай бөледі. Заңда “үй –жай бөледі” дегенмен міндетті түрде діни орталық, яғни мешіт, шіркеу үшін үй береді деп отырған жоқ. Сотталған адамдар үйлерінен посылка, бандероль ретінде діни әдебиеттерді, құралдарды алдыра алады. Бұлардың қатарына табыну заттары да жатады.

Түзеу мекемелерінде заңда тыйым салынбаған діни ғұрыптарды ғана рұқсат етіледі. Режим тәртібінің бір қалыпты сақталуына кедергі келтіретін немесе орындалуы басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілетін немесе келтіру мүмкін діни ғұрыптарға заң тыйым салады.

Ерекше режимдегі колониялардың қарцерлерінде, жалғыз адамдық камераларда, айыптық және тәртіптік оқшаулау орындарында сондай-ақ камералық үлгідегі үй-жайларда ұсталатын сотталғандарға да діни қызметшілер, олардың өтініші бойынша шақырылады. Мұндай жағдайда діни қызметшінің жеке басы қауіпсіздігін сақтауға мүмкіншілік болғанда жіберіледі.

Ауыр науқасты сотталғандардың, өлім жазасына кесілгендердің өтініші бойынша діни қазметкерлер шақырылып, қажетті барлық діни ғұрыптарды жасау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

5 . Сотталғандардың өтініштерін қарау тәртібі

Сотталған адамдар ұсыныс, арыз, шағымдарын тек өздерінің заңды мүдделері бойынша ғана емес, сонымен бірге құқықтары мен міндеттеріне байланысты да беруі мүмкін. Арыз, өтініш, ұсыныстарды жазбаша немесе ауызша бере алады. Түзеу мекемелеріндегі ішкі тәртіп ережесі бойынша сотталған адамдар ұсыныс, тілек – арыздарын тек өз атынан ғана бере алады. Белгілі бір топ адамдар атынан немесе басқа біреудің атынан беруге болмайды. Сондай-ақ сотталғандар өздерінің берген шағымдары мен өтініштеріне қол қоюы керек.

Айыппұл түріндегі, белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнайы әскери немесе құрметті атақтан, дипломатиялық рангісінен айыру, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, мүлкін тәртілеу жазалары бойынша сотталған адамдардың өтініш-тілектері, арыздары азаматтарға жалпы белгіленген тәртіпте беріледі.

Қылмыстық-атқару заңы тек қамау, тәртіптік-әскери бөлімде ұстау, бас бостандығынан айыру, өлім жазасына сотталғандардың жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдарын жіберу тәртібін реттейді.

Аталған жаза түріндегі сотталғандардың ұсыныс-шағымдары негізінен екі түрлі бағытта беріледі. Біріншісі – арыз, ұсыныс, шағымдар түзеу мекемесі әкімшілігінің атына жолданса, екінші бағытта жазаны атқарушы органдар мен мекемелерден жоғары тұрған органдарға, сотқа, прокуратура органдарына, қоғамдық бірлестіктерге сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдар атына жолданады.

Сотталғандардың шағым, арыз, ұсыныстары аталған ұйымдар мен органдарға жазбаша және ауызша беріле алады.

Түзеу мекемелерінің әкімшілігіне жолданған ұсыныстар, түзеу мекемесінің әкімшілігі, яғни түзеу мекемесінің бастығы арқылы қаралып, оның шешімі өтініш, арыз берушіге хабарланады. Ал сотталған адамдардың жазаны атқаратын мекемелер мен органдар қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдарға, ұйымдарға жіберілген өтініш , арыз, ұсыныстары цензураға жатпайды. Мұндай бағыттағы шағымдар мен арыздар дереу адресатқа жеткізілуі тиіс. Түзеу мекемесі өздерінің қызметі туралы сотталған адамның олардың жоғарғы органдарға жолдаған шағымдарын бір тәуліктің ішінде кешіктірмей тиісті органдарға жіберілуі

тиіс. Жіберілген арыз және шағымдар сотталған адамға белгіленген әкімшілік шараларының орындалуын тоқтатпайды. Мұндай әкімшілік шараларының тоқталуы сотталған адамның жолдаған шағым, арызына қайтарылған жауап негізінде, кейінгі уақыттарда тоқтатылуы мүмкін. Егер шағымды қараған орган немесе ұйым сотталған адамның мүддесін қанағаттандыратын шешім шығарса немесе сол шағымды қараған орган (мысалы, прокуратура органы) әкімшіліктің ісіне наразылық білдірсе, онда түзеу мекемесі әкімшілігінің шешімі тоқталынады. Мұндай жағдайда түзеу мекеменің әкімшілігі, мәселе түпкілікті шешілгенше өз шешімінің орындалуын тоқтата тұрады.

6. Сотталғандардың қылмыстық, материалдық және тәртіптік жауапкершілігі

Сотталған адамдар жаза өтеп жүріп, әртүрлі дәрежедегі қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасауы мүмкін. Олар түзеу мекемелерінде жаза өтеп жүріп жасаған қауіпті әрекеттерінің түрі мен дәрежесіне қарай қылмыстық, материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Сотталғандардың қылмыстық жауапкершілікке тартылуы оның жаза өтеп жүріп жаңадан жасаған қылмыс жасауын білдіреді. Мұндай жағдайда сотталушы жаңадан жасаған қылмысы үшін қайтадан қылмыстық жауапкершілікке тартылып, жазаның түрі мен көлемінде өзгерістер пайда болады.

Егер сотталушы бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтей жүріп қылмыс жасаған болса, онда оның жазасы бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстырылады.

Жазаның көлеміндегі өзгерістер, соттың үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындауымен анықталады. Үкімдер жиынтығы бойынша жаңа жазаға тартқанда жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе жартылай көлемде алып, алдыңғы жаза мерзіміне тағайындайды.

Үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындағанда, егер тағайындалған жаза бас бостандығынан айыруымен байланысты болмаса, онда ол жазаның қылмыстық заңның жалпы бөліміндегі көрсетілген жоғарғы деңгейінен аспауы керек. Ал сотталған адамның жаза өтеу кезінде жасаған қылмыстарына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалса, онда сот үкімдерінің жиынтығы бойынша, 30 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындала алады.

Сотталған адамдарды қайталай жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту - күрделі мәселе. Оларды жауапкершілікке тартқанда, қылмыстың жасалу жағдайында жауапкершілікті ауырлататын, жеңілдететін мән-жайлар, кінәтүрінде барлығы да ескеріледі. Негізінде сотталған адамның қайтадан

қасақана түрде қылмыс жасауы, адамның қоғамға қауіптілігінің жоғарылығын білдіреді.

Бас бостандығынан айыру колониялары қоғамға деген көзқарасын қауіпті адамдар ортасы болғандықтан, кейбір қылмыс түрлерін ошағы болып табылады.

Түзеу колонияларында жасалатын қылмыстардың кейбіреулері ал сотталғандардың арасында кейде орын алатын алауыздықта бірін-бірі кемсітушіліктер, адамның жыныстық бостандығына бағытталған әрекеттер себебінен болады. Сондай-ақ қылмыстық заң түрі сотталған адамдармен ғана жасалатын қылмыстарды келтіреді. Бұлар бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден бұлтару, қылмыстық - атқару мекемесі әкімшілігінің талаптарына көрінеу бағынбау, жаза өтеу орнынан қашу тәрізді, т.б. қылмыстар бола алады.

Міндетті дене еңбегін атқарумен байланысты жаза түрлері өтеуші сотталған адамдар да, өндіріс саласында жұмыс істей жүріп мемлекетке немесе меншік иесіне материалдық зардаптар келтіре алатын жағдайлар кездеседі. Мұндай кездерде материалдық зардаптың орның толтыру міндеттілігі туындайды. Сотталғандардың еңбек міндеттерін орындауы кезінде келтірген шығындары үшін еңбек туралы заңдарда қарастырылған жауапкершілік жүктеледі. Сотталғандар өндірісте, жұмыс істеп жүріп келтірген шығындары үшін арнайы жауапкершілік белгіленбеген. Оларға мұндай жағдайда барлық азаматтарға ортақ тәртіптегі жауапкершілік жүктеледі. Сотталғандардың еңбек міндеттерін орындауы кезінде келтірілген шығындары үшін еңбек туралы заңдарда қарастырылған жауапкершіліктер белгіленеді. Ал басқа келтірілген материалдық шығындар үшін азаматтық заң тәртібінде жауапкершілік жүктеледі. Сотталғандар тікелей келтірген шығындары үшін ғана жауапкершілік атқарады. Демек, олар тек өздері ғана келтірген, өз кінәсінен туындаған шығынды ғана өтейді. Мысалы сотталған адамның мүлікті жоғалтуы немесе салақтық ұқыпсыздық салдарынан бүлдіруі бола алады.

Материалдық жауапкершілік толық немесе шектелген түрде белгіленеді. Сотталғандардың келтірген материалдық шығынды өндіруі, түзеу мекемесі бастығының қаулысы шығуымен басталады. Бұл қаулы сотталған адамға жарияланып, одан жариялағандығы туралы қолхат алынады. Сотталған адамның бұл қаулы туралы жоғарғы тұрған органдарға шағымдануға құқысы бар. Бірақ оның шағымдануы қаулының орындалу күшін тоқтатпайды. Егер сотталған адамның шағымы жоғарғы тұрған органдармен дұрыс деп танылса, онда осы мерзім ішінде өндіріп алынған ақша сотталған адамға қайтарылып, оның есеп шотына жазылады.

Тәртіптік жауапкершілік сотталған адамдарға көп қолданылатын жауапкершілік түрі болып табылады. Оның мағынасы, сотталушының жаза өтеу тәртібін

бұзғандығы үшін, оны жөнге шақыру тәсілі ретінде қолданылатын шаралар болып табылады. Бұл жауапкершілік сотталғандарға мәжбүрлі, яғни қылмыстық –атқару заңында қарастырылған тәртіптік – жазалау шараларын қолдану түрінде іске асырылады. Заңда жазалау шарасының түріне қарай жауапкершілікті тағайындай алатын лауазымды тобы, оны іске асыру тәсілі қарастырылған. Қылмыстық атқару заңында әр жазаны қарастыру барысында, жаза өтеу тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын шаралар көлемі анықталған. Сотталған адамдарға тәртіптік жауапкершілік еріксіз, мәжбүрлі түрде қолданып, алдағы уақыттарда тәртіп бұзатын әрекеттер жасалынбау және сотталушыны түзеу үшін қолданылады. Мысалы, бас бостандығын шектеу жазасын өтеуші сотталған адамның, жазаны өтеу тәртібін бұзғандығы үшін бір айға дейін жұмыстан бос уақытында жатақханадан сыртқа шығуына тыйым салынады.

Қамау жазасына сотталған адамдарға сәгіс немесе он тәулікке дейінгі мерзімге айыптылық, оқшаулау орнына шығару түріндегі жазалау шаралары қолданыла алады.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін бұзғандығы үшін сотталушыға түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы жазбаша ескерту қолданылуы мүмкін.

Сондай – ақ бас бостандығынан айыру орындарындағы режимді сотталушының бұзғандығы үшін он бес тәулікке дейінгі мерзімге айыптылық оқшаулау орнына, камералық үлгідегі үй- жайларға, жалғыз адамдық камераларға ауыстыру тәрізді тәртіптік жазалау шаралары қолданылады.

Заңдағы әртүрлі жазалардың орындалу барысында қолданылатын жазалау шаралары мен тәртіптік жауапкершілік ұғымдарының арасында елеулі айырмашылық жоқ. Жаза сотталғандарға түзеу мақсатында тағайындалатындығы тәрізді, әртүрлі жазалау шаралары да алдағы уақыттарда тәртіпсіздіктің қайталанбануы мақсатында қолданылады. Сондықтан жазалау шаралары іске асырылғанда тәртіптік жазалау немесе тәртіптік жауапкершілік түрінде қолданылады.

III- тарау. Жазаны атқарушы мекемелер мен органдар, олардың қызметін бақылау.

Жазаны атқарушы органдар мен мекемелердің түрлері.

Қылмыстық жазаны атқарушы органдар мен мекемелер жазаның ауырлығына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Жазаны атқарушы органдар мен мекемелер мынадай түрлерге бөлінеді: сот органдары қылмыстық – атқару инспекциялары , түзеу колонияларына, тәрбиелеу колонияларына, түрмеге, емдеу- түзеу мекемелеріне бөлінеді.

Айып төлеу және мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны сот орындаушылары немесе мүліктің орналасқан жеріндегі, сондай – ақ сотталған адамның тұрғылықты жерімен негізгі жұмыс орны бойынша сот орындаушылары атқарады. Бұл жазаларды сот өзі үкім шығарып, өзі орындайды деп айтуға болады. Тек үкімнің орындалу мәселесіне келгенде сот орындаушылары пайдаланылады.

Белгілі бір лауазымда немесе белгілі бір қызметпен айналасу құқығынан айыру жазасын сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық – атқару инспекциялары, түзеу орталықтары, түзеу мекемелері және тәртіптік әскери бөлімдер жүзеге асырады. Бұл жаза сотталушыларға негізгі және қосымша жаза түрінде тағайындала алады. Егер белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы негізгі жаза ретінде тағайындалса, онда жазаның орындалуын сотталған адамның негізгі жұмыс орнының әкімшілігі, сондай – ақ осы лауазыммен, қызметпен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықты органдар атқарады.

Егер белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы бас бостандығынан айыру жазасына қосымша жаза ретінде тағайындалса, онда жазаның орындалуын түзеу мекемесінің әкімшіліктері жүзеге асырады. Яғни сол лауазымды немесе қызмет жаза өтеп жүрген адамның иеленуіне, айналысуына рұқсат берілмейді.

Құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден және біліктілік сыныбынан айыру жазасы үкімші қарған сот арқылы атқарылады. Сот үкімінің талаптарын атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені және біліктілік сыныпты берген орган немесе лауазымды тұлға атқарады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны адамның негізгі тұрғылықты мекені бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы атқарады.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны да сотталған адамның негізгі тұрғылықты жері бойынша қылмыстық – атқару инспекциясы атқарады.

Әскери қызмет бойынша жазаларды Қазақстан Республикасының әскери бөлімдерінің арнайы жазаны атқарушы бөлімдері немесе мекемелері жүзеге асырады. Мысалы, әскери қызметте сотталған адамды тәртіптік әскери бөлімде ұстау жазасын осы жаза үшін арнайы құралған әскери бөлімдер (тәртіптік батаьлондар) атқарады. Қамау жазасын сотталған әскери қызметшілерге арналған гауптвахталар, гарнизондар немесе гарнизондардың бөлімшелеріндегі жекелен гауптвахталар іске асырады. Әскери қызмет бойынша шектеу жазасын сотталған әскери қызметші, қызмет өтеп жүрген

әскери бөлімдерінде, мекемелерінде, әскери құрамаларының командованиелерінде өтейді.

Шартты түрде сотталған адамдарға бақылау жасауды қылмыстық-атқару инспекциялары іске асырады.

Егер әскери қызметші түрде сотталса, оны бақылауды сол әскери қызметкер қызмет өтеп жүрген әскери бөлімінің командованиесі жүргізеді.

Бас бостандығын шектеу жазасы сотталушының тұрғылықты облысы бойынша арнайы дайындалған орындарда қоғамнан алыстатылмай түзеу орталықтары арқылы атқарылады. Бұл жазаның орындалуы түзеу орталықтарының күнделікті бақылау жүргізуі арқылы іске асырылады. Қосымша түрде бұл жазаның орындалуын бақылаушы субъект – ол сотталған адамға жұмыс берген мекеме болып табылады.

Қамау жазасына сотталған адамдар сотталған жері және негізгі тұрғылықты жері бойынша қылмыстық – атқару жүйесіне жататын қамау үйлерінде өтпейді.

Бас бостандығынан айыру жазасы адамды қоғамнан алыстау және міндетті дене еңбегіне тарту арқылы жүзеге асырылады. Бұл жазада сотталған адамның тұрғылықты облысы немесе сотталған жері бойынша атқарылады. Егер сотталған адамның жаза өтпейтін колониясы сол облыс аумағында болмаса, сонда ғана ол адам басқа облыс аумағындағы түзеу колонияларына жіберіледі.

Тергеу изоляторлары түзеу мекемелерінің қатарына жатпайды. Себебі, ондағы тергеуде жүрген адамдар сотталған адамдар болып есептелмейді, сондықтан оларда адамды түзеу жұмыстары жүргізілмейді. Тергеу изоляторлары түзеу мекемесі ролін изолятордың шаруашылық жұмыстарын орындауы үшін ғана қалдырылған сотталған адамдарға қатысты атқарады.

Түзеу колониялары бас бостандығынан айыру жазасын өтеу үшін, тек кәмелетке, яғни 18 жасқа толғандарға ғана арналған. Түзеу колониялары қоныстану колонияларына, жалпы, қатаң ерекше режимдердегі колонияларға бөлінеді. Тәрбиелеу колониялары түзеу колониялары қатарына жатпайды. Онда кәмелетке толмағандарға түзеу емес, тәрбиелеу жұмыстары жүргізеді. Тәрбиелеу колонияларынла бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандар жаза өтейді. Тәрбиелеу колониялары екі түрге, жалпы және күшейтілген режимдерге бөлінеді.

Жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмаған әр баланы және кәмелетке толмаған қыз балалар жаза өтейді.

Күшейтілген режимдегі тәрбилеу колонияларында бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген, кәмелетке толмаған ер балалар, сондай-ақ режим тәртібін бұзғандығы үшін жалпы режимге ауыстырылғандар жаза өтейді.

Қоныстану колонияларында жаза өтеушілер міндетті де еңбегіне тартылады, бірақ жұмысқа барып – қайтуы кезінде айдауызсыз жүреді. Жататын орындарында сыртынан қамалмайды түзеу және күндізгі уақыттарда колония аумағында еркін жүріп- тұра алады, бірақ колония аумағынан тысқары шыққанда (жұмыстан бөлек уақыттарда) арнайы рұқсат бойынша жіберіледі.

Қоныстану колонияларында абайсыздықта жасаған қылмысы үшін жеті жылға дейін бас бостандығынан айыруға сотталғандар және жалпы, қатаң режимдердегі колониялардан еңбекке адал қалғаны, түзеле бастағандығы үшін ауыстырылғандар жаза өтейді.

Жалпы режимдегі түзеу колониясында маңызы ауыр емес орташа ауыр және ауыр қылмыстарды қасақана жасағандығы үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сондай – ақ абайсыздықта жасаған қылмысы үшін жеті жылдан жоғары мерзімді сотталған адамдар жаза өтейді.

Қатаң режимдегі түзеу колонияларында аса ауыр қылмыстар бірінші рет жасағандығы үшін бас бостандығын айыруға сотталғандар, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген, қылмыстардың рецидивіндегі сотталғандар және қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегі әйелдер өтейді.

Ерекше режимдегі колонияларда қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегі сотталған адамдар, сонымен қатар өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар және өлім жазасы кешірім жасау арқылы бас бостандығын айыру жазасымен ауыстырылған өтейді.

Түзеу мекемелерінің бір түрі түрме болып табылады. Түрмелер жалпы және қатаң режимдерге бөлінеді.

Аса ауыр қылмыстарды жасағандығы үшін бес жылдан жоғары мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар, қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегі сотталғандар тағайындалған жазаның бес жылға дейінгі уақытын түрме өтеуі мүмкін. Сонымен бірге, жалпы, қатаң және ерекше режимдердегі түзеу колонияларында жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзғандығы үшін, яғни бір жылдың ішіндегі рет камералық үлгідегі тұрғын жайларға, жалғыз адамдық камераларға жабылып, қайтадан режим тәртібін бұзғандығы үшін үш жылға дейінгі мерзімге түрмеге ауыстырылғандар жаза өтейді.

Түрме жаза өтеудің ең ауыр түрі болып табылады, сондықтан түрмеде сотталған адамдар жазаны түгел емес, оның белгілі бір бөліктерін ғана өтейді. Қылмысы бойынша жалпы режимдегі колонияда жаза өтеуге жататын, бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айрыға сотталған адамдар, өз келісімімен түрменің шаруашылық жұмыстарын атқару үшін қалдырылады.

Жалпы режимдегі түрмеде жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы деп танылған сотталғандар, қатаң режимдегі түрмеге ауыстырылады.

Қылмыстық жазаны өтеу мәселесі сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша шешілуі керек дедік. Бірақ, бұл мәселе қылмыскердің қауіптілігіне немесе қылмыстың түріне қарай өзгеруі мүмкін. Бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтегендер, өлім жазасы кешірім жасаудың арқасында өмір бойына немесе 25 жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылғандар, өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар , шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар, қылмыстардың аса қауіпті рецидивінде сотталғандар, сотталған уақытқа дейін тұрған жері мен облысына қарамай, өздері үшін арнайы құрылған колонияларға жіберіліп, сонда жаза өтейді.

Сотталған адамның жаза өтейтін режимін, түзеу мекемесінің түрін, сот үкім шығарған кезде атайды. Үкім шыққаннан кейін, тіркеу изоляторы он күннің ішінде сотталған адамды жаза өтейтін колониясына жіберуді ұйымдастыруы тиіс. Түзеу мекемесі әкімшілігі сотталған адамның түзеу мекемесіне келгендігін, мекен – жайын және қандай заттарды посылка, бандероль ретінде жіберуге болатындығын оның отбасына хабарлайды.

Қазақстан Республикасы аймағындағы әрбір түзеу мекемесінің жеке маңызы, ерекшелігі бар. Сотталған адамдар өздері тектес қылмыс жасаған, тұлғасы, қоғамға деген көзқарасы ұқсас адамдармен бірге жаза өтеуі тиіс. Бұлай топтастыру, сотталғандарды түзеу мәселесін дұрыс ұйымдастыру үшін белгіленген. Түзеу мекемелерінің ішінде ерлер колониясы мен әйелдер колониясы бөлек болады. Сол сияқты, ересектер мен жасөспірімдер, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтегендер мен бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар бөлек ұсталады . Аса ауыр қылмыс жасағандары үшін сотталғандар , қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегілер , өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар және өлім жазасы бас бостан – дығынан айырумен ауыстырылғандар да жазаны бір – бірінен бөлек өтейді .

Сот немесе құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері жеке өздеріне арналған түзеу

мекемелерінде ұсталады . Мұндай түзеу мекемесі бұрын да болған , бірақ заң түрінде осындай топтастырудың бар екендігі заң жүзінде көрсетілмеді .

Барлық түзеу мекемелері , осындай жеке топтағы сотталған адамдардың жаза өтеу мәселесі -мен айналысатындықтан, олардың әрқайсысы жеке заңды тұлға болып табылады .

Сотталған адамдар тағайындалған жазаны бір колонияда өтеп шығуы керек . Сотталғандардың бір колониядан тап осындай басқа түзеу колониясына ауыстыруға , тек ерекше жағдайлар туындаған кезде немесе белгілі бір сотталған адамды жаза өтеп жүрген колониясында ұстау , қауіпті жағдайларға соқтыруы мүмкін болғанда ғана рұқсат етіледі . Ерекше жағдайлар ретінде , сотталған адамның мамандығының басқа жерде қажет болуы , ауыруы , оның жеке басына басқа бір түзеу мекемесінен басқа түзеу мекемесіне ауыстыру жағдайын сотталған адамның түзеле бастауына немесе оның қоғамға қауіптілігінің жоғарылауына байланысты келтіреді .

Бас бостандығынан айыру жазасын бұрын өтеген адамдарды бөлек ұстау үшін жеке түзеу колониялары ұйымдастырылған .

Бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдар ретінде , жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталып , бұрын жазаны түзеу колонияларында , түрмеде немесе тәрбиелеу колонияларында өтеген адамдар табылады. Бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдар қайтадан қылмыс жасаған жағдайда, оның сотталғандық атағының алынып тасталғандығы немесе уақытының өтуі ескерілмейді. Яғни, ҚК 77-бабының 1-бөлімімен ескеріліп, жеке колонияда ұсталуға жатады.

Бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтемегендер болып, мына топтағылар есептелінеді:

- бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталғандар;
- тәртіптік әскери бөлімде ұстау жазасын бас бостандығын айыру жазасының орнына өтегендер;
- іс жоғарғы кассациялық сатыда қаралғанға дейін , бас бостандығынан айыру орындарында жаза өтеп , кейін істің қысқартылуына байланысты босатылғандар немесе басқа мән – жайлардың ашылуына байланысты жазасы жеңілдендіріп ауыстырылғандар;

Бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалғанмен, сотталушының тергеу кезінде қамауда болған уақыттарымен жаза мерзімінің өтіп кетілуіне байланысты босатылғандар. Бұлардың бас бостандығынан айыру жазасын өтемеген болып саналу себебі, ол сотталушы адамның түзеу мекемесіндегі жаза өтемегендігі болып табылады.

Өлім жазасы ату жолымен, үкім орындалғанға дейінгі ұсталған түрмеде орындалады.

Қылмыстық жазаны атқарушы органдар мен мекемелердің басты міндеті: сот үкімін толық орындап, қылмыстық жазаның мақсатында жетуі тиіс, әрі тиімді ұйымдастыра білу болып табылады. Сотталған адамдарды түзеу мәселесін қылмыстық жазамен айналысушы органдар мен мекемелер дұрыс ұйымдастырса, онда оның басқа да мақсаттарының іске асырылуы жеңілдейді деп білуге болады.

§ 2. Жазаны атқарушы органдар мен мекемелердің міндеттері

Қылмыстық жазаны атқарушы органдар мен мекемелердің міндеті сотталғандарды түзеу, оны іске асыру құралдарын тауып, дұрыс қолдана білу болып табылады. Сотталғандарды түзеу құралдарын қолдану жазаның мазмұнына сай келіп, жазадағы жазалау шаралары мен тәрбиелеу шараларының қосындысы ретінде, бірін бірі толықтырып орындалуы керек. Сотталған адамдарға қолданылатын түзеу құралдары ретінде, қылмыстық жазаны атқаратын органдар мен мекемелерде жазаның мақсатын орындау үшін қолданылатын шаралар алынды.

Сотталған адамдардың түзелуі, оларда құқық нормаларын сыйлайтын, адамгершілік ізгі ниетпен қалыптасқан, еңбекке адал қарайтын, адамзатқа және мемлекетке дегенде көзқарасы түзу пікірдің пайда болуын алынады.

Қылмыстық атқару заңы сотталған адамдарды түзеудің негізгі құралдарына жазаны атқару мен өтеудің белгіленген тәртібін режим тәрбие жұмыстарының жүргізілуін, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуын, орта біліммен кәсіптік мамандық алуын және қоғамдық ықпал етуді жатқызады. Сотталғандарға түзеу жұмыстарын жүргізу кезінде мұнан басқа да тәсілдер қолданылуы мүмкін. Тек ол тәсілдер заңға қарама қайшы келмейтіндей болуы керек. Мұнан басқа да түзеу тәсілдеріне рұқсат берудің себебі, ол әр адамның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмыстарын жүргізу мәселесіне байланысты. Түзеу мекемелері әкімшілігінің қызметкерлері жалпы тәрбиелеу ісін жүргізіп қана қоймай, кейбір адамдармен жекеше де жүргізуге құқылы. Аталған заңда қарастырылған түзеу құралдары жаза түріне, жеке адамдардың ерекшелігіне қараай таңдалып қолданылуы мүмкін. Көрсетілген құралдардың таңдап қолдану, қылмыстық жазаны сотталғандарға түзеу ықпалымды байланыстыра жүргізу қағидасын білдіреді.

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қолдану қылмыстық атқару құқығында екі мағынада қолданылады. Біріншісі, ол осы пәннің негізгі мәселесі ретінде яғни құқықтық категориясы ретінде таныса, екіншіден сотталғандарды тәрбиелеу құралы ретінде қолданылады. Жаза өтеудің белгіленген тәртібі сотталғандарға құқықтық шектеулер белгілеп, сондай ақ кейбір құқықтарын жүзеге асыру мүмкіншіліктер бере отырып, бір уақытта сотталушыға жаза шараларын да тәрбелеу шараларын да, іске

асырады. Демек бас бостандығынан айыру орындарындағы жаза өтеудің тәртібі мен жағдайлары арқылы сотталған адамдар тәртіпке, ұстамдылық бейімделеді.

Тәрбиелеу жұмыстары мен қоғамдық ықпал ету, адамды педагогикалық, адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу құралы болып табылады. Бұл құралдарды іске асыру үшін, түзеу мекемелерімен байланысып жұмыс істегісі келетін қоғамдық ұйымдарға, тілшілерге рұқсат беріледі. Сотталғандарға газет, журналдар алып оқуға құқыққа берілген.

Сотталғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке тартуда, тәрбиелі педагогикалық мақсатта қолданылады. Қоғамдық пайдалы еңбектер астарында адамды қоғамшыл болуға баулу, елге экономикалық жәрдем жасау сияқты жақсы нышандағы қасиеттер жатыр.

Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды түзеудің бас құралы отра білім мен арнайы мамандыққа оқыту болып табылады. Сотталғандарға орта білім мен мамандық беру, оларды қоғамға бейімдеудің бір амалы ретінде жүргізіледі. Сегізжылдық білімі жоқ сотталғандарға түзеу мекемелеріндегі мектепте оқу міндетті болып табылады. Сонымен қатар түзеу мекемелерінің кейбіреулерінде отра білім беру үшін арнайы ұымдастырылған мектептер жұмыс істейді. Арнайы мамандық алу да жұмыс істеу жасындағы әр сотталған адам міндетті болып табылады. Олар арнайы мамандық курсы бітіргеннен кейін, осы мамандыққа иелігін растайтын куәлік алады және осы мамандық юойынша жазадан босатылғаннан кейін жұмыс істеуге құқылы. Сотталғандардың мамандық алуға ұмтылуы, олардың түзелуін байқататын белгі болып саналады.

Түзеу құралдарының түрлері, жазаның түріне, жасалған қылмысының сипатынына, қылмыскердің қоғамға қауіптілік дәрежесіне, нысаны мен қылмыстың жасалу себептеріне, сотталушының жеке басымен мінез құлқына байланыстырыла отырып қолданылады. Қылмыстық жазаны жеке даралау, жаза тағайындау заң жүзінде іске асырылады. Оның негізінде жазаны атқару мәселесін жеке даралау жатыр. Анығырақ айтқанда, қылмыстық жазаны орындау кезіндегі жеке даралау жазаны жеке белгілеу ретінде анықталады. Сондықтан жазаны орындауда жеке даралауды қолдану жұмысы өзіндік ерекшеліктерге ие. Ол біріншіден, сотталушының түзелуіне немесе қауіптілігінің жоғарылуына байланысты, жаза өтеу жазалау көлемінің өзгеруімен байқалады. Бұл өзгерулер түзеу мекемесінің бір режимі ішінде түрлі сотталғандарды ұстайтын жағдайлардың болуымен, қажетті жағдайларда солардың ауысуымен немесе түзеу мекемесі түрінің өзгеруімен анықталады. Сонымен бірге, жаза өтеу режимі ғана емес, сотталушының түзелуіне байланысты жаза түрі де өзгере алады.

Екіншіден, сотталған адамдарға жұмыста, оқуда сонымен бірге тәрбиелік жұмыстардың төсілі мен түрін белгілегенде жеке қарау керек.

Үшіншіден, тәрбиедеу жұмыстары сотталған адамдарға жаза түріне немесе жасалған қылмыстарының қоғамға қауіптілік дәрежесіне юайланысты ғана емес, таза субъективтік тұрғыда, яғни сотталғандардың түзелу дәрежесіне қарай да жекеленеді.

Сотталған адамдардың жеке бас ерекшеліктеріне байланысты, тәрбиелік жұмыстың түрін таңдай, оны қолдану күрделі мәселе болып табылады. Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін, ол адам туралы мәліметтерді жан жақты жинап, оның өмірге, адамдарға деген көзқарасын анықтау қажет. Бұл істерді орндау үшін сотталған адамның жеке іс қағазымен танысып, т.б мәліметтер жинау керек.

Аталған түзеу құралдары барлық жаза түрерінде бірдей көлемде қолданыла бермейді. Сотталған адамдарды түзеудің құралдары бас бостандығынан айыру жазасында түгелдей қолданылады. Ал, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту тәрізді жаза түрлерінде түзеу құралдарының кейбіреулері қолданылады. Мысалы, қоғамдық жұмысқа тарту жазасында оқу білім беру, мамандыққа дайындау сияқты түзеу шаралары қолданылмайды. Қылмыстық жазалардың ішінде сотталушыны түзеу мақсатын көздемейтін жазалар бар. Мысалы, өлім жазасы сотталған адамды тек жазалау, яғни оны қоғамнан толық ажырату мақсатын көздейді. Өлім жазасына тәрбиелеу құралдары қолданылмайды.

§3. Жазатын атқаратын органдар мен мекемелерінің мемлекеттің басқа да органдармен өзара байланыстары.

Қылмыстық жазаны атқарушы органдардың негізгі міндеттері сотталған адамдарды түзеу, жазаны атқару мен өтеудің тәртібі мен жағдайларын дұрыс ұйымдастыру болғандықтан дұрыс ұйымдастыру болғандықтан, олар қылмыстылықпен күрес жүргізумен айналысатын мемлекеттің басқа да органдарымен байланыста жұмыс істейді. Қылмыстылықпен күресу қызметінің негізгі түрі ретінде танитын ішкі істер, тергеу, прокуратура, сот органдары мен қылмыстық сот атқару мекемелерінің қызметі тығыз байланысты. Бұл байланыстар қылмыстық атқару заңының көптеген баптарынан байқалды.

Қылмыстылықпен күрес жүргізу мәселесі бойынша ғана емес, ашылған қылмыстық істі аяғына дейін жүргізу мәселесі бойынша қылмыстық атқару мекемелерінің юасқа мемлекеттік органдарымен байланысы айқындала түседі. Қылмыс жасаған адамның ең алдымен ішкі істер органдарында, тергеу қармағында соңында сот үкімі арқылы тағайындалған жазаны өтуге, түзеу мекемесіне жіберіліп мұның барлығы қылмыстылықпен күресетін органдардың тізбек түрінде жұмыс істейтінін білдіреді бұл жайында жекеленген органдардың қызметі келесі органдардың қызметімен

байланыста болады және ол байланыстар былай анықталады. Біріншіден қылмыстық атқару органдарының сот тергеу, прокуратура органдарымен байланыстары ол жаза атқару кезінде анықтауды қыдет ететін мәселе тндағандықтан, түзеу мекемесінің сотталған адаммен жұмыс істеген милиция, тергеу органдарына сұраныстар жасауымен анықталады.

Екіншіден, жаза өтеу барысында сотталушының мінез құлқының өзгеруіне байланысты, алдағы уақытта жаза түрін ауыстыруы туралы сот органдарына хабарлама жасалады.

Үшіншіден, аталған органдардың барлығының ортақ қызметкерлерімен жұмыс істеуі болғандықтан, бірін-бірінің қызметіне көмектесуі үшін мәліметтер беру жұмыстары да орын алады. Төртіншіден, аталған органдарының ұызметінің өзара байланыстылығы сот және прокуратура органдарының қадағалау жасауымен көрінеді.

Мұндай өзара байланыстар қылмыстылықпен күрес жүргізетін органдардың қызметін толық тиімді әрі мағыналы етіп көрсетедію

Қылмыстық атқару органдары мен мекемелердің жұмысы екі органдарымен тығыз байланысты. Сот сотталушы, жаза тағайындағанда, қылмыстың қоғамға қауіпті дәрежесіне және сотталған адамның жеке басына, мінез құлқына, қлғамға деген көз қарасына қарай отырып жаза түрін мерзімін тағайындайды. Сонымен бірге, соттар жаза тағайындау кезінде, жазаның сотталушыға оң әсер алатындай жағдайын ескереді. Себебі, соттың әділетсіз жаза тағайындауы, яғни, негізсіз ауыр немесе ым жеңіл белгілесе, сондай ақ жаза тағайындау кезінде сотталушының жеке бас ерекшеліктерімен жасаған қылмысының қоғамға қауіпті дәрежесіне мән бермеуі, мұның бәрі кейінгі уақыттарда мекемелерінің сотталғандарды тәрбиелеу жұмыстарына теріс әсер етері күмәнсіз.

Сотталған адамдарға тәрбиелеу жұмыстары жүргізу кезінде ол адамға тәрбелеу жұмысын жүргізу оңай. Демек, жаза әділетсөз тағайындалса, онда жазаның мақсатына жету қиындайды. Нәтижесінде, сотталған адамда қоғамға мемлекетке деген өшпенділік, теріс көз қарас қалыптасады. Міне, осындай сотталған адамдар мен түзеу мекемелері қызметкерлерінің арасында ұайшы болмауы үшін, алдымен соттар жазаны дұрыс тағайындауы тиіс.

Түзеу мекемелері мен сот органдарының келесі байланысы, сотталған адамның түзелуіне немесе қоғамға қауіптілігін арттыруына байланысты соттардың шара қолданылуы болып табылады. Сотталушының түзелгендігін, соған сйкес жазаны жеңілдетуге болатындығы туралы, түзеу мекемесі әкімшілігі сот органдарына хабарлама беріп, соның арқасында соттар ресми түрде жаза түрін

жеңілдетеді,керісінше жайттар орын алғанда қаталырақ жазалау шарасын тағайындайды.

Соттарға жазаны атқарушы мекемелер қызметіне сот бақылау жүргізу тапсырылған.Бұл бақылау жүргізу тапсырылған.Бұл бақылау арқылы түзеу мекемелерінің жұмыстары ілгерілдеді немесе әр сотталушы үкім шығарған соттың бақылауында болады.

Сот органдарының түзеу мекемелерімен келесі байланысы ол адамдың жаза өтей жүріп қайтадан қылмыс жасауымен юайланысты.Мұндай жағдайларда соттар қылмыстың түзеу мекемесінде жасалу себептерімен жағдайларын байқаса,онда түзету мекемесі жетекшілеріне қылмыстылықтың жасалу себептерінің мән жайын сұрап,жолдама жасайды.

Сотта істі қарау сотталушыларға қандай да бір деңгейде түзеу түшеу мекемелерінің жұмысын жеңілдететін тәрбиелік рөл атқарады.

Жазаны атқарушы мекемелер прокуратура органдарымен де байланысып жұмыстар жасайды.Прокоратура оргндары қадағалау қызметімен айналсқандықтан түзеу мекелерінде де қадағалау жүргізеді.Прокурорлық қадағалаудың түзеу мекемелерінде көрініс алуы,заңдалық қағиданы бұлжытпай сақтаудың бірден бір кепілі болап табылады.Прокурордың қылмыстық атқару органдары мен мекемелерінің жұмысына жасаған наразылығы олардың осы әрекетін тоқтады.Ал,прокурорлардың түзеу мекемелеріне арнап шығарған қаулылары міндетті түрде орындауға жатады.Қылмыстық атқару мекемелері мн органдарының жұмыстарынан прокуратура органдарының кемшіліктерінің табуы,сотталғандардың түзеугеықпалын тигізеді.

Қылмыстық атқару органдарымен мекемелері тергеу органдарымен де байланыс жұмыс істейді.Терге органдары түрлі мекемелеріндегі сотталғандарды үлкен көмектер көрсете алады.Сотталған адам бұрын тергеуде болғанда,мінез құлқы туралы мәліметтер жинайды.Ол мәліметтер оның психологиясын әлеуметтік орнын анықтайды.Осы мәліметтер түзеу мекемелерінің ол адаммен тәрбиелеу жұмыстары жүргізуі үшін сұралады.Бұл,жайт түзеу мекемесіндегі әрбір сотталған адаммен жеке тәрбиелік жұмыс жүргүзуі үшін қажет.

Тергеу органдарының мекемелерімен келемі байланысты сотталған адамның басқа ашылмаған қылмыстық істерін немесе сотталмай қалған басқа қылмысқа қатысушыларын анықтау үшін тергеу жүргізумен анықталады.Мұндай қажеттіліктер пайда болған жағдайда,тергеуші түзеу мекемесіне хабарлама жолдап көмек көрсетуіне сұрайды.

Келесі байланыс ол сотталған адамдардың жаза өтей жүріп қайтадан жасаған қылмысын тергумен байланысты. Мұндай кездерде тергеушілер түзеу мекемелер кемшіліктерін аша алады. Мысалы, сотталғандардағы бақылаудағы, еңбекке тартудағы, әкімшіліктің тәрбиелеу жұмыстарындағы кемшіліктерді аша алады және оларды жәлу туралы ұсыныстар жасай алады. Осыдан барып, тергеу органдары түзеу мекемелерінде қылмыстықтың орн алу себептері мен жағдайларын ашуға көмек көрсете алады деп айтуға болады.

Қылмыстық жазаны атқарушы органдар оперативтік іздестіру қызметін қайтадан жасаған қылмысн жүзеге асыратын органдармен байланысын жұмыс атқарады. Бұл органдар қатарына ҚР ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік комитеті, салық инспекциялар тәрізді т.б құқық бұзушылықтарды анықтайтын органдар жатады. Оперативті іздестіру жұмысы түзеу мекемелерінің оперативтік қызметкерлері де жүргізе алады. Олардың негізгі міндеті адамдарға тікелей бақылау жасау және сотталғандар тарапынан орын алуы мүмкін қылмыстылықтың алдын аду, сақтандыру құқық бұзушыларды ашу болып табылады.

Қылмыстылықпен күресуге бағытталған осындай мемлекеттік органдардың өзара бірлесіп жұмыс атқаруы нәтижесінде, сотталғандар тарапынан қылмыстар жасалмауына, жасалуы мүмкін қылмыстардың алдын алуға мүмкіншілік туады. Басқаша айтқанда түзеу мекемелерінің юасқа да мемлекеттік өорғандармен өзара байланыста өызмет жасауын қылмыстылықпен күресу бағытындағы мемлекеттәң кешенді шарасы деп бағалауға болады.

§ 4. Қылмыстық атқару жүйесін қадағалаудың маңызы мен түрлері

Кейбір жаза түрлері соттарғандарға тәрбиелеу ісін дұрыс жүргізу және сырт қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, жабық түрде жұмыс істеу қажет етеді. Бас бостандығынан ауыру колониялары тәрізді мекемелерде сотталғандардың құқықтары мен бостандықтары нұқсан келмеуі үшін оларға сырттан мемлекеттік қадағалау қажеттілігі туындайды. Мемлекеттік немесе қоғамдық тек бас бостандығынан айырумен байланысты емес басқа да жаза түрлеріне жүргізіледі. Әйтсе де, түзеу колонияларында мемлекеттік немесе қоғамдық бақылауды орнату маңызды болып табылады.

Кез келген саладағы жұмыстардың дұрыс, әрі тиімді атқарылуы ол кейде сырттан қадағалаудың болуына байланысты. Бөтен тараптардан қадағалау болған кезде заң нормаларының бұзылуы азаяды немесе заңдылық қағидасының көрініс алынуыға мүмкіншілік туындайды.

Түзеу мекемелерінің жұмыстарына дұрыс, әрі тиімді атқарылуы ол кейде сырттан қадағалаудың болуына байланысты. Яғни, түзеу мекемелері мен органдары әкімшілік

қызметкерлерінің жұмыстарында салақтылық, селхостық, сотталғандарға деген қатыгездік орын алмайды.

Түзеу мекемелерінің қызметі, қоғамның бір саласын білдіргендіктен, ол да қоғам тәрізді үнемі даму үстінде болады.

Қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер мен органдар қызметіне мынадай мемлекеттік бақылау түрлері белгіленген атқарушы органдардың бақылауы, ведомствалық бақылау, прокурорлық қадағалау.

Жергілікті атқарушы органдар өздерінің аумағында орналасқан жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады. Атқарушы органдардың бақылауы екі бағытта болады. Біріншіден атқарушы орган ретінде түгел мекемелеріне ҚР Үкіметі бақылау жүргізеді. Ол Республикада қызмет ретінде, жазаны өтеу мен атқару мәселесіне байланысты құзәрет шегінде нормативтік актілер қабылдай алады. Екінші топтағы атқарушы органдар ретінде жергілікті атқарушы органдар ретінде танылады. Олар өз аумағындағы жаза өтеу мекемелеріндегі қызметін мүдделі түрде қадағалайды. Бұл, біріншіден сот атқарушы орган өндіріс сотталғандар жұмыс істеуіне байланысты, екіншіден, түрлі мекемесі түрлі аумағында орналысқандықтан, кейбір материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз етуге міндетті. Атқарушы органдары осылардың жұмсалуын, орындалуын бақылайды.

Сот бақылауы жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмегенін бөлігін жаханың жеңілірек түрімен аауыстыру, адамның жеке басына қарсы жасаған ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін бес жылдан артық мерзімге бас бостандығын айыруға сотталғандарды қоспағанда, жүкті әйелдердің және сегіз жасқа толмаған балалары бар әйелдердің жазаларын кейінге қалдыру тралы, сондай ақ түзеу мекемесінің түрін өзгерту тәрізді мәселелер бойынша жазалардың атқарылуын бақылайды.

Соттар, сотталған адамдың түзеу мекемесі әкімшілік қызметкерлеріне жасаған шағымдарын да қарай алады.

Жазаны атқарушы органдар мен мекемелер, үкім шығарған ғы соң жазаның орындалуы барысы, сонымен бірге қосымша жазаларды орындалу жағдайын хабарлап отырады.

Ведомствалық бақылау жазаны атқарушы органдар мен мекемелерден жоғары тұрған басқару органдары мен лауазымды адамдардың, тарапынан жүргізілетін бақылауды білдіріледі. Бұл бақылау түрі, жоғары ведомствадағы лауазымды адамдардың мекемелеріне келіп тексеру жүргізуімен, түзеу мекемесі әкімшілігімен есеп алу анықталады.

Прокурорлық қадағалауда жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің заңды сақтауы қадағалады. Бұл бақылауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар жүзеге асырады. Мұндай бақылау объектілері сотталған адамның жаза өтеу оындарына заңды тұлға келіп түсуі, оларға сотпен тағайындалған басқа да мәжбүрлеу шараларының дұрыс қолданылуы, түзеу мекемелерінде жаза өтеу тәртібімен жағдайлары дұрыс жолға қойылуы, яғни заңдылықтың бұзылмауын қадағалау болып табылады.

Сонымен Қазақстан Республикасында жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметіне мемлекет және қоғам тарапынан бақылаудың мықты жүйесі орнатылған. Бұл бақылаушы оларға заңда арнайы мүмкіншіліктер, өкілеттіктер берілген.

§ 5. Жазаны атқарушы органдар мен мекемелер қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мен олардың қауіпсіздігін қамтамсыз ету

Жазаны атқарушы мекемелердің қызметкерлері заңда немесе өзге нормативтік актілер көрсетілгендей міндеттері атқарады. Түзеу мекемелерінің қызметкерлері жазаны атқарушы мекемелердегі тәртіптің бұзылмауын қадағалайды және сотталған адамдар мен өзге де түзеу мекемелерінде қызмет жасайтын адамдырдың жеке басы қауіпсіздігін бақылауға міндеттенеді. Олар оперативтік іздестіру, қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін атқарады және заңды немесе режим тәртібін бұзған құқық бұзушыларға жазалау шараларын қолдана алады. Түзеу мекемесі қызметкерлері жаза өтеудің белгіленген тәртібін сақтау мақсатында түзеу мекемелерінің аумағында және оған жақын жерлерде тінту жүргізеді сонымен бірге сотталған адамдардың жеке заттарымен өзін тінтіп олардан алынған тиым салынған заттарды жоюға немесе сақтауға өткізуге құқылы. Түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлері жазаның толық атқарылуы мақсатында сотталғандарға заңда қарастырылған барлық шараларды қолданады. Осы салада олар сотталған адамның маскүнемдік немесе наркотикалық заттарды пайдалануын әшкерелеу және мәжбүрлі емдеу шараларын қолдану мақсатында медициналық тексерту жүргізе алады. Мұнан басқа олар сотталғандарды міндетті дене еңбегіне тартуға оларға әкімшілік шаралар қолдануға колонияда тәртіп бұзушылықтар яғни, жаппай тәртіпсіздік немесе бағынбаушылық орын алғанда күш немесе қару қолдануға құқылы. Түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметкерлері өздерінің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау мақсатында сотқа шағымдана алады.

Қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлерінің міндеттерінің бірі ол Қазақстан Республикасының қай аумағында жүрседі құқық бұзушылық пен зілзала уақиғаларға немесе мемлекетпен қоғам қауіпсіздігіне қарсы жағдайларға кездескенде қылмыскерлер мен сотталған адамдардың жазадан бұлтару немесе қашу әрекеттерін

байқаған жағдайда мүмкіншілігі бар шараларды қолданып ол туралы ең жақын тұрған құқық қорғау органына хабарлауға міндеттілігі.

Жазаны атқару мекемесі қызметкерлері қылмыстық-атқару заңының орындалуын және жазаны атқару саласында заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жазаны атқару орындарында қызмет істейтін адамдар басқа азаматтардың да, өздерінің де жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Мұндай жайттарды заңда «ерекше жағдайлар» деп атайды. Ерекше жағдайлар ретінде, сотталған адамдардың немесе онда қызмет жасайтын түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлері мен өзге де азаматтардың жеке басына қауіп туындаған және жаппай тәртіпсіздік, бойұсынбаушылық немесе түзеу мекемелерінен қашу жағдайлары алынады. Мұндай жағдайлар орын алғанда, түзеу мекемесі қызметкерлері күш, қару, арнайы құралдар қолдануға құқылы. Әдетте жаза өтеудің бірқалыптылығын бұзатын қауіпті жағдайларда ескерту жасалынады. Ескерту ауызша немесе ескерту оғын ату арқылы берілуі керек. Ескерту шарасы, егер кешігу қауіпін тудыратындай болса, онда жасалынбайды. Мұндай кезде ескертіп жату керексіз, мағынасыз болып табылады. Егер жаппай тәртіпсіздік кезінде сотталғандар бірін-бірі ұрып, өлтіріп, зорлап жатса, кепілге алынған адамдарға қиянат жасалынса немесе сотталған адамның бас бостандығынан айыру орнынан қашуы кезінде ескерту кеш болса, онда дереу күш немесе қару қолданылады.

Аталған жағдайлар орын алғанда, түзеу мекемесі қызметкерлері адамды қарусыздандыратын немесе бағынуға мәжбүрлейтін шараларды қолдананды.

Сотталған адамдардың бойұсынбаушылығын басу кезінде, оларға барынша аз зардап келтіруге тырысу керек. Яғни тәртіпсіздікті баса алатын ғана қарулар қолданылып, ал басылғаннан кейін күш қолдануды тоқтату керек. Артық күш жұмсап немесе негізсіз зардап келтіргенде, оны келтірген адамға жауапкершілік туындайды. Түзеу мекемесі әкімшілігі бойұсынбаушылық, өзара төбелес, жаппай тәртіпсіздік кезінде шара қолдану барысын, өздерінен жоғары тұрған органдармен бірлесіп шешеді. Ал, сотталған адамдар қайтыс болған немесе жараланған жағдайларда, ол туралы жергілікті прокурорға хабарлауға міндетті.

Сотталған адамдардың бойұсынбаушылығын басу үшін, күш немесе арнайы құралдар қолданылғанда, медициналық жәрдем машиналары шақырылады және сотталған адамдардың арасынан медициналық көмекке зәру адамдар табылғанда, оларға көмек көрсетіледі.

Арнайы құралдар қажетті жағдайына қарай, яғни, заңда көрсетілген реттерде ғана қолданылады. Мысалы, су шашқыш немесе бронды машиналар тек жаппай

тәртіпсіздік, топ адамдардың төбелесі, сондай-ақ сотталғандардың әкімшілікке көрінеу бой ұсынбаған жағдайларында қолданылады.

Атылатын қарулар түзеу мекемесі әкімшілігіне жасаған шабуылды тоқтату, кепілге алынған адамдарды босату немесе әкімшілік қызметкеріне қарсы қарулы қарсылықты басу және сотталғандардың жазадан бұлтартып, қашқан жағдайларын тоқтату мақсатында қолданылады. Қару – көмек шақыру, белгі беру мақсатында да қолданылады.

Атылатын қарулар, әдетте, ескертуден кейін, ескертуді сотталған адам тыңдамағанда қолданылады.

Атылатын қарулар сотталғандардың қарулы шабуылы түнгі уақытта жасалса немесе қарулы түрде түзеу мекемесінен қашса, түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкеріне қарулы түрде келіп, ара қашықтықты бұзса немесе әкімшілік қызметкерінің қаруына ұмтылса ескертусіз қолданылады.

Жүкті әйелдерге, мүгедектерге,кәмелетке толмағандарға арнайы құралдар мен атылатын қарулар тек мәжбүрлі, яғни аса қажетті болған жағдайларда қолданылады. Бұл жағдайдағы аса қажеттілік ретінде, түзеу мекемесі әкімшілігінің өзара төбелесті, бойұсынбаушылықты немесе басқа адамдарға келетін зардапты тоқтатуға өзге амалы қалмаған жағдайлары алынады.

Қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер қызметкерлері мемлекеттің қорғауында болады. Олардың жеке басының қауіпсіздігі үшін қызметінде арнайы құралдар беріледі және отбасының мекен-жайы, отбасы мүшелерінің құрамы жария етілмейді. Ол түзеу мекемесі әкімшілігіне ғана мәлім болып, тек мекеме бастығының рұқсатымен беріледі. Қажетті жағдайлар туындағанда, түзеу мекемесі қызметкерінің жеке басы мен отбасының қауіпсіздігін сақтау үшін қосымша көмектер көрсетіледі.

Қылмыстық-атқару заңы түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметін заң шеңберіндегі дербес қызме ретінде таниды. Оның қызметіне тек заңда көрсетілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен түзеу мекемесінің бастығы ғана араласып, бақылау жасайды.

Түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметкерлеріне мұнан басқа да материалдық және әлеуметтік тұрғыдан көмектер көрсетіліп, олар қорғауға алынған.

Түзеу мекемесінің қызметкерлері сотталғандарға адамның ар-ожданы мен абыройын қорлайтындай әрекеттер жасаса, қызметіне ұқыпсыздық пен салғырттық көрсетсе, әкімшілік қылмыстық жауапкершілікке тартылған болса, онда қайтадан тәртіп бұзғандығы үшін жұмыстан шығарылады.

IV – ТАРАУ. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАЛАРДЫҢ АТҚАРЫЛУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

§1. Айыппұл түріндегі жазаны атқару

Айыппұл ҚР қылмыстық заңында көрсетілген реттерде және жаза тағайындау кезінде қолданылып жүрген айлық есеп көрсеткіштің белгілі бір мөлшерінде, не сотталушы адамның жалақысының немесе белгілі бір кезеңдегі басқа да табыстары көлемінде тағайындалаын ақша өндіру болып табылады.

Ол заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 25-тен 20 мыңға дейінгі шегінде немесе сотталған адамның жалақысының екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі табысы және өзге де табысы мөлшерінде тағайындалады.

Айыппұл негізгі және қосымша жаза ретінде тағайындала алады. Бұл жаза әкери жазалардан басқа, барлық негізгі жазаларға қосылып, қосымша жаза ретінде тағайындалуы мүмкін.

Айыппұл жазалардың қосымша түрі ретінде, Қылмыстық заңның Ерекше бөлімнің тиісті баптарында көзделген жағдайларда ғана тағайындалады. Айыппұлдың мөлшері айыпталушының мүліктік жағдайына және жасаған қылмысының сипаты мен дәрежесіне қарай анықталады. Сот айыппұлмен жазалау туралы үкімді жариялағаннан кейін, сотталушы адамға 1 айдан кешіктірмей айыппұлды төлеуге міндетті екені және айыппұлды ерікті түрде өндірілетіні жөнінде ескерту жасайды.

Сотталушы адам өз еркімен айыппұлды соттың шығарған үкімі заңды күшіне енгенге дейін де, заңды күшіне енгеннен кейін де төлей алады.

Сотталушы айыппұлды өз еркімен бір ай ішінде төлемеген жағдайда, сот атқару қағазының негізінде мәжбүрлі түрде жүргізіледі. Айыппұл сотталушының мүлкінен, соның ішінде оның сотта анықталған ортақ меншіктегі үлесінен өндіріліп алынады.

Айыппұлды өндіріп алу кезінде, қылмыстық атқару кодексiнiң қосымшасында белгіленген тәркілеуге жатпайтын мүлікті алуға болмайды.

Сотталған адамның айыппұлды бірден төлеуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, сотталушының өтініші бойынша, сот төлем мерзімін ұзартады немесе алты айға дейін бөліп-бөліп төлеуге мүмкіншілік береді.

Ұзарту – бұл сот белгіленген белгілі бір айдан аспайтын уақыт ішінде айыппұлды толық төлеуге мүмкіндік беру. Ал **бөліп төлеу** – айыппұлды белгілі бір уақыт ішінде бөліп-бөліп төлеу болып табылады. Бөліп-бөліп төлеуде, сот әрбір айыппұл бөлігін төлеудің нақты уақытын белгілейді.

Сотталушының айыппұлды төлеу мерзімін ұзарту туралы өтініші мынадай жағдайларда қанағаттандырылуға жатады: егер мүліктік жағдайы ауыр болса, не өзі қатты сырқат болса, өрт немесе басқа да бақытсыздық жағдайға ұшыраса. Сотталған адам айыппұлды жедел төлеуге мүмкіндік болмаған жағдайын жақын туысының қайтыс болуымен, ауру болуымен және тағы басқа жағдайлармен байланыстыра алады.

Айыппұл белгіленген мерзімде төленбесе, үкім шығарушы сот үкім қағазының негізінде мәжбүрлі орындау шарасы жүргізілетіндігін хабарлайды.

Сот орындаушысы айыппұлды өндіріп алу үшін қажетті мүліктердің тізімін жасайды, оған арест салып мүліктердің тізімін сотқа жібереді.

Сот орындаушысы сотталған адамның ақшасына, қымбат бағалы заттарына, биліктегі және басқа да несиелік мекемелердегі сақтауда жатқан салымдардың, мүлкіне айыппұл сомасының мөлшерінде арест салуға құқылы.

Сотталған адамның еңбек ақысының немесе зейнетақысының, басқа да табыс көзінен өндіру, оның мүлкі болмаған жағдайда немесе айыппұлды толық өндіріп алуға бұл мүлік жеткіліксіз болғанда жүргізіледі.

Бірнеше атқару істері болғанда, ең алдымен алимент өндіріп алушының, денсаулыққа зиян және басқа да келтірілген зақымды өтеу талабы, сонымен қатар асыраушысының өліміне байланысты еңбек құқық қатынасынан туындайтын талаптар қанағаттандырылады.

Егер сотталушы адамның мүліктік жағдайы немесе басқа да табыс көздері айыппұл сомасын өтеуге толық жетпесе, айлық табысынан немесе оған теңестірілген табыстарынан табыстарынан 50 пайызға дейін ұсталым жүргізіледі. Мұндай жағдайларда сотталушы адам, айыппұлдан басқа да міндетті төлемдер төлеуге міндеттенген болса, айыппұл осы 50 пайыздан аспайтын алымның ішінде өндіріледі.

Айыппұлды мәжбүрлі түрде өндіріп алу мақсатында, сотталған адамның немесе басқа да адамдардың тұратын үйіне тексеру жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда сот орындаушысымен бірге айғақтар болуы керек.

Сотталған адам үйінде болмаған жағдайда кәмелеттік жасқа толған жанұя мүшесінің, заңды өкілінің, ал олар болмағанда айғақтардың қатысуымен үй-жай тексеріледі.

Сотталушы адамның жеке асырауындағы адамдардың күнделікті қажетті заттарды, мүліктері алынуға жатпайды.

Айыппұл түріндегі жазаны атқару сотталған адамның тұрып жатқан жерінде жүргізіледі. Сотталушының тұратын жері өзгерсе, сот орындаушысы атқару қағазын сотталған адамның тұрып жатқан жеріндегі немесе мүлік тұрған жердегі сот орындаушысына жібереді.

Егер сотталған адам жұмыс істемейтін болса, онда сот орындаушысы айыппұлды өндіру үшін сотталушының мүлкі тұрған жерлерді табуға шаралар, әрекеттер жасайды.

Атқару қызметі мынандай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін: сотталушы адам кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылғанда, ұзақ мерзімдік жол сапарда болған жағдайда, емдеу мекемелерінде ауырып жатқанда, сотталған адамның өзі ме мүлкі іздеуде болған жағдайда және осы тәріздес айыппұлды өндіру мүмкін болмаған т.б. жағдайларда.

Айыппұл жазасын атқару сотталушы адамның қайтыс болуына, үкімнің талап мерзімінің өтуіне байланысты қысқартылады.

Айыппұлды белгілеген мерзімде төлемеген және өзінің кірістері мен мүлкін өндіріп алудан жасырған адам, айыппұл төлеуден қасақана жалтарушы деп танылады.

Сотталушының айыппұлды төлеуге мүмкіндігі бола тұрып, сот орындаушысының ескертуіне қарамай төлемесе, оны айыппұл төлеуден қасақана жалтарушы деп тану керек.

Айыппұл жазаның негізгі түрі ретінде тағайындалып оны төлеуден әдейі жалтарған жағдайда, қылмыстық заңда көзделген ережелерге сәйкес, айлық есептік көрсеткіштің үш еселенген мөлшерімен немесе айыппұл сомасы үшін тиісінше бір ай түзеу жұмыстарына немесе 80 сағат қоғамдық жұмыстарға тартумен немесе 10 күнге қамаумен ауыстырылады.

Сотталушының қасақана жалтарғаны үшін, сот айыппұлды басқа жазалармен ауыстырса, айыппұл төлеу орындалуға жатпайды.

Айыппұлды төлеуден жалтарғаны үшін түзеу жұмыстарын өтеуден де жалтарса, онда сот түзеу жұмысының өтелмеген мерзімін нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыру, қамауға алу немесе бас бостандығын шектеу жазаларымен ауыстыра алады.

§2. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны атқару

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы мемлекеттік қызметте, жергілікті басқару органдарында немесе басқа да қызметтерде жұмыс істейтін адамдарға тағайындалады. Бұл жаза негізгі және қосымша жаза ретінде тағайындала алады.

Негізгі жаза ретінде 1 жылдан 5 жылға дейін тағайындалса, қосымша жаза ретінде 6 айдан 3 жылға дейін тағайындалады.

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға қосымша жаза ретінде тағайындалса немесе негізгі жаза ретінде тағайындалса, ол қылмыстық-атқару инспекцияларымен атқарылады. Егер бұл жаза бас бостандығынан айыру жазасына қосымша жаза ретінде тағайындалса, онда ол сотталған адам жаза өтеп жүрген түзеу мекемесі әкімшілігінің бақылауымен атқарылады.

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы бақылау жүргізу түрінде атқарылады. Қарастырып отырған жаза, екі саладағы қызмет түрімен айналысуға тыйым салады:

мемлекеттік қызметте немесе жергілікті басқару органдарында лауазым иеленуге тыйым салу;

белгілі бір мамандықпен немесе өзге кәсіп түрлерімен айналысуға тыйым салу. Бұл тыйым салу түрі мекеме, кәсіпорындарда белгілі бір мамандық бойынша белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуге тыйым салуды немесе жұмыс орнын пайдалану аталған жаза құқығынан айыруды білдіреді.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес негізгі жаза қосымша жаза ретінде тағайындалғанда, сотталушының тұрғылықты жері бойынша бақылау түрінде атқарылады.

Бұл жаза қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына, сондай-ақ шартты түрде босатуға қосымша жаза ретінде тағайындалғанда, оның мерзімі сот үкімінің зағды күшіне енген кезінен бастап есептеледі. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын бас бостандығын шектеу, қамау, бас бостандығынан айыру, тәртіптік-әскери бөлімдерде ұстау тәріздә жазаларға қосымша жаза ретінде тағайындағанда, ол жазаны өтеудің бүкіл уақытында қолданылады. Бұл орайда қосымша жазаны өтеу мерзімі негізгі жазаны өтеу уақытынан басталады. Мысалы, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазаларына сотталған адам қосымша жаза ретінде, аспазшы мамандығымен айналысу құқығынан айырылса, онда ол негізгі жазаны өтеу кезінде асхана жұмыстарына жіберілмейді.

Қосымша жазаның мерзімі, негізгі жазаның мерзімінен аз болып тағайындалуы да мүмкін. Мұндай жағдайда, сотталушы бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру тәрізді жаза мерзімдерін өтеп болғанша, қосымша жазаның мерзімін де өтеп болған болып есептеледі.

Негізгі жаза шартты түрде тағайындалған жағдайда, қосымша жаза тағайындалса, онда қосымша жазаның мерзімі есептеле береді. Егер негізгі жазаға шартты түрде сотталған адам сол мерзім ішінде қайтадан қылмыс жасаса, онда сот шартты соттаудың күшін жойып, ол адамды жазаны өтеуге міндеттейді, бірақ қосымша жазаның мерзімі өтіп кетсе, онда қосымша жаза есептелмейді. Ол өтелген болып саналады.

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру негізгі жаза ретінде де, қосымша жаза ретінде де шартты соттау түрінде белгіленбеді, бұл жағдай заңда қарастырылмаған.

Сотталған адам негізгі жазадан шартты түрде ерте босатылса, немесе жазаның жеңілірек түрімен жазасы ауыстырылса, рахымшылық негізінде босатылса, сот оны қосымша жазаны өтеуден толық немесе жарылай мерзімге босата алады немесе қосымша жазаны өтеуден босатпауы да мүмкін.

Сотталған адам жұмыс істейтін мекеме әкімшілігі сот үкімімен хабардар болғаннан кейін, үш күн ішінде сотталушыны тыйым салынған қызмет түрінен айырып немесе лауазымды орнынан босатып, сот үкімі орындалғаны туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлайды.

Сотталған адам қызмет ететін мекеменің әкімшілігі қылмыстық-атқару инспекциясына үкімнің орындалуына байланысты құжаттарды, сонымен бірге сотталушымен еңбек шарты өзгерген немесе тоқтағандығын растайтын құжаттарды жіберуге міндетті.

Сотталған адамның еңбек кітапшасына оның қандай лауазымда болу құқығынан қандай негізде, қанша мерзімге айырылғаны немесе қызметтің қай түрінен айырылғаны жазылады. Бұл жағдай, сотталушының бұл жұмыс орнынан басқа жұмысқа ауысуы кезінде де ескеріледі. Егер мекеме сотталған адамды белгілі бір қызметтен айырғанмен, ол мекемеде тыйым салынбаған басқа жұмыс орны болса, онда әкімшілік сотталған адамды сол жұмысқа ауыстыруға құқылы. Ал мекемеде тыйым салынбаған басқа жұмыс орны болмаса, онда әкімшілік сотталушыны жұмыстан шығаруы керек.

Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы туралы соттың талаптары, осындай қызметпен айналысуға құқық беретін арнайы органдар үшін де міндетті. Олар мұндай қызметпен айналысуға берген құжатын немесе рұқсатын қайтып алуы керек. Аталған органдар сот үкімінің көшірмесін немесе қылмыстық-атқару инспекциясының хабарламасын алғаннан кейін, 3 күн ішінде сотталушыдан қызметпен айналысуға берген рұқсатын қайтып алып, ол туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлауға міндетті.

Қылмыстық-атқару инспекциясының міндеттеріне, лауазыммен немесе қызметпен айналысу құқығынан айырудың орындалу барысын сотталушы жұмыс істейтін мекемеде тексеру, белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы еңбек кітапшасында көрсетудің бар екендігін тексеру, сондай-ақ сотталғандардың есебін жүргізу, олармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жатады. Қылмыстық-атқару инспекциясының инспекторлары, милиция қызметкерлерінің көмегімен, сотталған адамның үйіндегі жағдайды бақылауға құқылы. Егер сотталушы басқа жаққа көшіп кетсе, онда инспекция сотталған адамның жаңадан тұрып жатқан жерінің қылмыстық-атқару инспекциясына немесе сол жақтағы ішкі істер органдарына хабарлама жасайды. Сотталушының басқа жақта тұрып жатқаны расталғаннан кейін, инспекция оны есебінен шығарып, қажетті құжаттарды жаңадан тұрып жатқан жердегі қылмыстық инспекциясына жібереді.

Инспектор 6 айда кемінде бір рет, үкімнің талаптарынан шыққан құқықтық шектеулердің сақталуын бақылайды. Ол үшін сотталушының қай жерде, қандай қызмет істеп жатқанын анықтайды. Егер сотталушының жаза тәртібін бұзып, құқықтық шектеулерді сақтамай мемлекеттік немесе жеке меншіктегі кәсіпорындарда тыйым салынған қызметті, лауазымды атқарып жүргені анықталса, инспектор жұмыс беруші әкімшілікке оны басқа жұмысқа ауыстыруды, егер басқа жұмыс болмаса жұмыстан шығаруды сұрайды. Мұндай жағдайлар байқалған кезде, инспекция қызметкері сотталушы адамға, сотпен тыйым салынған жұмысты берген мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың лауазымды адамдарына сот үкімін орындамаудың салдарын ескертеді.

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталушылардың міндеттеріне, сот үкімінің талаптарын орындау, қылмыстық-атқару инспекциясының талап етуі бойынша жазаны атқаруға байланысты құжаттарды беру, жұмыс орнының өзгергені және жұмыстан шыққаны туралы инспекцияға хабарлау, сонымен бірге шақыру бойынша инспекцияға келу жатады.

Сот үкімінің талаптарын орындау ретінде, сот тыйым салған лауазымда немесе қызметте жұмыс істемеуді түсінеміз. Ал жазаны атқаруға байланысты құжаттарды беру ретінде, сотталушының белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылғандығы туралы жазба көрсетілген еңбек кітапшасын көрсетуі және тыйым салынғаннан басқа жұмысты істеп жүргендігі туралы жұмыс орнының анықтамасын тапсыру (справка) алынады.

Қылмыстық-атқару инспекциясының шақыруы бойынша сотталған адамның келмеуі, оны еріксіз түрде келтіру шарасына ұласуы мүмкін.

Егер сотталған адам сот үкімімен белгіленген шектеулерді сақтамаса немесе бұзса (мысалы, тыйым салынған қызметпен айналыса берсе), онда инспектор оған тыйым салынған қызметті дереу тоқтату туралы талап қояды, сонымен бірге сотталған адам жұмыс істейтін мекеме, кәсіпорынға 3 күннің ішінде оны жұмыстан босатуды немесе тыйым салынған қызметтен айыруды сұрайды. Мұндай кезде сол мекеме, кәсіпорынның тиісті лауазымды адамына сот үкімін, шешімін орындамаудың қылмыстық заңның 362-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соқтырғандығы хабарланады.

Жазаға тартылған адамның сот үкімі талабын сақтамауы, кейде әкімшілік жауапкершілікті тудырады. Мысалы, көлік құралдарын айдауға тыйым салынған адамның мұнан кейін де көлік құралдарын айдағаны үшін әкімшілік жауапкершілік туындайды.

§3. Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын атқару.

Қоғамдық жұмыстарға тарту – жаза жүйесіндегі жаңа жаза түрі болып табылады. Бұл жаза алғаш рет 1990 жылы БҰҰ-ның 8-ші конгресінде бас бостандығынан айыру жазасына балама жаза ретінде қабылданылды.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы сотталған адамдарға негізгі жаза ретінде тағайындалады. Бұл жаза сотталушының негізгі тұрғылықты жері бойынша, жергілікті атқару органдарымен белгіленген жұмыс объектілерінде негізгі жұмысынан немесе оқуынан бос уақыттарда қылмыстық-атқару инспекциясының бақылауымен атқарылады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы қылмыстық жазалардың ішінде мерзімі сағатпен анықталатын жаза болып табылады. Қоғамдық жұмыстарды орындау жазасы 60 сағаттан 240 сағатқа дейін, ал кәмелетке толмағандар үшін 40 сағаттан 160 сағатқа дейін тағайындалады. Әрине, кәмелетке толмағандарды бұл жазаға тартқанда, олардың күші жететін жасына сәйкес жұмыстарды орындау белгіленеді.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы сотталған адамның негізгі тұрғылықты мекені бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының жергілікті атқару органдарымен бірлесіп анықталған өндіріс орындарында өтіледі.

“Қоғамдық жұмыстар” деген атаудың өзінде жазаның тәрбиелік ролін көрсететін мағына жатыр, яғни “қоғамдық жұмыстар” ретінде, арнайы мамандықты қажет етпейтін, барлық адамдардың қолынан келетін (мысалы, үй-жайларды жөндеу, ағаш отырғызу, тазалық жүргізу, т.б.) жұмыстар ескеріледі. Мұндай жұмыстардың орындалуы – осы жазаның ең төменгі талабы болып табылады. Ал қажетті жағдайлар болғанда, сотталғандар өз мамандығы бойынша да жазаны өтей алады. Себебі

сотталған адамға жұмыс беруші мекеме, кәсіпорын атқарылатын жұмыстың түрін өздері анықтайды. Қоғамдық жұмыстарды орындау жазасында сотталған адамдарға еңбегі үшін ақы төленбейді. Бұл дұрыс. Себебі осы жазаны өтеп жүрген адамның негізгі жұмыс орнында атарлықтай оған қатысты өзгерістер болмайды. Ал қоғамдық жұмыстарды орындаудан түскен қаражат жергілікті бюджетке аударылады.

Бұл жаза да жазаны атқарушы органдардың сотталған адамның үстінен бақылау жүргізуі ретінде атқарылады. Жазаның атқарылу міндеті қылмыстық-атқару инспекциясына жүктелгенмен, жұмыс берген мекеме де сотталушының үстінен бақылау жүргізеді. Яғни, сотталушының үстінен күнделікті бақылауды жұмыс беруші мекеме, кәсіпорын жүргізеді.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы, сотталған адамның негізгі тұрғылықты жері бойынша орындалады.

Сотталушының “тұрғылықты жері” ретінде оның күнделікті тұратын, яғни ата-анасы немесе балалары тұратын отбасы мекені алынады. “Тұрғылықты жері” ретінде сотталушының жұмыс орнына күнделікті қатынайтын жері алынады. Бұл сотталған адам тұратын қала, аудан аумағы болып саналады. Демек, сотталған адам күнделікті автобуспен, т.б. көлікпен жұмыс орнына қатынап жүрген жерлер болуы керек.

Егер сотталған адамның тіркелген мекені (пропискасы) мен нақты тұратын жері дәл келмесе, немесе сотталушы тіркелген жерінде тұрмайтын болса, онда жаза нақты, шын тұратын жері бойынша өтеледі.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза – сотталушы адамның бос күндерінде, яғни, демалыс күндері мен негізгі жұмыстан, оқудан бос күндерінде 4 сағаттан, жұмыс немесе оқу күндері 2 сағаттан өтелуі керек. Сотталушының өзі жазаны тезірек өтеп бітіру мақсатында, ұзақ жұмыс істеуге өтініш білдірсе, ол уақыт күніне 4 сағаттан аспауы керек. Жаза өтеудің 1 апта ішіндегі жалпы уақыты 12 сағаттан кем болмауы тиіс. Сотталушы кешірімді себептермен жұмысқа келе алмаса немесе демалыс күндері жұмыс берген мекеме аумағына кіруге рұқсат етілмейтін болса, онда апталық жаза мерзімі 12 сағаттан кем бола алады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуші сотталғандар жаза өтеудің белгіленген тәртібі мен ережелерін сақтауға, еңбекке адал қарауға, белгіленген жұмыс объектілерінде еңбек етуге және сот белгілеген қоғамдық жұмыстардың мерзімін өтеуге, сонымен бірге, тұратын жерінің өзгергені туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлауға міндетті.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасына сотталғандар, тұратын жерін қылмыстық-атқару инспекциясының рұқсатынсыз өзгерте алады, тек мұндай

жағдайлар болғанда, сотталушы тұратын жерінің өзгергені туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлауы тиіс. Сотталған адамның тұратын қаласы, ауданы өзгерген жағдайда, бұрынғы қылмыстық-атқару инспекциясы оның құжаттары мен жеке ісін жаңа қылмыстық-атқару инспекциясына жібереді. Жаңа инспекция, қоғамдық жұмыстарға тартылған адамның жазаны өтеуін жалғастыруы мақсатында қоғамдық жұмыстармен қамтамасыз етеді.

Қоғамдық жұмыстарды өтеу жазасына тартылған адамдардың еңбекке адал қарауы ретінде сотталған адамның белгіленген жұмыс кестесін бұзбауы, жұмысқа уақытылы келіп-кетуі, еңбек тәртібі ережелерін сақтауы тәртізді еңбек туралы заңдармен және өздеріне арнайы белгіленген талаптарды сақтауы алынады.

Бұл жазаға тартылған адамға негізгі жұмыс орнында кезекті демалыс берілуі қоғамдық жұмыстардың орындалуын тоқтатпайды.

Қылмыстық-атқару инспекциясы бұл жазаны атқаруға байланысты мынадай әрекеттерді атқаруға тиісті. Олар сотталғандардың есебін жүргізеді, жазаны өтеушілерге жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін түсіндіреді, жергілікті атқарушы органдарымен немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қоғамдық жұмыстарды орындау объектілерін анықтайды. Сондай-ақ инспекция, сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылап, жазаны өтеуден бұлтартқан сотталғандарды ұстау туралы шешім қабылдайды және олардың атқарған жұмысы мен уақытының есебін жүргізіп, орындалған жұмыстардан түскен қаражаттың бюджетке түсуін бақылайды.

Сотталғандарға есеп жүргізу, сондай-ақ орындаған сағаттар мен қаражаттың аударылуын бақылау жұмыстары, осы тектес жазалармен, мысалы, түзеу жұмыстарымен ұқсас орындалады.

Сотталғандарға есеп жүргізу мақсатында инспекторлар сотталған адамның жеке ісін ашады, жазаны өтеушілердің есеп журналына оны қосады және есеп карточкасын толтырады.

Қылмыстық-атқару инспекциясы сотталушыны жаза өтеуге жібергеннен кейін, оның жаза өтеу барысын бақылайды және тұратын жеріне де бақылау жүргізеді. Олар бұл жұмыстарды атқару үшін, басқа да адамдарды (мысалы, учаскелік милиционер) тартуға құқылы.

Қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берген мекеме, кәсіпорын әкімшілігі сотталғандардың белгіленген жұмыстарды орындауын бақылауға қылмыстық-атқару инспекциясына орындалған сағаттар мен сотталғандардың жазаны өтеуден жалтаруы туралы мәліметтер хабарлауға міндетті. Мұнан басқа жұмыс беруші әкімшілік, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталғандардың еңбегінен түскен

қаражаттарды тиісті бюджетке ай сайын аударып отыруы тиіс. Олар сотталғандардың еңбегінің құнын өздері жұмысшыларға белгілеген бағада есептейді.

Жұмыс беруші мекеме әкімшілігі, егер сотталған адам жұмыс орнында болғанымен, бірақ белгіленген жұмысты орындамаса, онда ол уақыттарды жаза мерзіміне енгізбеуі керек. Мұндай жағдайлар жаза өтеудің белгіленген тәртібі мен жағдайларын бұзғандық болып саналады.

Сотталушының еңбек тәртібін бұзуы, яғни жұмысқа кешірімді себептерсіз келмей қалуы, жұмысқа ішімдік немесе наркотикалық заттарды қолданып мас күйінде келуі, жұмысты өз бетінше тоқтатып кетіп қалуы, қасақана техникалық қауіпсіздік немесе тазалық шараларын бұзуы, жұмыс кезінде қоғамдық тәртіпті бұзуы және еңбек міндеттерін орындау кезінде мекеме, кәсіпорынға материалдық зиян келтіруі қоғамдық жұмыстарды өтеуден бұлтарғандық болып есептеледі.

Қылмыстық-атқару заңы қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтарудың белгілерін анықтайды. Оның қатарына сотталушының қоғамдық жұмыстарды орындауға кешірімді себептерсіз бір айдың ішінде екі реттен астам келмеуі, еңбек тәртібін бір айдың ішінде екі реттен артық бұзуы, жазаны өтеуден бұлтару мақсатымен жасырынуы жатады.

Егер сотталушы инспекцияға басқа жаққа барып келуге тура келгенін хабарласа немесе кешірімді себептермен жұмысқа бірнеше күн келе алмаса, онда жазаны өтеуден жалтарғандық болмайды. Жазаны өтеуден жалтарды деп тану үшін сотталушы жазаны әрі қарай, яғни аяғына дейін өтеуден бас тартқан немесе осы мақсатпен басқа жаққа кетіп қалған болуы керек.

Сотталушы еңбек тәртібін бұзғанда, жұмыс беруші ұйым ол туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлайды.

Сотталған адам жаза өтеудің тәртібін кәнігі бұзғанда жаза қамауға алумен немесе бас бостандығын шектеу жазасымен ауыстырылады. Мұндай жағдайда сотталушының осы жазаны өтеген уақыттары ескеріледі. Ал қалған уақыттары, бас бостандығын шектеудің немесе қамауға алудың бір күні 4 сағат қоғамдық жұмыспен теңестіріледі.

Қоғамдық жұмыстарды орындау жазасының мұндай ауырырақ жазалармен ауысуы, қылмыстық-атқару инспекциясының сотқа қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы ұсынысы негізінде жүргізіледі.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы әскери қызметшілерге, 55 жастан асқан әйелдерге және 60 жастан асқан ерлерге, жүкті әйелдерге, 8 жасқа толмаған баласы бар

әйелдерге, I және II топтағы мүгедектерге тағайындалмайды. Сотталушы кенеттен ауыр науқасқа шалдықса, жазаның орындалу уақыты кейінге қалдырылады.

Жаза өтеліп біткеннен кейін, жұмыс беруші мекеме әкімшілігі қылмыстық-атқару инспекциясына бұл туралы хабарлап, сотталушыны жұмыстан шығарады.

§4. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару

Түзеу жұмыстары жазасы негізгі жаза ретінде, сотталушының негізгі жұмыс орны бойынша 2 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Сотталушының табысынан сот белгілеген көлемде мемлекет қорына 5 пайыздан 20 пайызға дейін ұсталым жүргізіледі. Бұл жаза қылмыстық-атқару инспекциясының бақылауымен және сотталушы жұмыс істейтін мекеме әкімшілігімен атқарылады.

Сотталушының негізгі жұмыс орны ретінде, еңбек кітапшасы өткізілген мекеме, кәсіпорын алынады. Сотталушының басқа жерлердегі қосымша жұмыстарына бұл жазаның күші қолданылмайды және ол жақтағы табысынан ұсталым жүргізілмейді.

Түзеу жұмыстары түріндегі жаза 16 жастан бастап тағайындалады. 16 мен 18 жастың аралығындағы кәмелетке толмағандарға, бұл жаза бір жылға дейінгі мерзімге тағайындала алады.

Түзеу жұмыстары жазасына мүлікті тәркілеу жазасынан басқа, кез келген қосымша жаза тағайындалуы мүмкін.

Сотталушыны түзеу жұмыстарына тарту туралы сот үкімінің көшірмесі қылмыстық-атқару инспекциясына келіп түскеннен кейін, жаза 15 күннің ішінде басталуы тиіс. Бұл уақыттың ішінде қылмыстық-атқару инспекциясы сотталушыны есепке алып, оның жаза өтеуі туралы ісін жүргізеді және сотталған адам жұмыс жасайтын орынға хабарлама (үкім көшірмесін жіберуі) жасайды. Сонымен қатар, осы уақыт ішінде сотталушы да қылмыстық-атқару инспекциясына келіп, жаза өтеудің тәртібі мен жағдайларынан хабардар болуы керек.

Сотталушының негізгі жұмыс орны болмаса, бұл жаза тағайындалмайды және қылмыстық-атқару инспекциясының міндетіне сотталушыны жұмысқа орналастыруы кірмейді.

Түзеу жұмыстары жазасы тек мемлекеттік мекеме, кәсіпорындарда жұмыс істейтін адамдарға ғана емес, сонымен бірге коммерциялық мекеме, кәсіпорындарда жұмыс істейтін адамдарға да тағайындала алады.

Бұл жаза еңбекке қабілетсіз деп танылған адамдарға, тұрақты жұмысы жоқ адамдарға, оқу орындарында оқитындарға, сонымен қатар әскери қызметшілерге

(өйткені бұл жаза сотталған адамның тұрақты жұмыс істеуін талап етеді), сот үкімі шыққан кезде 16 жасқа толмағандарға тағайындалмайды.

Түзеу жұмыстары да қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тәрізді, қылмыстық-атқару инспекциясының сотталушы адамның жұмысындағы әкімшілік арқылы жазаның орындалу тәртібін бақылау түрінде іске асырылады. Сондықтан инспекция сотталушының негізгі жұмыс орнының әкімшілігімен, оның ұжымымен үнемі байланыста болуы керек.

Қылмыстық-атқару инспекцияларына сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізу де жүктелген. Қылмыстық-атқару инспекциясы сотталғандардың жеке мінез-құлық ерекшеліктерін, жасаған қылмысының түрін, қоғамға қауіптілік дәрежесін, т.б. елеулі жағдайларын ескеруі керек. Инспекция сотталғанмен тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу мақсатында, оған ол жұмыс істейтін мекеменің әкімшілігін, ұжымын тарта алады.

Түзеу жұмыстарын атқаруға байланысты орындалуға жататын жұмыстар қылмыстық-атқару инспекциясының міндеттеріне жатады. Сондықтан қылмыстық-атқару инспекциясы жоғарыда айтылғандардан басқа, сотталғандардың мінез-құлқын бақылайды, қажет болған жағдайда оларды жұмыспен қамту орталықтарына жібереді, шақыру бойынша немесе тіркелуге келмеген сотталғандарға еріксіз келтіру шараларын қолданады, жазаны өтеуден бұлтартқан сотталғандарды іздестіру шараларын жүргізуге хабарлама береді, тұратын жері белгісіз сотталушылар туралы материалдар әзірлеп, тиісті органдарға береді, сондай-ақ жазаны өтеу кезінде сотталғанның қалауы бойынша жұмыстан шығып басқа жұмысқа ауысуына рұқсат береді.

Түзеу жұмыстарына тартылған сотталған, жұмыстан қылмыстық-атқару инспекциясының жазбаша берген рұқсатынан кейін ғана шыға алады. Жұмыс беруші мекеме, кәсіпорын қылмыстық-атқару инспекциясының рұқсатынсыз сотталғандығы жұмыстан шығарып жібере алады. Тек мұндай жағдайда мекеме бұл туралы инспекцияға өзі хабарлауы керек.

Сотталған жұмыс орнының өзгергенін он күн ішінде инспекцияға хабарлауға міндетті.

Түзеу жұмыстарына сотталған адамдар заңда қарастырылған талаптарды сақтауға міндетті. Бұл міндеттерді жаза өтеудің бастапқы кезеңінде-ақ қылмыстық-атқару инспекциясы оған ескертеді. Түзеу жұмыстарына сотталғандар жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен ережелерін сақтауға, еңбекке адал қарауға, өздеріне қылмыстық-атқару инспекциясы жүктеген міндеттерді орындауға және оның шақыруы бойынша айына екі рет келіп тіркелуге міндетті. Бұл жазаға тартылған адамдар жұмыс орнынан жылдық демалысын ала алады, сонымен бірге мерзімі он күнге дейін

қосымша демалыстар алуға құқылы. Бірақ бұл демалыстарды сотталған қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен ғана алады. Демалыстың басқа түрлерін жалпы негізде алады.

Түзеу жұмыстары да басқа жазалар тәрізді толық өтелусіз тоқтатылмайды. Сотталғанға сот тағайындаған мерзім, қылмыстық атқару инспекциясының назарында болады. Сотталған жұмыс істеген күндерінің саны соттың жаза мерзімін белгілеген әрбір айындағы жұмыс күндерінің санынан кем болмауы тиіс. Егер жаза мерзімі бітпей тұрып сотталушы жұмысқа келмей қалса немесе кешірімсіз әрекеттермен яғни ішімдік, нашақорлық салдарынан жұмысқа шықпаса, онда мұндай күндер жаза уақытына есептелмейді. Осы ереже, егер сотталған жаза мерзімі кезінде тәртіп бұзып, әкімшілік жазаға тартылса, сондай-ақ басқа іс бойынша тыйым салу шарасы ретінде қамауда болса, сақталады. Бұл уақыттар жазаның мерзімі ретінде орындалуға жатады.

Сотталғанның дәлелді себептермен жұмысқа келе алмаған күндері немесе оның ресми түрде жұмыссыз деп танылған уақыттары жаза мерзіміне есептеледі.

Сотталған қатарынан ң ай бойы ауырса, сот қылмыстық-атқару инспекциясының ұсынысымен оны жаза өтеуден босатады.

Егер әйел жаза мерзімі кезінде жүкті болып, демалыс алса, онда қылмыстық – атқару инспекциясының ұсынысымен жазаны өтеу мерзімі кейінге қаолдырылады немесе кейін жазаның талап мерзімі өтуіне байланысты жазадан босатылады.

Түзеу жұмыстары жазасының мерзімі, сот үкімі туралы хабарламаны сотталған жұмыс істейтін мекеме алған кезде басталады.

Түзеу жұмыстары жазасы адамды материалдық тұрғыдан жазалаудың бір түрі болып табылады. Сондықтан жазаның негізгі көрінісі, оның айлық табысынан сот белгілеген мөлшерде ақшалай алым алумен көрінеді. Бұл жаза сотталғанның жұмыс істеп жүрген уақыттарында ғана есептеледі деп айтуға болады. Егер сотталғанның материалдық жағдайы нашарласа, яғни жұмыстан шығып қалса, үйінде өрт болса, мүлкі ұрланса, осы тәрізді т.б. жағдайларда оның табысынан ұсталым азайтылады немес жазаны өтеуге әрі қарай материалдық жағдайының қабілетсіздігі байқалғанда, жазадан босатылуы мүмкін. Мысалы, жұмыссыз болуы. Сотталғанның материалдық ауыр жағдайына байланысты жеңілдіктер, сотталған адамның өз өтініші, жұмыс істейтін мекеме, кәсіпорын әкімшілігінің немесе қылмыстық – атқару инспекциясының сотқа жасаған өтініші нәтижесінде беріледі. Әрине, жеңілдіктер беру алдында инспекция, мекеме әкімшілігі арқылы оның жұмысының барлық табысын (жәрдемақы, материалдық көмек ақшасы, коммерциялық табысы, т.б.) есептейді. Жеңілдік, осы табыстар оның жағдайын көтеруге аздық ететін жағдайда жасалады.

Сотталған адамнан ұсталым, тек негізгі табысынан жүгізіледі. Ал жәрдемақылардың, зейнетақылардан, сый ақшалардан, үстеме түрде жасалған еңбегі үшін берілген ақыдан, өтемақылардан, басқа жерлердегі қосымша табыстарынан жазаның орындалуы үшін ақша ұсталмайды.

Істің қысқартылуына байланысты сот үкімінің күші жойылғанда немесе ол өзгерген жағдайда, сотталғанның жалақысынан ұсталған ақшалар лған толығымен қайтарылады.

Жаза өтеу кезінде сотталғанның мінез-құлқы өзгеруіне қарай көтермелеу немесе жазалау шаралары қолданылады. Сотталған жаза мерзімі кезеңінде жұмыс істейтін мекеме мен қылмыстық-атқару инспекциясының бақылауында болғандықтан, оған көтермелеу және жазалау шаралары да екі тараптан, яғни мекеме әкімшілігі және қылмыстық – атқару инспекциясы тарапынан жүргізіледі. Соттлаушының жақсы немесе жаман жағынан көзге түсуін, жұмыс орны әкімшілігі қылмыстық – атқару инспекциясына хабарлап отырады.

Мекеме әкімшілігі сотталғанның бойынан жақсы мінез – құлықтарды немесе еңбек заңдарында қарастырылған, адамды көтермелеу шараларын қолдануға болатын жайттар байқағанда, оған осы шараларды қолданып, инспекцияға хабарлайды. Сотталғанның жақсы жақтармен көзге түсуі жазадағы құқықтық шектеулерді азайтуға негіз болады.

Түзеу жұмыстарына сотталған адамның түзелуі қылмыстық – атқару инспекциясының жазадан шартты түрде ерте босату туралы сотқа хабарлама жасауымен ерекшеленеді.

Қылмыстық-атқару заңы түзеу жұмыстарына сотталған адамның қоғамға және жаза тәртібі мен жағдайларына қарсы мінез құлқын екі кезеңге бөліп қарастырады. Біріншісі, яғни алғашқы кезеңге сотталғанға жаза өтеудің тәртібі мен жағдайларын бұзуы жатады. Егер сотталған адам жазаны өтеу кезінде ескертілген міндеттер мен талаптарды орындамаса немесе бұзса, онда жаза өтеудің тәртібін бұзған болып саналады.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін бұзудың белгілеріне сотталғанның жазбаша ескертуден кейін дәлелді себептерсіз қылмыстық – атқару инспекциясына келмеуі, жұмысқа шықпауы немесе мас күйінде, нашақорлық не уытқұмарлық масаң күйде келуі жатады.

Жаза өтеудің тәртібі мен ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық-атқару инспекциясы сотталушыға түзеу жұмыстарын жазаның басқа қатал түрімен ауыстыруға ұсыныс берілу мүмкіндігі туралы жазбаша ескерту жасай алады.

Екінші кезеңде, яғни сотталған жазаның белгіленген тәртібі мен ережелерін сақтаудан қасақана жалтарғанда, қылмыстық-атқару инспекциясы сотқа түзеу жұмыстарын жазаның басқа қатал түрімен ауыстыру туралы ұсыныс жасайды. Бұл жазалар қамауға алу, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру бола алады. Жазаны өтеуден кәнігі жалтарғандық үшін, сот жазаның тек қалған бөлігін жоғарыда аталған жазалармен ауыстырады. Жаза ауыстырылғанда, түзеу жұмысының бір күні бас бостандығын шектеудің бір күнімен, қамауға алудың бір күні түзеу жұмыстарының екі күнімен, бас бостандығынан айырудың бір күні түзеу жұмыстарының үш күнімен теңестіріліп ауыстырылады.

Заң – түзеу жұмыстары жазасынан қасақана жалтарудың белгілерін келтіреді. Қасақана жалтару ретінде, жазаны өтеудің тәртібі мен ережелеріне жататын құқықтық шектеулер мен міндеттерді қылмыстық-атқару инспекциясының жазбаша ескертуінен кейін қайталай бұзуы, тұратын жерінен жасырынуы және жүрген жері белгісіз болған уақыттары алынады.

§5. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны атқару

Бас бостандығын шектеу жазасы сотталған адамды қоғамнан аластамай, арнаулы мекемелерде ұстау арқылы, 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Бас бостандығын шектеу – қылмыстық жазалардың ішіндегі негізгі жазалардың бірі болып табылады.

Бұл жазаны атқару қатынасына түсуші субъектілер түзеу орталықтары, сонымен бірге сотталған адамдарға жұмыс беруші мекеме, кәсіпорындар және осы жазаны өтеуші сотталған адамдар болып саналады.

Жаза атқарылу тәсілі бойынша, түзеу орталығының сотталған адамға үнемі бақылау жасауымен анықталады.

Қылмыстық жаза сотталған адамның қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесіне және сотталған адамның қоғамға қауіптілігіне қарай тағайындалатындықтан бұл жазаны өтеуші адамдарды маңызы ауыр емес дәрежедегі қылмыстарды жасағандармен бас бостандығынан айыру орындарынан жақсы мінез-құлық қалыптасуына және қоғамдық жұмыстар, түзеу жұмыстарын өтеуден қасақана жалтаруына байланысты ауыстырылғандар құрайды.

Бас бостандығын шектеу жазасы сотталған адамның тұрғылықты облысы бойынша өтелуге жатады. Әдетте, бұл жазаны өтеушілерге арналған арнайы жатақханалар өндірістік, қалалы жерлерде болады. Себебі, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілер айдауылсыз жүреді.

Бас бостандығын шектеу жазасын атқаратын мекемелер, бірнеше түрлерге бөлінеді: сот үкімімен тікелей осы жаза тағайындалған сотталған адамдарға арналған мекемелер; бас бостандығынан айыру орындарындағы жақсы мінез құлқына байланысты жеңілдік жасау шарасы ретінде ауыстырылғандарға арналған мекемелер; қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын өтеуден кәнігі бұлтарғандарға арналған мекемелер; әйелдерге арналған бас бостандығын шектеу орындары.

Бұл жаза 18 жасқа толған адамдарға ғана тағайындалады. Егер сотталғанның тұратын қаласында немесе облысында бас бостандығын шектеу жазасын өтейтін арнайы мекеме болмаса, онда ол адам басқа облыстардағы бас бостандығын шектеу мекемелеріне жіберіледі.

Бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандар және бас бостандығын шектеуге өзге жазалардан ауыстырылғандар, жаза өтеу орнына айдауылсыз, мемлекеттің есебінен өздері барады. Сот үкіметінің негізінде ішкі істер органдарынан жолдама қағаз (пәрмен) алғаннан кейін, сотталаған үш күн ішінде жаза өтеу орнына жүріп кетуі керек. Жолдама қағазда жазаны өтеу орнына жету уақыты көрсетіледі және сотталған осы мерзім ішінде сол орынға жету керек. Жолдама қағазды сотталған адамға беру кезінде, оған жазаны өтеуден бұлтарған яғни тиісті орынға барудан бас тартқан жағдайда туындайтын жауапкершілік түрі ескертіледі.

Жазаны өтеу орнына жүріп кетуге берілген үш күннің ішіне мейрам және демалыс күндері енбейді.

Сотталған адам дазаны өтеуден бас тартып, жолдаманы алмаса жіне тиісті уақытында жүріп кетпесе ішкі істер органдары оны прокурордың санкциясымен ұстап, 15 күнге қамауға алады. Бұл 15 күн ішінде сотталғанның неліктен жаза өтеу орнына уақытында шықпағаны немесе жазадан бұлтару себептері анықталады.

Сотталушының жаза өтеу орнына кетпеген себептері кешірімсіз себептер болғанда ол бас бостандығын шектеу жазасын атқарушы мекемеге бас бостандығына айыруға сотталған адамдарға белгіленген тәртіппен яғни айдаумен апарылады.

Бас бостандығынан айыру жазасы бас бостандығын шектеу жазасымен ауыстырылғанда, түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталған адамға жолдама қағаз беріп, сотталған жол көлігіне байланысты көмектер көрсетеді. Түзеу мекемесінен бас бостандығын шектеу жазасын атқаратын мекемеге сотталған мемлекеттің есебінен өзі барады. Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанның жолда жүру уақытын есепке алмай бес тәулікке демалыс, яғни үйде болуға рұқсат бере алады.

Сотталған адамның түзеу орталығына өз еркімен баруына сенімсіздік туғанда және түзеу мекемесі мен түзеу орталығының арасы қашық немесе ол аралықта жол жүру қиын болғанда, түзеу орталығына айдаумен апарылады.

Сотталушы жолдама қағазды алғанымен, бірақ түзеу орталығына бармаса, онда іздестіруге шаралары жүргізіледі. Іздестіруді түзеу орталығы да, ішкі істер органдары да бере алады.

Сотталғанның түзеу орталығына кешігіп келу себебі кешірімді болғанда, (мысалы, көліктің бұзылуы, жолда сотталғанның ауыруы т.б.) жауапкершілік немесе жазалау шаралары жүргізілмейді.

Жазаны өтеуден бұлтартушы сотталған адам ұсталған соң, түзеу орталығына бас бостандығынан айыру жазасына адамдарға белгіленген тәптіппен апарылады немесе бас бостандығын шектеу жазасын, басқа қаталдау жазамен ауыстыру үшін материалдар жиналып, сотқа беріледі. Бұл материалдар сотталғанның ұсталған жеріндегі сотқа берілуі керек. Сот бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру мен ауыстырғанда, жазаның қалған бөлігін бас бостандығын шектеудің бір күнін бас бостандығынан айырудың бір күнімен теңестіріп ауыстырады.

Бас бостандығын шектеу жазасының өтелу мерзімі сотталған адамның түзеу орталығына келген кезінен, яғни түзеу орталығының оны есепке алған кезінен басталады.

Бас бостандығын шектеу жазасы түзеу орталығында өтеледі. Түзеу орталығының жерін және сотталғандардың жүріп тұратын аумағын, ішкі істер бөлімінің ұсынысымен жергілікті басқару органдары белгілейді. Бұл жер аумағына, әдетте, түзеу орталығы мекемесімен оның ауласы енеді. Түзеу орталығында Бас прокурордың келісімімен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекіткен «ішкі тәртіп ережесі» қолданылады.

Бас бостандығын шектеу жазасына тартылғандар, үнемі түзеу орталығы әкімшілігінің бақылауында болады, ол бақылау олардың тұратын жатақханасына, жұмыс істейтін жеріне және жұмыстан бос барлық уақыттарына жүргізіледі. Түзеу орталығы әкімшілігінің жұмыс беруші мекемеге жасаған ұсынысы негізінде, жұмыс беруші мекеме әкімшілігі сотталғанның жұмыс орнында бақылау жүргізеді. Бұл жазаға сотталғандарды бақылау тәртібін ҚР Әділет министрлігі белгілейді.

Бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандар, ҚР азаматтарына берілген барлық құқықтарды қылмыстық-атқару заңында көрсетілген ішінара шектеулермен пайдаланылады.

Заң - бас бостандығын шектеуге сотталғандардың міндеттерін анықтаған. Бас бостандығын шектеуге сотталғандар түзеу орталығындағы ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, түзеу орталығы әкімшілігі жіберген жерлерде жұмыс істеуге, үнемі түзеу орталығының ішінде болуға, әкімшіліктің рұқсатынсыз оның аумағынан шықпауға, өздері үшін арнайы ұйымдастырылған жатақханаларда тұруға және түнгі уақытта түзеу орталығы әкімшілігінің рұқсатынсыз сыртқа кетпеуге міндетті. Сонымен бірге, олар үйлерді жөндеу және түзеу орталығының аумағын көркейту жұмыстарына кезекпен, яғни жұмыстан бос кезде аптасына ұзақтығы екі сағаттан аспайтын уақытта, еңбегіне ақы алмай істеуге міндетті. Сотталғандар жеке басын куәләндыратын құжат алып жүруге, қажет болғанда, тиісті лауазымды адамдардың талабы бойынша көрсетуге міндетті.

Бас бостандығын шектеу жазасын өтеуші адамдарға ішкі тәртіп ережесінде және қылмыстық-атқару заңында тыйым салынған заттарды ұстауға, сақтауға, пайдалануға болмайды. Олардың заттары тексеріледі, ал өздері тінтуге алынады.

Жеке отбасы бар сотталғандар түзеу орталығы әкімшілігінің рұқсатымен жалға алынған үйлерде отбасмен бірге тұра алады, бірақ айына төрт рет түзеу орталығына келіп тіркелуі міндетті.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші сотталғандарға жаза өтеу облысы жеріндегі орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу орнындарында сырттай оқуға рұқсат етіледі.

Сотталғандар әртүрлі меншік түріне қарайтын ұйымдардағы жұмыстарға тартылады. Сотталған адамның еңбек жағдайы еңбек туралы заңдармен реттеледі. Бұл қатынастардың құрамына оны жұмысқа қабылдау, шығару және басқа жұмысқа ауыстыру жағдайлары енбейді. Бұл мәселелер қылмыстық-атқару заңымен байланыстырылған. Сотталғандарды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру, түзеу орталығының келісімімен, сотталған адамның пікірін ескере отырып, жүзеге асырылады.

Сотталған адамды басқа жердегі жұмысқа ауыстырғанда, одан түзеу орталығының сотталған деген бақылауы үзілмеуі керек. Басқа жердегі жұмысқа жіберілгенмен, ол кешкі уақыттарда тұратын жатақханасына қайтып орала алатындай болуы керек.

Сотталғандар тұрмыстық-материалдық және дәрігерлік тұрғыдан қамтамасыз етіледі. Тұрмыстық – материалдық тұрғыдағы қажеттіліктерге жатақхана, жеке төсек – орын, тумбочка енеді. Әрбір сотталған адамға 4 шаршы метр алаң тиесілі.

Бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандар арнайы үлгідегі киімдер кимейді. Олар киім, аяқ киімдерді өз қаражатына сатып алады. Бірақ түзеу орталығының әкімшілігі қажетті жағдайларда киім, тамақ жағынан көмектесуге міндетті. Бұл жазаны өтеушілер, тамақты әдетте өз қаражатына алады. Сотталғандар ақша алып жүруге, оны жұмсауға құқылы.

Түзеу орталығының әкімшілігі түзеу орталығы жеріндегі санитарлық-гигиеналық тазалықтардың сақталуына жауапты тұлға болып табылады. Түзеу орталығы жаза өтеушілерге дәрігерлік көмек көрсету үшін медициналық мекемелер мен келісім жасайды немесе өздерінде арнайы ұйымдастырады.

Бас бостандығын шектеу жазасын өтеушілермен түзеу орталығының әкімшілігі тәрбиелік жұмыстар жүргізеді. Тәрбиелік жұмыстар ретінде, сотталғандар да адамгершілік, моральдық тұрғыдан жақсы мінез қалыптастыруды көздейтін жұмыстар алынады. Тәрбиелік жұмыстарды жүргізу мақсатында сотталғандардың бос уақыттарында жиналыстар, белгілі бір тақырыптарды талқылау жұмыстары жүргізіледі және жазаның мақсатына жету үшін, сотталғандарды тәрбиелік жұмыстар кешенді түрде қолданылады.

Жазаның белгіленген тәртібі мен ережесін сақтауға еңбек қатынасынан туындайтын міндеттерді бұзбауға үгіттеу-тәрбилік жұмыстардың қосымш түрі болып табылады. Тәрбиелік жұмыстарға белсенді қатқандар, өзінің қоғамға қажетті екендігін байқата білген адамдар түзелуге бет бұрған адамдар есебіне жатқызылады.

Тәрбиелік жұмыстардың нәтижесінде сотталған адам жазадан шартты түрде ерте босатылуы мүмкін.

Бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандарға, жақсы мінез құлқы мен еңбекке адал қарағаны үшін, мынандай көтермелеу шаралары қолданылады:

- Алғыс жариялау;
- Бұрын қолданылған жазалау шарасымен мерзімінен бұрын алу;
- Демалыс немесе мереке күндері түзеу орталығынан тысқары жерлерге шығуға рұқсат беру;
- Демалыс уақытында тысқары жерлерге шығуға немесе үйіне барып қайтуға рұқсат беру;
- Ақшалай сыйақы беру;
- Шартты түрде мерзімінен бұрын босату.

Сотталған адам еңбек тәртібін, жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен ережелерін бұрын жазбаша түрде ескерту ала отырып бұзса, оған жазалау шаралары қолданылады.

Қылмыстық-атқару заңы бұл жазаны өтеушілердің жаза тәртібін бұзуын және оған қолданылатын шараларды екі деңгейде қарастырады.

Бірінші деңгейге, сотталғанның еңбек тәртібін, қоғамдық тәртіпті және жазаның белгіленген ережелерін кемінде үш рет бұзуы әрбір келесі жасалған тәртіп бұзушылық алдыңғысына жаза қолданылғанынан кейін жасалса, жаза өтеудің тәртібі мен ережелері бұзылған болып табылады. Мұндай тәртіп бұзушылықтар үшін, түзеу мекемесінің бастығы сөгіс, бір айға дейін жұмыстан бос уақыттарында жатақханадан сыртқа шығуға тыйым салу, ішкі тәртіп ережесіне сәйкес 15 тәулікке дейінгі мерзімге тәртіптік оқшаулау орнына ауыстыру қоладанылады.

Көтермелеу және жазалау шараларын жазбаша түрде түзеу орталығының бастығы немесе оның орнына ауыстырушы адам тағайындауға құқылы және өзі ғана жазалау шарасын уақытынан бұрын ерте алып тастай алады. Отряд бастықтары тек алғыс жариялауға құқылы. Жазалау шаралары жарияланғаннан кейін 10 тәуліктен кешіктірілмей орындалу керек. Әдетте, жазалау шарасы тағайындалғаннан кейін ол бірден орындауға жатады. Егер тәртіп бұзушылыққа байланысты тексеру жүргізілсе онда сол тәртіп бұзушылық болған күннен бір ай кешіктірілмей жазалау шарасы орындала бастауы керек.

Сотталған адамға жазалау шарасы қолданған уақыттар жаза мерзіміне енеді.

Екінші деңгейдегі жазалау шарасы-бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстыру болып табылады. Бұл жазалау шарасы, сотталушы жаза өтеуден қасақана жалтарғанда қолданылады. Ондай негізде ауыстырылғанда, сотталған адам бас бостандығынан айырудың жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырылады.

Заң, бас бостандығын шектеу жазасын өтеуден қасақана жалтару ретінде, сотталушының дәлелді себептерсіз өз бетінше түзеу орталығының аумағына шығып кетуін, жаза өтеу орнына оралмауын немесе мерзімде орындамауын, сондай-ақ жұмыс орнынан немесе тұрып жатқан жерінен кетіп қалуын келтіреді.

Жаза өтеуші адам жұмыс орнын немесе түзеу орталығын тастап кеткен күннен бастап, 15 күн өткенде іздестіру жарияланады. Жазаны өтеуден қасақана жалтарушы сотталған адамды, прокурордың санкциясымен ішкі істер органдары оны жазаны өтеуден жалтару себептерін анықтау үшін 15 тәулікке дейін ұстай алады.

Қылмыстық-атқару заңы түзеу орталығы әкімшілігінің және жұмыс беруші мекеме әкімшілігінің құқықтары мен міндеттерін қарастырған.

Түзеу орталығы әкімшілігінің міндеттеріне, осы жазаны өтеумен атқаруға байланысты заңды қарастырылған қызметтер, жазаны атқаруды дұрыс ұйымдастыру мәселелері жатады. Дәлірек айтқанда, ол міндеттерге сотталғандардың есебін жүргізу, жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін түсіндіру, сотталғандардың еңбекке және

тұрмыста орналасуын ұйымдастыру, жаза өтеудің тәртібі мен ережелері сақталуын қамтамасыз ету, сотталғандарды қадағалау, тәртіп бұзушылықтың алдын алу, сотталғандар мен тәрбие жұмыстарын жүргізу, оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану, сотталғандарды босатуға әзірлік жұмыстарын жүргізу жатады.

Бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандарға жұмыс беруші ұйымдар әкімшілігінің міндеттеріне, түзеу орталығымен бастапқы келісімінде міндетіне алған барлық уәделер жатады.

Жұмыс беруші мекеме, ұйым әкімшілігі сотталушыға мүмкіндігінше өз мамандығына байланысты жұмыс беруге тырысуы керек. Сотталған адам білмейтін немесе оның өмірі мен денсаулығына қауіпті жұмыстарды беруге әкімшіліктің құқы жоқ. Жаза өтеуші адамға мамандығы бойынша мекеме жұмыс бере алмаған жағдайда арнаулы мамандық қажет етпейтін немесе көпшілікке тән жұмыстар беруі тиіс. Жұмыс беруші ұйым, мекеме сотталғандарды арнаулы мамандыққа даярлай алады және түзеу орталығы әкімшілігімен бірлесе отырып, өтеушілерге қажетті тұрғын-үй, тұрмыстық жағдайлар жасауға қатысады.

Жұмыс беруші мекемелер бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандарды түзеу орталығының келісімінсіз жұмыстан шығарып жібере алмайды. Жұмыс берген мекемелер сотталғандарды жаза мерзімі біткеннен кейін немесе жаза түрі өзгергенде ғана жұмыстан шығарады.

§ 6. Қосымша жазаларды атқару.

Арнаулы әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру жазасын атқару.

Арнаулы әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру жазасы, тек ауыр немесе аса ауыр қылмыстар бойынша тағайындалады.

Бұл жаза қосымша жаза ретінде тағайындалады және қылмыстық заң нормаларының санкцияларында көрсетілмейді. Аталған жазаны тағайындағанда, қылмыстың ауыр немесе аса ауыр санатқа сай келуінен ғана емес, негізінен осы атақты алып жүру, иелену шектен шыққандық, ол адамға мұндай атақты қалдыруға болмайды деген тұжырым сотта пайда болғанда ғана тағайындалады. Демек, бұл жазаны тағайындау үшін сотталушы жасаған қылмыстың түрі, ниеті, қылмыс жасау жағдайлары ауырлататын жағдайға жатуы керек.

Арнаулы атақтар, сыныптық шендер, дипломатиялық дәрежелер, біліктілік сыныптар мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін және осындай атақтар, шендер

берілетін мемлекеттік қызметшілерде болады. Бұл атақтар мемлекеттік органдарда жоғарғы қызмет жасауды немесе ерекше өкілеттілікті білдіреді.

Әскери атақтар «Әскери қызмет пен әскери міндеттіліктер туралы» заңда көрсетілген атақтар бола алады. Бұл жазадағы әскери атақтардың ең жоғарғы түрлері де жатады.

Құрметті атақтар еңбек көрсеткіштеріне, жетістіктеріне, еңбегі сіңуіне байланысты беріледі. Құрметті атақтар әр саладағы қызметтер бойынша беріледі. Мысалы, еңбегі сіңген заңгер, халық артисі, т.б.

Мемлекеттік наградалар қоғамның әр саласындағы қызметшілерге ерліктері үшін мемлекеттің ең жоғарғы марапаттауы ретінде беріледі. Бұл наградалардың түрлері «Мемлекеттік наградалар туралы» ережеде келтірілген.

Мемлекеттік наградаларға құрметті атақтар да жатады. Негізінен мемлекеттік наградалар ордендер, медальдар түрінде беріледі.

Жоғарыда аталған атақтарды, дәрежелерді Қазақстан Республикасының Президенті және мемлекеттің белгілі бір сала бойынша ең жоғарғы органдары береді. Мысалы, қорғаныс министрлігі, денсаулық сақтау министрлігі, т.б.

Арнаулы әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру жазасын қолдану үшін, жаза тағайындалуы кезінде сотталушының тиісті салада жұмыс істеп жүруі міндетті емес. Жаза отставкада немесе демалыста жүрген адамдарға да қолданылады.

Бұл жазаның объектісіне ғылыми атақтар мен дәрежелер кірмейді, соттың ғылыми атақ пен дәрежелерден айыруға құқысы жоқ.

Сот атақтардан айыру туралы жазаны тағайындағанда, сотталушыға атақты, дәрежені жоғарғы ведомстволар берсе, оны сол ведомстволардың келісімінсіз-ақ, өз үкімімен алып тастай алады. Үкім шығарған сот, үкім заңды күшіне енген соң оның көшірмесін сотталушыға атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежесі, біліктіліктік сыныпты берген немесе мемлекеттік наградамен марапаттаған жоғарғы ведомствоға жібереді. Ол орган құрметті, әскери арнаулы немесе басқа да атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден айыру туралы құжаттарына жазба жасайды және осындай атақтарды иеленген адамдар тізімінен өшіреді. Сонымен бірге, сотталған адамды осындай атақтар мен дәрежелер үшін, көзделген құқықтар мен жеңілдіктерден айыру туралы шаралар қолданылады.

Лауазымды адам үкімнің көшірмесін алған күннен бастап, бір айдың ішінде үкімді шығарған сотқа атақтан, дәрежеден айырудың орындалғаны туралы хабарлайды.

Егер құрметті атақты, жоғарғы дәрежені, мемлекеттік награданы Қазақстан Республикасының Президенті берсе, соттың бұл атақтардан, наградалардан тікелей айыруға құқы жоқ. Атақтан, дәрежеден, наградадан айыру туралы сотүкім шығарар алдында, ҚР Президенті аппаратына тиісті сотталушыны атақтан, дәрежеден, наградадан айыру туралы ұсыныс жасайды. Мұндай жағдайда түпкілікті шешімді Президент жасайды. Сот ұсынысымен бірге, атақ-награданың құжыттары қосылып жіберіледі.

Запастағы әскери қызметші туралы сот үкімінің көшірмесі, сотталушыны әскери есепке алған әскери комииссариатқа жіберіледі.

Мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны атқару.

Мүлікті тәркілеу дегеніміз- сотталушының меншігіндегі мүлікті толық немесе ішінара көлемде мәжбүрлі түрде қайтарусыз алып мемлекеттің меншігіне өткізу болып табылады.

Бұл жаза сот орындаушылары арқылы атқарылады. Соттар мүлікті тәркілеу жазасын қылмыстық заңның ерекше бөлімінің баптарында тікелей көрсетілгенде ғана тағайындай алады. Мүлікті тәркілеу туралы үкім шығарған сот, үкім заңды күшіне енген соң атқару парағын, мүліктердің тізімін және үкімнің көшірмесін сот орындаушысына жібереді және бұл туралы тиісті қаржы органына хабарлайды. Сот орындаушысына жіберілген осы құжаттарының ішінде мүлі тізімінің көшірмесі болмаған жағдайда, мүлік тізімі жүргізілмегені туралы анықтама жіберіледі.

Мүлікті тәркілеу көлемі бойынша толық немесе ішінара болуы мүмкін. Толық көлемдегі мүлікті тәркілеуде, сотталғанның барлық мүлкі тәркіленеді. Ішінара көлемдегі мүлікті тәркілеуде, үкімде көрсетілген мүліктер немесе мүліктің белгілі бір бөлігі алынады.

Соттың атқару парағы тәркіленетін мүліктің тұрған жеріндегі сот орындаушысына жіберіледі. Егер сотқа мүліктің тұрған жері белгісіз болса, онда атқару құжаттары сотталушының өзі тұратын жердегі сот орындаушысына жіберіледі. Сотталғанның мүлкі бірнеше ауданда болса, онда сот сол мүліктер тұрған жерлердегі сот орындаушыларына жеке-жеке атқару парақтарын жібереді. Үйді, саяжайды, автомашинаны тәркілеуге алғанда да, осы тәртіп сақталып, мүліктердің орналасқан жерлеріндегі сот орындаушыларына хабарланады.

Тәркілеудің затына сотталғанның жеке меншігіндегі мүлкі немесе ортақ меншіктегі үлесі, сондай-ақ жұбайымен ортақ меншіктегі мүліктері, ақшалары, қымбат бағалы заттары, т.б. жатады. Тәркілеуге сотталғанның кез-келген қозғалмалы немесе қозғалмайтын мүліктері алына алады. Тәркілеудің затына қылмыстық-атқару кодексінің соңында, қосымша да тізілен мүліктер жатпайды. Бұл мүліктер сотталғанның күнделікті қажетті бұйымдары мен тұрмыстық қажеттілігін қанағаттандыруға жататын мүліктер болып табылады.

Мүлікті тәркілеу жазасын тағайындағанда, сот оның ортақ меншіктегі үлесін, банкілердегі салымдарын ғана емес, сонымен бірге таныстарына, туыстарына жасырған немесе сақтауға қойған мүліктерін де ескереді. Сот мүлікті тәркілеуді белгілегенде, белгілі бір сомма көлемінде мүлік тәркілеуді көздесе, сот орындаушысы сотталғанның ең алдымен ақшасын, банкілердегі салымдарын, бағалы қағаздарын тәркілейді. Бұл ақшалар тәркілеу соммасының көлеміне жетпесе, сонда ғана сотталғанның мүліктері тізімге алынады.

Сотталғанның ортақ меншіктегі үлесіне тәркілеу жүргізу кезінде ортақ меншіктегі адамдар мүліктің орнын ақшалай бергісі келсе, бұған рұқсат етіледі. Тәркілеуге алған мүліктің меншік иесі даулы болғанда да, мүлік тізімге алынады, бірақ мүлікке мүдделі адам мүлікті қайтарып алу мақсатында сотқа азаматтық талап-арызын беруге құқылы.

Мүлікті тәркілеуден арнайы тәркілеуді ажырата білу керек.

Арнайы тәркілеуде қылмыстың құрамын білдіретін немесе қылмыстан түскен олжа мүліктер алынады. Мысаы, пара алу қылмысында ақша, бағалы заттар, жалған ақша жасау қылмысында ақша жасайтын станок, қоғам қауіпсіздігі мен халықтың денсаулығына қарсы қылмыстарда атылатын қарулар, наркотикалық заттар, т.б. Демек, мұндай қылмыстардағы тәркілеудің заты, айналымнан алынған заттар немесе қылмысты жасаудан түскен мүліктер бола алады. Бұл тәркілеу жаза түріне жатпайды, бұл әрекеттер тек қылмыстың алдын алу үшін жасалады немесе жәбірленушінің меншігін қалпына келтіру үшін алынады. Әдетте, мұндай тәркілеуден алынған мүліктер жойылады (мысалы, жасанды ішімдіктерді жасауда) немесе тиісті мекемелерге өткізіледі (мысалы, атылатын қарулар, наркотикалық заттар).

Сот орындаушысына атқару парағын алғаннан кейін, сотталушыға 5 күн ішінде тәркіленуге жататын мүліктері өз еркімен әкеліп беруге уақыт береді және орындалмаған жағдайда күштеп алынатындығын ескертеді. Сот орындаушысы осы мерзімдер ішінде тізімде көрсетілген мүліктердің бар-жоғын тексереді, тәркілеуге жататын басқа да мүліктерді анықтап, тізімге кіргізеді. Егер сот орындаушысына атқару парағында мүліктің тізімі болмай келсе, онда сот орындаушысы сотталғанның мүлкінің бар-жоғын анықтап, тапқан жағдайда мүліктердің тізімін жасайды. Мұндай

тізімді құрған кезде сот орындаушысы сотталғанның барлық мүлкін тізімге алады. Ал белгілі бір мүліктерді тәркілеу туралы атқару парағы келсе, тізімге тек сол мүліктер алынады.

Тізімде әрбір мүліктің толық атауы, түрі, мөлшері, тозу дәрежесі, жеке сипаттамасы, шыққан жері көрсетіледі. Мүліктің құнын, тегін анықтау қиын болған жағдайда, сот орындаушысы мүлікке сараптама (экспертиза) тағайындайды. Тізімге алынған заттар сүргіштеледі, мөрлееді және бұл туралы тізімге белгі қойылады: сот орындаушылары тізімге алынған мүліктерді сақтауға қажетті шаралар қолданады. Бұл шараларды орындау ретінде, сол мүліктің тұрған жеріндегі сақтап отырған азаматқа, заңды ұйымға тапсырма береді. Сот орындаушысы сотталғанның мүлкін туыстарына, көршілеріне немесе басқа тұлғаларға сақтауға өткізе алады.

Ақша немесе бағалы қағаздар, бағалы металдар қаржы органдарына сақтауға өткізіледі.

Сот орындаушысы өз міндеттерін орындау үшін, жазаны атқару мәселесіне байланысты мәліметтер мен анықтамалар ала алады, керекті лауазымды адамдар мен басқа да азаматтарды шақыртады және үкімді орындау мақсатында қаржылық құжаттарды тексертіп, мүліктің орны белгісіз болғанда іздестіру шараларын жүргізеді. Тәркіленуге жататын мүліктерді іздестіру мақсатында, сот орындаушысы сотталушының үйіне немесе басқа да меншікті қоймаларына тінту әрекеттерін жүргізе алады. Мұндай тінту әрекеттерін жүргізу кезінде айғақтардың қатысуы міндетті, олар мүліктің табылғанын, тізімге алынғанын және басқа біреулерге уақытша сақтауға берілгенін растайтын тұлғалар ретінде қатысады.

Егер үкімді орындау кезінде сотталушының тұрғын орны немесе мүліктің тұрған жері өзгерсе, онда сот орындаушысы дереу осы жағдай туралы акт жазып, келесі күннен қалдырмай сотталушының жаңа тұрған жеріндегі немесе мүліктің тұрған жеріндегі сот орындаушысына актінің көшірмесін атқару парағымен бірге жолдайды. Сонымен бірге, сот орындаушысы қылмыстық істі қараған сотқа осы жағдайды хабарлайды.

Егер атқару ісіне байланысты қажеттіліктер туындаса, онда сот орындаушысы өзіне қатысты емес басқа аудандарда да атқару әрекеттерін жасауға құқылы. Сот орындаушысы жасаған мүліктің тізімін сот бекітуі тиіс.

Тәркіленген мүліктер қаржы органдарына беріледі. Сотталғанның тәркіленген мүлкін қаржы органдарына беру, оған қойылатын барлық талаптар қанағаттандырылғаннан кейін жүргізіледі. Алимент өндіруге, келтірілген зиянның орнын толтыруға, асыраушының өліміне байланысты талаптар мүлікті тәркілеуден

бұрын қанағаттандырылады. Мұндай жайттар мүлікті тәркілеу жүргізгенге дейін болса да немесе одан кейін туындаса да алдымен қанағаттандырылады.

Сотталғанның тәркіленген мүліктерін қаржы органдарына беру тәртібі Қаржы министрлігі мен Әділет министрлігі беріліп дайындаған нормативтік құқықтық акті негізінде жүргізіледі.

Тәркіленген мүлікті қаржы органдарына өткізу мүлікті тәркілеу жөніндегі сот үкімінің орындалуын аяқтайды. Мүліктің қаржы органдарына өткізілгені туралы атқару қағазына со рындаушысы белгі қойып, оны үкім шығарған сотқа қайтарады.

Қаржы органдары тәркіленген мүлікті сатқаннан кейін, қанша сомма шыққанын, олардың кімдерге сатылғанын көрсетіп, сотқа хабарлайды.

Тәркіленуге жататын мүліктер кейде үшінші тұлғаларда болуы мүмкін. Мысалы: жалақысы, ойындардан шыққан ұтысы, уақытша берген мүлкі, тәркілеуден бұлтартып жасыра тұруға берген мүліктері. Мұндай үшінші тұлғалар өзінде сот үкімімен тәркіленуге жататын мүлік бар екендігін сот үкімімен тәркіленуге жататын мүлік бар екендігін сотқа немесе тиісті қаржы органдарына хабарлауға міндетті. Тәркіленуге жататын мүліктердің жасыруына білінуіне немесе ұрлануына кінәлі адамдар немесе сеніп тапсырған адамдар осындай әрекеттер жасағанда, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мұндай жағдайларда сот орындаушысы байқағанда акті жазып, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында, қылмыстық іс қозғайтын органдарға ұсыныс жасайды.

Сотталғанның мүлкін тәркілеу барлық мүлік көлемінде жүргізіліп, бірақ айыптау үкімінің талап мерзімі өтпей тұрып, сотталушыдан үкім шыққанға дейін тәркіленбеген мүліктер табылса, ол мүлік сот орындаушысының ұсынысы бойынша үкім шығарған сот немесе мүліктің орналасқан жеріндегі сот қаулысы негізінде тәркіленеді. Мұндай мүліктер бұрын тәркілеу жүргізу кезінде алынбай қалған, жасырылған мүлік болып табылады. Бұл мүлікті тәркілеу үкімінің толық орындалуы мақсатында жүргізіледі.

Мүлікті тәркілеу туралы айыптау үкімінің талап мерзімі жасалған қылмыстың санатына байланысты. ҚР Қылмыстық заңының 75 бабына сәйкес ауыр қылмыстар бойынша жазаның талап мерзімінің өтуі 10 жыл, аса ауыр қылмыстар бойынша жазаның талап мерзімінің өтуі 15 жыл болып табылады.

Мүлікті тәркілеу ауыр немесе аса ауыр қылмыстар бойынша тағайындалады, сондықтан бұл жаза, басқа санаттарға жататын қылмыстарға тағайындалмайды.

Ү-ТАРАУ. ҚАМАУҒА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ

Қамау- бір айдан алты айға дейін, жазаның бүкіл мерзімінде сотталғанды қоғамнан қатаң оқшаулау түрінде атқарылады. Қамау жазасы он алты жасқа толмағандарға, жүкті әйелдерге және сегіз жасқа толмаған балалары бар әйелдерге қолданылмайды. Әскери қызметшілер қамау жазасын гаупвахталарда өтейді. Сотталған адамдар жазаны сотталған жеріндегі қамау үйлерінде өтейді. Басқа жаза түрлеріндегідей, қамау жазасын да сотталушы бір қамау үйінде өтеп шығуы керек. Бір қамау үйінен екінші қамау үйіне ауыстыру, сотталғанның денсаулығына, оның жеке басы қауіпсіздігіне қауіп туындауында және сотталушының сол қамау үйінде болуына кедергі жасайтын басқа да ерекше мән-жайлар болғанда жол беріледі.

Сотталғанның жеке басына қауіп төнгенде оны қауіпсіз жерге орналастыру қажеттілігі туындайды, яғни қауіп тудырған немесе қауіп туындаған сотталушыны басқа жақтағы қамау үйіне жібереді. Қамау жазасына тартылған сотталғанды денсаулығына байланысты басқа жерге ауыстыру немесе арнайы емдеу ортылығына орналастыру дәрігерлердің берген қорытындысы негізінде жүргізіледі. Басқа да ерекше мән-жайлар ретінде, сотталған адамның өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тудыратын уақиғалар мен жағдайлар, яғни қамау үйінің дұрыс қызмет жасауына кедергі жасайтын жағдайлар немесе тергеу, оперативтік іздестіру шараларын жүгізу қажеттілігінен ауыстыру алынады.

Қамауға сотталған адамдар өздері тектес адамдармен бірге ұсталады және үнемі қамау жазасын атқарушы қызметшілер тарапынан бақылауда болып, тек айдауымен жүреді. Қамауға алынған ерлер мен әйелдер, кәмелетке толмағандар мен ересек адамдар, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтегендер мен бірінші рет сотталғандар және соттылығы бар адамдар, бір-бірінен бөлек ұсталады.

Қамау жазасы жаза өтеу жағдайы бойынша, түрменің жалпы режиміне сай келеді. Қамаудың түрмеден негізгі айырмашылығы – жазаның мерзімінде (қамау 6 айға дейін тағайындалса, түрме 3 жылға дейін тағайындалады) және келіп түсу себебінде (қамау бірден қылмысы бойынша тағайындалса, түрме жазалау шарасы және жауапкершілікті ауырлату ретінде тағайындалады).

Қамау жазасына тартылғандарға адвокаттарымен кездесулерді қоспағанда, кездесу берілмейді, посылка, сәлемдеме, бандерольдар алуға рұқсат етілмейді. Посылка, бандероль қатарына сотталушының туыстарынан бірінші кезектегі қажетті заттар мен маусымдық киімдерді алуы жатпайды. Қамау жазасында бұл заттарды алуға рұқсат етіледі. Сотталғандарды орта білімге және кәсіптік оқыту жүргізілмейді.

Сотталғандар тек жеке есеп-шотындағы қаражаттан, ай сайын бір айлық есеп көрсеткіші мөлшеріндегі сомаға тамақ өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып ала алады.

Сотталғандар күн сайын қамау үйінің ауласында бір сағаттық сейілдеу өткізуге құқылы. Кәмелетке толмағандар бір жарым сағаттық сейілдеуге шығарылады.

Ерекше мән-жайлар болғанда, қамауға сотталғандарға отбасымен, туыстарымен телефон арқылы сөйлесуге рұқсат етіледі. Заң ерекше мән-жайлардың қандай жағдайлар екендігін анықтап көрсетпеген. Мұндай жағдайлар сотталғанның ең жақын адамының қайтыс болуы, ауруы немесе кейінге қалдыруға болмайтындай мүліктік сипаттағы қатынасқа сотталғанның нұсқау беруі тәрізді жағдайлар бола алады.

Қамау жазасына сотталғандар, қамау үйінің шаруашылық жұмыстарынан басқа еңбекке тартылмайды. Қамау үйінің әкімшілігі сотталғандарды ұзақтығы аптасына 4 сағаттан аспайтын уақытқа қамау үйінің шаруашылық жұмыстарын орындау үшін ақысыз тартуға құқылы. Бұл жұмысқа сотталғандар кезектілік тәртібімен тартылады. Сотталған 4 сағаттан артық жұмыс істеуге өзі тілек білдірсе, қылмыстық- атқару заңының 107- бабына сәйкес бұл уақытты көбейтуг болады.

Қамау үйлерінде жаза өтеушілерді тәрбиелеу мақсатында, көтермелеу және жазалау шаралары қолданылады. Көтермелеу шаралары ретінде алғыс жариялау, бұрын қолданылған жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау, телефонмен бір жолға сөйлесуге рұқсат беру қолданылады.

Жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін, сотталғандарға сөгіс жариялау немесе он тәулікке дейін айыптылық орнына қамау тәрізді, жазалау шаралары тағайындалады. Алғыс жариялау және сөгіс беру, ауызша немесе жазбаша жарияланады, ал қалған көтермелеу және жазалау шаралары тек жазбаша қолданылады. Қамау жазасына тартылған сотталғанның телефонмен сөйлесуі қамау үйінің әкімшілік қызметкері арқылы бақыланады және сотталған тәртіті бұзып, өзге әңгіме жүргізе бастаған жағдайда, телефонмен сөйлесу дереу тоқтатылады.

Жазалау шарасы, сотталушының тәртіп бұзуына тексеру жүргізу уақытын қоспағанда, тәртіп бұзған күннен бастап он күн ішінде жариялануы керек.

Қамау жазасына сотталғандарды материалдық – тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету, жазаны жалпы режимдегі түрмелерде өтеуші адамдарға белгіленген, ал кәмелетке толмағандар үшін тәрбиелеу колонияларында белгіленген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Медициналық көмек қамау жазасына сотталғандар үшін жалпы негіздерде, яғни қылмыстық – атқару заңының 97-бабында қарастырылған тәртіпте беріледі.

ҮІ – ТАРАУ. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТӘРТІБІДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

§ 1. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды топтастыру

Сотталғандарды топтастыру – бас бостандығынан айыру мекемелерінде топтарға бөліп және сол топтар негізінде бөліп ұстауды білдіреді. Топтастыру белгілері ретінде, қылмыскерлердің және жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипаты, жасы, жынысы, бұрын сотталғандығы және басқа да ерекшеліктері алынады. Демек, *бас бостандығынан айыруға сотталғандарды топтастыру дегеніміз, жаза өтеушілердің жасаған қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына, жасына, жынысына, бұрын сотталғандығына және басқа да ерекшеліктеріне қарай, бір тектес топтарға бөлу болып табылады.*

Сотталғандарды топтастыру жұмысы, жазаны оқшаулы түрде атқару, түзеу мекемелерінің жұмысының айлы әрі тиімді жүргізу, сотталғандарды түзеу мақсатындағы тәрбиелік жұмыстарды дұрыс іске асыру үшін қажет. Қылмыс жасаған адамдарды түзеу, яғни олар мен әр түрлі деңгейдегі тәрбиелік жұмыстар жүргізу және олардың қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай құқықтық шектеулерді белгілеу, оларды біртектес топтарға бөле отырып жүргізгенде тиімді болады.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды топтастыру қажеттілігі қылмыстық заңнан басталады. Мысалы: кінә нысанын, қылмыс санаттарын, кәмелетке толмағандардың жас деңгейін, соттылықты, қылмыс рецидивтілігін, қоғамға қауіптілікті ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды қылмыстық заң анықтап бұл негіздерде қылмыскерлер бір-бірінен ажыратылатының ескертеді. Сонымен бірге, қылмыстық заң 48-бапта қоныстану колонияларында, түзеу колонияларының жалпы, қатаң, ерекше режимінде, түрменің жалпы және қатаң режимдерінде және тәрбиелеу колонияларының жалпы және күшейтілген режимдерінде қандай санаттардағы сотталғандар жаза өтейтіндігін анықтайды.

Қылмыстық-атқару заңы, жазаның мақсатын іске асыру жолында және жазаны атқару мәселесін тиімді жүргізу мақсатында, сотталғандарды (топқа бөле отырып) демографиялық. Құқықтық белгілеріне қарай бөліп ұстау мәселесін қарастырады. Қылмыстық-атқару заңы негізінде, әйелдер мен ер адамдар бір-бірімен бөлек жаза өтейді. Сонымен қатар, бұл заңда, сотталғандардың жаза өтеу кезіндегі, мінез-құлқының өзгеруіне қарай да топтастыру жүргізіледі. Мысалы, қоныстану колонияларында түзеу колонияларының жалпы және қатаң режимдерінен түзелу бағытында түскендігі үшін ауыстырылғандар жаза өтейді. Сондай-ақ, түзеу мекемелеріндегі режим талаптарын қайталай бұзғандар мен түзелу бағытында көрінеу

түскісі келмейтіндердің де белгілі бір мерзімге түрмеге ауыстырылғандығы қылмыстық-атқару заңында қарастырылған. Қылмыстық-атқару заңы сотталғандарды топтастыру жұмысын көбінесе бір мекеме, бір колония шегінде жүргізеді. Бұл негізде, түзеу колониялары жаза өтеудің жеңілдікті, жеңілдетілген, дағдылы және қатаң жағдайларына бөлінеді. Қылмыстық-атқару заңы, кәмелетке толмағандардың бас бостандығынан айыру жазасын өтеуінің тәртібі мен жағдайларын жеке қарастырады. Оларды жеке мекемеде жаза өтеттіргенде, ересек сотталған адамдардың ішіндегі барынша қылмыстылыққа бейімделген адамдардың ықпалынан сақтау және жасына байланысты күші жететін жұмыстарды орындату, т.б қажеттіліктер көзделген.

Заң, әйелдер колониясын жалпы және қатаң режимдерге бөлек отырып, оның негізіне, қылмыскер әйелдердің жасаған қылмыстарының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтетендігін алады. Әйелдердің әлсіз жыныс екендігін ескере отырып, оларға жаза өтеу кезінде ерлер жұмысына қарағанда жеңіл жұмыстар беріледі. Сондықтан да қылмыстың аса қауіпті рецидивдегі әйелдер жазаны ерекше режимде емес, қатаң режимдегі колонияда өтейді. Сонымен қатар, қылмыстық-атқару заңы жүкті және өзімен бірге баласы бар әйелдерге жеңілдікті жағдайлар белгілеген. Мысалы: жүкті кезінде сапасы жоғары тамақтар беру, артық қаражат жұмсауға рұқсат беру, баласын емізуге босату, т.б.

Соттар жаза тағайындау кезінде қылмыстың және қылмыскердің қоғамға қауіптілік деңгейін ескере отырып, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындағанда, аталған белгіні одан әрі қарай таразылай отырып, үкімде режимнің түрін атайды.

Соттар жалпы режимдегі түзеу колониясын белгілеу үшін, сотталғанның бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет тарылғанын, қылмыс қасақана жасалғанмен, маңызы ауыр емес, орташа ауыр және ауыр санаттарға жататындығын және қылмысты абайсыздықта жасағандығын ескереді. Жалпы режимдегі колонияларда қылмыстық-атқару заңының негізінде, қоғамдық жұмыстар, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу жазаларын өтеуден көнігі бұлтарғандығы үшін, айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылғандар да өтейді.

Қатаң режимдегі түзеу колониялары қылмыстың қауіптілік дәрежесі жоғары болғанда, яғни қылмыс аса ауыр санатқа жатқанда және қылмыстардың рецидиві болғанда тағайындалады.

Ерекше режимдегі колонияда жаза өтеу – қылмыскер аса қауіпті рецидивке жатқанда, сондай-ақ өмір бойына немесе өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан

айырумен ауыстырылғанда тағайындалады. Бұл сотталғандарға ерекше режим тағайындалғанмен, олар жазаны тек өздері тектес сотталғандармен бірге өтейді.

Қылмыскердің және қылмыстың қауіптілік дәрежесі аса жоғары болғанда, сотталған жазаның бес жылдан аспайтын бөлігін түрмеде өтеуге міндетті болуы мүмкін. Оны қылмыстық заңның негізінде, түрмеде аса ауыр қылмыс жасағандар, сондай-ақ қылмыстың аса қауіпті рецидивіндегілер өтейді. Ал, қылмыстық-атқару заңы негізінде, жаза өтеудің белгіленген тәртібін көнігі бұзғандар жазаның белгілі бір бөлігін, яғни 3 жылдан аспайтын мерзімін түрмеде өтейді. Түрменің жалпы режимінде жаза өтей жүріп, қайтадан қасақана тәртіп бұзғандар қатаң режимдегі түрмеге ауыстырылуы мүмкін.

Сотталғанның қоғамға қауіптілігі аса жоғары болмаған жағдайда, яғни қылмысты абайсызда жасағаны үшін 7 жылға дейін бас бостандығынан айыруға сотталғанда, жазаны қоныстану колонияларында өтейді. Қоныстану колонияларында қылмыстық-атқару заңының негізінде, жалпы және қатаң режимдердегі колониялардан түзелу бағытына түскендігі үшін жеңілдік шарасы ретінде ауыстырылғандар да өтейді.

Түзеу мекемелеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында дәлірек айтқанда, соттаушының жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, бұрынғы сот, прокуратура, тергеу, жалпы айтқанда, бұрынғы құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеке колонияда ұсталады.

Бас бостандығынан айыруға сотталған, маскүнемдікпен, нашакорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратын, сонымен қатар ақыл-есінің кемістігі болуы мүмкін, психикасының бұзылуының әрекетіне толық жетекшілік жасай алмайтын сотталғандарға медициналық сипаттағы міндетті мәжбүрлеу шаралары қолданылады және бұл шаралар жеке емдеу-түзеу мекемелерінде жүргізіледі. Мұндай мәжбүрлі емдеу шаралары түберкулездің ашық түрімен ауыратындарға, соз ауырынан емделудің толық курсынан өтпегендерге, сондай-ақ ВИЧ/СПИД ауруларын жұқтырғандарға да арнайы емдеу-түзеу мекемелерінде жүргізіледі.

Сондай-ақ бас бостандығынан айыру жазасында сотталған шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар, жазаны жеке колонияларды өтейді. Қоғамға қауіптілігі Қазақстан азаматтарынан ерекшеленіп тұрмаса да, бұлай топтастырудың себебі, шет ел азаматтарының жеке басы қауіпсіздігін сақтау және жазаны атқару мәселесін дұрыс болып табылады. Шет ел азаматының жеке басы қауіпсіздігін сақтау дегенде, сол шетелдік азаматтың нәсілінің, дінінің, тілінің, бөлектігіне қарай басқа сотталған адамдардың оған қауіп тудыруының алдын-ала ескереміз. Жазаны атқару мәселесін дұрыс жүргізу дегенде, сотталған шет ел азаматтарының білетін ортақ халықаралық тіліне қарай, ортақ қатынас тілді қолдану ескеріледі.

Сонымен, бас бостандығынан айыруға сотталғандарды топтастыру, түзеу орындарында жазаның мақсатына жетудің маңызды құралдарының бірі болып табылады.

§2. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРДЫ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ЖІБЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ.

Сот үкім шығарғанда, сотталушының қылмысының түрін, оның қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын ескере отырып, оған сай келетіндей жазаның түрі мен көлемін атайды. Соттар мұнымен қатар, егер сотталушыны бас бостандығынан айыру жазасында топтаса, онда үкімде режимнің түрін де атайды.

Сот үкімі шыққаннан кейін, сотталған міндетті түрде тергеу изоляторында ұсталып, он күн ішінде жазаны өтеу мекемесіне жіберіледі. Бұл 10 күннің ішінде тергеу изоляторының әкімшілігі сот үкімінің көшірмесін алып, сотталушыны жіберетін түзеу мекемесінің түрін анықтайды және оның отбасына қай жақтың колониясына жіберілген хабарлайды. Заңда белгіленген 10 күн мерзімде, кейде одан да жиі уақыттарда, сотталғандар жаза өтеу мекемелеріне аттандырылып жатады. Тергеу изоляторлары жаза өтеу орындарына аттандыру жұмыстарын күнде емес, аптасына немесе 10 күнде бір рет жүргізіп отырады. Бұл уақыттар ішінде жаза өтеуге тиісі сотталғандар жинақталады.

Бас бостандығынан айыру жазасында сотталғандарды түзеу мекемесіне жіберу жұмысы, қылмыстық-атқару заңымен және ҚР Әділет министрлігінің ҚР Бас Прокуратурасының келісімімен бекіткен «ТМ-дердегі ішкі тәртіп ережесі» бойынша жүргізіледі. Тергеу изоляторының әкімшілігі қызметкерлерді сотталғандарды түзеу мекемелеріне жіберу жұмысының арнайы қарулы күзетпен бірлескен түрде жүргізеді. Сотталғандарды өткізу кезінде олардың фамилиялары аталып, қабылдаушылар сотталғандардың құжаттарын тексереді.

Сотталғандардың жол жүруіне арнайы автокөлік, поезд, самолет, кемелер қолданылады. Егер этапқа самолет қолданылса, онда самолетка отырғызылу кезінде әр сотталушының қолына кісен салынады.

Түзеу мекемесі орналасқан жерге сотталғандар тиелген көлік келгенде, оларды қабылдау «ТМ-дегі ішкі тәртіп ережесі» негізінде жүргізіледі. Бұл кезеңде түзеу мекемесі оперативтік кезекшісінің күшейтілген күзет қолдана отырып, сотталғандардың жеке басы құжаттарын тексеріп қабылдайды.

Келесі кезеңде, яғни сотталғандар түзеу мекемесіне келіп түскеннен кейін, олардың тұла бойлары тінтіліп, заттары толық тексеруден өткізіледі. Мұндай кезде, түзеу мекемесінде ұстауға тыйым салынған заттар, мысалы, ақша, карта, бояу қалам,

суық қарулар, т.б. алынып, сақтау камерасына өткізіледі, ал тіпті тыйым салынған заттар, мысалы, суық қару, карта сияқты заттар жойылады.

Түзеу мекемесіне келіп түскен сотталғандар медициналық тексеруден өткізіледі, ал қажет болған жағдайда, оларға санитарлық тазалау жүргізіледі. Мұнан кейін жаңадан келіп түскен сотталғандар 15 күнге карантинге жатқызылады. Карантин кезінде сотталғандарға жазаны өтеудің тәртібі мен олар сақтауға міндетті талаптар, түзеу мекемесіндегі тәртіп, қауіпсіздікті сақтау үшін арнайы электрондық, дыбыстық-бейнелік заттардың қолданылатындағы, т.б олар білуге тиісті жағдайлар түсіндіріледі. Сонымен бірге бұл кезеңде олардың жеке басы мінез-құлықтары, мамандықтары ескеріле отырып, отрядқа бөлінеді. Сотталған түзеу колониясына келіп түскеннен кейін, 10 күннің ішінде түзеу мекемесі әкімшілігі, оның отбасына немесе ең жақын туыстарының біріне хабар беруі тиіс. Бұл хабарламада сотталған сотталғанның қай жердегі колонияға келгендігі, қандай заттарды посылка, бандероль, сәлемдеме ретінде жіберуге болатындығы, кездесу саны көрсетіледі.

Бас бостандығынан айыру жазасы да сотталғанның тұрғылықты облысы немесе қылмыс жасаған жері бойынша өтеледі. Заң сотталғандарға тұрғылықты облысыбойынша жаза өтетіргенде оларға жеңілдік қолдануды көздейді. Бұл жеңілдік әсіресе олардың туыстарына тиімді. Олар алыс облыстағы колонияға, кездесу өткізуге бара алмауы мүмкін. Екіншіден, өз облысы аумағында жаза өтеу, олардың денсаулықтарының бұзылмауына себепші болуы мүмкін. Үшіншіден, жаза өтеу мекемесінде жүрсе де, сотталған адамның өз жерінде жүруі, оның аса қамықпауына, күйзелмеуіне қолдау болуы мүмкін.

Сотталушыға белгіленген колония түрі облыс көлемінде болмағанда, ол басқа облыстағы колонияға жіберіледі. Бір облыс көлемінде кәмелетке толмағандарға, әйел адамдарға, қылмыстың аса қауіпті рецидивіндегілерге арналған, т.б осындай арнайы колониялар болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда тиісті колония Қазақстанның қай жерінде болса, сол жерде жаза өтелуі тиіс.

Басқа облыс жеріне жаза өтеуге жіберу мамандығына байланысты да жүргізілді. Мысалы, бұрынғы құқық қорғау органдарының қызметшілеріне қандай да бір қылмыс түрі болмасын, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалғанда, сол арнайы колонияға жіберіледі. Ал мұндай колония әзірге Қазақстанда біреу-ақ.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған түзеу мекемелері де әр облыс көлемінде бола бермейді, сондықтан мұндай сотталған адамдар тобы да, қай жерде тиісті колония болса, сонда жіберіледі.

Басқа облыстағы колонияға ауыстыру мынандай жағдайларда орын алады. Сотталушы өз облысы аумағындағы колонияда жаза өтеп жүргенде, жеке басы

қауіпсіздігіне қатер туындаса, ол басқа жақтағы колонияға ауыстырылады. Сонымен қатар, мамандығына байланысты өз келісімімен басқа жақтағы түзеу мекемесіне ауыстыруда жүргізіледі. Осы жағдай қылмысты қатысушылықпен жасағандарға да қолданылады. Қылмысты қатысу арқылы жасағандар, жаза өтеу кезінде бір түзеу мекемесінде ұсталмайды. Олар жаза өтеу уақытында әр облысқа таратылып, жазаны бір-бірінен бөлек өтейді.

Кейде сотталушының денсаулығына өз облысының климаттық жағдайы кері әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда да басқа облыстағы колонияға ауыстыруға қылмыстық-атқару заңы мүмкіндік береді.

Сотталғандар бір түзеу мекемесінен екінші түзеу мекемесіне ауыстырылғанда, алғашқы колонияға келген уақыттағыдай карантинге жіберіледі.

Сонымен, түзеу мекемесіне сотталған қабылданғаннан бастап, олардың сотталғандардың міндеттерін орындауы және сотталған адамдардың өз құқықтарын пайдалануы басталады.

ҮІІ-ТАРАУ. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ РЕЖИМ.

§1. Режим ұғымы,оның қызметі және негізгі талаптары

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдардың қауіптілігінің жоғарғы болуына байланысты, басқа жазаларға қарағанда, түзеу мекемелерінде қатаң тәртіп қолданылады. Міне осы жазаны өтеу кезіндегі қаталырақ жағдайдың түрі мен көлемі қылмыстық-атқару заңына белгіленіп, ол түзеу мекемелеріндегі режимді білдіреді.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды режим жағдайында ұстау сотталғандарды жазалаудың және тәрбиелеудің негізгі құралы, сондай-ақ түзеу мекемелерінің алдында тұрған міндет- жазаның мақсатына жетуге жағдай жасайтын тәсіл болып табылады.

Режим ұғымын тар және кең мағынада қарастыруға болады. Тар мағынада **режим – бұл қылмыстық-атқару құқығы нормаларымен реттелетін бас бостандығынан айыру жазасын өтеу мен атқарудың тәртібі болып табылады.** Демек түзеу мекемелеріндегі режим, белгілі бір нормативтік актілер арқылы, яғни қылмыстық-атқару заңымен анықталып, ТМ-дегі ішкі тәртіп ережесімен, Әділет министрлігінің өзге де бұйрықтарымен толықтырылады. Режим бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жаза өтеу мәселелеріне арналғандықтан, оның мазмұны, көлемі толығымен нақты заңдарда бейнеленуге жатады. Бұл-біріншіден, ал екіншіден, режим-бас бостандығынан айыру жазасына ғана қолданылады. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың қауіптілік деңгейі әртүрлі болуына байланысты, режим де

әр түрлі деңгейдегі құқықтық шектеулерді қолданады. Мысалы, түзеу колонияларындағы әр түрлі режимдер бір бірінен құқықтық шектеулердің көлемі, яғни берілген құқықтар мен қойылатын талаптардың көлемі арқылы ажыратылады.

Бас бостандығынан айыру жазасына режим белгілегенде, режимнен туындайтын қатал талаптардың сақталуы арқылы сотталғандарды түзеу көзделеді.

Режим – аталған жаза түрін өтеу мен атқарудың тәртібін белгілейді. Жалпы, қылмыстық-атқару заңның қылмыстық заңда көрсетілген жазалардың барлығының атқарылуы мен өтелуінің тәртібі мен жағдайларын қарастыратыны белгілі. Ал, бас бостандығынан айыру жазасына келгенде, қылмыстық-атқару заңы өз міндетін режимді белгілеу немесе оны қолдану арқылы атқарады. Демек, «режим» бас бостандығынан айыру жазасында қылмыстық-атқару заңының мақсатын орындайды. Жазаны өтеу мен атқарудың тәртібі дегенде, «өтеу» сотталған адамдарға мемлекет тарапынан қойылатын міндет, талапты білдіреді. Ал «атқару» қызметі – ол қоғамның осы саласынан туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған заңмен белгіленген мемлекет жұмысы. Сондықтан жазаны өтеушілер қашанда сотталғандар, ал атқарушылар – ол әр уақытта мемлекет атынан арнайы ұйымдастырылған түзеу мекемелері. Демек, режим талаптары осы құқықтың екі субъектісіне, яғни сотталғанға да, түзеу мекемелеріне де қолданылады. Біріншіден, сотталушыны бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанда, міндетті түрде жаза өтеу режимін басынан кешіреді. Екіншіден, түзеу мекемелері сотталғанның жаза өтеуін іске асыратындықтан, олар да міндетті түрде қылмыстық атқару заңында белгіленген қатал талаптарды сақтауға міндетті. Басқаша айтқанда, түзеу колонияларының әкімшілігі де, өз қызметін қылмыстық атқару заңы негізінде атқарады. Барлық түрмелер, түзеу колониялары, тәрбиелеу колониялары заңда көзделген режим жағдайында жұмыс жасайды. Міне, режимнің талабының түзеу мекемелері әкімшілігіне таралу себебі осында.

Режимнің кең мағынадағы ұғымы, жазаны өтеумен атқарудың тәртібі, осы жазадан туындайтын қоғамдық қатынастардың қай топтарына қолданылатынын анықтаумен байланысты. Қылмыстық-атқару кодексінің 77-бабында: «Түзеу мекемелеріндегі режим – сотталғандарды күзету мен оқшаулауды қамтамасыз ететін және заңға сәйкес нормативтік-құқықтық актілермен реттелетін атқару мен өтеудің тәртібі; оларды ұдайы қадағалау; өздеріне жүктелген міндеттерді атқару; олардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру; сотталғандар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі; сотталғандардың түрлі санаттарын бөлек ұстау; сот тағайындаған түзеу мекемесінің түріне қарай ұстаудың түрлі жағдайлары; жазаны өтеу шарттарын өзгерту» - деп, жазаны өтеу мен атқару кезінде туындайтын топтық қатынастардың біршамасын атайды. Яғни, режимнің көлемі, бас бостандығынан айыру жазасына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастармен анықталады. Басқаша айтқанда, бас

бостандығынан айыру жазасына байланысты барлық қоғамдық қатынастар режим талабымен реттеледі.

Режим - бас бостандығынан айыру жазасының маңызы мен мазмұнын білдіреді. Бұл жазада, жазаның мақсаты, оның құрылысының элементтері анық көрінеді. Түзеу мекемелеріндегі режимде сотталғандарды түзеу ғана емес, сонымен бірге олардың құқықтарын шектеу және жаза өтеу міндетін мәжбүрлі түрде жүргізу арқылы жазалау немесе сазайын тарттыру арқылы іске асырылады. Басқа жазалар түрінде қарағанда, бұл жазада құқық шектеулер мен талаптардың көп қойылуы, яғни, қоғамнан сотталушының аластатылуы, оған жазаны дұрыс өтеу талаптарын қоюы, мұның бәрі әрине, режим мазмұнында жазалау, дәлірек айтқанда, сазайын тарттырудың да бар екендігін көрсетеді. Бұл- жазаны өтеушілерге қатысты. Ал, режим талаптарын іске асырушы түзеу мекемесі әкімшілігі, оларға режим талаптарынан туындайтын жазаны атқару мәселесіне байланысты құқықтар мен міндеттерді атқарады. Сонымен қатар, режим – осы жазадағы барлық құқықтық қатынас субъектілерінің қызметін белгілейді.

Сонымен, бас бостандығынан айыру жазасындағы режимнің әсері мына субъектілерге қолданылады: Сотталған адамдарға, түзеу мекемесі әкімшілігіне, сотталған адамдарға жұмыс берген кәсіпорындарға, түзеу мекемесі қызметін бақылаушы мемлекеттік орындарға және қоғамдық ұйымдарға, бірлестіктерге, түзеу мекемесі аумағында немесе соған қатысты жерлерде жұмыс істейтін жай азаматтарға.

Режим талаптары түзеу колониясына қатысты жерлерде ғана қолданылады деп айтуға болмайды. Ол түзеу колонияларынан, түрмеден, тәрбиелеу колонияларынан тысқары жерлерге де қолданылады. Мысалы, ҚАК-нің 77- бабының 6- бөлігінде «Түзеу мекемесінің әкімшілігі мекеменің аумағындағы және оған жапсарлас режимдік талаптар белгіленген аумақтардағы адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына тексеру жүргізуге, сондай-ақ тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен және түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленетін тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға құқылы», - делінген. Демек, режим- түзеу колонияларына шикізат, азық-түлік, т.б. тасымалдайтын жұмысшыларға, түзеу мекемесінен тысқары жерлерде жұмыс істейтін немесе тұратын бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдарға заңды белгіленген көлемде қолданылады. Сондықтан режим талаптары, бас бостандығынан айыру жазасына қатысушы субъектілерге ғана емес, сонымен қатар аумақтық кеңестік көлемде де қолданылады.

Түзеу мекемелеріндегі режим – тәрбиелік және жазалау қызметінен басқа қамтамасыз етушілік, әлеуметтік бақылау қызметтерін атқарады.

Режим – сотталғанды жазалай отырып, оны белгілі бір деңгейде тәрбиелеуді көздейді. Қоғамға қауіпті іс әрекет жасағандағы үшін, қоғамнан оқшауланған

сотталғанды режимнің қатағ талаптарын қолдану арқылы түзеуге де болады. Себебі, режимді құрайтын барлық құқықтық шектеулер мен міндеттер немесе сотталғанның пайдалануға мүмкіншілігі бар құқықтары, адамды жақсы ниетке, қоғамға пайдалылыққа жетелейді. Режим шектеу қойғанда, зиянды, қоғамға террас заттан немесе іс әрекеттен шектейді. Мысалы: тыйым салынған затраты ұстамау, ереуілдерге немесе жабой тәртіпсіздікке бой ұрмау, т.б. Режим жаза қтеушілерге қатал талаптар қою арқылы адамды тәрбиелеуді көздейді дедік. Оның мысалы: түзеу колониясындағы адамдармен, әкімшілік қызметкерлерімен сыпайы сөйлесу, еңбекке дал қарау, оқуға, біліктілікке ұмытылу, түзеу мекемелерінде сотталғандарға арналған күн тәртібі ережесіне бағыну, т.б. Создай ақ, режим сотталғандарға белгілі мүмкіндіктер, құқықтар бере отырып, оларды түзеуді мақсат етеді. Бұл мүмкіндіктер мен құқықтар адамның түзелуіне әсері тиетіндей немесе бейімдеуге ықпал ете алтындай болуы керек. Мысалы: туыстармен, отбасы мүшелерімен кездесулер өткізу, хат алу немесе жазу, діни ғұрыптармен өткізу, газет, журнал, көркем әдебиеттерді алып оқу, түзеу мекемесі әкімшілігі жұмысына наразылық білдіріп, шағымдану, т.б. құқықтары. Демек, режим талаптары заңда білгіленген тәртіпті сақтауды, заңды сыйлауды, еңбекке адал қарауды, жақсы мінез-құлықты ұстануды көздейді.

Режим - сотталғандарды түзеу бағытындағы басқа да құралдарды қолдануға жағдай жахай отырып, оның қолданылуын қамтамасыз етеді. Сотталған жазаны өтеу барысында белгілі бір уақытқа қоғамнан аластатылғанмен, тәрбиелеу мақсатында аластатылмайды. Ол әр қашанда қоғамдық ұйымдармен, діни бірлестіктермен араласуға, адам құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен айналысатын қоғамдық ұйымдарға шағымдануға заң көмегін алуға, отбасымен қатынас ұстауға құқылы. Яғни, бұл жазада сотталғанның тікелей өз басы қоғамнан оқшауланғанмен, моральдық, әлеуметтік тұрғыдан оқшауланбайды. Бұл сипаттағы қоғаммен араласуы, ҚАК-нің 10, 83-88, 90, т.б. баптарында көзделген.

Ал бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамның жеке басының қоғамнан оқшау ұсталуы, ол өзі тәріздес қоғамға қауыпті деп танылған адамдармен тәрбиелеу жұмыстарын жеке түрде жүргізуді тиімділігіне байланысты. «Қылмыскер» деп танылған адамдармен тәрбие жұмысын, әрине, оқшау жүргізген тиімді.

Режимнің қамтамасыз етушілік қызметі, сотталғандарды тәрбиелеу құралдарын және жазаның мазмұнын іске асыру үшін құқықтық жағдай туғызумен көрінеді. Бас бостандығынан айыру жазасындағы сотталғандарды түзеу, тәрбиелеу жұмыстары режимнің мазмұнына енгендіктен, мәжбүрлі түрде қолданылады. Режим қылмыстық-атқару заңында бейнеленгендіктен, оның мазмұны яғни бас бостандығынан айыру жазасын атқару кезінде туындайтын қоғамдық қатынастардың қалай, қандай жағдайда, қандай тәртәппен іске асырылатындығы заң нормалары арқылы анықталған.

Жазаңы өтеу кезінде туындайтын әр түрлі қатынастардың шешімі режимін қызметін білдіреді. Дәлірек айтқанда, қылмыстық- атқару заңы жазаңы өтеу және атқару кезінде туындауы мүмкін барлық қатынастарды қамтуға тырысса, ал режим сол қатынастардың заңдағы шешімін қамтиды. Мысалы, жазаңы өтеу кезінде сотталғанға кездесу өткізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Бұл осы салаға байланысты қатынастың түрі ғана. Құқық саласы реттеушілік қызметпен айналысатындықтан, оның қанша рет, қандай жағдайда өткізілетінін анықтайды. Бас бостандығынан айыру жазасындағы режимнің қамтамасыз етушілік қызметі, осындай қатынастардың қалай шешілетіндігі көрсетумен анықталады. Режимнің талаптары — сотталғандарды еңбекке тарту, жалпы орта білім және арнайы мамандық беру, мәдени, спорттық жұмыстарды жүргізу тәртібін анықтайды.

Егер режимнің тәрбиелік және жазалаушылық қызметі тек сотталған адамдарға қатысты болса, ал режимнің қамтамасыз етушілік қызметі басқа да субъектілерге және түзеу колониясының жапсарлас жерлеріне де қатысты болып табылады.

Режимнің әлеуметтік бақылау қызметі сотталған адамдардың және өзге де адамдардың алдағы уақытта қылмыстар жасауынан сақтандыруға арналған. Режимнің бұл қызметі құқықтық қатынасқа түсуші барлық субъектілерге қолданылады. Сонымен бірге, режимнің бұл қызметі түзеу мекемесі аумағына ғана емес, жаза өтеу мәселесіне қатысты басқа да жерлерге таралады.

Бұл қызмет сотталғандарға байланысты олардың еңбегіне, араласатын орындарына, яғни тұрмыс-тіршілігіне қарай жерлеріне қолданылады. Бақылаудың негізгі нысандары сотталғандардың үстінен мемлекеттік бақылаудың болуы және жаза өтеу кезеңінде арнайы ереже белгілеу болып табылады.

Арнайы бақылау дегеніміз, сотталғандарға тиімді (мысалы, көтермелеу шараларын қолдану) немесе тиімсіз (жазалау шараларын қолдану) шаралар қолданудың негізінде, олардың бағытын, мінез-құлқын бақылау болып табылады. Ал режимнің әлеуметтік- бақылау қызметі, түзеу мекемелерінде немесе оған жапсарлас жерлерде жұмыс істейтін басқа азаматтардың ішкі тәртіп және сотталғандармен қатынас жасау ережелерінің сақталуына арналған.

Режимнің осы аталған қызметтері түзеу мекемелерінде бір уақытта қатар жүргізіле отырып, бұл қызметтер бір-бірінің орындалуына жағдай жасайды және кешенді түрде орындалу барысында бірін-бірі толықтырады.

Режимнің мақсатын, қызметін іске асыру үшін, ол белгілі талаптарға сай болуы керек. Сол талаптарға төтеп бере алғанда қылмыстық-атқару заңының осы саладағы қызметі іске асырылады.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы режимнің негізгі талаптары мыналар болып табылады:

- сотталғандарды қоғамнан оқшаулау;
- үнемі күзет және бақылау жүргізу;
- сотталғандарға жүктелген міндеттердің орындалуы;
- сотталғандардың заңды мүдделері мен құқықтарын іске асыру;
- түзеу мекемелеріндегі барлық адамдардың жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- сотталғандарды санаттарға бөліп, оларды бөліп ұстау;
- түзеу мекемелерінің түрлеріне қарай оларға жаза өтеу кезінде әртүрлі жағдайларды белгілеу;
- жазаны өтеу жағдайларын өзгерту.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулау - бұл түзеу мекемелерінің алдындағы негізгі мақсатарының бірі, сотталғанды түзеудің құралы ғана емес, сонымен бірге жаза өтеп жатқан адамдардың қайтадан жасауы мүмкін қылмыстарынан қоғамды қорғайтын тәсіл болып табылады. Қоғамнан оқшаулау дегеніміз, сотталғанның жеке бас бостандығын шектеп, оны үнемі күзетпен әкімшілік бақылауда ұстау болып табылады. Сотталған жазаны қоғамнан бөлек өтегенде оған бостандықтағыдай қажет адамдармен кездесу мүмкіншілігі беріле бермейді, оның саны шектеледі немесе түзеу мекемесінен тысқары шығуға тиым салынған жерлеріне баруға рұқсат етілмейді, сондай-ақ ол үнемі қарулы күзетпен бақылауда болады. Сотталғандарды қоғамнан оқшаулаудың көлемі біркелкі емес, ол түзеу мекемесінің түріне, ондағы жаза өтеудің жағдайларына байланысты әртүрлі деңгейде бола алады. Мысалы, түрмеде жаза өтеушінің жеке басы қоғамнан толық аластатылса, қоныстану колониясында жаза өтеуші адамның жеке басы жартылай қоғаммен байланыста болады. Түзеу мекемелерінің қайқайсында болмасын, сотталғанды қоғамнан моральдық, саяси, мәдени, рухани тұрғылардан аластауға болмайды. Түзеу колонияларының сыртындағы биік қабырға — сотталғанды жеке басы тұрғысынан қоғамнан ажырату, сондай-ақ түзеу мекемесінің өз қызметінің ыңғайлы, әрі тиімді түрде жүзеге асыру үшін қажет. Ол биік қабырға қоғамның түзеу мекемесінің жұмысын қадағалауына еш кедергі болмауы керек.

Сотталғандар жазаңы қоғамнан оқшау жағдайда өтсін болғандықтан, олар үнемі қарулы күзетпен қадағалауда болады. Үнемі күзетте, бақылау да болу сотталғанға үлкен жазалаушылық сезім тудырады. Сотталған жалғыз болғанда да, мысалы, жеке камера қамалғанда да, әкімшіліктің бақылауында болады.

Сотталғанның үнемі кезекпен бақылауда қалуы адамды заңды болатын заңды міндеттердің орындалуына бірден жол ашады. Бұл жаза мәжбүрлеу шарасының ауыр түрін білдіретіндіктен, үнемі бақылау жүктелген міндеттердің орындалуын талап етеді. Заң да белгіленген міндеттерді сотталғандардың орындауы, оларға заң

талаптарын сақтау тәрізді жақсы қылықты бойына сіңіруіне себепші болады. Сонымен бірге, сотталғандардың өз міндеттерін бұлжытпай орындауы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарудың қажетті шарты болып табылады. Бұл міндеттер, негізінен, шектеушілік сипатқа ие. Мысалы, сотталғандар өз жынысындағы адамдармен тінтіледі, ал заттарына тексеру жүргізіледі. Әкімшілік олардың жазған хат-хабарларын, келген хаттарын алып, мазмұнын тексере алады. Оларта көптеген заттарды (мысалы: пышақ, карта, ақша, құжаттар, бояу, қалам, т.б.) өзінде ұстауға тыйым салынады. Мұндай тыйым салынған заттар табылған жағдайда, олар сақтау камерасына өткізіледі, жаза өтеуден босатылғанда қайтарылып беріледі, ал сақтауға келмейтін немесе тіптен тыйым салынған заттар жойылады.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдар белгілі бір деңгейде сырт өмірмен байланыста болуы үшін, кейбір заңды мүдделері сақталады және жаза өтеу орындарындағы күнделікті тіршілігінде қолданылады. Сотталған адамдар түзеу колониясының ішінде рұқсат етілген жерлерде еркін жүріп-тұра алады. Жекс басы қажеттілігін қанағаттандыру үшін, азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды өздеріндегі сауда дүкенінен заңда белгіленген сомада сатып алуға құқылы. Сондай-ақ, олар зейнет акыларын алуға, отбасы мен туыстарынан ақша аударымдарын алуға, және жіберуге, қамсыздандыру органдарына жарна төлеуге, бағалы қағаздар сатып алуға, сонымен бірге кездесулер өткізіп, жақын адамдарынан хат-хабар, посылка, бандероль, сәлемдемелер алуға құқылы. Сотталған адамдарға діни бостандық берілген. Тек ол бостандық, түзеу мекемесінің жұмысына кері әсер ететіндей немесе езге соттың адамдардың аружданына нұқсан келтіретіндей болмауы керек. Аталған мүдделер мен құқықтар адамды әлеуметтік ортаға бейімдейді және мұндай құқықтарды негізінен түзелу бағытына түскен сотталғандар пайдаланады.

Режимнің маңызды талаптарының бірі - сотталғандар жасаған қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесімен сипатына, оның жеке басына және жаза өтеу уақытындағы байқатқын мінез-құлқына байланысты жаза өтеудің әртүрлі жағдайларында ұстау болып табылады. Бұл талап сотталғандарды санаттарға бөле отырып, оларға әртүрлі деңгейдегі жазалау шараларын қолдануға тиімді.

Режимнің талаптарын сотталғандар түзеу мекемесіне келіп түскеннен бастап басынан кешіреді. Оларға, түзеу орындарына келген адам пайдалана алатын құқықтары, оның көлемі, белгіленген тәртіпті бұзбау керек екендігі ал бұзылған жағдайда жазалау шараларына тұратындығы ескеріледі. Осы кездерде-ақ әрбір сотталғанның жеке басы зерттеліп, өзі тәріздес адамдардың отрядына жіберілсді және жеке іс- қағаздары толтырылады. Сотталғанның жеке ісінде ойын мінез-құлқы, орындайтын жұмысының түрі тәрізді, оған қатысты барлық мән-жайлар баяндалады.

Режимнің талаптары ТМ-дегі ішкі тәртіп ережесінде анық бейнеленген. Бұл нормативтік актіде, жаза өтеуге қойылатын талаптардың сақталуы үшін сотталғандарға және түзеу мекемесіне қатысты барлық жағдайлардың детальдары нақтылана қарастырылған. Ішкі тәртіп ережесінде бас бостандығынан айыру жазасының жағдайлары талығымен қарастырылғандықтан, бұл ережені режимге қойылатын талаптардың сақталуына кепілі деп те айтуға болады. Ішкі тәртіп ережесінде негізінсіз режим және оның мазмұны толық баяндалады. Мысалы, ішкі тәртіп ережесінде түзсу мекемесіндегі сотталғандардың таңсртенгі уақыттан кешкі ұйықтайтын уақытта дсйінгі күн тәртібі, оларға сатып алуға болатын азықтүлік өнімдері мен бірінші қажеттегі заттардың және тыйым салынған заттардың түрлері, кездесу өткізудің, посылка, бандсрольдер қабылдаудың және оны сотталғанға тапсырудың, тәртібі, т.б. осын дай жағдайлар нақтыланады.

Түзеу мекемесі қызметкерлеріне, арнайы күн тәртібі белгіленген. Күн тәртібі-жеке сурақтар бойынша сотталандарды қабылдау, олардың жұмысын, мінез-құлқын бақылауды іске асыру, демалыс және мереке күндері түзеу мекемесінің жұмысын қамтамасыз ету тәрізді т.б. мәселелерді қамтиды.

Режимнің негізгі талаптарының бірі — сотталғандар мен онда қызмет жасайтын өзге де адамдардың жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Сотталған адамдар ғана емес, түзеу орындарында жұмыс жасайтын өзге де адамдардың жеке басы қауіпсіздігі заңдылықпен, дәлірек айтқанда, түзсу мекеме әкімшілігі қызметкерлерімен және ондағы күзетпен қамтамасыз етілді. "Жеке басы қауіпсіздігі" дегенде, адамның өмірін, денсаулығын, жыныстық бостандығын және ар-намысын ескереді. Сотталған өзінің басына басқа адамдар тарапынан қауіп туындағанын әкімшілік қызметкерлеріне хабарлаған сәттен ол адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етілуі керек. Қашамасыз етуі ұзақ дегенде, 24 сағаттың ішінде ұйымдастырылуы керек.

Сонымен бірге, қылмыстық –атқару заңы түзсу орындарында жұмыс істейтін әкімшілік қызметкерлерінің де жеке басы қауіпсіздігін ескереді. Әкімшілік қызметкерлері, яғни отряд бастықтары, оперативтік -іздестіру қызметкерлері қажет құрал -жабдықтармен (ұрғыш таяқ, кісен, атылатын қару, т.б) қамтамасыз етіледі. Заңда әкімшілік қызметкерлерінің отбасының да қауіпсіздігі қорғалатындығы аталып, оның қорғалу көлемі мен жолы қарастырылған түзеу мекемелерінде әкімшілік қызметкерлеріне жатпайтын, жалдамалы жұмысшылар жұмыс істеуі мүмкін. Мұндай жұмысшыларға бастапқы кезде түзеу мекемесіндегі сотталандармен қалай қатынас жасауы керек екендігі түсіндіріледі.

Режимнің келесі талаптарының бірі - сақталған адамдарды әр түрлі санаттарға бөліп ұстау болып табылады. Осы талапты қолдану арқылы олардың қауіптілік

деңгейіне байланысты әртүрлі дәрежедегі тәрбиелеу жұмыстары белгіленеді. Мысалы, бірінші рет бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандардан бұрын осындай жазаға өтеген адамдар бөлек ұсталып, оларға қаталырақ тәрбиелеу шаралары қолданылады. Бұл талаптың сақталуы арқылы сотталғандардың оқшаулы және жеке жазға өтеу қағидасы көрініс алады. Адам өзі тәртіпті топ ішінде жүргенде ол оны қауіпсіз сезінуі мүмкін және жүргізіліп жатқан тәрбиелесу шараларын басқалармен бірдей деңгейде қабылдайды. Сотталғандар, тәрбиелеу шараларын қабылдауына, түзелуінс қарай, кейінгі уақыттада топтастырылуы мүмкін. Жазға өтеу кезінде сотталушының түзелуіне немесе қоғамға қауіпсіздіктің күшеюінс байланысты, бір колониясында жазға өтеудің әртүрлі жағдайлары ұйымдастырылады. Егер сотталған түзелс бастаса, онда жеңілдетілген немесе жеңілдікті жағдайға ауыстырылады, ал қауіпті бола бастаса, дағдысы немесе қатаң жағдайларға ауыстырылады. Сондықтан сотталған белгіленген жазалау тәрбиелеу шарасы, бүкіл жазға бойы бір көлемде қолданылып жатпайды, бұл ай болған жағдайда жазаны тәрбиелік мәні әділетсіз, әрі тиімсіз іске асырылар еді. Түзеу мекемесінің негізгі жұмыстарының бірі - сотталғанның мінез - құлқына қадағалау жүргізіп, түзелу бағытына немесе зиянды бағытқа түскендігін анықтау болып табылады.

Режимнің талаптары түзеу мекемелеріне ғана емес, сонымен бірге сотталғандар жұмыс істейтін өндірістік объектілерге де таралады. Сотталғанға айдауылсыз жүруге рұқсат етілгенде, жұмыс беруші мекеме, ол сотталғанға қылмыстық -атқару заңынан туындайтын талаптар мен міндеттерді сақтауы тиіс. Бұл тәртіп бұзылған жағдайда түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанды ол объектілердегі жұмысқа жібермеуі мүмкін немесе жұмыс беруші мекемеден заң талаптарын сақтауды сұрауы мүмкін.

Сонымен, бұл талаптардың барлығы, бас бостандығынан айыру жазасын атқаруға байланысты түзеу мекемелерінің алдында тұрған міндеттерді дұрыс шешу үшін кәсіптік беретін қатал тәртіпті сақтауға арналған.

§ 2. Түзеу мекемелеріндегі режимнің негізгі мазмұны

Бас бостандығынан айыру орындардағы режим - жазаның осы түріне қатысушы субъектілерінің жазаны атқару және өтеу тәртібіне байланысты қоғамдық қатынастарын қамтиды. Режимнің мазмұны жазаны өтеу және атқару тәртібіне байланысты бір тектес қоғам қатынастардан құралады. Демек, *режимнің мазмұны дегеніміз, бас бостандығынан айыру жазасына қатысушы Құқықтық субъектілерінің, жазаны өтеу және атқару тәртібінен туындайды және реттелген ережелердің түрлері болып табылады.*

Режимнің мазмұнын үшке бөліп қарастыруға болады: 1) түзеу мекемелерінің қызметшілеріне қатысты ережелер; 2) сотталған адамдарға қатысты ережелер; 3) түзеу

мекемелсрінде немесе оған катысты жерлерде жұмыс істейтін өзгс де азаматтарға катысты срезслері.

Түзеу мекемесі қызметкерлсріне катысты срезслердің катарына сотталушыны қоғамнан оқшаулау, оған қатал бақылау орнату, жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі тәртібі срезслсрін сақтау, олардың заңды мүдделері мсн құқықтарын іскс асыру, әкімшілік қызметкерлерінің өз міндсттерін сақтауы, сондай -ақ сотталғандарға тәрбис жұмысын жүргізе отырып, алдағы уақытта қайта кылмыс жасаудан сақтандыру жатады. Демек, түзеу мекемесіне катысты, ереже - олардың режимге байланысты құқықтары мсн міндіттерін көрсетеді.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қоғамнан оқшаулау- әртүрлі деңгейде жүргізіледі. Ол, сотталғанның қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай нақтыланады. Мысалы, қоғамнан оқшаулаудың ең жоғарғы дәрежесі түрмеде жәнс айыптық оқшаулау орындарында байқалады. Жазаның белгілі бір мерзімін түрмеде өтеу белгіленген сотталғандар түрме аумағындағы дене еңбегіне тартылады кездесулерінің саны шектеледі, теледидар көрсетілмейді және үнемі түрменің камералық орындарында бақылау да болады. Ал, оқшаулаудың ең төменгі дәрежесі қоныстану колонияларында кездеседі. Олар айдауылсыз, қарулы күзетсіз түзеу мекемелеріне жатпайтын өндірісте жұмыс істейді, кездесулерінің саны шектелмсйді, сотталғанның арнайы үлгідегі киімін кимейді т.б.

Түзеу мекемелерінде сотталғанның қоғамнан оқшаулану дәрежесі, олардың жаза өтеу кезсңіндегі мінез - құлқында өзгерістердің пайда болуына байланысты.

Адам жаза өтеу кезеңінде бұзылып, қауіптілігі арта бастаса, құқықтық шектеулер, оқшаулау көлемі көптеп қолданылады, ал түзелу бағытына түссе, онда шектеулердің саны азайтылып, қоғамнан оқшаулаудың да көлемі кемиді. Мысалы, жаза өтеуші адам бастаса, жазаның жеңілдетілген немссс жеңілдікті жағдайлар ауыстырылып, айдауылсыз, күзетсіз, түзеу мекемесінен сырт жерлсрдегі жұмыстарға жіберіле алады.

Жаза өтеу мерзімінде сотталғанның жеке басы қауіпсіздігін заң негізінде қорғауға алу мемлекеттің жаза өтеуге қамқорлығын білдіреді. Сотталғанның денсаулығын, өмірін, жыныстық бостандығын мсмлекеттің қорғауға алуы, сотталушыда қандай да бірденгсйде мсмлекетке арқа сүйеу, оған сену, сыйлау деген тәрізді, жақсы сананы қалыптастырады. Бұл -бір жағынан, мемлекеттің жаза мәселссін атқару саласындағы міндетіне жатады.

Түзеу мскемесі қызметкерлеріне катысты ережелер, ТМ ішкі тәртіп ережесінде де кездеседі. Олар, сотталғандардың күн тәртібінде көрсстілген ережені сақтауға, яғни сотталғандардың таңертен уақытында тұруын, кешке уақытында жатуын, мезгілімен тамақ ішуін, тамақтың сапасының адам денсаулығын сақтауға сәйксс келетіндей

болуын, келген посылка, бандерольдарды, хаттарды тексеруін, тәрбие жұмыстарынын жүргізілуін, т.б. өздеріне қатысты жұмыстарды атқаруға міндетті.

Қылмыстық-атқару заңының және аталған ереженін түзеу мекемесі қызметкерлеріне белгілі бір талаптар қою себебі, олар осы мекемелердегі заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуына жауапты адамдар болып табылады.

Ішкі тәртіп ережесінде, ішкі тәртіпке жататын барлық жағдайлар келтірілген, сондай-ақ онда сотталған адамдардың құқықтары мен міндеттері және түзеу мекемесі әкімшілігінің де құқықтары мен міндеттері баяндалған. Ішкі тәртіп ережесінің бір ерекшелігі - онда осы аталған жағдайлардың іске асырылу және қолданылу тәртібі анықталған.

Ішкі тәртіп ережесінің қылмыстық-атқару заңы нормаларының қолданылу және іске асырылу механизмін реттейтінін, дәлірек айтқанда, заң нормаларының детальдарын түсіндіріп, олардың қолданылу тәртібін анықтайтындығын айта кетуіміз керек.

Түзеу мекемелері қызметкерлеріне арналған режим мазмұнынан, қылмыстылықпен күресу және оның алдын алуға бағытталған ережелерді де кездестіруге болады.

Ең алдымен, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың үстінде әкімшілік бақылаудың болуы, олардың теріс әрекет немесе құқық бұзушылық жасауының алдын алуға арналған. Бұл бағытта олар жұмыс істеу кезінде де, демалыс кезінде де бақылауда болып, қажетті жағдайлар туындағанда, дене бойлары тіңтіліп, заттары тексеріледі. Сырт өмірдегі қылмыстылықпен байланысын үзуі үшін, кездесулер ең жақын туыстарымен өткізіліп, келген және жіберілген хат-хабарлары ашылып оқылады.

Қылмыстық-атқару заңы сотталғандарға кейбір заттарды ұстауға пайдалануға тыйым салғанда тағы да қылмыстылықтың алдын алуды көздейді. Мысалы, сотталғандарға ақша ұстауға тыйым салынған, себебі олар қолдарында ақша болғанда, құмар ойын ойнап, бірін-бірі қарыздар қылуы мүмкін. Әрине, мұндай дайлар қылмыстың жасалуына соқтыруы сөзсіз.

Сотталған адамдар қылмыстылығының немесе басқа да құқық бұзылушылықтарының алдын алуды қамтамасыз етуге арналған жеке, түзеу мекемелерінде оперативтік – іздестіру қызметінің жұмыс істеуі және қажетті жағдайлар туындағанда айырықша жағдай режимін енгізу жатады. Оперативтік – іздестіру қызметінің негізгі жұмысы, түзеу мекемелері қызметкерлері мен өзге де

адамдары қауіпсіздігін қамтамасыз ету, түзеу мекемесіне келгенге дейін алмаған қылмыстарын анықтау, оны ашуға тергеу орындарына демдесу болып табылады.

Түзеу мекемелеріне айырықша жағдайлар режимі белгілену – ол сотталғандардың бір қалыпты жаза өтеуіне кері әсер ететін уақиғалардың туындауы болып табылады. Осындай уақытқа да жасалуы мүмкін қылмыстардың алдын-алу мақсатында, режимдері айырықша түрі белгіленеді.

Сотталғандарға қатысты түзеу мекемелеріндегі режимнің мән мазмұны мыналардан құралады:

- сотталған адамдардың азық-түлік өнімдері мен бір кезектегі қажетті заттарды сатып алуы;

- сотталғандардың әдебиет құралдарымен пайдалануы және керек-жарағын сатып алуы мен сақтауы;

- түзеу мекемелерінде сотталғандардың кездесулер өткізуі телефон арқылы сөйлесуі;

- бас бостандығынан айыруға сотталғандардың хат алысуы, аудармалаын жіберуі және алуы,

- сотталған адамдардың сейілдеуі;

- кинофильмдер мен телеқойылымдарды көруі және радиобарлар тыңдауы;

- түзеу мекемелерінен тысқары қысқа мерзімді жол жүреді,

- бас бостандығынан айыруға сотталғандардың айдауының жүруі.

Түзеу мекемелеріндегі ішкі тәртіп ережесі сотталғандардың өтеу кезегіндегі өмір кейпін анықтайды.

Сотталған адамдарға жаза өтеу кезеңінде өзі тапқан қара есебінен қолма-қол есеп айырыспай, тамақ өнімдері мен бір кезектегі қажетті заттарды (мысалы, темекі, шай, сіріңке, әже-заттары, тігін жібі, айна, сүлгілер, іш киімдер, т.б.) сатып рұқсат етіледі. Сонымен бірге, ешқандай шектеусіз зейнетақыл алып, аталған заттарға жұмсауға мүмкіншілік беріледі. Сотталғандарға рұқсат етілген азық-түліл өнімдері мен қажетті заттардың түрлері, түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережесінде анықталған.

Осы мақсатта жұмсауға болатын соманың мөлшері түзеу мекемесіндегі режим түріне қарай белгіленеді. Ауыр жағдайда еңбек ететін немесе денсаулығына зиянды заттармен жұмыс істейтін сотталған адамдардың еңбекақысын және жұмсауға рұқсат етілетін сомасының мөлшерін тиісті үкімет органдары өсіруге құқылы. Әрбір түзеу

мекемесінің тұрғын зонасында сотталған адамдарға ұстауға тыйым салынбаған заттар сатылады. Сотталған тиісті заттарды сол айдың ішінде сатып алып үлгермесе, онда келесі айлардың ішінде сол сома мөлшерінде қаражат жұмсауға рұқсат етеді.

І және ә-топтағы мүгедектерге және емдеу-түзеу мекемелеріндегі сотталғандарға жеңілдіктер жасалған. Олар тамақ өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды 4 айлық есеп көрсеткішіндегі сомаға дейін өз табысы есебінен сатып алуға құқылы.

Мұндай жеңілдіктер жүкті әйелдерге (жүктілігінің 4-ші айынан бастап), өзімен бірге баласы бар әйелдерге де беріліп, аталған қажеттіліктер үшін заңда белгіленгеннен артық (6 айлық есеп көрсеткішіне дейін) қаражат жұмсауға рұқсат етілген.

Сотталған адмдардың бірінші кезектегі қажетті заттарының ішінде жазу құрал-жабдықтары а көрсетілген. Бұлардың қатарына сия қаламдары, қағаз, конверт, дәптер жатады. Сотталғандарға мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді оның тұтастығын бұзуды, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік және рулық артықшылықты, сондай-ақ қаталдық пен зорлық – зомбылыққа табынуды насихаттайтын басылымдарды, әдепсіздік сипаттағы басылымдарды алуға, сатып алуға оларға жазылуға, сақтауға және таратуға тыйым салынады.

Олар әдеби құардарды журналдармен қосқанда 10 данаға дейін өзінде сақтауға құқылы. Артығын кітапханаға немесе сақтауға өткізуі тиіс және әдеби шығармаларды, газет-журналарды олар жұмыстан бос уақыттарында оқи алады.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілерге, режимнің түріне байланысты бір жылға есептегенде әр түрлі көлемде кездесулер өткізуге рұқсат етіледі. Сотталған кездесулерді отбасы мүшелерімен және ең жақын туыстарымен, сондай-ақ адвокатымен өткізілетін құқылы. Сотталғаның адвокатпен кездесуі оның кездесулер оз санына кірмейді. Кездесулерді мерзімнің ұзақтығына қарай 3 ке бөлуге болады; қысқа мерзімді кездесу-түзеу мекемесінің арнайы белгіленген жерінде 2 сағаттан 4 сағатқа дейін өткізіледі. Қысқа мерзімді кесу-отбасы мүшелерімен, сонымен қатар өзге адамдармен, достары, туыстарымен де өткізіледі. Ұзақ мерзімді кездесу-сотталғанның ең жақын туыстары яғни әйелімен, ата-анасымен, балаларымен, асырап бала қысылғандармен, бауырларымен, әпке-қарындасымен, атасы негізгі әжесімен, немерелерімен өткізіледі. Ұзақ мерзімді кездесу мекемесінің арнайы жабдықтауланған тұрғын-жайларында 1 тәулік 3 тәулікке дейінгі мерзімге бірге тұру жағдайында беріледі: Сотталғандарға кейбір ернекше жағдайларда, ұзақ мерзімді кездесулерді мекемесі бастығының рұқсатымен, өзге де адамдармен өткізе алмайды. Мұндай ұзақ мерзімді кездесулер уақытында сотталған жұмысынан босанып, ол жұмыс көлемін кейінгі уақыттарында орындарын міндеттенеді. Кездесу

тұрмыстық қажетті заттармен жабдықтаған жеке бөлмеде өткізіледі. Кездесулерді біріктіруге және бұл тыйым салынады, сондай-ақ ұзақ мерзімді кездесулер тікелей әкімшіліктің бақылаусыз оңаша өткізіледі.

Сотталған қатты науқас болғанда немесе ауруы өміріне қауіпті болғанда, жақын туыстарының біріне қасында болуға рұқсат етіледі. Барлық кездесулер түзеу мекемесінің бастығының рұқсатымен беріледі.

Сотталғандардың өз өтініштері бойынша ұзақ мерзімді кездесулер қысқа мерзімділермен, ал қысқа мерзімді кездесулер телефонмен арқылы сөйлесумен ауыстырыла алады. Кездесу өткізілер алдында кездесуге келген адам сотталғанға беруге болмайтын тыйым салынған затты бергісі немесе осындай заттарды одан алғысы келетінін әкімшілікке хабарлағанда, кездесуге келген адам талғанға тыйым салынған затты бергісі немесе осындай заттарды одан алғысы келетінін әкімшілікке хабарлағанда, кездесуге келген адам кездесу өткізілер алдында және өткізіліп болғаннан қол киімдері мен заттары тінтіліп, тексерлетініне келіскенде ғана беріледі. Мұндай келісім болмаған жағдайда, кездесу өткізуге рұқсат етілмейді немесе қысқа мерзімді кездесумен ауыстырылып өткізіледі. Кездесу өткізудің тәртібі бұзылған жағдайда, мысалы, түсінігін тілде сөйлескенде, тыйым салынған заттарды бергенде, т.б. тәрізді кездерде кездесу дереу тоқтатылады. Сотталғанның ең бірінші кездесу колонияға келіп түскен кейінгі кез келген уақытта беріледі және кездесудің түрін сотталған өзі анықтайды. Мұнан кейінгі кездесулер саны мен түрі заңда қарастырылғандай өткізіліп, оның саны мен түрі календарлық жыл бойынша емес, жаза өтеу уақытының басталу айы мен жылы арқылы анықталады. Түзеу мекемесінен тысқары жердегі ұзақ мерзімді кездесулер, ұзақтығы ғ тәулікке беріледі және мұндай кездесудің өтетін жерін түзеу мекемесінің бастығы белгілейді. Әрбір сотталушының жылына ұзақтығы 15 минутқа дейінгі 4 рет телефонмен сөйлесуге құқығы бар.

Бұл хабарласу түрінің ақысы сотталушының немесе оның жақын туыстарының жеке қаржытынан өтеледі.

Телефонмен сөйлесуге түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерінің қатысуы арқылы жүргізіледі. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда телефон арқылы сөйлесу қысқа мерзімді кездесулермен ауыстырылады.

Сотталған түзеу мекемесіне келгенде, сонымен қатар сотталғанның басында ерекше жағдайлар туындағанда, оның қтініші бойынша телефонмен сөйлесуге қосымша рұқсат етіледі. Оларға басқа түзеу мекемелерінде жаза өтеп жатқан немесе өзге дще сотталған адамдармен телефон арқылы сөйлесуге рұқсат етілмейді. Жаза өтеудің қатаң жағдайындағыларға, сондай ақ жазалу шарасына тартылған, яғни, айыптық, тәртіптік оқшалау орындарында, камералық тұрғын жағдайларда жалғыз

адамдық камералар да өтеушілерге телефонмен сөйлесуге рұқсат етілмейді. Жаза өтеудің қатаң жағдайларындағы сондай ақ жазалу шарасына тартылған, яғни, айыптық, тәртіптік оқшаулау орындарында, камералық, тұрғын жағдайларда және жалғыз адамдық камераларда, өтеушілерге телефонмен сөйлесуге рұқсат етілмейді. Жаза өтеудің қатаң жағдайындағыларға, сондай ақ жазалау шарасына тартылған, яғни, айыптық, тәртіптік, оқшаулау орындарында, камералық, тұрғын жағдайларда және жалғыз адамдық камераларда өтеушіге телефонмен сөйлесуге рұқсат етіледі. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші сотталғандарға посылка, бандероль, сәлемдемелер, алуға рұқсат етіледі. Оның саны түзеу мекемесіндегі режим түріне және жаза өтеудің жағдайына байланысты анықталады. Посылка, бандерольдар немесе сәлемдемелерде арқылы сотталған азық-түлік өнімдері мен жаза өтеу кезінде тыйым салынбаған заттарды ала алады. Келген посылка немесе бандерольді сотталғанның қатысуымен әкімшілік қызмеікерлер ашып көрсетеді. Посылканың немесе бандерольдың иең жоғарғы салмағы почта ережесіне сәйкес келуі керек немесе әдеттегі бандероль, посылка салмағынан аспауы керек. Ал сәлемдеменің салмағы бір посылканың салмағынан аспауы тиіс.

Жүкті әйелдер, түзеу мекемесінің балалар үйінде баласы бар әйелдер, 1 және 2 топтағы мүгедектер жаза өтеу режимнің түріне қарамай, әр түрлі заттарды, сондай ақ медициналық қорытынды мен анықталған дәрі-дәрмектерді қосымша посылка, бандероль, сәлемдемелер ретінде ала алады. Дәрі-дәрмектер салынған посылка немесе өзге де жіберілімдер сотталушының қолына берілмей, өткізіледі. Сотталушы түзеу мекемесі әкімшілігінің рұқсатымен посылкалар мен бандерольдар жібере алады. Егер сотталғанның посылка, бандероль, сәлемдемелер жіберетіндей жақын туыстары болмаса, онда оған азық-түлік өнімдері қажетті заттарды сатып алуға қосымша ақша жұмсауға рұқсат етіледі. Айыптық және тәртіптік оқшаулау орындарында жаза өтеп таққан сотталғандар, өздеріне келген посылка, бандероль, сәлемдемелер жазалау шарасынан босатылғаннан кейін ғана ала алады. Сотталғанның алатын посылка, бандерольінің арасында посылка, бандероль, сәлемдемелерінің нда белгілі бір уақытында болуы керек. Ол уақыттар, заң бойынша рұқсат етілген сан анықталады. Сотталған адамдардың хат алуы және жіберуі, әлеуметтік байланысты ұстауының және құптауының құралы болып табылады. Жазысудың санына шек қойылмайды. Сотталғанның жеделхаты жіберілуі тиіс. Түзеу мекемелерінде жаза өтеп жатқан сотталғандардың арасында хат жазысуға, түзеу мекемелерінің әкімшілігі өзгеше жағдайларда ғана рұқсат етеді. Сотталушының жазған хатының немесе оған келіп түскен хат үш күннен кешіктірілмей табыс ер немесе адресатқа жіберілуі тиіс. Жеделхат келіп түскенде, сотталғанның дереу тапсырылады. Сотталғанның жазған хаты түзеу мекемесі арқылы жіберіледі және әрбір хат әкімшілік арқылы тексеріледі. Шифрмен жазылса немесе мазмұнында түсініксіз сөздер болса да ақ

жариялауға болмайтын мәліметтер болса, жіберілмейді сотталғанның сот, прокуратура, яғни түзеу мекемесінің қызмет бақылау жасайтын органдарға жазған хаты ашылмайды, мазмұны тексерілмейді. Бас бостандығынан айырыру жазасын өтеуші сотталғандар аудармаларын алуға, сондай-ақ мұндай аудармаларды туыстары жіберуге тиіс. Туысына жатпайтын өзге адамдарға сот мекемесі әкімшілігімен рұқсат етілген жағдайда жіберіледі. Сотталғанға келіп түскен ақша оның жеке есеп шотына тқосылады, қолдану қолонияларында қолына беріледі. Егер жабылатын үй жайларда тұратын сотталған адамдар ауада жұмыс істемейтін болса, онда күндізгі уақыттарда сеніп өткізуге құқығы бар. Сейілдеу өткізуге айыптылық және оқшаулау орындарына, камералық үлгідегі үй жайларға, және жалғыз сорндық камераларға қамалғандар да шығарылады. Сейілдеу уақытында ұзақтығы түзеу мекемелрінде бір жарым сағатқа белгіленген.

Сотталғандардың сейілдеу түзеу мекемесі аумағының әрбір жабдықталған жерінде, отрядтардың кезектілігі тәртібімен күндізгі уақытта өткізіледі. Сейілдеу уақыты – сотталғандар түзеу мекемесіндегі ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың кинофильмдер мен телехабарлар көруге, радиохабарлар тыңдауға құқығы бар. Кинофильмдер – бұл түзеу мекемелерінің клубтарында аптасына кеміне бір рет қойылатын кинг болып табылады. Телехабарлар көру дегеніміз – сотталғандардың өз тұрғын жайларына телевизор алуы болып табылады.

Кинофильм қойылымдарын жазаны түрмеде өтеушілерден басқалары аптасына кемінде бір реттен көре алады. Яғни кинофильмге бас бостандығынан айыру жазасының әртүрлі ұстау жағдайларындағылар айыптылық оқшаулау орындарында, камералық және жалғыз адамдық камераларда жаза өтеп жатқандар апарылады.

Жазаны түрмеде, айыптылық оқшаулау орындарында, камералық үлгідегі тұрғын-жағдайларда, сондай-ақ жеке адамдық камераларда өтеп жатқандарға теледидар қойылымдарын көруге рұқсат етілмейді. Демек, телеқойылымдарды аталған жазалау шараларынан бөлек жерлердегі сотталғандар көре алады. Сотталғандар теледидарды өздеріндегі сауда дүкені арқылы немесе туыстарынан посылка, сәлемдеме ретінде ала алады. Сотталғандардың бірігіп ортақ телевизор сатып алуына құқығы бар. Олар телеқойылымдарды жұмыстан бос және ұйықтайтын уақытқа дейін көре алады. Сотталғандарға адалдықты, отан сүйгіштікті насихаттайтын кинофильмдер қойылады.

Оларға түнгі ұйқы уақытынан басқа жұмыстан бос уақыттарда радиохабарлар тыңдауға рұқсат етіледі. Тұрғын үй-жайлар, тәрбие жұмыс-бөлмелері, демалыс бөлмелері, жұмыс үй-жайлары, айыптылық оқшаулау камералары, камералық үлгідегі

үй-жайлар, жалғыз адамдық камералар түзеу мекемесінің қаражаты себебінен радионүктелермен жабдықталады.

Түзеу мекемелеріндегі режимнің маңызды элементтерінің бірі – сотталған адамдардың түзеу мекемесінен тысқары жол жүруі болып табылады. Жол жүру құқығы түзеу колонияларында, тәрбиелеу колонияларында, сондай-ақ тергеу изоляторы мен түрменің шаруашылық жұыстарын орындау үшін қалдырылған сотталған адамдарға беріледі.

Сотталғандардың жол жүруі, мерзімінің ұзақтығына қарай қысқа және ұзақ мерзімді болып екіге бөлінеді. Қысқа мерзімді жол жүру, сотталғандардың отбасында ерекше жағдайлар туындауына байланысты барып-қайту уақытын есептегенде, 7 тәулікке дейін беріледі. Барып-қайту уақыты, баратын жерінің қашықтығына байланысты 5 тәулікке дейін белгіленеді. Қысқа мерзімді жол жүрудің себептері жақын туысының қайтыс болуы немесе науқастың өмірінің қауыпты ауру болуы, сотталғанға немесе оның отбасына елеулі материалдық зардап келтірген табиғи зілзала, сондай-ақ жаза өтеуден босатылғаннан кейінгі еңбекке және тұрмыстық тұрмыстық мәселелерін алдын ала шешу бола алады.

Түзеу мекемесінен тысқары ұзақ мерзімді жол жүру сотталғанның жылдық демалысының уақытына қарай, яғни 15 тәулікке, ал кәмелетке толмағандарға 18 тәулікке беріледі. Ал жұмыс істемейтін сотталғандарға ұзақ мерзімді жол жүру, олардың заңға сәйкес демалыс мерзіміне тең уақытқа беріледі.

Түзеу колониясының балалар үйінде, баласы бар сотталған әйелдерге қысқа мерзімді жол жүру, баласын туыстарына немесе балалар үйіне тапсыру үшін барып-қайту уақытын есептегенде, 7 тәулікке дейін беріледі. Мұндай себеппен жол жүру кезінде де, барып-қайту уақытына 5 тәуліктен аспайтын уақыт беріледі. Түзету мекемесінен тысқары мүгедек баласы бар сотталған әйелдерге де, балалар үйінде баласы бар әйелдердікіндей жылына бір реттен қысқа мерзімді жол жүруге рұқсат етіледі.

Сотталғанның ерекше жағдайлар туындауына байланысты қысқа мерзімді жол жүруді сұраған өтінішін, түзеу мекемесі әкімшілігі 1 тәуліктен кешірмей қарауы тиіс. Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанның өтінішін қанағаттандырмағанда, оның себебін көрсетуі керек. Ол себептер, сотталғанның өтініш беру себебінің маңызсыздығы, оның қоғамға қауіпті болып, жаза өтеуден қашуының мүмкін болуы, жұқпалы аурумен ауыруы, т.б. болуы мүмкін.

Қысқа және ұзақ мерзімді жол жүру – қылмыстың аса қауіпті рецидивіндегі сотталғандарға, өлім жазасы кешірім жасаудың арқасында бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылғандарға, өмір бойына бас бостандығынан айыруға

сотталғандарға, СПИД және ВИЧ ауруларын жұқтырғандарға, есі дұрыстығы шектелген және психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға, алкоголизммен, уытқұмарлықпен, нашақорлықпен, ашық түрдегі туберкулезбен ауыратындарға, сондай-ақ соз ауруынан емделуді аяқтамағандарға берілмейді.

Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын, психикасының бұзылуынан зардап шегуші сотталғандарға, 1 және 2 топтағы мүгедектерге және денсаулық жағдайының нашарлауына байланысты үнемі күтімді қажет ететін сотталғандарға, сонымен қатар кәмелетке толмаған сотталғандарға түзеу мекемесінен тысқары жол жүру, тек туыс немесе өзге де жақын адамдардың алып жүруімен рұқсат етіледі.

Сотталғандар жолға өз қаражаты немесе жақын адамдарының қаражаты есебінен шығады. Олардың демалыс немесе жол жүру уақыттары жаза мерзіміне есептеледі, бірақ бұл уақыттар үшін оларға түзеу мекемесінде еңбекақы жүрмейді.

Сотталған түзеу мекемесінен тысқары жол жүргенде, баратын жеріне жеткеннен кейін, бір тәуліктің ішінде жергілікті ішкі істер органдарына тіркелуі тиіс. Сотталғанға қайтып оралуды қиындататын күтпеген жағдайлар туындағанда, ол жергілікті ішкі істер органына осы жағдайды мәлімдеп, олардан түзеу мекемесіне хабарлауды сұрауы керек. Мұндай жағдайда сотталғанның жол жүру уақыты қосымша 5 тәулікке дейін ұзартыла алады.

Түзеу мекемесінен тысқары жол жүре кезінде сотталғанға басқа мемлекетке бару керек болса, сол мемлекетпен осындай мәселе туралы осындай келісім болғанда ғана рұқсат етіледі.

Сотталған жол жүру кезінде тиісті уақытта түзеу мекемесіне қайтудан бас тартса немесе жазаны өтеуден бұлтарса, онда бұлтараудың мақсатын анықтау немесе оны жаза өтеу орнына қайтару үшін немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту жұмыстарын жүргізу мақсатында прокурордың санкциясымен 30 тәулікке дейін қамауға алынады.

Режимнің маңызды элементінің бірі – бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың айдауылсыз жаза өтеуі болып табылады. Бұл артықшылық, жаза өтеу кезінде өздерін жақсы жақтарынан байқатқан, түзелу бағытына түскен сотталған адамдарға, орындайтын жұмысының санатына қарай сәйкес келгенде беріледі. Тәрбиелеу колонияларында да өздерінің түзелу жолына түскендігін байқатқан кәмелетке толмағандар, колониядан тысқары жерлердегі жұмыстарға орындайтын жұмысының сипаты сәкес келгенде тартылады.

Сотталған түзеу мекемесінен сырт жерлердегі жұмысқа жіберілу үшін, түзеу мекемесінің бастығына өзінің жаза өтеуден бұлтармайтындығы туралы сенімхатын

береді. Мұнан кейін колония бастығы, сотталғанды айдауылсыз колониядан тыс жердегі жұмысқа жіберу туралы дәлелді қаулы шығарады.

Түзеу орындарынан тысқары жерлердегі жұмыстарға айдауылсыз мыналар жіберілмейді:

-қылмыстың аса қауіпті рецидисіндегі сотталғандар;

-өлім жазасы кешірім жасаудың арқасында бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылғандар;

-өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар;

-түзеу мекемесіне келгеніне 6 ай толмаған сотталғандар;

-алынбаған немесе жойылғанмаған жазалау шарасы бар сотталғандар;

-аса ауыр қылмыс жасағандығы үшін сотталғандар;

-түзеу мекемесінің қатаң жағдайында жаза өтеушілер.

Сотталған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамдар;

Жазаны өтеу кезінде қасақана қылмыс жасағандар;

Алкоголизм, уытқұмарлық, нашақорлық, ашық түрдегі туберкулезбен ауыратындар немесе соз ауруларының емдеу курсында толық өтпегендер және СПИД, ВИЧ жұқтырған сотталғандар.

Түзеу колониясынан тысқары жердегі жұмыстарға сотталғандарды айдауылсыз жіберу және ондай объектілердегі уақыт-ішкі тәртіп ережесімен реттеледі.

Айдауылсыз немесе қосып ертпей жүру мүмкіндігін пайдаланушы сотталғандар, түзеу мекемесіндегі немесе өзге де жерлерде оңаша тұрғын-жайларда тұрады. Олардың түзеу мекемесінен тысқары жерлердегі тұратын жатақханаларды, жергілікті атқару органдарының келісімімен ұйымдастырылады.

Айдауылсыз жүріп жаза өтеуші сотталғандар тәртіп бұзғанда, сондай-ақ орындап жүрген жұмысшының сипаты өзгерген жағдайда, түзеу мекемесі бастығы айдауылсыз немесе қосып ертпей жүруді алып тастау туралы қаулы шығарады, сотталғаннан бұл жеңілдік осы қаулының негізінде алынады.

Түзеу мекемесіндегі немесе оған жапсарлас аумақтардағы өзге де азаматтарға қатысты режимнің ережелері.

Түзеу мекемесі аумағында, мекеме әкімшілігі қызметкерлері мен сотталған адамдардан басқа, әртүрлі топқа жататын азаматтар бола алады.

Олар: діни қызметкерлер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, жергілікті атқару органдарының лауазымды адамдары, сот-прокуратура қызметкерлері, адвокаттар, кездесу өткізуге келген сотталушылардың туыстары және түзеу мекемесінің әртүрлі жұмыстарын атқару үшін сырттан шақырылған жалдамалы жұмысшылар болуы мүмкін.

Әкімшілік және құқық органдары қызметкерлерінен басқаларға, түзеу мекемесіндегі режимнің оларға қатысты жағдайлары түсіндіріледі. Жалдамалы жұмысшылар сотталғандарымен қатынас жасау ережелерін бұзғанда, олар жұмыстан шығарылып, түзеу колониясына ендігі жерде жіберілмейді. Ол тәртіп бұзушылықтар түзеу мекемесінетыйым салынған заттарды әкелу, сотталғандарға тіл тигізу тәрізді теріс әрекеттер бола алады.

Түзеу мекемесіне келген барлық өзге азаматтардың жеке басы қауіпсіздігі заңмен қорғалып, ол түзеу колониясы әкімшілігіқызметкерлерімен іске асырылады. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, діни адамдар, т.б. келгенде оларды түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлері сыртқы қақпадан күтіп алып, олардың баратын жерлеріне өздері ертіп аарады.

3. Режимді қамтамасыз ету құралдары.

Түзеу мекемелеріндегі режимді сақтау – режим мазмқнымен үске асырылмайды. Режимнің сақталуын қамтамасыз ету үшін, режим мазмұны мен талаптарының қорғалуын іске асыра алатындай заң нормаларымен бекілітген құралдар болуы керек.

Қылмыстық – атқару заңының кейбір нормалары, бағыты бойынша заңдылық пен тәртіпті сақтауға бағытталып, ол үшін біршама тәсілдер келтіреді. Режимнің сақталуына құрал болып табылатын нормалар, ең алдымен түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлеріне қатысты болып табылады.

Режимді қамтамасыз ету құралдары дегеніміз – бас бостандығынан айыру орындардағы режимнің бір қалыпты сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған заңмен белгіленген түзеу мекемесінің қызметі болып табылады.

Бұл қызмет мынадай құралдар арқылы іске асырылады:

- Қылмыстық-атқару заңының талаптарын түзеу мекемелері қызметкерлерінің бұлжытпай орындауы;
- Сотталғандарды күзетпен қамтамасыз ету;
- Сотталғандарға бас бостандығынан айыру орындарында әкімшілік тарапынан бақылау жүргізу;

- Сотталғандарға мадақтау және жазалау шараларын қолдану;
- Түзеу мекемелерінде оперативтік-іздестіру қызметінің жұмыс істеуі.

Түзеу мекемесі қызметкерлері жаза өтеу мәселесінің дұрыс, әрі заңды түрде жүргізілуі үшін, қылмыстық-атқару заңының және осы салада шығарылған өзге де нормативтік актілердің талаптарын сақтауға міндетті. Режим талаптары сақталмаған немесе әкімшілік тарапынан заңсыздыққа жол берілген жағдайда, түзеу мекемесіндегі режимге қарасты өмір бұзылуы мүмкін. Олар өз қызметтерінде заң талаптарын сақтаумен қатар, адамгершілік қағидасын дұрыс игеріп, моральдық-этикалық тұрғыдан өзгелерге өнегелілік көрсетіп, адаммен жұмыс істеу барысында педагогтық парасаттылықты таратуға ұмтылуы керек. Себебі, бұл қызметкерлердің мақсаттары түзеу мекемесіндегі тыныштықты сақтауға ғана емес, сонымен бірге сотталғандарды тәрбиелеуге, қылмыстықтың алдын алуға бағытталған.

Түзеу мекемелерінің әкімшілік қызметкерлері өздерінің жасаған заңсыз іс-әрекеттері мен сотталған адамдарға деген адамгершілікке жатпайтын қылықтары үшін заң алдында жауапкершілікке тартылады. Олар бір жылдың ішінде қайталап тәртіптік шараға тартылмайды. Заң талаптарын көрінеу қайталай бұзғандығы үшін, әкімшілік қызметкерін екінші ретінде жұмыстан шығарып жібереді. Ал, қылмыс болып табылатын іс-әрекетті жасағанда қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Сотталған адамдар әкімшілік тарапынан ең алдымен ілтипатты қатынас көруге, өзінің жазасы туралы, қажетті мәліметтер сұрауға, жеке басы қауіпсіздігін қорғау үшін әкімшіліктен көмек сұрауға құқылы және жазаны өтеудің белгіленген режимін бұзбай сақтауға міндетті.

Режимді қамтамасыз ету – қандай да бір деңгейде түзеу мекемесінде жұмыс істейтін өзге де азаматтарға немесе келіп-кетіп жатқан адамдарға байланысты. Олар өз қызметінің сипатына немесе келу мақсатына қарай, сотталған адамдармен байланысқа түседі. Олардың сотталғандармен жасаған байланысы заң талаптары шегінен шықпайтындай болуы керек.

Тәртіпті сақтау мақсатында, түзеу мекемесі әкімшілігі жалдамалы жұмысшыларға түзеу колониясындағы құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Онда, түзеу мекемесіне тыйым салынған заттарды әкелмеу, сотталғандармен дұрыс сөйлесіп, бірақ жақын қатынасқа түспеу, т.б. ескертіледі. Қылмыстық-атқару заңы: «Түзеу орындарындағы тәртіптің сақталуы және жаза өтеу орындарындағы негізгі еңбек, сотталған адамдардың өздерімен орындалуы үшін, жалдамалы қызметкерлердің жалпы көлемі сол колониядағы сотталғандардың 15 пайызынан аспауы керек», - дейді. Түзеу колонияларындағы режимді сақтау үшін, келген және шыққан көлік, шикізат немесе шығарылған өнім – барлығы тексеруден өткізіледі.

Режимді қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі – сотталғандарды қарулы күзетке алу және әкімшілік тарапынан бақылау болып табылады. Сотталғандарға күзет – ішкі әскери бөлімдермен жүргізілсе, ал бақылау – сол түзеу мекемелері әкімшілігінің қызметкерлері арқылы жүргізіледі. Күзет пен бақылаудың болуы, қоғамда осы адамдар тараптар жасалуы мүмкін қылмыстылықтан сақтандырады және режим талаптарының дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді. Яғни, сотталғандардың өзара төбелесінің, құмар ойындарының, жауаптылықтан бас тартып түзеу мекемесінен қашуының, т.б. алдын алуға бағытталған.

Режимді қамтамасыз етудің негізгі құралына, сотталғандардың жаза өтеу кезіндегі мінез-құлқына қарай, жазалау және мадақтау шараларын қолдану жатады. Жазалау және мадақтау шараларының басқа шараларына қарағанда, бұл жазада өзіндік ерекшеліктері байқалады.

Түзеу мекемелеріндегі мадақтау шаралары сотталғанның жан-жақтарын ескеруді, сонмен қатар жаза өтеу кезіндегі тәртіп бұзушылықтың алдын алуды көздейді.

Қылмыстық – атқару заңында қарастырылған мадақтау шараларын, деңгейіне және маңыздылығына қарай үшке бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топ қарапайым және бастапқы қолданылатын мадақтаулар болып табылады, оларға мыналар жатады:

- Алғыс жариялау;
- Сыйақы беру;
- Қосымша посылка немесе сәлемдеме алуға рұқсат беру;
- Қосымша қысқа немесе ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат беру;
- Мереке күндері азық-түлік өнімдері мен бірінші қажеттегі заттарды сатып алуға, бір айлық есеп көрсеткішіндегі сомада қосымша ақша жұмсауға рұқсат беру;
- Бұрын тағайындалған жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау.

Сонымен бірге, қоныстану колонияларында жаза өтеуші сотталғандарға, осы аталған мадақтау шараларынан басқа, мереке және демалыс күндері қоныстану колониясының аумағынан тысқары жерде қыдыруға рұқсат беріледі.

Бұл мадақтау шаралары сотталушының еңбекке адал қарағандығы, оқуды үздік оқығандығы, тәрбиелеу жұмыстарына ат салысқандығы үшін қолданылады. Сотталғандар жақсы мінез-құлықтармен жиі көзге түскенде және өзінің түзелу жолына түскендігін байқатқанда, мынадай екінші топтағы көтермелеу шаралары қолданылады:

- Түрмеде түзеу колониясына ауыстыру;
- Жалпы және қатаң режимдердегі түзеу колонияларынан қоныстану колонияларына ауыстыру.

Мұндай жеңілдік шаралары, сотталушы түзелу бағытына түскен жағдайда қолданылады. Сондықтан бұл шараларды көтермелеу шаралары ғана емес, жеңілдік деп те түсінуге болады. Мұндай жеңілдік шарасына тағылған адам, негізгі өтеп жатқан жазасында қанша мерзім қалса, сонша мерзімін жеңілірек жазамен өтейді. Кейбір сотталған адамдардың тобына бұл жеңілдік шаралары қолданылмайды.

Үшінші топтағы жеңілдік шараларына мыналар жатады:

- Жазадан шартты түрде ерте босатуға ұсыну;
- Кешірім жасау туралы ұсыныс шығару.

Бұл жеңілдік шаралары сотталған түзелу бағытына түсіп қана қоймай, өзінің түзелгендігіне күмән болмауы керек. Түзеу амалдарының және жазаның негізгі мақсаты – сотталғанды түзеу болғандықтан, жаза өтеп жатқан адам өзінің түзелгендігін байқатса, ол адамды әрі қарай түзеу орнында ұстаудың еш мағынасы жоқ. Сотталғандардың түзелгендігін немесе бұзыла бастағандығын анықтап, оған шара қолдану үшін, әрбір түзеу колониясында комиссия жұмыс істейді. Ол комиссияның мүшелеріне түзеу мекемесінің бастығы, оның көмекшісі, отряд бастықтары және сотталған адамдардың өкілдері де енеді. Комиссия ай сайын өз жиналыстарын өткізіп, түзелу бағытына түскендердің жазасын жеңілдету, түзелгендерді жазадан шартты түрде босату туралы сотқа ұсыныс жасай алады. Сонымен қатар, комиссия қоғамға қауіптілігі артқан сотталғандарды анықтап, оларға жазалау шараларын қолданады.

Әкімшіліктің заңда көрсетілмеген көтермелеу шарасын қолдануға құқығы жоқ.

Көтермелеу шаралары негізінен жазбаша жарияланады. Алғыс жариялауғана ауызша түрде тағайындалады.

Ақшалай сыйақы беру, сотталғанның есеп шотына қосылады. Қосымша посылка, бандероль, сәлемдеме алу, мұндай алымдарды алуға құқығы бар сотталғандарға ғана тағайындалады.

Сотталғандарды көтермелеу ретінде бұрын тағайындалған жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастағанда, тек жазалау шарасының біреуі ғана алынады. Жазалау шарасы қолданғанда, ол адамда бір жыл бойы жазалау шарасына тартылған деген атақ сақталады. Сондықтан ол шара ерте алынғанда, жазалау шарасын өтей бастаған күнінен бастап, байдан ерте жол берілмейді. Мұндай жазалау шараларына айыптылық оқшаулау орнына қамау, камералық үлгіден немесе жеке адамдық камераға ауыстыру жатады.

Сотталғандарға тағайындалатын жазалау шараларын екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топтағылар сотталушының тәртіп бұзуының түрі мен оның ауырлық деңгейлеріне қарай қолданылады. Оларға мыналар жатады:

- Ескерту немесе сөгіс;
- Екі айлық есеп көрсеткіші мөлшеріндегі тәртіптік айыппұл;
- Түзеу колониясында және түрмеде жаза өтеуші сотталғандарды 15 тәулікке айыптау оқшаулау орнына қамау;
- Жалпы және қатаң режимдердегі түзеу колонияларында өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы деп танылған сотталған ер адамдарды камералық үлгідегі үй-жайларға, ал ерекше режимдегі колонияларда жалғыз адамдық камераға 6 айға дейінгі мерзімге ауыстыру;
- Бас бостандығынан айыру жазасын қоныстану колонияларында өтеушілерге жазалау шарасы ретінде колония аумағында тыс жерлерде тұру құқығынан айыру және жұмысынан бос уақытта 30 күнге дейін жатақханадан шығуға тыйым салу қолданылады.

Қоныстану колонияларында жоғарыда келтірілген жазалау шаралары түгел қолданыла бермейді. Оларға камералық үлгідегі үй-жайға немесе жалғыз адамдық камераларға ауыстыру тәрізді жазалау шаралары қолданылмайды. Себебі олардың жаза өтеу орындарында камералық үй-жайлар болмайды.

Қылмыстық – атқару заңы жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылықты жеке анықтап, оларды сотталғандардың ең қауіпті тобына жатқызады. Қасақана немесе кәнігі бұзушылар ретінде айыптылық оқшаулау орнына қамалғандар, сондай-ақ камералық үй-жайға немесе жеке адамдық камераға ауыстыру түріндегі жазалау шараларына тартылғандар алынады.

Жүкті әйелдерге және түзеу мекемесінің балалар үйінде баласы бар әйелдерге айыптылық оқшаулау орнына қамау, камералық үлгідегі үй-жайға және жеке адамдық камераға ауыстыру тәрізді қатал жазалау шаралары қолданылмайды.

Айыптық оқшаулау орнына қамалған сотталғандар – бұл мерзімде қоғамнан толық оқшауланады. Оларға кездесу өткізуге, телефон арқылы сойлесуге, посылка, бандероль, сәлемдемелер, азық-түлік өнімдерін сатып алуға рұқст етілмейді. Қылмыстық – атқару заңы олардың жұмыс істеуіне шектеу қоймайды, тек айыптылық оқшаулау, камералық немесе жеке адамдық камералық тұрғын-жайларға көшірілгендердің жеке жұмысқа жіберілуін талап етеді.

Айыптылық оқшаулау орнында болу сотталушының жағдайын баяндатады және одан денсаулығының бұзылуы әбден ықтимал. Сондықтан айыптылық оқшаулау қысқа мерзімге, яғни 15 тәулікке дейін тағайындалады. Олар күніне бір сағаттық сейілдеу өткізуге құқылы.

Жазалау ретінде камералық үлгідегі үй-жайларға немесе жалғыз адамдық камераларға көшірілгендер, ай сайын азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жаза өтеу кезінде тапқан қаражатынан 4 айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде сатып ала алады. Олардың 6 ай ішінде бір посылка, бір бандероль, бір сәлемдеме алуға және күніне бір жарым сағаттық сейілдеу өткізуге құқығы бар. Кездесулер өткізуінің саны шектелген және 6 айда бір рет қысқа мерзімді кездесі өткізе алады.

Сотталған жазалау шарасын өтеу кезінде науқасқа шалдығып, осы себептен ол жазалау орнын емдеу-профилактикалық мекемелеріне көшірілсе, жазалау мерзімі тоқтатылмайды және емделу уақыты жазалау мерзіміне есептеледі.

Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанға жазалау шарасын тағайындау кезінде оның тәртіп бұзушылығының қажеттілік деңгейін ескеруі тиіс. Сотталушыны «жаза өтеу тәртібін қасақана бұзушы» деп тану туралы түзеу колониясы бағытының негізгі қаулысында тәртіп бұзушылықтың түрі көрсетіліп, баяндалады.

Жазалау шаралары әдетте жазбаша түрде қолданылады, тек ескерту немесе сөгіс ауызша да тағайындала алады. Жазалау шарасы мекемесі бастығының немесе оның орнындағы адамның қаулысымен қолданылады. Қаулы – тәртіп бұзушы сотталған адамға қол қойылдырып жарияланады. Бір тәртіп бұзушылық үшін бірнеше жазалау шарасын қолдануға болмайды.

Егер сотталған тәртіптік айыппұлға тартылса, онда өндіріп алынған айыппұл сомасы республикалық бюджетке аударылады.

Жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы деп таныған қаулысы сотталған қайталай тәртіп бұзушылық жасаған жағдайын аса ауырлатуы мүмкін. Өйткені, бұрын тәртіптік оқшаулау, камералық үй-жайға немесе жалғыз адамдық камераға ауыстыру шаралары қолданылғандар, одан да ауыр жазалауға тартылуы мүмкін.

Жазалау шарасының екінші тобына мыналар жатады:

Қоныстану колониясынан түзеу колониясына қайта ауыстыру, ал сот үкімі бойынша қоныстану колониясы тағайындалған сотталғандарды түзеу колониясының жалпы режиміне ауыстыру;

Жалпы және қатаң режимдердегі түзеу колонияларын жылға дейінгі мерзімге түрмеге ауыстыру.

Қауіпсіздік шаралары және қаруды қолданудың негіздері мен тәртібі.

Режимді қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі – қауіпсіздік шараларын қолдану, яғни түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлерінің күш, арнайы құралдар мен қару қолдануы болып табылады. Қылмыстық – атқару заңы қауіпсіздік шараларын жүргізуге байланысты 3 түрлі құралды келтіреді: күш қолдану, арнайы құралдар және қару қолдану. Заңда осы қауіпсіздік шараларының қолданылу негізі және түзеу мекемесі қызметкерлерінің құқыққа сай қолдануының тәртібі қарастырылған.

Сотталған адамдар тарапынан түзеу мекемесі қызметкерлеріне қауіп туындағанда, олар қажетті қорғану және мәжбүрлі қажеттілік құқықтарын пайдалана алады. Бірақ түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлерінің негізгі жұмысы бас бостандығынан айыру орындарында режимнің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан, әкімшілік қызметкерлері күш, арнайы құрал және қарулы жеке басы қауіпсіздігін қорғау үшін ғана емес, негізінен түзеу мекемелеріндегі режимнің бірқалыпты жұмыс істеуі, оның сақталуы қолданылады.

Режим талаптарының сотталған адамдар тарапынан бұзылуы, қылмыстық – атқару заңының 81-бабының 1-бөлігінде қарастырылды. Ол жағдайлар, түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлерінің күш, қару, арнайы құралдар қолдануына немесе қауіпсіздік шараларын жүргізуіне негіз болып табылады. Мұндай негіздерге, сотталған адамдардың түзеу мекемесінің қызметкерлеріне қарсылық көрсетуі, олардың заңды талаптарына қасақана бағынбауы, бойұсынбаушылыққа, жаппай тәртіпсіздіктерге немесе аманаттар басып алуға ұмтылуы немесе осы тәрізді басқа да іс-әрекеттер жасауы, азаматтарға шабуыл жасауы, сондай-ақ түзеу колонияларынан қашып шығуға әрекеттенуі қашқын сотталушының ұстау кезінде құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтатпауы, сондай-ақ ол адамдардың өзге сотталған адамдарға немесе өзіне-өзі зиян келтіруге оқталуы жатады.

Қауіпсіздік шараларын осы аталған негіздер бойынша қолдану кезінде түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлері сотталғанға барынша аз шығын, аз қауіп тудыратын құралдарды пайдалануға тиіс. Демек, олар реті келгенше дене күшін қолданумен шектеледі. Ал, бұл тәсілді қолдану – қауіпті немесе мүмкін болмаған жағдайда арнайы құралдар қолдануға болады. Қауіпсіздік шараларының ішіндегі ең соңғы, ең қатал шара – атылатын қару қолдану болып табылады. Ол туындайтын қауіптің жолын басқа амалмен алуға мүмкін болмағанда ғана қолданады.

Күш қолдану дегеніміз сотталғанға әкімшілік қызметкердің өз күшін қолданылуын білдіреді. Әкімшілік қызметкердің өз күшін қолдануы үшін самбо, дзюдо, каратэ, т.б. тәсілдерді қолдануға құқылы. Күш қолдану кезіндегі сотталушының денесін ауырту немесе оны ұру арқылы бағынуға мәжбүрлейді. Сотталғанның дене мүшелерін сындыру тәрізді зардап түрлері қолданбауы керек. Дене

күшін қолдану кезінде сотталғанның денсаулығына зардап – соңғы амал немесе мәжбүрлі қажеттілік ретінде келтіріледі.

Арнайы құралдардың қатарына резиналы ұрғыш таяқтар, кісен немесе байлау құралдары, бөгеттерді бұзатын техникалар, бронемашиналар, су шашатын машиналар, газды қарулар, иттер жатады. Түзеу мекемелерінің әкімшілік қызметкерлері, оперативтік-ізвестіру қызметкерлері күнделікті жұмысында резиналы таяқтармен, кісендермен жабдықталады. Олар күш қолдану кезінде әдетте осы құралдарды қолдануға құқылы. Ал сотталғандардың ұйымдасқан түрдегі қарсылығы немесе жаппай тәртіпсіздік тәрізді басу қиындыққа соқтыратын бүліктеріне, арнайы құралдардың ішінен бөгет бұзғыштар, су шашатын машиналар, т.б. қолданылады. Мұндай құралдар да сотталғандар қарсылығын тоқтатқанша, бойұсынғанша қолданылады.

Атылатын қаруларға арнайы соғыс қаруы ретіне шығарылған, белгілі бір қашықтықтан қолдануға болатын, оқдәрі немесе өзге заттармен күш алатын механикалық жолмен жасалған қарулар, яғни тапанша, автомат, винтовка, гранатометтер жатады. Атылатын қаруларға басқа мақсаттарға байланысты шағарылған қару-құралдар жатпайды. Мысалы, құрылыс пистолеттері, спорттық тапаншалар, ракетницалар атылатын қару болып есептелмейді.

Қауіпсіздік шараларына жататын құралдарды қолданудың жалпы талаптарына мыналар жатады :

- қылмыстық – атқару жүйесінің қызметкерлері қауіпсіздік шараларын, яғни өз күштерін, арнайы құралдарды, аталатын қаруларды тек режим талаптары белгіленген жерлерде – түзеу колониясында немесе оған жапсарлас аумақтарда қолданады;
- қызметкерлер күш, арнайы құралдар, атылатын қаруларды қолдануға жарайтындығы туралы арнайы дайындықтардан және белгілі бір кезеңдерде тексерулерден өтіп тұруы және алғашқы медициналық көмек көрсете алатындай болу керек;
- қылмыстық – атқару жүйесінің қызметкерлері күш, арнайы құралдар, атылатын құралдар қолданар алдында, сотталғандарға қару қолданатындығы туралы ескерту жасап, талаптарды орындауға жеткілікті уақыт беруі керек.

Егер түзеу колонияларындағы тәртіп бұзушылық кезінде, сотталған адамдардың тарабынан белгілі бір сотталған адамдардың, түзеу мекемесі қызметкерлерінің, жай азаматтардың немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына қауіп нақты туындаса, онда күш, арнайы құралдар, атылатын қарулар төніп тұрған зардаптың алдын алу үшін ескертусіз қолданылады. Мұндай жағдайда күш қаруды қолданбай күтіп тұру ақылға сыйымсыз ғана есес, төніп тұрған зардаптың болуына жол берушілік, заңға қайшы әрекетсіздік болады.

Күш – құрал, атылатын қару қолдану кезінде әкімшілік қызметкерлері сотталғандарға барынша аз зардап келтіру арқылы қарсылықты, заңсыз іс-әрекеттерді тоқтатуға тырысуы тиіс. Жарақаттанған сотталғандарға медициналық алғашқы жәрдем көрсетіліп, оңаша жерлерге шығарылу керек;

Сотталған адамдардың тәртіпсіздігі, қарсылығы, бойұсынбаушылығы жаппай түрде болғанда, түзеу мекемесінің бастығы Әділет министрлігіндегі тиісті лауазымды адамдарға хабарлауы керек. Ал, күш, арнайы құрал, атылатын қару, тек белгілі бір сотталған адамдарға қолданылғанда, оны қолданған қызметкер бұл туралы түзеу мекемесі бастығына хабарлауы тиіс;

Күш – қару қолдану кезінде адамдарты жарақаттанғанда немесе қайтыс болғанда бұл жағдайлар түзеу мекемесінің бастығы мен жергілікті прокурорға хабарланады;

Заңда қарастырылмаған басқа құралдарды, түзеу мекемесі қызметкерлері арнайы құрал немесе атылатын қару қолында болмаған жағдайда, аса қажеттілігіне қарай қолданады.

Күш, атылатын қару, арнайы құралдарды қолданудың белгіленген тәртібін бұзу немесе сақтамау, тиісті заңдар бойынша жауаптылыққа соқтырады.

Қауіпсіздік шараларының құралдары қауіптің деңгейіне, сотталушының құқыққа қайшы әрекеттеріне қарай таңдалып қолданылады. Жиі қолданылатын қауіпсіздік шарасының түрі – арнайы құралдарды қолдану болып табылады.

Арнайы құралдар негізінен мынандай жағдайларда қолданылады :

- түзеу мекемесу әкімшілігінің қызметкеріне, әскери қызметшілерге, сотталғандарға, өзге де азаматтарға жасалған шабуылды тоқтату үшін;
- жазаны өтеу орнынан, қамаудан қашқан, сотталған адамдарды ұстау және түзеу мекемесіне қайтару үшін;
- алып жүру және сотталған адамдарды күзеті кезінде, олар мінез-құлқының қауіптілігіне қарай сырт ортаға қауіп тудыруы мүмкін деп саналса;
- жаппай тәртіпсіздікті, бойұсынбаушылықты немесе сотталғандардың топ болып төбелесуін тоқтату, сондай-ақ қызметкерлерге немесе әскери қызметшілерге көрсеткен қарсылығын басу мақсатында;
- басып алынған үй-жайларды, ғимараттарды, кепілге алынған адамдарды, көлік құралдарын босату үшін қолданылады.

Арнайы құралдар көпшілік жағдайда аралас қолданылғанымен, ол құралдарының әрқайсысының қай кезде, қалай қолданылатын реттері бар.

Мысалы, кісендер мен резиналы таяқтар әкімшілік қызметкерінің тікелей өзіне бағытталған шабуылды тоқтату, жаппай тәртіпсіздіктер мен топ күйіндегі

сотталғандардың қарсы әрекеттерін басу мақсатында, сондай-ақ сотталғандардың көрінеу бағынбаушылығын немесе қарсылығын тоқтату үшін қолданылады.

Бөгеттерді бұзу құралдары жаппай тәртіпсіздік, сотталғандардың ұйымдасқан топ болып қарсылық көрсетуін немесе бағынбаушылығын басу мақсатында қолданылады.

Бронемашиналар мен су атқыш құралдар да жаппай тәртіпсіздік, сотталғандардың ұйымдасқан топ болып қарсылық көрсету кезінде, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды босату мақсатында қолданылады.

Иттер түзеу мекемелерінің қызметінде тұрақты қолданылады. Сондықтан қауіпсіздік шараларының бұл құралы барлық жағдайда кездеседі. Иттер сотталғандардың жызыны өтеуден бұлтару мақсатында қашуы, сотталушының бағынбаушылығы мен қарсылығы, жаппай тәртіпсіздік кезінде, сондай-ақ түзеу мекемесінің жұмысын бірқалыпты сақтау мақсатында қолданылады. Иттерді қылмыстық атқару қызметінде бас бостандығынан айыру колониясының әкімшілік қызметкерлері емес, ішкі майданға қарасты әскери қызметшілер пайдаланады.

Арнайы құралдарды, атылатын қаруларды, сондай-ақ газ шашатын қаруларды жүкті әйелдерге, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға немесе мүгедек сотталғандарға қолдануға болмайды. Бірақ, мұндай топқа жататын сотталған адамдар – әкімшілік қызметкерлеріне және өзге де азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл жасаса, аталған құралдарды қолдануға болады. Сондай-ақ, бұл құралдарды сотталғандардың шабуылынан өзге азаматтар зақым алуы мүмкін болса, азаматтардың кепілге түсуі қауіпі нақты төнсе, қолдануға қажеттілік туындайды. Мұндай жағдайларда, әдетте қолданылмайтын құралдарды қолдану – аса қажеттілік жағдайының туындағанын білдіреді. Қылмыстық – атқару жүйесі қызметкерлері азаматтар мен қоғам, мемлекет мүдделерін қорғауға өзге амал қалмағанда және мұндай мүдделерге төнген қауіптің алдын алуға өзге құралдар, тәсілдер болмағанда, кез келген құралды мәжбүрлі қажеттілік ретінде қолдана алады. Мұндай жағдайға қойылатын негізгі талап – келтірілген зардап қайтарылған зардаптан кем болуы керек.

Қауіпсіздік шараларының ішінен атылатын қарулар, тек ерекше жағдайларда, яғни аса қажетті жағдайларда қолданылады. Бас бостандығынан айыру мекемелері қарулы әскери күзетпен қамтамасыз етілгендіктен, түзеу мекемелеріне атылатын қаруды қолданудың негіздері мен тәртібі заңдарда бекітілген. Атылатын қарумен тек тәрбиелеу колониялары мен әйелдер колониялары күзетілмейді. Қызметкерлер атылатын қаруды мынандай жағдайларда қолдануға құқылы :

- азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуылдан қорғау үшін;

- кепілге алынған адамдарды, басып алынған үй-жайлар мен ғимараттарды және көлік құралдарын босатып алу үшін;
- қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері мен әскери қызметшілердің, сонымен қатар сотталған адамдар мен өзге де азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіптің жолын кесу үшін;
- сотталғандардың атылатын қаруды иелену мақсатында жасаған шабуылын тоқтату үшін;
- түзеу мекемесінің объектілеріне, әкімшілігіне, көлік құралдарына, топ күйіндегі немесе қарулы шабуылды басу үшін;
- адамдардың өміріне, денсаулығына және меншігіне қарсы ауыр қалмыс жасау кезінде қарсылық көрсеткен немесе қарулық қарсылық көрсеткен және басқа қамаудағы сотталған адамдарды босатып алуға ұмтылған әрекеттерді тоқтату үшін, сондай-ақ түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерінің қаруланған сотталушыға қаруды тапсырып, бағыну туралы талабын орындамағаны үшін;
- сотталғандардың жазаны өтеуден бұлтарып, түзеу мекемесінен қашуын тоқтату үшін; Сотталған күндізгі уақыттарда қашса, алдымен ескеру жасау керек. Ал түнгі уақытта қашса, ескертусіз-ақ атылатын қару қолданылады;
- әртүрлі қауіптердің туындауына байланысты белгі беру немесе көмек шақыру мақсатында да атылатын қаруды қолдануға болады.

Түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерлері және ішкі әскерлерге қарасты әскери қызметшілер, кейде сотталушының қылмысты әрекеті немесе режим талаптарына қауіп төндіре отырып, кенеттен бұзуы кезінде атылатын қаруды шұғыл, алдын ала ескертусіз қолдануға мәжбүр болады.

Атылатын қарулар мынандай жағдайларда ескертусіз қолданылады :

- бас бостандығынан айыру орындарынан сотталғанның қашуы, сондай-ақ көлік құралдарын пайдаланыр немесе атылатын қаруды иеленіп қашуы кезінде;
- сотталғанның қару немесе көлік құралдарын пайдаланып, әкімшілік қызметкерлеріне шабуыл жасауы кезінде;
- соттауға немесе қамауға алынған адамның атылатын немесе суық қарулармен қылмастық-атқару жүйесі қызметкеріне ара қашықтықты қысқартып жақындауы, сондай-ақ олардың әкімшілік қызметкерлерінің қаруына ұмтылуы кезінде ескертусіз қолданылады.

Егер түзеу мекемесі әкімшілігі қызметкерінің қаруды қолданар алдында сотталғанды райыннан қайтаруға уақыты болса, онда қаруды атылатын дайындыққа көзінше келтіріп немесе ескерту оғын атып тоқтатуы керек.

Сотталған адамдар түзеу мекемесіне келіп, карантинге жіберілген кезде, қандай кездерде оларға қауіпсіздік шаралары қолданылатындығы, атылатын қарулардың ескертусіз-ақ қолданылатын ретпен түсіндіріледі.

Түзеу мекемелеріндегі қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етудің келесі бір құралы – ол колонияларда дыбыстық – бейнелік, электронды және басқа да техникалық құралдарды пайдалану болып табылады. Түзеу мекемелерінің әкімшілігі сотталғандардың қашуы мен басқа да қылмыстарын, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзудың алдын алу және олардың мінез-құдқы туралы қажетті ақпарат алу мақсаттарында аталған техникалық, электронды, т.б. заттар қолдана алады. Мұндай құралдар сотталған адамдардың жұмыс істейтін объектілерінде де, тұрғын-жай зоналарында да қолданылады. Егер түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғандардың өмірі мен денсаулығына қауіп тудыру мүмкін техникалық құралдарды түзеу мекемесінде қолданса, бұл жағдай сотталғандарға хабарланады.

Режимді қамтамасыз ету мақсатында, әрбір түзеу колониясында жедел-іздестіру қызметінің жұмысы ұйымдастырылған. Бұл қызмет режимді қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейтіндіктен олардың қызметі де қамтамасыз етудің құралдарына жатады. Жедел-іздестіру қызметкерлерінің жұмысы – түзеу мекемелерінің барлық аумағында жүргізіледі. Олардың қызметінің негізгі мазмұнына және міндетіне сотталған адамдардың, түзеу мекемесі қызметкерлері мен өзге де адамдардың жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, түзеу мекемесінде дайындалып жатқан немесе жасалмақшы қылмыстар мен жазаны өтеудің белгіленген тәртібін, бұзу оқиғаларын анықтау, ашу және алдын алу, бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден жалтарған сотталғандарды іздестіру, сонымен қатар олардың түзеу мекемесіне келгенге дейін басқа да жасаған қылмыстарын ашуға тергеу органдарына жәрдемдесу жатады. Осы аталған қызметтерді іске асыру үшін жедел-іздестіру қызметкерлері түзеу мекемелерінің әкімшілігімен, өзге де азаматтармен, арнайы мамандармен, сондай-ақ сотталған адамдармен де бірлесіп жұмыс істейді.

Түзеу мекемелеріндегі айырықша жағдайлар режимі.

Соттар бас бостандығынан айыру жазасын, басқа жазаны тағайындау жазаның мақсатына жеткізбейді деп есептелгенде, ең қатал шара ретінде тағайындайды. Сондықтан, бас бостандығынан айыру органдарында сотталған адамдардың жаппай тәртіп бұзушылығы, өзара төбелесі, бойұсынбаушылығы тәрізді, құқық бұзушылықтары кездесіп отырады.

Түзеу мекемесі орналасқан табиғи апаттар : өрт, су тасқыны, жер сілкінісі немесе өзге де түзеу мекемесінің бірқалыпты қызметіне кедергі жасайтын уақиғалар : соғыс, ұлтаралық жанжал, жұқпалы ауру немесе ірі авариялар болуы мүмкін. Аталған жағдайлардың барлығы түзеу мекемесінің қызметіне бөгет жасайды немесе режимінің бірқалыпты сақталуына кедергі туғызады. Осындай уақиғалардың туындауына байланысты, ол жерлердегі түзеу колонияларында немесе бүкіл аудан аумағында төтенше жағдай жариялануы мүмкін.

Түзеу мекемелеріндегі ерекше жағдайлар режимінің негізгі мақсаты – жазаны атқару тәртібін қамтамасыз ету болып табылады. Сотталған адамдардың теріс мінез-құлқына немесе оларға тәуелсіз сырт жағдайларға байланысты режимінің мұндай түрі тағайындалғанда, сотталғандардың жаза өтеуі және қылмыстық-атқару мекемелерінің қызметі сақталады.

Әдетте ерекше жағдайлар режимі – сотталғандардың жаппай тәртіпсіздік, ұйымдасқан түрде бойұсынбаушылық, сондай-ақ сотталғандардың арасында өзара жанжал болуына байланысты түзеу колониясының ішкі негіздері бойынша тағайындалады. Ерекше жағдайлар режимін енгізуге түзеу мекемесіне тәуелді емес сырт жағдайлар да әсер етеді. Олардың қатарына түзеу мекемесіне таяу жерде соғыс, ұлтаралық жанжал, жұқпалы ауру, авариялар болуы жатады. Бұл сырт уақиғалар түзеу колониясындағы әдетте өмірге әсер ете алады немесе сотталғандардың арасында толқу, абыржу, жанжал тудыруы мүмкін.

Түзеу мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін жариялау, сотталғандардың осы құқық және өзге де құқық салаларынан туындайтын кейбір құқықтарын шектеуге мәжбүр етеді. Ерекше жағдайдағы режимінің тағы бір көрінісі – ол түзеу колониясында күшейтілген бақылау мен күзеттің орнатылуы болып табылады. Режимінің мұндай түрі қолданылған кезде сотталғандар жұмыс объектілеріне жіберілмеуі мүмкін және күн тәртібі өзгертіліп, өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық, мәдени-ағартушылық, медициналық-санитарлық қызметтердің жұмысы шектеле алады. Сонымен қатар сотталғандарға бұл уақыттардың ішінде посылка, бандероль, сәлемдемелер берілмеуі, кездесулер өткізілмеуі немесе телефонмен сөйлесу мүмкіншілігі шектелуі мүмкін.

Ерекше жағдайлар режиміне байланысты сотталғандардың құқықтарын шектеу көлемі, осы режимді енгізудің негізіне байланысты анықталады. Сондықтан, себеп тудырған негіз аса қауіпті болса, сотталғандардың түгелге жуық құқықтары шектеле алады. Мысалы, жаппай тәртіпсіздік немесе сотталғандардың колония болып өзара жанжалға көшуі кезінде, олар түгел тұрғын-жай колониясына қамалып, күшейтілген күзет пен бақылауға алынады. Мұндай негіздегі режим кезінде кино көрсетілмейді, моншаға апарылмайды, оқу, жұмыс істеу тәрізді күнделікті тіршілік түгел шектеліп, сотталғандар үнемі қамауда болады. Ал сырт негіздерге, яғни түзеу мекемесінің өзіне байланысты емес себептерге қарай ерекше жағдайлар режимі есептелгенде, сотталғандар кейбір құқықтарын пайдалана алады. Мысалы, телефонмен сөйлесу, посылка, бандерольдар алу, тұрмыстық-коммуналдық қызмет сақталуы мүмкін.

Ерекше жағдайлар режимін енгізуге негіз туындағанда, түзеу мекемесінің бастығы өзінен жоғары тұрған орган – Әділет министрлігіне хабарлайды. Әділет министрі Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісе отырып ерекше

жағдайлар режимін 30 тәулікке дейін белгілейді. Ерекше жағдайлар режимін белгілеуге себеп кенеттен туындағанда, оны түзеу мекемесінің бастығы өзі енгізе алады. Бірақ, түзеу мекемесінің бастығы бұл жағдайды дереу Әділет министрлігіне хабарлауы тиіс. Әділет министрі ерекше жағдайлар режимін енгізуді бекітеді немесе негізсіз деп тапса, алып тастайды.

Режимнің бұл түрі белгіленгенде, сотталғандардың ғана емес, кейбір заңды тұлғалар мен азаматтардың да құқықтары мен заңды мүдделері шектеулі мүмкін. Мысалы, ерекше жағдайлар режимі жұмыс беруші мекеме, кәсіпорындарға, жергілікті атқарушы органдарға тиімсіз болып келеді. Сондай-ақ, түзеу мекемесінде жұмыс істейтін өзге азаматтар да, мысалы, дәрігерлер, мұғалімдер жұмысқа жіберілмеуі мүмкін. Ерекше жағдайлар режимі айырықша реттерде, яғни түзеу мекемесінде немесе оның төңірегіндегі жерлерде режимінің бұл түрін енгізуге себеп болған жағдай тоқтамағанда, қосымша 30 тәулікке ұзартыла алады.

ҮШ–ТАРАУ. ӘР ТҮРЛІ РЕЖИМДЕРДЕГІ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ ТӘРТІБІ.

Режимнің түрлері және әртүрлі түзеу колонияларында жазаны атқарудың тәртібі мен жағдайлары.

Режимнің түрі – түзеу колонияларының түрін білдіреді. Бас бостандығынан айыру жазасын атқаратын түзеу мекемелері төртке бөлінеді :

- түзеу колониялары;
- түрмелер;
- тәрбиелеу колониялары;
- емдеу-түзеу мекемелері.

Бұл түзеу мекемелері сотталғандардың қоғамға қауіптілік деңгейіне, олардың жасына, сондай-ақ денсаулық жағдайына қарай өзара ажыратылады. Ересек, кәмелетке толған сотталғандар жазаны түзеу колонияларында немесе түрмелерде өтсе, ал кәмелетке толмағандар тәрбиелеу колонияларында өтейді. Денсаулығы нашарлағандар, науқасқа шалдыққан сотталғандар жазаны емдеу-түзеу мекемелерінде өтейді. Түзеу колониялары сотталғандардың жасаған қылмыстарының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына және қылмыскердің жеке басының қауіптілігіне қарай қоныстану колонияларына, жалпы, қатаң және ерекше режимдердегі колонияларға бөлінеді.

Қоныстану колонияларында абайсыздықта жасаған қылмысы үшін 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар және жалпы, қатаң режимдердегі түзеу колонияларын түзелу бағытына түскендігі үшін, көтермелеу шарасы ретінде ауыстырылғандар өтейді. Бірақ абайсыздықтағы қылмысы үшін

сотталғандар мен түзеу колонияларынан қоныстану колонияларына ауыстырылғандар жазаны бір-бірінен бөлек өтейді. Барлық қоныстану колонияларында жаза өтеудің жағдайлары бірдей.

Қоныстану колонияларын былай елестетуге болады. Бұл колониялардың сырты қоршаулы болады, бірақ қарулы күзет сырттан да, іштен де қойылмайды. Колонияға кіре беріс қақпада, осы мекеменің әкімшілігі қызметкерлері кезекшілік қызметін жүргізеді. Олар колония аумағына бөгде адамдарды кіргізбейді, сондай-ақ сотталғандарды жұмыс уақытынан кейін сыртқа шығармайды. Қоныстану колониясының аумағы тұрмыстық-коммуналдық қажеттілікпен, яғни тұрғын үйлермен, асханамен, моншамен, кинозалмен, т.б. жабдықталады. Мұндай түзеу мекемесінде жаза өтеушілер сотталғандардың арнайы үлгідегі киімін кимейді, олар жай азаматтардың еркін киімін киеді. Сотталғандар қоныстану колониясынан сырт жерлердегі объектілерде еңбек етеді. Олар жұмыс объектілеріне топ күйінде де, жеке ретте де жіберіледі. Жұмыстан бос уақытта олар бірден жаза өтеу орнына қайтуы тиіс және кешкі-түнгі уақыттарды колония аумағынан сыртқа шығуға тыйым салынады. Ал қоныстану колониясының аумағында таңертеңгі уақыттан ұйқы уақытына дейін еркін жүріп тұра алады. Оларға өздерімен бірге ақша, қажетті заттар алып жүруге рұқсат етіледі. Жеке басын қуәландыратын құжат ретінде арнайы анықтама беріледі, ал өзге ресми құжаттары жеке ісінде сақталады. Олар демалыс немесе мереке күндері колония әкімшілігінің рұқсатымен колония жерінен тыс жерлерге шығып қыдырыстай алады. Колониядан тыс жерлерде қыдырыстау --көтер-мелеу шарасы ретінде де беріледі.

Түзеу мекемесінің бұл түрінде сотталғандардың кездесулер өткізуіне, посылка, бандероль, сәлемдемелер алуына шектеу қойылмаған. Телефонмен өз қажетіне қарай сөйлесе алады. Қоныстану колонияларында жаза өтеушілерге бұл жағынан шектеу қойылмауының себебі, біріншіден, олар колониядан тыс жерлердегі еңбекке тартылады және көпшілік жағдайдағы жұмыс орны түзеу мекемесінің жұмыс объектілеріне тікелей жатпайды, екіншіден, осындай жағдайдағы еңбекке тартыла отырып, олардың ресми рұқсатсыз-ақ кезде-сулер өткізуге, телефонмен сөйлесуге мүмкіншілігі бар.

Қоныстану колониясында жаза өтеушілер, колония ішіндегі арнайы жатақханаларда тұрады. Жатақхананың сыртқы есіктері әкімшілік арқылы жабылмайды. Егер сотталған отбасымен бірге тұрғысы келсе, онла әкімшілік ол сотталғанның мінез-құлқы қауіпті болмағанда, рұқсат бере алады. Мұндай жағдайда ол колония аумағынан сырт жерлердегі жатақханада немес үй жалдап тұрады және тұруға міндеттенеді. Отбасымен бірге тұруға келісімді қоныстану колониясының

бастығы береді. Сотталғанның тұрғын жайына коло-ния әкімшілігінің қызметкерлері тәуліктің кез-келген кезінде келіп, бақылау жүргізе алады.

Қоныстану колонияларында жаза өтеушілер, жаза өтеу ауданы-на жақын жерлердегі орта және жоғары оқу орындарында сырттай оқуға құқылы.

Сотталғандарға ішкі тәртіп ережесінде көрсетілген, тыйым салынған заттарды колония аумағына әкелуге, оны сақтауға тыйым салынады.

Қылмысты қатысушылықпен жасағандар бір қоныстану колони-ясына жаза өтеуге жіберілмейді, олар жазасын бөлек өтейді.

Сотталғандардың еңбек ету тәртібі мен жағдайы белгіленген ережеге сәйкес жүргізіледі. Оладың еңбек ету жағдайы еңбек ету туралы заңмен реттеледі. Тек, жұмыс беруші мекемелер мен кәсіпорындар оларды қабылдау, жұмыстан шығару немесе басқа жұмыс орнына ауыстыру құқықтарын пайдалана алмайды. Мұндақ қатынастар қоныстану колониясының әкімшілігінің келісімімен шешіледі.

Қоныстану колониясындағы сотталғандар “жаза өтеу тәртібін қасақана бұзушы” деп танылғанда, жазалау шарасы ретінде, жалпы режимдегі немес бастапқы сот белгілеген режимдегі түзеу колони-ясына ауыстырылады. Ал, абайсыздықта жасаған қалмысы үшін қоныстану колониясында жаз өтеушілер, мұндай жағдайда жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырылады.

Қоныстану колониясында жаза өтеушілер жақсы мінез-құлық көрсетіп, түзелгендігін байқатқан жағдайда жазадан шартты түрде ерте босатуға ұсынылады.

Жалпы режимдегі түзеу колонияларында маңызы ауыр емес, орташа ауыр және ауыр қылмыстарды қасақана жасағандары үшін, бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет сотталғандар және абайсыздықта жасаған қылмысы үшін 7 жылдан астам мерзімге сотталғандар жаза өтейді. Мұнымен қатар, жалпы режимдегі түзеу колонияларында қоғамдық жұмыстар, түзеу жұмыстары, бас бостан-дығын шектеу жазаларын және қоныстану колониясында жазаны өтеудің тәртібін қасақана бұзғандығы үшін ауыстырылғандар, сонымен бірге 18 жасқа толғаннан кейін жазаны әрі қарай өтеу үшін тәрбиелеу колонияларынан ауыстырылғандар және түрмеде сот белгілеген мерзімді өтеген кейін жалпы режимге ауыстырылғандар да жаза өтейді.

Жалпы режимдегі түзеу колонияларында жаза өтеудің жеңілдікті, жеңілдетілген, дағдылы және қатаң жағдайлары белгіленген.

Жаза өтеудің мұндай жағдайларында, әр түрлі санаттарға жататын сотталған адамдар ұсталады.

Жалпы режимдегі түзеу колонияларында жаза өтеушілер жатақханаларда тұрады, себебі олардың қауіптілігінің аса жоғары болмауы камералық тұрғын-жайды қолдануды қажет етпейді. Бұл жаза өтеу орнындағы сотталғандардың санаттары әр түрлі болғанмен, олар жаза өтеу жағдайына қарай бірдей дәрежеде жаза өтеп, бірдей талаптар мен құқықтарды іске асырады.

Жалпы режимдегі түзеу колонияларының дағдылы жағдайын да, түзеу колониясына сот үкіметінен кейін келіп түскендер мен жаза өтеудің жеңілдетілген жағдайынан жазалау шарасы ретінде ауыстырылғандар, сонымен қатар белгіленген мерзімінің өтеуіне байланысты қатаң жағдайдан ауыстырылғандар жаза өтейді. Жалпы режимге жіберілген сотталғандар колонияға келіп түскенде, дағдылы жағдайда 6 айға дейін ұсталады. Бұл мерзімнің ішінде сотталушының жеке басы ерекшеліктері, яғни мінез-құлқы, еңбекке деген көзқарасы мен белсенділігі бақыланады. Осы уақыттарда сотталушы өзін жақсы жақтарынан байқатса және жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзбаса, онда 6 айдан кейін жеңілдетілген жағдайға ауыстырылады. Ал керісінше – теріс мінез-құлық көрсетіп тәртіп бұзушылық жасағанда, жаза өтеудің қатаң жағдайын ауыстырылады. Бұл – түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметі болып табылады, сондықтан сотталушы өзін белгілі бір жаза өтеу жағдайына ауыстыру туралы ұсыныс жасай алмайды. Қатаң жағдайдан дағдылы жағдайға ауыстыру, тек 6 айдан кейін, жаза өтеу тәртібін бұзушылығы болмаған жағдайда мүмкін болады. Жалпы режимдегі басқа түзеу колонияларынан ауыстырылғандар, жазасын ауыстырғанға дейін жағдайларда өтейді. Жаза өтеудің қатаң жағдайынан дағдылы жағдайына, дағдылы жағдайдан жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларға қайтып көшіру, сотталғанда 6 ай мерзім ішінде тәртіп бұзушылық болмаған жағдайда ғана жүргізіледі.

Жалпы, қатаң немесе ерекше режимдердегі түзеу колонияларының жаза өтеу жағдайларының бір-бірінен айырмашылығы – сотталғандардың посылка, бандероль, сәлемдеме алуға, кездесулер өткізуге және азық-түлік өнімдері мен бірінші қажетті заттарды сатып алуға деген құқықтарының көлемінде, сондай-ақ тұратын тұрғын жайының түрінде болып табылады.

Жазасын жалпы режимдегі түзеу колонияларында өтеушілер жатақханаларда тұрады. Олардың жатақханалары клуб, монша, кітапхана, асхана, шеберхана, медсанбөлім орналасқан жердегі тұрғын колонияда болады. Жазаны дағдылы жағдайда өтеушілерге азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды өздерінің жеке есеп шотындағы қаражатынан ай сайын 4 айлық есеп көрсеткішіне дейін сатып алуға, 1 жыл ішінде 4 қысқа, 4 ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге және жыл бойына 6 посылка, 6 бандероль, сондай-ақ сәлемдеме алуға рұқсат етіледі. Оларға ҚАК 93-бабының бірінші бөліміне сәйкес, аса қажетті жағдай болғанда, сондай-ақ жылдық

демалыс уақытында түзеу мекемесіне тысқары жерлерде жол жүру құқығы берілуі мүмкін.

Дағдылы жағдайдан жеңілдетілген жағдайға ауыстырылған сотталғандарға кездесулер өткізуінің, қажетті заттармен, азық-түлік өнімдерін сатып алуының, посылка, бандероль, сәлемдемелер алуының мөлшері көбейтіліп, жеңілдік жасалады.

Жазасын жеңілдетілген жағдайда өтеушілер жатақханаларда тұрады. Олар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жеке есеп шотындағы қаражат есебінен, 8 айлық есеп көрсеткішіне дейін сатып ала алады және жыл ішінде 6 қысқа, 6 ұзақ мерзімді кездесулер өткізіп, днжыл бойына 12 посылка немесе 12 сәлемдеме және 12 бандероль алуға құқылы.

Жазасын жеңілдетілген жағдайда өтеушілер жазадан босатылуға 6 ай қалғанда, түзеу мекемесі бастығының шешімімен, түзеу колониясынан сырт жерлердегі жұмыстарға жіберілуі мүмкін және сырт жерлерде тұрып жаза өтеуге рұқсат етіле алады. Мұндай жағдайды пайдаланушы сотталғандарға қарулы күзет жүргізілмейді. Олар тек түзеу мекемесі әкімшілігінің бақылауында болады. Сондай-ақ, түзеу мекемесінен сырт жерлердегі жұмысқа айдауылсыз жіберілген сотталғандар, осындай жеңілдікті пайдаланушы сотталғандармен бірге тұрады. Жазадан босатылу қарсаңында сотталғанға мұндай жеңілдіктер берілі, қоғам ортасына жібере бастау, ол сотталғанның қоғамға бейімделуін көздейді.

Жалпы режимдегі түзеу колонияларының жеңілдікті жағдайында жаза мерзімінің үштен екісін өтеп, өзінің түзелу бағытына түскендігін байқатқандар және жағдайда кемінде алты ай жаза мерзімін өтегендер ұсталады. Оларға бостандықтағы өмірге ойдағыдай бейімделу мақсатында, түзу колониясы бастығының қаулысының колония шегінен тыс жердегі арнайы жатақханаларда тұруға рұқсат етіледі. Жеңілдікті жағдайда жаза өтеушілер, түзеу мекемесінің аумағында еркін жүре алады және посылка, бандероль, сәлемдеме алуының, кездесулер өткізуінің саны, сонымен қатар азық-түлік өнімдері мен қажетті заттарды сатып алу сомасы шектелмейді.

Жалпы режимде жаза өтеудің қаталырақ түрі – қатаң жағдайда көзделген.

Жазасын дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда өтеп жатқан сотталғандар, жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы деп танылғанда, қатаң жағдайға көшіріледі. Сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында жаза өтей жүріп, қасақана қылмыс жасағандар да бастапқы кезеңде қатаң жағдайда ұсталады.

Жазасын қатаң жағдайда өтеуші сотталғандар жабық тұрғын-жайларда тұрады. Олар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды бас бостандығынан

айыру жазасын өтеу кезінде, ай бойғы тапқан қаражаты мөлшерінде сатып ала алады. Сонымен қатар, олар бір жыл ішінде 2 қысқа, ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге және жыл бойына 3 посылка немесе 3 сәлемдеме және 3 бандероль алуға құқылы. Қатаң жағдайда жаза өтеуші сотталғандар егер жабық орындардағы жұмыстарға тартылса, онда күніне бір жарым сағаттық сейілге шығарылады.

Жалпы режимдегі түзеу колонияларында жаз өтеуші сотталғандар жазаның 1/3 бөлігін өтегеннен кейін, жеңілдетілген жағдайда көтермелеу шарасы ретінде қоныстану колонияларына ауыстырылу мүмкін. Ал, жалпы режимде жаза өтей жүріп, жаза өтеудің тәртібін қайталай бұзушы деп танылғанда, жазаның 3 жылға дейінгі мерзімін түрмеде өтеуге сот шешімі арқылы ауыстырылады. Жаза өтеу мерзімінде сотталушының мінез-құлқына қарай мұндай ауыстырулардың қолданылуы, бас босандығынан айыпһру орындарындағы режимді қамтамасыз ету құралын білдіреді және жаза өтеушілердің түзелу бағытына түсуіне немесе теріс іс-әрекеттерден қалыс қалуына итермелейді.

Қатаң режимдегі түзеу колонияларында аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет сотталғандар және бұрын қасақана жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеген қылмыстардың рецидивіндегілер мен қауіпті рецидивіндегі ер адамдар, сондай-ақ қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегі әйелдер өтейді. Мұнымен қатар, қоныстану колониясында жаза өтеудің тәртібін қасаана бұзғандар және түрмеде жазаның сот белгілеген көлемін өтеп ауысырылғандар қатаң режимдегі түзеу колонияларында ұсталады.

Қатаң режимдегі түзеу колониялары сотталғандардың санаттарына қарай әр түрлі болады. Бас бостандығынан айыру жазасына аса ауыр қылмысы үшін бірінші рет сотталғандар мен бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтегендер жазаны бір-бірінен бөлек өтейді.

Көріп отырғанымыздай, қатаң режимдегі колонияларда қылмыстың қауіпті түрлерін жасағандар мен қылмыстылық жолына түскендер, яғни бұрын бас бостандығынан айыру айыру жазасына қасақана қылмыстары үшін тартылғандар жаза өтейді. Сондықтан, мұндағы жаза өтеудің тәртібі мен жағдайлары, жалпы режимдегі түзеу колонияларына қарағанда қаталырақ белгіленген.

Қатаң режимдегі түзеу колониялары да, жалпы режимдегі түзеу колониялары тәрізді, жаза өтеудің жеңілдікті, жеңілдетілген, дағдылы және қатаң жағдайлары құралады.

Қатаң режимдегі түзеу колониясында жаза өтеу белгіленген сотталғандар, әдепкіде колонияға келіп түскенде, жазаны дағдылы жағдайда өтеуден бастайды. Тек, бас бостандығынан айыру орындарында қасақана жасаған қылмыстары үшін, қайта

сотталғандар бастапқы кезеңде қатаң жағдайда өтеуге жіберіледі. Жаза өтеудің, қатаң жағдайының 9 айында режим талабын бұзбағандар мен жеңілдетілген жағдайда жаза өтеу тәртібін бұзғандар дағдылы жағдайға ауыстырылады .

Жаза өтеудің әртүрлі жағдайларында ауыстыру мерзімі – бұл режим түрінде 9 айлық мерзімдермен белгіленген. Қатаң режимде жалпы режимге қарағанда, ауыстыру мерзіміне ұзағырақ 9 айдың қойылу себебі, осы режим түріне сотталғандардың қауіптілігінің жоғары болуына байланысты. Демек, қатаң режимдегі колонияларда жаза өтеушілер, өздерінің түзелу бағытына түскендігін дәлелдеу үшін 6 ай емес, 9 ай бойы байқатуы керек.

Жазаны өтеудің қатаң жағдайынан дағдылы жағдайға немесе дағдылы жағдайдан жеңілдетілген жағдайға көшіру, сотталушы жаза өтеудің тәртібін қасақана бұзбаған жағдайда, 9 айдан кейін жүргізіледі. Ал, қатаң режимдегі басқа түзеу колониясынан ауыстырылған сотталғандар, жазасын ауыстырып келгенге дейін белгіленген жағдайдан жалғастырып өтейді.

Қатаң режимдегі түзеу колонияларының дағдылы жағдайында жаза өтеушілер түзеу колониясының аумағындағы жатақханаларда тұрады. Олар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды өз есеп шотындағы қаражат есебінен 3 айлық есеп көрсеткішіне дейін жұмсай алады және 1 жыл ішінде 3 қысқа, 3 ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге құқылы. Сонымен қатар, жыл бойына 4 посылка, 4 сәлемдеме және 4 бандероль ала алады.

Жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзбағандар мен дағдылы жағдайда жаза мерзімінің кемінде 9 айын өтеу кезінде еңбекке адал қарағандар , жеңілдетілген жағдайға ауыстырылады.

Жеңілдетілген жағдайда жаза өтеушілер де жатақханаларда тұрады. Олар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жеке есеп шотындағы қаражатынан 7 айлық есеп көрсеткішіне дейін сатып ала алады және жыл ішінде 4 қысқа, 4 ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге құқылы. Сонымен қатар, 1 жыл ішінде 6 посылка, 6 сәлемдеме және 6 бандероль ала алады.

Қатаң режимнің жеңілдетілген жағдайынан жалпы режимнің жеңілдетілген жағдайының айырмашылығы жазадан босатылуға 6 ай қалғанда қатаң режимде айдауылсыз жұмысқа жіберілмейді.

Заңның қатаң режимдегі түзеу колониясында жаза өтеп жатқан сотталғандарға мұндай жіңілдiк көрсетпеу себебі – осы режимдегі сотталғандардың қауіптілігінің жоғары болуына байланысты.

Жазаны жеңілдекті жағдайда өтеп жатқан сотталғандар түзеу колониясы бастығының қаулысымен шегінен тыс жердегі арнайы жатақханалар аумағында еркін жүріп-тұра алады және кездесулерінің саны, ақша қаражатын жұмсау көлемі мен посылка, бандерольдар алуының санына шектеу қойылмайды.

Қатаң режимдегі түзеу колонияларының жеңілдікті жағдайларында өзінің түзелгенін байқатқан және тағайындалған жазаның $\frac{3}{4}$ бөлігінің кемінде 6 айын жеңілдетілген жағдайда өткізілген сотталғандар өтейді.

Қатаң режимдегі түзеу колонияларының қатаң жағдайында жазаны дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда өтей жүріп, жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзғандығы үшін ауыстырылғандар өтейді. Олар сыртынан жабылатын тұрғын-жайларда тұрады және ашық ауалы жердегі жұмысқа тартылмаса, она күніне бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалана алады. Жазасын қатаң жағдайда өтеуші сотталғандар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды ай бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезінде тапқан қаражаты мөлшерінде сатып ала алады және жыл ішінде екі қысқа ді, 1 ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге құқылы, сонымен қатар, жыл бойына 2 посылка, 2 сәлемдеме және 2 бандероль алуға рұқсат етіледі.

Қатаң режимнің қатаң жағдайында жаза өтей жүріп, жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзғандар, қалған жаза бөлігінң 3 жылға дейінгі мерзімін өтеуге түрмеге ауыстырылады. Олар түрмеден қатаң режимдегі түзеу колониясына ауыстырылғанда да, жазаны қатағ жағдайдан жалғастырып өтейді.

Ерекше режимдегі түзеу колонияларында қылмыстың аса қауіпті рецидивіндегі сотталғандар және өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар, соондай-ақ өлім жазасы кешірім жасалу арқасында өмір бойына бас бостандығынан айырумен айыстырылғандар өтейді. Ерекше режимдегі түзеу мекемелерінде, бұл сотталғандар жазаны бір-бірінен бөлек жағдайда өтейді.

Қылмыстың аса қауіпті рецидивіндегілердің жеке басының қауіртiлігі ерекше жоғары болуына байланысты, бұл режимдегі сотталғандарға жалпы және қатаң режимдердегі сотталғандарға қарағанда қатал талаптар қойылып, құқықтық шектеулер көптеу қолданылады.

Мысалы, ерекше режимдегі түзеу колонияларында жаза өтеушілер қоныстану колонияларына ауыстырылмайды. Олар түзелгендігін дәлелдей алған жағдайда жағдайда ғана, жазаның қалған бөлігін өтеуден шартты түрде ерте босатылады.

Ерекше режимдегі түзеу колонияларында жаза өтеуші сотталғандар жалпы немесе қатаң режимдегідей қара түсті киімдер емес, ерекше ала түсті(көк, қара түстермен жолақтылған) киім үлгісін киеді.

Ерекше режимде жаза өтеудің жеңілдетілген, дағдылы және қатаң жағдайлары белгіленген.

Ерекше режимдегі түзеу колонияларының дағдылы жағдайында, сот үкімінен кейін осы колонияға келіп түскендер, сонымен қатар қатаң және жеңілдетілген жағдайлардан көшірілген сотталғандар жаза өтейді.Ерекше режимдегі басқа түзеу колонияларынан ауыстырылғандар,жазаны келген колониясында ауыстырылғанға дейін белгіленген жағдайдан ары қарай жалғастырып өтейді.Яғни,дағдылы жағдайда жаза өтей жүріп ауыстырылса,барған түзеу мекмесінде жазаны дағдылы жағдайдан жалғастырып өтейді.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтей жүріп қасақана жасаған қылмысы үшін қайта сотталғандар мен аса ауыр қылмыстар жасағандығы үшін сотталғандар,бастапқы кезеңде жазаны қатаң жағдайда өтейді.Ерекше режимдегі сотталғандарға жаза өтеу тәртібін бұзышылығы болмаған жағдайда жеңілдік жасалып жеңілдетілген жағдайда ауыстырылады.Қатаң режимдегі түзеуорындарына қарағанда,ерекше режимнің бір айырмашылығы-мұнда жеңіл жағдайларға ауыстыру үшін сотталушы 1 жыл бойына жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзбаған болып саналуы керек.Яғни,жазаны өтеудің қатаң жағдайынан дағдылы жағдайға,дағдылы жағдайдан жеңілдетілген жағдайға көшіру үшін сотталушы 1 жыл бойына тәртіп бұзушылық жасамаған болуы керек.

Ерекше режимдегі түзеу колонияларының дағдылы жағдайында жаза өтеушілер жатақханаларда тұрады.Олар тамақ өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жеке есеп шотындағы қаражатынан ай сайын 2 айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде сатып ала алады.Сондай-ақ,олар 1 жылдың ішінде 2 қысқа және 2 ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге,жылына 3 посылка,3 сәлемдеме және 3 бандероль алуға құқылы.

Дағдылы жағдайда жаза өтей жүріп,1 жыл бойына жаза өтеудің белгілінген тәртібін бұзбағанда және еңбекке адал қараған жағдайда,сотталушы жеңілдетілген жағдайға ауыстырылады.Ұстаудың жеңілдетілген жағдайына ауыстырылған сотталғандар жатақханаларда тұрады.Олар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды өздерінің жеке есеп шотындағы қаражатынан 5 айлық есеп көрсеткішіне дейін сатып алуға және 1 жылдың ішінде 4 посылка,4 сәлемдеме және 4 бандероль алуға құқыл.Сонымен қатар,олар жыл бойына жақын туыстарымен 3 қысқа,3 ұзақ мерзімді кездесулер өткізе алады.

Сотталған жеңілдетілген жағдайда жаза өтей жүріп,режимнің талаптарын бұзғанда,тәртіп бұзушылығының түрімен қауіптілік деңгейіне қарай,ерекше режимнің дағдылы немесе қатаң жағдайларына ауыстырылады.Сотталған жеңілдетілген немесе дағдылы жағдайлардан қатаң жағдайға ауыстырылғанда,оның құқықтары мен жағдайлары елеулі көлемде төмендейді.Қатаң жағдайда жаза өтеуге ауыстырылған сотталғандар камералық үлгідегі тұрғын-жайларда тұрады.Олар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезінде ай бойына тапқан қаражаты мөлшерінде сатып ала алады және жыл бойына 1 посылка, 1 сәлемдеме және 1 бандероль алуға құқылы. Оларға ұзақ мерзімді көрсетулер өткізуге рұқсат етілмейді, тек жыл ішінде 2 қысқа мерзімді кездесу өткізе алады, сонымен қатар, күніне бір жарым сағаттық сейілдеу өткізуге шығарылады.

Ерекше режимдегі түзеу колонияларында жаза өтеушілердің еңбекке тартылғандары жылдық демалыс алуға құқылы. Бірақ, сотталғандар жылдық демалысын колониядан тысқары жерлерде жол жүрумен өткізе алмайды.

Ерекше режимдегі түзеу мекемелерінде қылмыстың аса қауіпті рецидивіндегілерден басқа, өмір бойына бас бостандығынан айырылумен ауыстырылғандар мен өлім жазасы бас бостандығынан айырылғандар жаза өтейді. Өмір бойына бас бостандығынан айыру- 1998 жылы күшіне енген ҚК бойынша жаңа жаза түрі болып табылады. Бұл жаза түрі өлім жазасына балама ретінде қолданылады.

Өлім жазасы сотталушының қылмысы аса ауыр қылмыстар санатына жатып, сонымен бірге ол қылмыскер сот көзқарасы бойынша түзелмейтін, ешқашанда қоғамға пайда келтіре алмайтын адам деп танылса, сотталушыны қоғамнан біржолата аластау үшін қолданылады. Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы да осындай негіздерде, яғни “сотталушыны ендігі жерде қоғамға жіберуге болмайды ” деген шешім болғанда қолданылады. Демек, Қазақстанда алдағы уақыттарда өлім жазасын қылмыстық –атқару заңдарынан алып тастау туралы шешім қабылданса, онда ол жазаның орнына өмір бойына бас бостандығынан айыру қолданылып қала береді.

Өмір бойына бас бостандағынан айыру-әйелдерге, кәмелетке толмағандарға және жасы 60-тан асқан сотталғандарға қолданылмайды.

Өмір бойына бас бостандағынан айыру- атқарылу тәртібі бойынша, бас бостандығынан айыру жазасының бір көрінісін білдіреді. Себебі, қылмыстық-атқару заңында жазаның атқарылу тәртібіне байланысты сотталушыға қатал талаптар қойғанмен, ол ерекше режимдегі жаза өтеудің тәртібі мен жағдайларынан көп алшақ кетпейді. Сондықтан, бұл жазаның атқарылуы қылмыстық атқару заңында бас бостандығынан айыру жазасын қарастыратын тарауға енгізілген.

Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңдарының ортақ мақсаты- сотталғанды қоғамға пайдалы жағдайға келтіріп, түзеу. Бірақ, аталған екі заң саласы да, кейбір жаза түрлеріне, яғни өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазаларына аталған мақсатты қолдануды міндеттемейді. Сондықтан, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға оқыту, мамандық беру және тәрбиелік бағыттағы жұмыстар жүргізілмейді.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар дене еңбегіне тартылады. Олар дене еңбегіне денсаулығын сауықтыру және азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып алуы үшін таратылады. Олар көпшілік жағдайда, әсіресе жазаны өтеудің бастапқы кезеңдерінде жабық орындардағы жұмыстарға жіберіледі. Ал, кейінгі уақыттарда немесе жаза өтеудің жеңілдетілген жағдайларына ауыстырылғанда, ашық ауалы жерлердегі жұмыстарға жіберіле алады. Оларға мамандық беру қажетті деп саналғанда, мамандыққа оқыту жұмыс орнында жүргізіледі. Сырт қоғаммен байланысты толық үзбеу және адамды ыңғайлы психологиялық жағдайда ұстау үшін кітапхана қызметінің пайдасын көруге, сондай-ақ радиоқойылымдарды тыңдауға рұқсат беріледі.

Ерекше режимдегі түзеу колонияларындағы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылғандардан бөлек, тек өздері тектес сотталғандармен бірге жаза өтеуі тиіс. Олар камераларға екі адамнан артық орналастырылмайды. Сотталғандардың өтініші және басқа да қажетті жағдайларда, олар түзеу колониясы бастығының қаулысымен жалғыз адамдық камераға ауыстырылады. Жеке адамдық камераға ауыстыруға негіз ретінде, сотталғанның жеке басы қауіпсіздігіне қатер туындауы бола алады. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар ерекше режимдегі колонияға келіп түскенде, алдымен 15 күнге карантинге жіберіледі. Карантин кезінде олар жалғыз адамдық камераларға бөлу жұмысын түзеу мекемесіндегі комиссия жүргізеді.

Арнайы комиссия сотталғандарды камераларға бөлгенде, бір камерада болатын сотталғандардың мінез-құлық ерекшеліктерінің сәйкестігін ескертіп, сол негізде бөлуі керек.

Түзеу колониясына келген барлық сотталғандар жаза өтеудің қатаң жағдайында ұсталады. Жаза өтеудің қатаң жағдайынан дағдылы жағдайға ауыстыру, қатаң жағдайда жазаның кемінде 10 жылын өтеуі және осы мерзімде белгіленген режим талаптарын бұзбаған жағдайда ауыстырылады.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын дағдылы, жеңілдетілген жағдайларда өтей жүріп, “жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы” деп танылғанда, жаза өтеудің қатаң жағдайына көшіріледі. Мұнан кейін, сотталғанды

дағдылы немесе жеңілдетілген жағдайларда қайта көшіру тек 10 жыл мерзім өткеннен кейін, тек режим тәртібін бұзушылығы болмағанда ғана мүмкін болады.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бірінші кезектегі қажетті заттар мен азық-түлік өнімдерін сатып алу мөлшері, кездесулер өткізуінің саны мен түрі, сондай-ақ посылка, бандероль және сәлемдемелер алуының көлемі, олардың жаза өтеу жағдайының түріне байланысты, ерекше режимдегі түзеу колониясына берілген тәртіпте жүзгізіледі. Яғни, өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар бұл мәселе жағынан келгенде, қылмыстың аса қауіпті рецидивіндегілермен теңестіріледі. Сотталғандардың күніне бір жарым сағаттық сейілдеу өткізуге құқығы бар. Егер сотталушы үлгілі мінез-құлық көрсетіп, түзету бағытына түскендігін байқатса, онда сейілдеу 2 сағатқа дейін ұзартылады.

Сотталғандар түзеу мекемесі әкімшілігіне апарылғанда немесе өзге де жерлерге шығарылғанда, қауіпсіздік шарасы үшін қолдарына кісен салынады. Олардың камераларына қатал тәртіп орнатылады және күндізгі уақыттарда төсек-орынды пайдалануға рұқсат етілмейді. Камераларға жиі-жиі тексерулер жүргізіледі.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар өзінің түзелгендігін байқатса, жазаның 25 жылын өтегеннен кейін түзеу мекемесінің сотқа жасаған ұсынысы бойынша жазадан шартты түрде ерте босатыла алады.

§2. Түрмелерде жазаны атқарудың тәртібі мен жағдайлары

Түрмеде аса ауыр қылмыстар жасағандығы үшін 5 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар және қылмыстың аса қауіпті рецидиві жағдайында қылмыс жасағандар жаза өтейді. Сонымен қатар, қылмыстық-атқару заңының негізінде жалпы және қатаң режимдердегі түзеу мекемелерінде “жазаны өтеудің тәртібін қасақана бұзушы” деп танылғандар да қалған жаза бөлігінің 3 жылға дейінгі мерзімін түрмеде өтейді. Түрмелерде мұнан басқа түрменің шаруашылық жұмыстарын атқару үшін ауыстырылған, бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдар болуы керек және мұндай сотталғандар түрменің немесе тергеу изоляторының шаруашылық жұмыстарын атқаруға жазбаша келісім берген жағдайда қалдырылады.

Түрмелер бас бостандығынан айыру жазасына арналған түзеу мекемелерінің ішіндегі ең қатал тәртіп белгіленген түрі болып табылады. Себебі, мұнда қоғамға ғана емес, түзеу мекемесіндегі режимнің белгіленген тәртібінеде қауіп тудырған, аса қауіпті қылмыскерлер ұсталады. Олардың қауіптілік деңгейіне қарай мынандай бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

-аса ауыр қылмыс жасағандығы үшін сот үкімі бойынша немесе қылмыстың аса қауіпті рецидиві жағдайында қылмыс жасағандығы үшін 5 жылға дейін түрмеде жаза өтеу тағайындалғандар;

-жалпы немесе қатаң режимдердегі түзеу колонияларында жаза өтей жүріп, режим тәртібін қасақана қайталай бұзғандығы үшін 3 жылға дейінгі мерзімге түрмеге ауыстырылғандар;

-үрменің шаруашылық жұмыстарын орындау үшін ауыстырылғандар;

Түрмелер жалпы және қатаң режимдерге бөлінеді. Аталған топтардың ішінен бастапқы екі топқа түрме режимінің талаптары толық қолданылады. Түрменің қатаң режимінде сот үкімі арқылы түрмеге келіп түскендер және жалпы режимдегі түрмеде жаза өтеудің тәртібін бұзғаны үшін жазалау шарасы ретінде ауыстырылғандар ұсталады.

Сотталған жүкті әйелдер мен өзімен бірге баласы бар әйелге және бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер қатаң режимге жаза өтеуге жіберілмейді. Сотталғандар қатаң режимде жазаның бір жылын өтеу кезінде тәртіп бұзушылық жасамаған жағдайда жалпы режимге көшіріледі. Егер сотталушы түрменің жалпы режимінде жаза өтей жүріп режимнің белгеленген тәртібін бұзса, онда қатаң режимдеге ауыстырылады және қайта жалпы режимге ауыстырылу жазалау мерзімінің кемінде бір жылын өтегеннен кейін ғана мүмкін болады.

Қылмыстық-атқару заңы сот үкімімен бес жылға дейінгі мерзімге түрмеге жіберілгендермен жалпы немесе қатаң режимдерде жазалау шарасы ретінде үш жылға дейін түрмеге ауыстырылғандарға айырмашылықтар белгілемейді. Бұл екі топ үшін де жалпы немесе қатаң режим талаптары бірдей қойылған.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандар түрмелерде санаттарына қарай бір-бірінен бөлек жағдайда жаза өтейді. Яғни, түзеу колонияларына ауыстырылғандар мен сот үкімімен бірден түрмеге жіберілгендер, бір-бірімен араластырылмайды.

Түрмеде жаза өтеушілер сыртынан жабылатын камераларда тұрады. Олардың сейілдеу өткізуі күндізгі уақыттарда, камера бойынша арнайы жабдықталған түрменің ауласында жүргізіледі. Сейілдеу уақыты кезінде оның ережесі бұзылса, яғни сотталғандардың арасында өзара жанжал немесе түрме әкімшілігі қызметкерлеріне бағынбаушылық байқалса, онда сейілдеу уақытына бұрын тоқтатылады.

Түрменің жалпы режимінде жаза өтеушілер тамақ өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жеке есеп шотындағы қаражат есебінен үш айлық есеп көрсеткішіне дейін сатып ала алады және жыл ішінде екі посылка, екі сәлемдеме және екі бандероль алуға рұқсат етіледі. Сонымен қатар, олар бір жыл ішінде екі қысқа және екі ұзақ

мерзімді кездесулер өткізуге құқылы. Түрменің жалпы режиміндегі сотталғандар күніне бір жарым сағаттық сейілдеу өткізеді.

Түрменің қатаң режимінде жаза өтеушілер, азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жеке есеп шотындағы қаражаты есебінен бір айлық есеп көрсеткішіндегі сомаға дейін сатып ала алады және жыл бойына бір посылка мен бір бандероль, бір сәлемдеме алуға рұқсат етіледі. Олар жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесулер өткізіп, күніне бір сағатқа сейілдеу өткізуге құқылы.

Түрмелер режимге бөлінгенмен, жеңілдетілген, дағдылы, қатаң жағдайларға бөлінбейді.

Түрмеде жаза өтеушілер кейде жеке адамдық камераларда ұсталуы мүмкін. Бұл жағдай түрме бастығының дәлелді қаулысының негізінде, прокурордың келісімімен ғана іске асырылады.

Түрмедегі сотталғандардың дене еңбегі, іс жүзінде біркелкі шешілмеген. Көпшілік түрмелер сотталғандарды еңбекпен қамтамасыз ете алмай, үнемі қамауда ұстайды. Түрмеде жаза өтеушілер, түрменің аумағындағы еңбекке тартылуы тиіс. Егер түрмеде жұмыс істейтін арнайы объектілер, цехтар ұйымдастырылмаған болса, онда олар камералар бойынша еңбекке тартылады.

Түрмеде, сотталғандардың көптеген құқықтары мен заңды мүдделері шектеледі. Оларға телеқойылымдар қойылмайды және орта білімдік оқыту жүргізілмейді. Тәрбиелік жұмыстар камералар бойынша ғана жүргізіледі. Бұл бағытта олар радиоқойылымдарды тыңдап, газет-журналдар алдырып оқи алады. Түрмеде жаза өтеушілерге түзеу колонияларындағыдай мадақтау шаралары қолданылады. Сотталған өзін үлгілі көрсете алған жағдайда және сот белгілеген мерзімнің жартысын өтегеннен кейін түзеу колонияларына ауыстырылуы мүмкін.

Түрменің шаруашылық жұмыстарын орындау үшін ауыстырылғандар түзеу колонияларының жалпы режимі жағдайында жаза өтейді. Олар түрмеде жаза өтеушілердің тобына жатқанмен, басқа сотталғандардан бөлек тұрғын-жайларда және сыртынан жабылмайтын жалпы камераларда тұрады. Олар күніне 2 сағаттық сейілдеуді пайдалана алады. Ал посылка, бандероль, сәлемдемелер алуының және кездесулер өткізуінің саны, сондай-ақ қажетті рұқсат етілген заттарды сатып алуының мөлшері-жалпы режимдегі түзеу колонияларының жаза өтеу жағдайларымен сәйкес беріледі.

Сотталғандар тергеу изоляторының немесе түрменің шаруашылық жұмыстарына қалдырыларда өз еркімен жазбаша келісім береді. Бірақ, ол сотталғанның кейін келісімін бұзып, түзеу колониясына ауысқысы келуі де мүмкін.

Бұл жағдай қылмыстық-атқару заңында қарастырылмаған және ол сотталғанның еркіне қарай шешілуі керек. Себебі, шаруашылық жұмыстарды орындау үшін тергеу изоляторында немесе түрмеде қалу, басында сотталушының өз еркіне, келісіміне қарай шешілген.

Сотталған сот-тергеу қызметі үшін түрмеге уақытша ауыстырылғанда, түрме тергеу изоляторының ролін атқарады. Сот-тергеу жұмыстары үшін сотталушы мынандай жағдайларда түрмеге ауыстырылады немесе тергеу изоляторында қалдырылады:

-басқа адам жасаған қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болғанда, жазаны түзеу немесе тәрбиелеу колонияларында өтеп жатқан сотталған, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс-жүргізу заңында белгіленген мерзімде тергеу изоляторына қалдырылады немесе түрмеге ауыстырылады;

-басқа адамдар жасаған қылмыс бойынша қозғалған іске, сот ісіне қатысу қажет болған жағдайда сотталған соттың қаулысы бойынша тергеу изоляторында немесе түрмеге қалдырылады;

-сотталған адам басқа қылмыстық іс бойынша қылмыстық жауапқа тартылып, осы жағдай үшін тергеу органдары арқылы бұлтартпау шарасын қолдану ретінде қамауға алынса, қылмыстық іс жүргізу заңында белгіленген уақытқа дейін тергеу изоляторында қалдырылады немесе түзеу колонияларынан түрмеге ауыстырылады.

Сотталғандар айыптық оқшаулау орындарына, камералық тұрғын-жайларға немесе жалғыз адамдық камераларға жаза өтеудің тәртібін қасақана бұзған жағдайда, жазалау шарасы ретінде ауыстыратылығындығы белгілі. Жазаны мұндай жерлерге өтеудің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Айыптық оқшаулау орындарына қамалған сотталғандарға телефонмен сөйлесуге, кездесулер өткізуге, азық-түлік өнімдерін сатып алуға және посылка, бандероль, сәлемдемелер алуға рұқсат етілмейді. Олар күніне бір сағаттық сейілдеу ғана өткізе алады.

Камералық үлгідегі тұрғын-жайларға немесе жалғыз адамдық камераларға жазалау шарасы ретінде ауыстырылғандарға бір посылка, бір сәлемдеме немесе бір бандероль алуға, түзеу мекемесі бастығының рұқсатымен 6 айда бір рет қысқа мерзімді кездесу өткізуге, заңда белгіленген мөлшерде азық-түлік өнімдерін ай сайын 4 айлық есеп көрсеткішіне дейінгі сомада сатып алуға рұқсат етіледі. Олар күшіне бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалануға құқылы.

Айыптық оқшаулау орнына, камералық тұрғын-жайларға, жеке адамдық камераларға көшірілген сотталғандар, басқа сотталғандар бөлек жұмыс істейді. Егер

олар дене еңбегіне тартылмаса, онда күнделікті тамақ төменгі нормамен беріледі. Бірақ медицина қызметкерлерінің қорытындысы бойынша бұл сотталғандардың тамақ нормасы әдеттегі қалыпты нормаға ауыстырылуы мүмкін. Айыптылық оқшаулау орнына, камералық тұрғын-жайға немесе жеке адамдық камераға ауыстырылған сотталғанның денсаулығы нашарлауына байланысты жазалау мерзімі бітпей тұрып емдеу-профилактикалық мекемеде емделу тағайындалса, онда емдеу уақыты жазалау мерзіміне есептеледі. Мұндай жағдайда, тек сотталғанның өзін-өзі қасақана жарақаттауы, жазалау уақытының өту мерзіміне есептелмейді.

§3. Тәрбиелеу колонияларында жазаны өтеудің тәртібі мен жағдайлары

14 пен 18 жас арасында қылмыс жасағандығы үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталған кәмелетке толмағандар жазаны тәрбиелеу колонияларында өтейді. Тәрбиелеу колонияларының ересектерге арналған түзеу колонияларынан біршама ерекшеліктері бар. Қылмыстық-атқару заңы 14 пен 18 арасындағы жасөспірімдердің әлі толық қалыптаспағандығы ескере отырып, оларға жаза өтеу барысында көптеген жеңілдіктер жасайды. Бұл жеңілдіктер тәрбиелеу колонияларында жаза өтеудің тәртібі мен жағдайларынан байқалады.

Кәмелетке толмағандарға қылмыстық заң біршама жеңілдіктерді келтірген. Ең алдымен оларға бас бостандығынан айыру жазасы жиі тағайындала бермейді. Кәмелетке толмаған адамның қылмысы маңызы ауыр емес немесе орташа ауыр болып саналғанда, шартты соттау немесе тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары тағайындалады. Оларға бас бостандығынан айыру жазасы, жасалған қылмыс ауыр немесе аса ауыр болып саналғанда, ең соңғы шара ретінде тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру жазасы ең жоғарғы мерзімге дейін, яғни 15 жылға дейін тағайындалмайды. Оларға бұл жаза ең ұзақ дегенде 12 жылға дейін тағайындала алады. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар өмір бойына бас бостандығынан айыру және өлім жазасына тартылмайды.

Кәмелетке толмағандарға тәрбиелеу колонияларында педагогикалық-тәрбиелеу және оқу-мамандыққа үйрету жұмыстары басым жүргізіледі. Жазаны атқару мәселесімен айналысатын мекемелер және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық мәселесін қарастыратын әртүрлі субъектілер, олардың әлі қалыптасып жетілмеуіне байланысты “тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды тез қабылдай алады” деп, тұжырым жасайды.

Тәрбиелеу колониялары жалпы және күшейтілген режимдердегі колонияларға бөлінеді.

Жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет сотталған ер жынысты кәмелетке толмағандар мен барлық кәмелетке толмаған әйел жынысты сотталғандар жаза өтейді. Ал, күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында, бұрын бас бостандығынан айыру жазасына сотталған ер жыныстылар жаза өтейді.

Тәрбиелеу колонияларында бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтегендер мен бұл жазаға бірінші рет тартылғандар жазаны бір-бірінен бөлек өтейді. Сондай-ақ, тәрбиелеу колониясына түскен сотталғандар, қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесі және жеке басы ерекшеліктері ұқсас келетін топтарға жіберіледі.

Тәрбиелеу колонияларында жазаны өтеудің қатаң, дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайлары белгіленген. Кәмелетке толмаған сотталушы сот үкімінен кейін колонияға келіп түскенде, бастапқа кезде жазаны дағдылы жағдайда өтейді. Сонымен қатар, дағдылы жағдайда, жазаны өтеудің қатаң жағдайынан көтермелеу шарасы ретінде ауыстырылғандар мен жеңілдетілген жағдайдан жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғандығы үшін, жазалау шарасы ретінде ауыстырылғандар өтейді.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүріп қайтадан қасақана қылмыс жасағандығы үшін сотталғандар, жазаның алғашқы 6 айын қатаң жағдайда өтейді. Мұнан басқа қатаң жағдайда, дағдылы немесе жеңілдетілген жағдайда жаза өтей жүріп режим тәртібін бұзғандығы үшін ауыстырылғандар өтейді.

Тәрбиелеу колонияларындағы сотталғандарды жазаны өтеудің бір жағдайынан басқасына ауыстыру мәселесін, колонияның оқу-тәрбиелік жұмысымен айналысатын кеңестің ұсынысы бойынша колонияның бастығы жүргізеді. Колония бастығы жазаның әртүрлі жағдайларына ауыстыру жұмысын жүргізгенде, қылмыстық-атқару заңында белгіленген мына ережелерді ескеруі тиіс.

Бас бостандығын айыру жазасын алғаш рет өтеп жатқан барлық сотталғандар, дағдылы жағдайда жаза мерзімінің кемінде үш айын өтеу кезінде оқу мен еңбекке адал қараған және жаза өтеудің тәртібін бұзушылығы болмаған жағдайда, жеңілдетілген жағдайда ауыстырылады. Ал, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген ер адамдар дағдылы жағдайда жаза мерзімінің алты айын өтегеннен кейін, еңбекке, оқуға адал қараған жағдайда, жеңілдетілген жағдайға ауыстырылады.

Жазаны жеңілдетілген жағдайда өтеп жүргендер “Жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы”, - деп танылғанда, жеңілдетілген жағдайдан дағдылы жағдайға ауыстырылады. Мұнан кейін жеңілдетілген жағдайға қайта ауыстыру, 3 айдан кейін немесе бұрын бас бостандығынан айыру жазасына тартылған болса, онда 6 айдан кейін, тәртіп бұзушылығы болмаған жағдайда ғана жүргізіледі.

Сотталушы жеңілдетілген жағдайда жаза өтеп жүріп үлгілі мінез-құлық немесе түзелу бағытына түскендігін байқатса, онда жеңілдікті жағдайға ауыстырылады. Жеңілдікті жағдайдағы сотталғандар түзелу бағытына түскендер деп танылып, жазадан шартты түрде ерте босатылуға дайындалады. Алайда, жеңілдікті жағдайда жаза өтеп жатқан сотталушы жазаның белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, бұл жағдайдан жеңілдетілген немесе дағдылы жағдайға ауыстырылады. Мұндай кәмелетке толмаған сотталғандардың жеңілдетілген жағдайдан жеңілдікті жағдайға қайта ауыстырылуы, ендігі жерде 6 айдан кейін ғана, сол мерзімдерде тәртіп бұзушылығы болмаған жағдайда жүргізіледі.

Тәрбиелеу колонияларында сотталғандарды жаза өтеудің басқа жағдайына ауыстыру туралы ұсынысты, оқу-тәрбие кеңесінен басқа, топтардың тәрбиелеушілері де бере алады. Бірақ, топ тәрбиелеушілері дағдылы жағдайдан жеңілдетілген жағдайға ауыстыру туралы ұсынысты ғана жасай алады.

Тәрбиелеу колонияларындағы жаза өтеушілердің құқықтық жағдайлары жалпы режимде де, күшейтілген режимде де бірдей көлемде белгіленген.

Жазаны дағдылы жағдайда өтеп жатқан кәмелетке толмағандар ,тәрбиелеу колонияларының аумағындағы жатақханаларда тұрады. Олар азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды өздерінің жеке есеп шотындағы қаражатынан 5 айлық есеп көрсеткішіне дейін сатып ала алады және жыл ішінде 8 посылка, 8 сәлемдеме және 8 бандероль алуға құқылы. Сондай-ақ, олар жыл бойына 6 қысқа, 6 ұзақ мерзімді кездесулер өткізе алады.

Жазаны жеңілдетілген жағдайда өтеуші кәмелетке толмағандар да жатақханаларда тұрып, азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды өздерінің жеке есеп шотындағы қаражатынан 10 айлық көрсеткішіне дейін сатып ала алады. Оларға жыл бойына 12 посылка, 12 сәлемдеме және 12 бандероль алуға, сондай-ақ 1 жыл ішінде 12 қысқа мерзімді, 4 ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге рұқсат етіледі. Жазаны жеңілдетілген жағдайда өтеуші кәмелетке толмағандар, ұзақ мерзімді кездесулерді тәрбиелеу колониясы әкімшілігінің рұқсаты бойынша, колониядан тыс жерлерде өткізе алады.

Тәрбиелеу колонияларының жеңілдікті жағдайында жаза өтеп жатқан сотталушылардың құқықтары біршама кеңейтілген. Жазаны жеңілдікті жағдайда өтеушілер тәрбиелеу колониясынан сырт жерлердегі тұрғын-жайларда немесе жатақханаларда күзетсіз тұрады. Олардың тұрғын-жайлары әкімшілік бақылауында болады және мұндай жаза өтеушілер тобы азаматтық үлгідегі киіп жүре алады. Сондай-ақ, олардың бірінші кезектегі қажетті заттар мен азық-түлік өнімдерін сатып алу сомасына, посылка, бандероль, сәлемдемелер алуының санына шектеу

қойылмайды. Жеңдетікті жағдайға ауыстырылған кәмелетке толмағандар, жыл ішінде 6 ұзақ мерзімді кездесулерді колониядан сырт жерлердегі үй-жайларда өткізе алады және олардың қысқа мерзімді кездесулерінің саны шектелмейді. Жеңілдікті жағдайда жаза өтеушілерге ақша алып жүруге рұқсат етіледі.

Тәрбиелеу колонияларының қатаң жағдайы, ересектерге арналған жағдайындағылардың қоғамға қауіптілігінің артуына байланысты қатаңырақ тәрбиелеу шаралары жүргізіліп, көптеген құқықтары шектеледі. Жазасын қатаң жағдайда өтеушілер, оқудан немесе жұмыстан бос уақыттарында сыртынан жабылатын тұрғын-жайларда тұрады. Олар, азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жеке есеп шотындағы қаражаты есебінен 2 айлық есеп көрсеткішіне дейін дейін сатып алып, жыл бойына 4 посылка, 4 сәлемдеме және 4 бандероль алуға құқылы. Сондай-ақ, қатаң жағдайдағы сотталғандарға жылына 4 қысқа мерзімді кездесулер өткізуге мүмкіншілік беріледі. Ұзақ мерзімді кездесулер қылмыстық-атқару заңында қарастырылмаған.

Тәрбиелеу колонияларында жаза өтеушілерге қолданылатын көтермелеу және жазалау шараларына байланысты қылмыстық- атқару заңында ерекшеліктер байқалады. Кәмелетке толмағандарға көтермелеу немесе жазалау шараларын қолдану үшін олардың еңбекке және тәрбиелік жұмыстарға деген ықыластары ескеріледі.

Заң, кәмелетке толмағандарға көтермелеу шараларын қолдану мақсатында, тәрбиелеу колонияларында жаза өтеушілердің бірнеше жақсы жақтарын атайды. Олардың қатарына жақсы мінез-құлық көрсету, оқуда үлгілі болу, еңбекке адал қарау, сотталғандардың өзіндік ұйымдарының жұмысына белсене қатысу, тәрбиелік жұмыстарды дұрыс қабылдау жатады. Осындай негіздер болғанда, кәмелетке толмағандарға түзеу колониясындағы көтермелеу шараларымен қатар тек тәрбиелеу колонияларында қолданылатын көтермелеу шаралары да тағайындалады. Ол көтермелеу шараларына мыналар жатады: колония қызметкерлерімен біргетәрбиелеу колониясынан сырт жерлердегі мәдени, ойын-сауық және спорт ойындарына бару, ата-аналарымен немесе жақын туыстарымен бірге колониядан тыс жерлерге қыдыруға шығу, тәртіптік оқшаулау орнынан мерзімінен бұрын босатылу.

Кәмелетке толмағандарға мұндай көтермелеу шараларының қолданылу себебі- оларды тәрбиелеушілері, жақын туыстары немесе ата-аналарымен бірге ойын-сауық орындарына жібергенде, адамды қоғамға тарту және оларды түзеу орындарына алдағы уақытта қайтадан түсуінен бас тартуды оятатын сезім-тілекті қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, бұл шаралар кәмелетке толмағандардың жастығына байланысты, олардың ең қызық көретін пайдалы орталарына жіберуді

көздейді және тәрбиелеу колонияларының мақсаты мен қызметі қаталдықты көздемейтіндігін білдіреді.

Кәмелетке толмаған сотталғанды колониядан сырт жерлерге қыдыру үшін жіберуге де белгілі бір талаптар қойылады. Біріншіден, олар міндетті түрде сенімді адамдармен, яғни әкімшілік қызметкерлерімен, жақын адамдарымен бірге қыдырыстауы керек. Екіншіден, тәрбиелеу колониясынан сыртқа жіберілгенде, олар арнайы киіммен емес, азаматтық үлгідегі киіммен жіберіледі. Киімді ауыстыру – кәмелетке томаған сотталушының сотталған екендігін сырт ортаға жарияламауды немесе оның ар-намысына тиеуді көздейді. Үшіншіден, колониядан тыс жерде қыдырыстау 8 сағатқа дейін ғана беріледі. Түнгі уақыттағы спорт және өзге де ойын-сауық шараларына баруға рұқсат берілмейді.

Кәмелетке толмаған сотталғандарға, ересек сотталған адамдарға қолданылатын жазалау шараларымен қатар, тек тәрбиелеу колонияларында қолданылатын жазалау шаралары да қолданылады. Олардың қатарына мыналар жатады : бір ай бойы кинофильмдер көру құқығынан айыру, жеті тәулікке дейінгі мерзімге оқуға қатысты құқығынан айырмай тәртіптік оқшаулау орнына қамау.

Кәмелетке толмағандарға осындай жазалау шараларының қолданылуы, оларға психологиялық тұрғыдан үлкен әсер ете алады. Сондықтан тәртіп бұзған кәмелетке толмағандар алдағы уақытта осындай шектеуге ұшырамас үшін, жаза өтеу тәртібін сақтауға ұмтылады.

Кәмелетке толмағандарды тәртіптік оқшаулау орнына қамау тәртіп бұзушылығының түрі қауіпті болғанда және қайталай бұзғанда қолданылады.

Сол себепті, жазалау шарасын тәртіптік оқшаулау орындарында өтеу кезінде олардың көптеген құқықтары шектеледі. Тәртіптік оқшаулау орнына қамауға алынғандарға ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге, телефон арқылы сөйлесуге, азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып алуға, посылка, бандероль сәлемдемелер алуға рұқсат етілмейді. Сондай-ақ оларға стол ойындарын ойнауға, темекі тартуға да тыйым салынады. Олар күніне екі сағаттық сейілдеу өткізуге құқылы.

Тәртіптік оқшаулау орнына қамауға алынған кәмелетке толмаған сотталған адамдар, бұл жазалау шарасынан тек дәрігерлердің шешімі және тәрбиелеу колониясы бастығының көтермелеу шарасын қолдануы негізінде ерте босатылады.

Тәрбиелеу колонияларында көтермелеу және жазалау шараларын қолдана алатын лауазымды адамдар қатарына тәрбиелеу колониясының бастығы, топтар бастығы, бөлімше тәрбиелеушілері жатады. Заңда олардың әрқайсысының

тағайындауға құқысы бар жазалау және көтермелеу шараларының түрлері белгіленген. Мысалы, топ бастықтары алғыс жариялау, азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып алуға қосымша ақша жұмсау, телефон арқылы сөйлесуге рұқсат ету және өзінің тағайындаған жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау тәрізді көтермелеу шараларын қолданауға құқылы. Сондай-ақ, топ бастықтары мынандай жазалау шараларын қолдана алады: ескерту немесе сөгіс жариялау және 1 айға дейін кинофильмдер көру құқығынан айыру.

Бөлімше тәрбиешілері мынандай көтермелеу шараларын қолдана алады: алғыс жариялау, өзінің тағайындаған жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау. Бөлімше тәрбиешілері жазалау шарасы ретінде ескерту немесе сөгіс жариялай алады. Ал, тәрбиелеу колониясының бастығы немесе оның орнындағы лауазымды адам жазалау және көтермелеу шараларының кез келгенін тағайындауға құқылы.

Кәмелетке толмағандарға жаза өтеу кезеңінде түзеу құралдары кеңінен қолданылады. Оларды түзеудің негізгі құралдарына қоғамға пайдалы еңбекке тарту, орта білім мен арнайы мамандыққа оқыту, тәрбиелеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға араластыру жатады.

Кәмелетке толмағандардың еңбегі және оның тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес реттеледі. Олардың күнделікті жұмыс сағаттарының ұзақтығы осы заңмен анықталады. Тәрбиелеу колонияларында жаза өтеп жатқандарда өздерінің әлі келмейтін ауыр жұмыстарға, түнгі уақыттардағы және денсаулыққа зиян келтіруі ықтимал жұмыстарға, сондай-ақ жер асты жұмыстарға жіберілмейді. Олар демалыс күндері еңбекке тартылмайды.

Кәмелетке толмағандар еңбекке тартылғанда 18 жасқа толмағандар мен толғандар бір-бірінен бөлек жұмыс істейді және еңбек туралы заңға сәйкес, 18 жасқа толмағандар толық жұмыс сағатын орындамайды.

Тәрбиелеу колонияларындағы еңбек – оқудан бос уақыттырда жүргізіледі. Кәмелетке толмағандардың орындайтын жұмысының бағасы, сол жұмыстар үшін әдетте белгіленген бағаның ең төменгі мөлшерінен кем болмауы керек. Олар жасаған жұмысының кем дегенде 50 пайызының ақысын ала алады және бұл қаражат олардың жеке есеп шотына жазылады. ҚАК 95- бабының 5 және 6 бөліктеріне сәйкес, кәмелетке толмағандарға жақсартылған үлгідегі тұрғын-жайлар беріліп, тамақтың көтеріңкі нормасы беріледі және тамақ пен киімнің құны олардың табысынан ұсталмайды.

Тәрбиелеу колониясында жаза өтеушілер еңбекке тартылған жағдайда жылдық демалыс беріледі. Олардың жылдық демалысы жаза мерзімінде есептеледі

және ақысыз түрде 18 тәулікке колониядан сырт жерлерде жол жүру құқығынан айырып немесе айырмай беріледі.

Кәмелетке толмағандарды түзеу мақсатындағы тәрбиелік жұмыстар ретінде орта білім беру мамандыққа даярлау жүргізіледі. Сотталған егер орта білім алмаған немесе оқуды аяқтамаған болса, онда оқуға жіберіліп, колония мектебін бітірген соң білімі бар екендігін куәландыратын құжат беріледі. Ал арнайы мамандығы жоқ 14 пен 15 жас шамасындағы кәмелетке толмағандар немесе одан да ересек жастағылар колониядағы кәсіптік-техникалық училищелерде оқиды. Бұл оқу орындарында негізінен тас қалаушы, сылақшы, токарь, дәнекерлеуші тәрізді өндірістік-құрылыстық мамандықтар беріледі. Сотталғандар оқулары бойынша емтихандар тапсыратын уақыттарда босатылады.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезінде тәрбиелеу-педагогикалық жұмыстар жүргізіледі. Тәрбиелеу колониясында жұмыс істейтін әрбір қызметші тәрбиешінің де ролін атқаруға тиіс. Тәрбиелік жұмыстар кәмелетке толмағандарға отан сүйгіштік, адамгершілік, еңбекке адал қарау, құқыққа бой ұсынушылық және дене тәрбиесі бағытында жүргізіледі.

Отан сүйгіштік – елге қызмет ету, оның конституциялық құрылысын сыйлау, өз елінің амандығын, қуаттылығын арттыруға ат салысу бағыттарындағы көзқарасты қалыптастыру болып табылады.

Адамды адамгершілік бағытқа тәрбиелеу – моральдық тұрғыдағы жақсы мінездерді қалыптастыруды, этикаға жататын мінез-құлықтарды сақтауды, қоғамға пайдалы психиканы ұстануды білдіреді.

Еңбекке тәрбиелеу–еңбекке адал қарау, оны сыйлау және жаза өтей жүріп кәсіптік мамандықтарды алып, оны кейінгі өмірде қажеттілігіне пайдалану болып табылады.

Құқықтық тәрбиелеу – кәмелетке толмағандарда мемлекеттік ұйымдардың және жеке азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын сыйлауды, сонымен қатар өзінің азаматтық, еңбек, отбасы және неке, т.б. қатынастардан туындайтын міндеттері мен құқықтарын пайдалануды білдіреді.

Кәмелетке толмағандарға дене тәрбиесі денсаулық және психикалық тұрғыдан қуатты болу үшін жүргізіледі. Сотталған болып саналуына байланысты, оларға дене тәрбиесі белгілі шектерге дейін ғана жүргізіледі.

Тәрбиелеу колонияларында тәрбиелік-педагогикалық жұмыстардың түрлерінен байқалады. Тәрбиелеу колониясының әкімшілігі бұл жұмыстарды дұрыс, әрі тиімді жүргізу үшін топ тәрбиешілерінің, бөлімше тәрбиешілерінің және мұғалімдерінің,

сондай-ақ осындай мәселемен айналысатын арнайы ата-аналар кеңесінің және қоғамдық бірлестіктердің қызметін қолданады.

Тәрбиелеу колонияларының жұмысына қоғамдық бірлестіктердің қатысуы бірнеше бағыттарды көздейді. Ол бағыттар – кәмелетке толмағандарға оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруды, тәрбиелеу колонияларының материалдық-техникалық базасын нығайтуды, сотталғандарды әлеуметтік тұрғыдан қорғауды, жазаны өтеуден босатылғандарды еңбекке және тұрмысқа жайғастыруды көздейді. Бұл аталған қызметтер тәрбиелеу колонияларының өз жұмысы болып табылады, ал қоғамдық бірлестіктер көмек көрсету ролін атқарады. Аталған қызметтерді атқаруға көмек көрсетуші қоғамдық бірлестіктер – мемлекеттік кәсіпорын, мекеме, ұйымдар немесе азаматтар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың қатарынан құрылады. Бұл субъектілердің тәрбиелеу колониялары қызметіне көмек көрсету жұмысы “Қамқоршылық кеңес” деген атаумен жүргізіледі. Қам-қоршылық кеңестің ұйымдастырылуы және оның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген ережемен реттеледі.

Сотталғандармен тәрбиелік жұмыстар жүргізу және тәрбиелеу колониясының қызметіне көмек көрсету мақсатында сотталғандардың ата-аналары мен жақын туыстары қатысқанда, ол ұйым – ата-аналар комитеті деп аталады. Ата-аналар комитетінің жұмысы тәрбиелеу колониясының бастығы бекіткен ереже шеңберінде жүргізіледі.

Қазіргі кезде сотталғандарды түзеу-тәрбиелеу жұмыстарының қатарына түзеу мекемелерінде діни орындарды ашып, олардың үгіт-насихатын да пайдалану жатады. Діни мекемелер түзеу колонияларында діни сабақтар өткізуге ұсыныс жасағанда, түзеу мекемесі әкімшілігі рұқсат беріп, оған жағдай жасауы керек. Діни сабақтардың тәрбиелеу колонияларында өтуі және оның аумағында мешіттер ашылып, жұмыс істеуі кәмелетке толмағандарды түзеуге қосатын үлесі мол екені даусыз. Сотталғандардың жеке басында аз кездесетін имандалық, қиын жағдайларға төзу күнә атаулыдан бойын ғана емес, ойын да аулақ ұстау тәрізді қасиеттерді, әрине, сотталғандар діни сабақтарға қатыстырылғанда ғана бойына сіңіреді.

Тәрбиелеу колонияларындағы жаза өтеушілердің жаза өтеу тәртібін қасақана бұзушылығы болмағанда немесе түзелу бағытына түскенде жасы 18-ге толғаннан кейін де, 20 жасқа дейін осы мекемеде қалдырады. 18 бен 20 жас арасындағы жасөспірімдердің басқа колонияларға барып, ересек сотталғандармен бірге жаза өтеуі, жазаның мақсатына кері әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, түзелу бағытына түскен 18 бен 20 жас арасындағы сотталғандарды ересек адамдардың жалпы режимдегі колонияларына ауыстырғанда, олардың қандай да бір деңгейде құқықтары шектеліп,

мүмкіншіліктері азаяды. Сондықтан, түзелу бағытына түскен 18 бен 20 жас аралығындағылар сол тәрбиелеу колонияларында қалдырылады.

18 жасқа толғаннан кейін, тәрбиелеу колонияларында қалдырылғандардың жаза өтеу жағдайлары, материалдық-тұрмыстық қажеттілігі, кәмелетке толмағандарға белгіленген ережеге сәйкес жүргізіледі.

Олардың тек еңбек жағдайы еңбек туралы заңға сәйкес 18 жасқа толғандарға белгіленген ережемен реттеледі. Сотталған 20 жасқа толған кезде жаза мерзімі әлі аяқталмаса, онда тәрбиелеу колониясы бастығының қаулысымен жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырылады.

18 жасқа толған сотталған жаза өтеудің белгіленген режимін бұзған немесе өзін теріс жақтарынан көрсеткен жағдайларда, жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырылады. 18 жасқа толған сотталушыны ересектерге арналған түзеу колониясына ауыстыру жұмысы - сот шешімімен атқарылады. Сотталғанды үлгілі немесе теріс мінез-құлықтарына байланысты басқа түзеу мекемесіне ауыстыру, әрқашанда, түзеу мекемесі бастығының ұсынысымен сот арқылы шешіледі. Ал, сотталушыны ауыстыру немесе сол тәрбиелеу колониясында қалдыру мәселесі заң тәртібіне сәйкес келсе, онда сот шешімінсіз-ақ тәрбиелеу колониясы бастығының қаулы шығаруы негізінде жүргізіледі. Мысалы, 20 жасқа толған сотталған тәрбиелеу колониясынан түзеу колониясына сот шешімінсіз ауыстырылады.

§ 4. Режимді белгілеудің және өзгертудің тәртібі

Қылмыс жасаған адамға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау кезінде, соттар режимінің түрін де анықтайды. Сотталғандар бүкіл жаза мерзімін осы түзеу мекемесінде және сол режимде өтеп шығуы тиіс. Бұл талапты сақтау – сотталғандардың түзелуіне қажетті жағдайды тудырады.

Бірақ, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңдарында белгіленген жазаны оқшаулы атқару қағидасына сәйкес, сотталғандар өдері тектес, қоғамға қауіптілігі бірдей деңгейдегі адамдармен жаза өтеуі керек. Сондықтан, олардың жаза өтеу уақытындағы мінез-құлқының түзелуіне немесе қауіпті бола бастауына байланысты, өздері тектес сотталғандардың ортасына ауыстыру қажеттілігі туындады. Бұл ауыстыру – басқа сотталғандардың қауіпсіз болуын және жазаны атқару мәселесін тиімді ыңғайлы жүргізуді көздейді. Осы мақсатты іске асыру үшін, түзеу мекемелері сотталғандарды бір колонияның ішінде де, түзеу мекемелері арасында да ауыстыру жұмыстарын іске асыра алады.

Сотталғандардың жаза өтеу жағдайын өзгертудің екі түрі бар. Біріншісі, бір түзеу мекемесінің ішінде жаза өтеу жағдайын өзгерту болса, екіншісі, сотталғанды бір түзеу мекемесінен басқа түзеу мекемесіне ауыстыру болып табылады.

Сотталғандар бір түзеу колониясында жаза өтеудің жеңілдікті, жеңілдетілген, дағдылы және қатаң жағдайларында ұсталады. Олар жаза өтей жүріп, мінезінің, көзқарасының өзгеруіне байланысты тиісті жаза өтеу жағдайларына ауыстырылады. Егер еңбекке адал қарап, түзелу бағытына түскендігін байқатса, онда жаза өтеудің жеңілдетілген жағдайларына, ал қоғамға қауіптілігі арта бастаса, қаталырақ жағдайларға ауыстырылады.

Түзеу мекемесіндегі жаза өтеудің әртүрлі жағдайларына ауыстыру жұмысы түзеу мекемесінің әкімшілігі бұл жұмыстарды, “Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелеріндегі комиссия туралы” ережесіне сәйкес жүргізіледі. Сотталғандардың жаза өтеу жағдайларын өзгерту мәселесіне байланысты осы ережеге сәйкес комиссия құрылып, оның құрамына түзеу мекемесінің бастығы (төр ағасы), оның орынбасарлары, оперативтік бөлімнің бастығы, арнайы бөлімнің бастығы енеді. Сонымен қатар, бұл комиссия мәжілісіне жергілікті атқару аудандарының өкілдері де қатыса алады. Отряд бастықтары, басқа да әкімшілік қызметкерлер сотталғандардың жеке басына үнемі назар салып отыруы тиіс, соның нәтижесінде, жаза өтеушілер өздерінің мінез-құлқы үшін, заңмен белгіленген жаза өтеу жағдайына ауыстыралады. Сонымен қатар, түрмелерде ауыстыру жұмыстары жүргізіліп, ондағы жаза өтеушілер жеке басы ерекшеліктерінің өзгеруіне байланысты түрменің қатаң режимінен жалпы режиміне, жалпыдан қатаң режимге ауыстырылады. Егер сотталған жаза өтеудің қатаң жағдайына ауыстырылғанына келіспейтін болса, онда сот органдарына немесе сол түзеу мекемесінің басшысына арыздануға құқылы.

Сотталғандардың мінез-құлқының және еңбекке деген көзқарасының елеулі өзгеруіне байланысты әдепкі сот белгілеген режим түрінен басқа түзеу мекемесіне ауыстыру жұмыстары жүргізіледі.

Түрмеде жақсы жақтарына немесе түзелу бағытына түскендігін көрсеткен сотталғандар жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларына, ал жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларынан қоныстану колонияларына ауыстырылады. Жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларындағы жаза өтеудің жеңілдетілген жағдайындағылар және жаза мерзімінің 1/3 өтегендер, ал аса ауыр қылмыс жасағандығы үшін сотталағандар, бұрын бас бостандығынан айыру жазсын өтеу кезінде жазадан шартты түрде ерте босталығандар және жаза өтеу кезінде қайтадан қылмыс жасағандар, жаза мерзімінің 2/3 бөлімін өтегеннен кейін қоныстану колонияларына ауыстырылады. Ал, қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегілер, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар, өлім жазасы кешірім

жасаудың арқасында өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылғандар, міндетті емделу курсынан өтпегендер, сонымен қатар, қоныстану колонияларына ауыстырылуға жазбаша келісім бермегендер қоныстану колонияларына ауыстырылмайды.

Қоныстану колониясында «жаза өтеудің тәртібін қасақана бұзушы» деп танылғандар, жалпы немесе қатаң режимдегі түзеу колонияларына ауыстырылады. Сондай-ақ, жалпы және қатаң режимдердегі түзеу колонияларында жаза өтеушілер жазаның тәртібін қасақана бұзғандығы үшін 3 жылға дейін түрмеге ауыстырылады. Олар түрмеде жазалау мерзімін аяқтағаннан кейін қалған жаза мерзімін бұрынғы түзеу колониясында өтейді.

Сотталғандардың түзелу бағытына түсуіне немесе қоғамға қауіптілігінің артуына байланысты түзеу мекемесінің түрін өзгерту соттардың шешім шығаруы арқылы жүргізіледі.

IX-ТАРАУ. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ.

§ 1. Сотталғандар еңбегінің жалпы сипаттамасы.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды дене еңбегіне тарту және оны орындауға міндеттеу, жазаның негізгі көрінісін ғана емес, сонымен қатар сотталғанға қолданылатын түзеу құралын да білдіреді. Еңбектің тәрбиелеу құралы ретіндегі мәні адамның дене жұмысымен айналысу кезіндегі ой қызметімен және оған бейімделумен анықталады. Сондықтан, сотталғанның еңбекке деген көзқарасы оның түзелуін анықтаушы кілттің бірі болып табылады.

Адамды тәрбиелеу мәселесінде тиімді жұмыс істеу үшін, алдымен сотталғанды дене еңбегіне баулу қажет, содан кейін ғана басқа тәрбиелеу құралдарын қолдану ыңғайлы. Басқаша айтқанда, жаза өтеп жүрген адам дене еңбегіне ықпалсыз болса не одан бас тартса, ол сотталушыға басқа тәрбиелеу құралдарын қолданудан нәтиже шықпайды. Яғни, сотталғанның дене еңбегіне қарап, оған бейімделуі, қалған тәрбиелік шараларды тиімді қолдануға жол ашады.

Еңбектің тәрбиелік әсерінің маңыздылығы бас бостандығынан айыру жазасында ғана емес, басқа да жаза түрлерінде ескеріліп, оған барлық қылмыстық-атқару жүйесіне қарайтын мекемелер көңіл аударады.

Түзеу колонияларындағы дене еңбегі – сотталғандарды тәрбиелеу құралы ретінде ғана емес, өзге де маңызды қызметтерді камтамасыз етуге жол ашатын тәсіл ретінде қолданылады. Соның бірі- еңбектің бас бостандығынан айыру орындарындағы экономикалық мәні болып табылады. Қазіргі кезде түзеу мекемелеріне мемлекет тарапынан жұмыс тапсырыстары әлсіз жүргізілуде.

Сондықтан, қылмыстық - атқару заңы түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың мемлекеттік қана емес, ұжымдық, жеке меншіктегі кәсіпорындардың жұмыстарына жіберілуін де шектемеген. Мұндай жағдайда, түзеу мекемесі әкімшілігі қоғам қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ, түзеу мекемелері тапсырыстарды әртүрлі шаруашылық субъектілерінен қабылдап, ол жұмыстарды түзеу колониясы шегінде орындауға құқылы.

Сотталғандардың еңбегі – түзеу мекемесінің материалдық қорын және сотталғандардың өздерінің әртүрлі қажеттілігін қамтамасыз ете алады. Жазаны өтеу орындарындағы еңбектің экономикалық мәні – «барлық адамдар еңбекпен айналысуы арқылы өз қажеттілігін өтейді, бұл жағдай сотталған адамдарға да қатысты» дегеннен шығады. Бірақ, түзеу мекемелері сотталғандарды өндірістік-шаруашылық қызметке араластырғанда, олардың еңбегі арқылы пайда табуды көздемеуі керек. Мұндағы еңбектің тәрбиелік – «адам өз қажеттілігін өз еңбегі арқылы өтеуі керек» - деген қағидаға бағынады. Адамның өмірінде еңбек етуі өте қажет. Жұмыссыздық немесе еңбекке араласпау адамгершілік тұрғыдан ғана емес, оның дене тәрбиесіне, яғни организміне де зиянды. Сондай-ақ адам еңбек ету кезінде сол орындаған жұмыстарына жауаптылықпен қарап, тәртіпті жұмыс істеуді үйрене бастайды. Демек, дене еңбегі – адамды тәртіпке шақыру мәнін де атқара алады.

Сотталғандардың бас бостандығынан айыру орындарындағы еңбегі, тәрбиелік ықпалмен қатар, жазаның міндеттеуші белгісінің бірі болып табылады. Сотталғандарды еңбекке тарту негізінде қылмыс жасаған кезде келтірілген шығындары мен зардаптарының орнын толтыру міндеттілігі жатыр. Адам дене еңбегіне араласқан кезде шыдамдылыққа, кәсіпке үйренеді. Шыдамдылық тәрізді жақсы қасиеттер сотталғандардың бойында аз кездесіп, көпшілік жағдайларда қылмыс жасауға итермелеуші себеп болып саналады.

Қылмыстық заңда қарастырылған көпшілік жазалар сотталғандарды дене еңбегіне тартуды көздейді. Сотталғандар жаза өтеу кезінде еңбек ретінде, ой-рухани еңбегіне, әскери қызметке жататын немесе адамзат және қоғам қауіпсіздігі үшін жауаптылықты жүктейтін еңбектерге тартылмайды. Дене еңбегі ретінде, адамның өз дене күшін пайдалануы арқылы жұмыс істеу ескеріледі. Адамның еңбек қабілеттілігінің әрқилы болуына байланысты сотталған адамдар да жасына, жынысына, т.б. ерекшеліктеріне қарай ауырлығы әртүрлі еңбектерге тартылады. Оларды еңбекке тарту кезінде ең алдымен мамандықтарды ескеріліп, реті келгенше сол мамандағы бойынша жұмыстармен қамтамасыз етіледі. Сотталған адамдар орындаған еңбегінің түріне, көлеміне және сапасына қарай ақы алады.

Сонымен, түзеу мекемелеріндегі сотталғандар еңбегінің мынандай ерекшеліктерін келтіруге болмайды.

Бірінші ерекшелігі, жазаны атқару орындарындағы сотталғандар тартылатын еңбек – экономикалық, әлеуметтік мақсаттармен қатар жазаның негізгі құралы болып табылады.

Екінші ерекшелігі, сотталғандардың еңбегі - қоғамнан оқшаулы жағдайда немесе бас бостандығынан айырылған уақыттарды еңбек ретіндегі іске асырылады.

Үшінші ерекшелігі, бас бостандығынан айырылуға сотталған адамдардың еңбек жағдайының әдеттегі жай азаматтардың еңбек жағдайынан айырмашылығы болады. Мысалы, сотталғандар жұмыс түрін таңдай алмайды және берілген жұмысты міндетті түрде сол сотталушы орындауы керек, немесе, кейбір жұмс түрлеріне сотталғандар тартылмайды.

Қорыта айтқанда, сотталғандарды тәрбиелеу және түзеу барысында қолданылатын еңбек – сотталғандарды түзеудің өзге де құралдарымен қосыла қолданғанда ғана оң нәтиже бере алады. Еңбекті басқа түзеу құралдарынан бөліп қолдану, сотталғандардың сана- сезімін қажетті деңгейге көтере алмайды және жазаның мақсатына жетуде тиімді сапа көрсете алмайды.

§ 2. Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру және оны құқықтық реттеу

Сотталғандардың еңбегі санитарлық- гигиеналық талаптарға сай қауіпсіздік техникалары қамтамасыз етілген, адам денсаулығы мен өміріне тікелей зиянсыз жағдайда қолданылуы керек. Сонымен қатар, олардың еңбек ету орындары және жұмыс құралдары қазіргі дамыған техникалармен жабдықталуы тиіс.

Түзеу мекемелерінің әкімшілігі сотталғандардың жынысын, жасын, еңбекке қабілеттілігін және мүмкіндігінше мамандығын ескере отырып, еңбекке тартуы керек. Бұл ереже – адамның еңбекке дегендегі көзқарасына елеулі тәрбиелік ықпал жасап, сотталғандардың бірте- бірте біліктілігін арттыруына жағдай жасайды. Түзеу мекемелері сотталғандарды еңбекке тартқанда мамандықтарын ескеруі керек. Бірақ, бұл ереженің барлық жағдайларда сақталуы міндетті емес. Сотталғанды мамандағына сай еңбекпен қамтамасыз ету – түзеу мекемесінің қызметіне қауіпті және оның қылмыс жасау уақиғасымен байланысты болғанда, жүргізілмейді. Түзеу емес басқа жұмыстарға жіберіп, басқа мамандықтар бойынша оқыту жұмысын жүргізе алады. Сотталғанға негізгі жазамен қатар, қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы тағайындалғанда, түзеу мекемесі әкімшілігінің ол сотталғанға сол мамандық бойынша жұмыс беруге құқысы жоқ. Түзеу мекемелеріндегі « ішкі тәртіп ережесі» сотталғандарды түзеу мекемесі қызметкерлері жұмыс істейтін штабтарда, үй-жайларда, құжаттар, қару, радиотелеграф, телефон, телефакс, дәрі – демектер сақталатын және берілетін, сондай-ақ жарылғыш заттар мен улы заттар сақталатын жерлердегі еңбекке тартуға тыйым салады. Сонымен қатар, сотталған адамдар оперативтік машиналардың айдаушысы, сатушы, кассир, бухгалтер, тұрмыстық

заттар сақталатын қойма меңгерушісі юолып жұмыс істеуге жіберілмейді. Мұндай жұмыстарға түзеу мекемесі әкімшілігі жалдамалы қызметкерлерді тартады.

Егер бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілерге түзеу мекемесі әкімшілігі айдауылсыз жүруге арнайы қаулы шығармаса, онда күзет пен бақылау жағдайында жұмыс істейді. Бұл ереже – сотталғандарды әртүрлі меншік нысандығы жұмыстарға тарту кезінде де сақталады. Түзеу мекемесіне өзге тапсырыс, жұмыстар келіп түскенде, сотталғандар ол жерлердегі жұмыстарға тек қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілгенде жіберіледі.

Мұндай жұмыс орындарында қауіпсіздік шаралары ретінде қарулы күзет қолданылады. Қылмыстық- атқару заңы сотталғандардың еңбекпен айналысуына талаптар қояды. Сотталғандарға еңбек дауын шешу мақсатында жұмысты тоқтатуға тыйым салынған. Жұмыстан бас тарту немесе жұмысты өз бетінше тоқтату - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылық болып табылады және жазалау шараларын қолдануға негіз болады. Сотталған өзіне міндеттелген жұмыс түрі мен оның көлеміне деген наразылығын түзеу мекемесі әкімшілігіне арыз түріне беруге немесе сот органдарына шағымдануға құқылы. Сотталғанның еңбек жағдайына байланысты шағымдануы жұмысты тоқтатуға құқық бермейді. Ол жұмыс – сотталғанның арызын қанағаттандыратын шешім шығарылғанда ғана тоқтатылады.

I-және II- топтағы мүгедектер, 55 жастан асқан әйелдер мен 60 жастан асқан ер адамдар еңбек заңдарына сәйкес, өз қалауы бойынша еңбекке тартылады. Сондай-ақ, мұндай топтағы сотталушылар еңбек заңдарында көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдалана алады. Еңбек қатынастарынан туындайтын жеңілдіктерді жүкті әйелдер мен өзімен бірге баласы бар әйелдер, сондай-ақ кәмелетке толмаған сотталғандар да пайдаланады.

Түзеу колонияларындағы жұмыстар сотталғандардың өз күштерімен орындалуы тиіс. Түзеу мекемесінде сотталғандардың негізгі бөлігі жіберілетін өндірістік жұмыстан басқа тұрғын колонияның да жұмыстары болады. Тұрғын колонияның тазалық, шеберхана, монша, кір жуу тәрізді жұмыстары да олардың өз қолдарымен істелуі тиіс. Түзеу мекемелеріндегі жалдамалы жұмысшылардың саны, еңбекке тартылған сотталғандардың санымен салыстырғанда, 15 пайыздан аспау керек. Жалдамалы жұмысшылар сотталғандардың біліктілігі жетпейтін жұмыстарды, яғни, инженерлік, тәрбиелік тәрізді жұмыстарды атқару үшін шақырылады.

Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру – әрбір түзеу мекемесінің күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Түзеу мекемелері бұл талапты іске асыруды сотталғандарға білім беру мен мамандыққа даярлаудан бастайды.

Сотталғандардың еңбегін ұйымдастырудың мынандай нысандары бар:

- жазаны атқарушы мекеменің кәсіпорындары;
- түзеу мекемесіндегі немесе одан өзге де жерлердегі кез-келген меншік нысанындағы мекемелердің жұмыс объектілері;

- жазаны атқарушы мекеменің меншікті өндірістері;
- жазаны атқарушы мекемелердің және тергеу изоляторының шаруашылық жұмыстары.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдарың еңбегін түзеу колонияларының өзіндегі кәсіпорындарда пайдалану- түзеу мекемесіне де, қоғамға да ыңғайлы. Яғни, сотталғандар түзеу колониясының өндірісінде еңбек еткенде, қоғам қауіпсіздігіне қауіп туындамайды. Түрмеде жаза өтеушілердің еңбегі түрме аумағында ұйымдастырылады, Кеңес үкіметі уақытында түзеу мекемелеріне тапсырыс мемлекет тарапынан жүргізілгендіктен, сотталғандар түзеу мекемесінің аумағына жататын кәсіпорындарда еңбек етті. Қазіргі меншік нысандарының көбеюі және түзеу мекемелеріне жұмыс тапсырысының мемлекет тарапынан ретті түрде жүргізілмеуі сотталғандардың еңбегін ұйымдастырудың басқа да түрлерінің пайда болуына әкелді.

Жазаны атқарушы мекемелерінің меншікті өндірістері, түзеу мекемелерінің өз ұсынысы арқылы ұйымдастырылды және бұл өндірістер де жаңа жұмыс орындарының пайда болуын білдіреді. Олар мұндай түзеу мекемесіне қарасты өндірістердегі еңбек жағдайын заң талаптарына сай жүргізілуі тиіс. Ол талаптарға, жазаны атқарушы мекеменің қылмыстық- атқару жүйесі басқармасының орталық органдары шығарған заңдарына және өзге де нормативтік актілеріне сәйкес келетін еңбек жағдайымен сотталғандарды қамтамасыз етуі, шарттар бойынша міндеттемелерді орындауы, шарттарға байланысты міндеттемелерді орындамаған жағдайда жауаптылықты атқаруы, сондай- ақ, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтауы, жұмыс орындарының санитарлық- гигиеналық талаптарға сай болуы, табиғи ортаға зиян келтірмеуі, бухгалтерлік және статистикалық есептер жүргізуі, жазаны атқарушы мекемелерінің қызметін бақылайтын органдарға қажетті мәліметтер беруі тәрізді т.б. талаптар жатады.

Жазаны атқарушы мекемелерге өндірістік қызметін табысты жүргізуші үшін тиісті құқықтар берілген. Олар қосымша тіркеусіз-ақ өндірістік қызметін бастауға, материалдық- техникалық ресурстар бере алатын тұлғаларды өз еркімен таңдауға және өздері шығарған өнімді өткізу жолын іздестіруге, еңбек шарттарын бекітуге, жалдамалы жұмысшыларды жұмысқа қабылдауға және жұмыстан шығаруға, банкілік несиелерді пайдалануға, тапқан табысына билік етуге құқылы. Түзеу мекемелері мемлекеттік тапсырыстан басқа өнімдеріне өздері билік ете алады, сондай-ақ алдағы уақыттарға да жеке өндірістік қызметтің түрлерін жоспарлауға, түзеу мекемесінің әлеуметтік- материалдық жағдайын көтеру жолында іс- әрекеттер жасауға рұқсат етіледі. Жазаны атқарушы мекемелерінің кәсіпорындары, бір мекеменің ішінде немесе мекемелерінің құрылымдық бөлімшелері ретінде, сондай- ақ мекемелердің бірлестігі ретінде құрыла алады. Бұл мекемелер жазаны атқару мәселесімен айналысатындықтан, мемлекеттік мекеме болып саналады. Түзеу мекемелерінің өздерінен жоғарғы органдардың нұсқауынсыз өндірістік қызметпен айналысуы, ол өздерінің материалдық базаларын өз күштерімен көтеруіне бағытталған. Сондықтан, мұндай жағдайда түзеу мекемелерінің құрылтайшысы қылмыстық-атқару жүйесі басқармасының орталық органы болады.

Сотталғандарды қылмыстық- атқару жүйесіне жатпайтын әртүрлі меншік нысанындағы еңбекке түзеу мекемесі аумағында немесе өзге дерлерде тарту- түзеу мекемесі мен сол жұмыс беруші субъектінің арасындағы келісім негізінде іске асырылады. Түзеу мекемелері қазіргі кезле үнемі мемлекет тарапынан тапсырыстармен қамтылғандықтан, олар кейде сотталғандарды еңбекке тарту үшін ұжымдық немесе жеке меншік иелерінен де жұмыстар қабылдай алады. Түзеу мекемелері ол жұмыстарды өз аумағында немесе сотталғандарды сол жерлерге жіберу арқылы орындайды. Түзеу мекемесі әкімшілігі мен жұмыс беруші мекеменің арасындағы келісімде, жұмысқа жіберілетін сотталған адамдардың саны, олардың еңбекақысы, сотталғандардың жұмыс орнын оқшаулау мәселесі қауіпсіздік техникалары мен санитарлық талаптарды сақтау, осы қатынасқа түскен басқа да мекемелердің арасындағы мүліктік қатынастар анықталады. Қылмыстық-атқару заңы, сотталғандарды басқа министрліктер мен ведомстволарға жататын мекемелер еңбегіне қолданғанда, заң талаптарын сақтауды талап етеді. Мысалы, қоғам қауіпсіздігін сақтау талап етеді. Мысалы, қоғам қауіпсіздігін сақтау үшін сотталғандарды оқшалау мәселесін ұйымдастыру керек.

Түзеу мекемелерінің шаруашылық жұмыстарын атқаруға жалдамалы қызметкерлерімен қатар, сотталған адамдар да тартылады. Жалдамалы жұмысшылар мен қызметкерлер көлемін анықтағанда, оларға төленетін еңбекақы мен заң талаптарының сақталуы да ескеріледі.

Қылмыстық- атқару заңы сотталғандардың дербес еңбек қызметімен айналысуына шектеу қоймайды. Бұл ереже түзу мекемесіне қосымша жұмыс көздерін іздестіруге жағдай жасайды. Жаза өтеу кезінде сотталғандардың жеке еңбекпен айналысуы олардың біліктілігін дамытуға септігі тиеді. Түзеу орындарында дербес еңбек қызметімен сотталғандардың кейбіреулері ғана айналыса алады. Себебі, түзеу мекемесі өзіндегі барлық сотталғандардың дербес еңбекпен айналысуына жағдай жасай алмайды.

Сотталғандарда дербес еңбек қызметімен айналысу құқығын берудің себебі- мұндай еңбек түрін қоғамнан оқшаулы жағдайда ұйымдастыруға мүмкіншіліктің болуына байланысты. Сотталғандардың дербес еңбекпен айналысуына, ол сотталушы өз еңбегі арқылы кем дегенде өзіне түзеу мекемесі тарапынан шығарылған шығынның орнын толтыра алғанда ғана рұқсат етіледі. I- және II- топтағы мүгедектерге, жүкті әйелдер мен өзімен бірге баласы бар әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, 55 жастан асқан әйелдер мен 60 жастан асқан ер адамдарға еңбек ету жағдайында берілетін жеңілдіктер дербес еңбек ету жағдайында берілетін жеңілдіктер дербес еңбек қызметінде берілмейді. Дербес еңбекке тартылған сотталғандар еңбегінен түскен табысымен өзіне кеткен шығындардың орнын толтыра алмаса, онда қосымша арқылы еңбекке тартылады.

Сотталғандар дербес еңбек қызметіне тартылуы үшін мынандай талаптар сақталуы тиіс:

- осындай еңбек түрімен айналысуға сотталғанда тілек болуы;

- бұл еңбек түрінің түзеу мекемесіндегі режим талаптарына қайшы келмеуі;
- түзеу мекемесі әкімшілігінің дербес еңбекті ұйымдастыруға мүмкіншілігінің болуы;

- сотталған осы еңбекпен айналысқанда, өзіне кеткен шығындардың орнын толтыра алуы;

- мұндай еңбектен сотталғанға табыстың түсуі.

Сотталғанның мұндай кәсіпкерлік қызметі, сотталаған мен түзеу мекемесі әкімшілігінің арасындағы жасалған шарт негізінде жүргізіледі және түзеу мекемесі сотталғанның жеке кәсіпкерлік қызметіне көмек, қамқоршылық жасауға міндетті.

Дербес еңбек қызметі, барлық жағдайда, сотталғанның ұсынысы арқылы ұйымдастырылады. Сотталған адам басқа адамдар жасай алмайтын тұрмыстық, мәдени зергерлік, сондай-ақ этнографиялық бұйымдарды жасап шығару туралы әкімшілікке ұсыныс жасауы мүмкін, дербес еңбек осындай ұсыныстың негізінде ұйымдастырылады.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы жаза өтеушілер дербес еңбек қызметімен айналысқанда, заңда тыйым салынған заттарды пайдаланып өнім дайындауға немесе оларға тыйым салынған өнімерді шығаруға рұқсат етілмейді.

Сотталғандарға қару-жарақ, оқ-дәрі шығаруға немесе бұзылған соғыс қаруларын жөндеуге, жарылғыш заттар шығаруға, есірткі және улы заттарды дайындауға, есірткі және улы заттары бар өсімдектерді өсіруге, өңдеуге, өткізуге, қымбат бағалы метал рудаларын және радиоактивтік, сирек кездесетін элементтерді өңдеуге, орден, медальдар жасауға, дербес еңбек қызметімен айналысқанда рұқсат берілмейді. Мұнан басқа, сұғуға және кесуге болатын заттарды дайындауға, телефон, радиотелеграф, телефакс және көшірме техникаларын шығаруға немесе жөндеуге тыйым салынады.

Дербес еңбек қызметіне тартылған адамдар құрал-жабдықтарын, шикізат материалдарын өздері сатып алғанда немесе, олардың ақысы төленген жағдайда, оның меншігіне жатады. Сотталғанның дербес еңбегіне қажетті заттар, шикізаттар, құрал-жабдықтар түзеу мекемесі арнайы белгілеген жерде сақталады және мұндай заттарға түзеу мекемесі әкімшілігінің тінту жасауы, тек сотталушының өзінің қатысуымен өткізіледі. Мұндай еңбек түрімен айналысушы сотталағандар басқа түзеу мекемесіне ауыстырылғанда, олардың дербес еңбегіне қажетті заттарды да бірге жіберіледі. Бұл заттарды сотталған ауыстырылған колониялаға жіберу қаражат қажет еткенде, ол шығын сотталғанның өз табысынан ұсталады. Ал қажетті заттардың кейбіреулерін жіберуге мүмкіндік болмағанда, оның құны сотталғанның есебіне аударылады.

Дербес еңбекке тартылған сотталғандардың еңбек қатынастары, басқа сотталғандардан бөлек жүргізілгендіктен, түзеу мекемесі оларға артықшылықтар бере алады. Біріншіден, мұндай еңбекпен айналысушылар, жаза өтеу уақытында өз табыстарының есебінен өмір сүруге бейімделеді. Екіншіден, олар көпшілік уақыттарын жұмыс орнында өткізгендіктен, әкімшіліктің қадағалауы жеңіл түрле жүргізіледі.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілердің еңбек жағдайының әдеттегі өмірге сай келетін тұстары, еңбек туралы заңдармен реттеледі, ал жаза өтеу мәселесімен тікелей байланысты тұстары қылмыстық-атқару құқығымен реттеледі.

Түзеу мекемелерінде жазасын өтеуші адамдар үшін, апталық жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарында белгіленген нормадан аспауы керек. Оларға күніне 8 сағаттық, аптасына 6 күндік жұмыс уақыты белгіленген. Сотталғандарға аптасына 1 күн демалыс беріліп, апта ішінде 48 сағатқа жұмысқа шағарылады. Жұмыстың басталу, аяқталу және түскі тамақтану уақыттары ішкі тәртіп ережесімен анықталады. Сотталғандар еңбек туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыстан босатылады. Демалыс және мейрам күндері жұмысқа тек қауіпсіздік шаралары бойынша жұмыс істейтін сотталғандар, яғни өрт сөндірушілер, электриктер жіберіледі. Мейрам және демалыс күндері жұмысқа шығарылған сотталғандар ол демалыс күнін басқа күндері, сол айдың ішінде алады. Тұрғын колониядан өндірістік колонияға сотталғандардың ауысу уақыты, олардың жұмыс уақытына есептеліп, ақысы төленеді. Егер сотталғанның күндік жұмыс уақытын сақтауға түзеу мекемесінде мүмкіншілік болмаса, онда сотталғанның апта бойғы қорытынды сағаты әр күнге бөлгенде, күніне 8 сағаттан аспауы керек. Мұны жеңілірек түсіндіру үшін мынандай мысал келтірейік. Сотталған бірінші күні 12 сағат, екінші күні де 12 сағат жұмыс істесе, үшінші күні демалыс алуы керек немесе аз сағатқа жұмысқа шығарылады.

Тәрбиелеу колонияларында жаза өтеушілердің күндік және апта ішіндегі жұмыс уақыттары және демалыс күндері еңбек туралы заңдармен реттеледі. Сонымен қатар, жалпы білім бер мектептерінде үлгілі оқитын әрі жұмыс істейтін кәмелетке толмағандардың да жұмыс уақытының ұзақтығы мен демалыс күндері осы заңға сәйкес келеді.

Сотталғандарға қысқартылған еңбек күні қолданылуы мүмкін. Еңбек туралы заң кейбір мамандықтар бойынша толық жұмыс уақытын қолданбайды. Сотталған адамдар ондай жұмыс түрлеріне тартылғанмен, түнгі уақыттардағы жұмыстарға тартылады. Егер сотталғандар түнгі ауысымдағы жұмысқа шығарылса, онда жұмыс сағатының ұзақтығы 1 сағатқа қысқартылады. Түнгі уақыттарғы жұмыс уақытынкүндізгі уақыттағы жұмыстан ауыр деп бағаланады. Қысқартылған жұмыс уақытын толық емес жұмыс уақытынан айыра білу керек. Толық емес жұмыс уақыты – кейбір сотталғандардың жасына, жынысына, денсаулығына байланысты белгіленеді. Мұндай қысқа жұмыс уақыты кәмелетке толмағандарға, 55 жастан асқан әйелдерге, 60 жастан асқан ер адамдарға, жүкті әйелдер мен өзімен бірге баласы бар әйелдерге беріледі. Мұндай топтағы сотталғандардың жұмыс күні медициналық комиссия анықталған уақытқа дейін белгіленеді.

Сотталғандардың ақылы еңбекке тартылу уақыты олардың еңбек стажына қосылады. Жаза өтеу кезінде сотталған қандай меншік нысанындағы жұмыстарға

тартылса да, түзеу мекемесі мемлекеттік мекеме болғандықтан және сотталған ақылы жұмысқа тартылғандықтан, еңбек стажына есептейді. Сотталғанның жұмыс істеген жылдарын есептеу – жазаны атқарушы мекеменің міндеті болып табылады және ол күнтізбелік жылдың қортындысы бойынша жүргізіледі. Жазаны өтеуші адамның жұмыс уақыттарын куәландырушы құжат – еңбек кітапшасы болып табылады. Сотталғанның бұрын еңбек кітапшасы болмаған жағдайда, түзеу мекемесі оның еңбек еткен жылдарын анықтама қағаз беру арқылы куәландырады.

Сотталған белгіленген жұмысты орындаудан үнемі жалтарған жағдайда, жазаны атқарушы мекеме әкімшілігінің ұсынысы бойынша, оның жұмыс істемеген уақыттары жалпы еңбек стажынан алынып тасталады. Жаза өтеуші адамның ақысыз еңбекке тартылған уақыттары еңбек стажына кірмейді.

Жаза өтеу мекемелері сотталғандарды қысқа мерзімдерге ақы төленбейтін жұмыстарға тарта алады. Ол жұмыстар тек түзеу мекемелеріндегі және оған қарайлас аумақтардағы жөндеу, көркейту немесе мәдени-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға бағытталған жұмыстар болуы керек. Сотталғандайр бұл жұмыстарған негізгі жұмысынан бос уақыттарында, кезекпен тартылад. Ақысыз жұмыстарға тарту уақыты аптасына екі сағаттан аспауы тиіс, тек сотталғандардың өз қалауы, өтініші болғанда, ол жұмыстың уақыты көбейтіледі.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілерге жылына бір реттен ақылы демалыс беріледі. Жылдық демалыс тәрбиелеу колонияларында жаза өтеушілерге 18 күнге берілсе, түзеу колонияларында жаза өтеушілерге 15 күнге беріледі. Зиянды еңбек жағдайында немесе ауыр климатты жерлерде жаза өтей жүріп, жұмыс нормасын үлгілі орындаған немесе асыра орындаған сотталғандарға, түзеу мекемесі әкімшілігі жылдық демалысты 18 күнге дейін беруге құқылы.

Жылдық демалыс – түзеу мекемесінен тысқары, жол жүру құқығымен немесе жол жүру құқығынсыз беріледі. Камералық тұрғын-жайларда, ерекше режимдегі колонияларда және түзеу мекемелерінің қатаң жағдайында жаза өтешілерге, сондай-ақ жазалау шараларының қатал түріне тартылғандарға демалыс уақыты түзеу мекемесінен тысқары жол жүру құқығынсыз беріледі. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамадарға демалыс уақытында түзеу мекемесінен тысқары жол жүру – түзелу бағытына түскен немесе жаза мерзімінің негізгі бөлігін өтеген сотталғандарға, сонымен қатар, түзеу мекемесі бастылығында қалған жаза мерзімін өтеуден бұлтармайды деген сенім болғанда ғана беріледі. Жылдық демалысты түзеу мекемесі бастығы сотталғаннан қолхат алады.

§3. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегіне ақы төлеу

Бас бостандығынан айыруға сотталағандар жаз өтеу орындарында еңбекке тартылып, ол үшін еңбекақы алуға құқылы. Жұмыс уақытының белгіленген нормасын толық істеген және өздерінің еңбек міндеттерін немесе жұмыс нормаларын толық орындаған сотталғандардың айлық табысы ең төменгі айлық

табыс мөлшерінен кем болмауы керек. Түзеу мекемелері жұмыстың түріне, оның ауырлығына қарай әртүрлі бағалар белгілейді. Бұл бағалар әдеттегі түзеу мекемесіне жатпайтын мекемелердегі бағалармаен бірдей бола бермейді. Бірақ, сотталушының еңбегін қанайтындай өте төмен баға белгіленбеуі керек. Сотталғандардың айлық табысы олардың жеке есеп шотына айлық табысынан заң бойынша ұсталынатын шығындар өтелгеннен кейін қалған сомасы жазылады.

Сотталғандардың еңбегіне ақы шығарған өнімнің санына, сапасына қарай төленеді. Түзеу мекемелері сотталғандардың еңбегін ай ішінде орындаған жұмыс сағаттарына және жасаған жұмыстарының санына қарай бағалайды және ақы төлейді. Қазақстандай көпшілік түзеу мекемелері, ақылы орындалған жұмыс сағаттарына қарай төлейді. Еңбекті бағалаудың мұндай түрінің қабылдану себебі – ол сотталғандардың үстінен үнемі әкімшілік қызметкерлердің бақылау жүргізілуіне байланысты.

Сотталғандардың үстінен үнемі бақылау орын алғанда, жаза өтеушілер жұмыс орындарын себепсіз тастап кете алмайды да, үнемі жұмыс сағаттарын орындайды. Оларға ұзақ еңбек еткен жылдарына сыйлық ретіндегі және ауыр климаттық жағдайларды жұмыс істегендігі үшін, жасалатын жеңілдіктер мен үсетмақыларды қоспағанда, әдеттегі мемлекеттік кәсіпорындарда кездесетін айлығына үстеме ақша, үстеме ақы, сыйақы сонадй-ақ, коэффициентті тәрзіді қосымша ақшалар да беріле алады.

Өндірілген товар немесе орындалған жұмыс – сотталғанның кінәсінен жарамсыз (брак) деп танылғанда ол жұмыстар үшін ақы төленбейді. Ал, товар сотталғанның емес, басқа себептерге байланысты деп танылғанда, сотталғанға ол жұмыстың күні төменгі ақымен төленеді.

Сотталған сот үкімінен кейін түзеу мекемесіне келіп түскенде, оған болашақ орындайтын еңбегінің есебінен аванс ақша төленеді. Аванс – 1 айдың ішінде азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып алатындай айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде беріледі. Ал, қоныстану колонияларындағы аванс – сотталғанның айлық табысы мөлшерінде белгіленеді.

Сотталған жұмыс күнін толық орындамағанда немесе толық жұмыс аптасын орындамағанда, ақы төлеу жұмыс істелген уақытқа пара-пар түрде немесе істелген жұмысқа қарай жүргізіледі.

Жаза өтеушілердің айлық табысынан материалдық-тұрмыстық өажеттіліктерін қамтамасыз етуге кеткен шығындар, сондай-ақ тамақ, киім, төсек шығындары ұсталуы еңбек ақы шығындар ұсталғаннан кейін төленеді. Кәмелетке толмағандарға, I және II-топтағы мүгедектерге, жүктілігі 4 айдан асқан әйелдерге тамақ, киім және материалдық-тұрмыстық қажеттіліктер тегін беріледі. Жүкті әйелдер медициналық қорытындыға сәйкес бұрынғы жұмыс орнынан жеңіл жұмысқа ауыстырылады немесе оның орындайтын жұмысының көлемі азайтылады. Мұндай жағдайда жүкті

әйелдерге айлық табыс бұрынғы жұмыс орнындағы орташа табыс мөлшерінде төленеді.

Еңбек етуден кәнігі бұлтарған сотталғандардың тамақ, киім, төсек шығындары оның жеке есеп шотындағы қаражаттан төленеді.

Мейрам күндері жұмысқа шығарылған сотталғандарға еңбекақы 2 есе төленеді. Сонымен қатар, істегеніне қарай ақы алатын сотталғандардың әдеттегі жұмыс өнімі 2 есе артық бағамен, ал уақытына қарай істейтіндердің сағаты 2 есе артық есептеледі.

Жаза өтеу кезінде еңбек қабілеттілігін жоғалтқан сотталғандар, жазадан босатылғаннан кейін зардаптың құны бойынша өтем алуға құқылы. Мұндай өтемді сотталғанның денсаулығына зардап түзеу мекемесінің кнәсінан келгенде, сот шешімімен түзеу мекемесі төлейді.

Сотталғандар ай сайын белгіленген салықтар мен міндетті ұсталымдарды төлейді. Сотталғанның табысынан ең алдымен алимент, табыс салығы ұсталымдар, одан кейін міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына немесе зейнетақы қорларына төлейтін жарналары, сондай-ақ өылмыс жасаған кезде келтірген шығындардың орнын қайтару үшін белгіленген міндетті төлемдер ұсталынады. Осы ұсталымдардан кейін оның тамағына, киіміне, коммуналды-тұрмыстық қажеттілігіне кеткен шығындарына ұсталым жүргізіледі.

Сотталғанның атқару қағаздарына немесе басқа да атқару құжаттарына кеткен шығындары, аталған ұсталымдар орындалғаннан кейін өтеледі.

Жаза өтеушілердің табысынан ұсталымдар жүргізілгенде, оның жеке есеп шотына ай ішінде тапқан табысының ең кем дегенде 25 пайызы жазылуы керек. Ал, I және II-топтағы мүгедектерден, 55 жастан асқан әйелдер мен 60 жастан асқан ер адамдардан, жүкті әйелдер мен түзеу колониясының балалар үйінде баласы бар әйелдерден және кәмелетке толмағандардан ай ішінде тапқан табысының 50 пайызынан артық ұсталым жүргізуге болмайды. Сотталғандардың зейнетақылары мен өзге де кірістері, олардың айлық табысы шығындар мен ұсталымдардың орнын жабуға жетпегенде ғана ұсталады. Сотталғанның айлық табысы, зейнетақысы мен өзге де кірістері, оның ұсталымдары мен шығындарының орнын толтыруға жетпегенде, ол ұсталымдар келесі айлардағы табысынан ұсталады. Тиісті айдың ішінде ұсталынбаған тамақтың құны келесі айдағы табыстан ұсталынбайды.

X-ТАРАУ. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫСТАР

§ 1. Түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыстардың міндеттері мен мазмұны

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға аолданылатын түзеу құралдарының бірі – тәрбиелік жұмыстарды жүргізу болып табылады. Тәрбиелік жұмыстар – сотталғандарды түзеуге бағытталған шаралардың жүйесін құрайды. Түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыстар сотталғандардың адамгершілік

қасиеттерін қалыптастыруға, психологиялық тұрғыдан қоғамға пайдалы көзқарасты болуға және қоғамдағы әлеметтік ортаға бейімділігін арттыруға бағытталған. Яғни, тәрбиелік жұмыстар осындай жақсы қасиеттердің сотталғандар бойында қалыптасуы, сіңуі үшін жүргізіледі. Осындай маңызды жұмыстарды түшеу мекемелерінде жүргізудің тәртібі мен жағдайлары қылмыстық-атқару заңы нормаларымен реттеледі.

Табиғаты, мақсаты жағынан келгенде тәрбиелік жұмыстар да құқықтық тұрғыдан шешілетін мәселе емес. Адамды тәрбиелеу жұмысы көпшілік жағдайларда психологиялық, педагогикалық амалдарды қолдануды талап етеді. Сондықтан, тәрбиелік жұмыстар табиғаты бойынша, заңмен реттелуге онша келе бермейді. Қылмыстық-атқару заңында сотталғандардың еңбегі, режим сияқты мәселелер түсінікті, анық шешілген. Ал, тәрбиелік жұмыстарға келсе де, заң – тәрбие жұмыстарын жүргізетін субъектілерге заңда қарастырылмаған тәсілдерді, шараларды өолдануға рұқсат береді. Адамды тәрбиелеу жұмысы творчестволық жұмыс болып саналады, ол тәрбиелік жұмыс жүргізуші адам тарапынан шыдамдылықты, әртүрлі тәсілдерді қолдануды, ол тәсілдердің түрлерін таңдауды, әр адамның жеке ерекше қасиеттерін анықтауды, сондай-ақ тағы да басқа көптеген факторларды ескеруді қажет етеді. Қылмыстық-атқару заңы тәрбиелеу жұмыстарының міндеттерін, нысандарын, тәсілдерін анықтай отырып, жазаны атқарушы мекеме қызметкерлерінің де тәрбиелік бағыттағы нысандар мен тәсілдер туралы жеке ұсыныстарын қолдануға рұқсат берілген.

Түзеу мекемесінің тәрбиелік бағыттағы жұмыстары іс жүзінде орындалғанда, сотталғанда еңбекке деген адал көзқарас, қоғамға, адамзатқа деген сыйластық, қоғамдық-пайдалы еңбекпен айналысу, сондай-ақ жоғары мәдени деңгей қалыптасады. Адамды тәрбиелеу, оның ішінде қылмыс жасағандығы үшін сотталған адамдарды тәрбиелеу – бұл күрделі жұмыс. Ересек, яғни қалыптасып қалған адамдарды түзеу – барлық жағдайда орындала бермейді. Сотталғанға тәрбиелеу шараларын қолданған кезінде, тәрбиелік жұмыстардың бір жағы жемісті болғанмен, екінші жақтары әлі орындалмай жатады. Мысалы, сотталған жаза өтеудің міндетті талабы болуына байланысты еңбекке еңбекке икемделіп үйренеді де, ал шыдамдылық, адамзатқа оң көзқараспен қарау тәрізді жақсы қасиеттерді бойларына сіңіре алмауы мүмкін. Сотталғанды түзеу мәселесінде осындай кемшіліктер болмауы үшін, барлық түзеу құралдары, яғни міндетті дене еңбегі, жазалау және көтермелеу шаралары, оқу мен мамандыққа даярлау жұмыстары тәрбиелік жұмыстармен бірге, бір уақытта қосылып қолданылады. Соның өзінде, бас бостандығынан айыру жазасын бұрын өтеген адамдардың қайтадан қасақана қылмыс жасауы немесе қоғамға пайдасыз жолға түсуі кездеседі. Бұл жайт – адамның қалыптасып кетуіне, қылмыстық жолға дағдылануына байланысты.

Адамды кейде қылмыстық жолға итермелейтін бір себеп – ол бір кездерде, әсіресе, Кеңес уақыты кездерінде жетім балалардың көп болуы. 20-шы жылдардағы төңкеріс пен ашаршылық, репрессияғ 40-шы жылдардағы Ұлы Отан соғысы жетім балалардың санын көбейтті. Ата-анасы жоқ балалардың көпшілігі қылмыстық жолға бейімделіп, түбінде рецидивтердің санын көбейтті. Мұндай адамдар тобы тәрбиелік шараларды бойына сіңіргенімен, олардың қоғамға өзін бейімдеу күрделі мәселе болып саналады. Сондықтан сотталған адамдарды түзеу, оларға тәрбиелік жұмыстарды қолдану – күрделі мәселе болып саналады және әрқашанда оң нәтиже көрсете бермейді.

Тәрбиелік жұмыстардан жақсы нәтиже сотталғандарды түзеудің өзге де құралдарымен байланыстырғанда шығады. Бас бостандығынан айыру жазасы өтеліп біту үшін көп уақыттарды қажет ететін жаза болып табылады. Бас бостандығынан айыру – көпшілік жағдайларда 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімдерге тағайындалады. Егер сотталғандарға шамамен, 3 жыл бойы түзеу шаралары мен тәрбиелік жұмыстар үнемі, жүргізілсе, онда 3 жыл аз уақыт емес, адам 3 жыл бойы өзіне қолданылған тәрбиелік жұмыстарға икемделеді және бойына сіңіреді. Ал, егер түзеу колонияларында режим талаптары дұрыс сақталмаған немесе міндетті дене еңбегі ұйымдастырылмаған болса, онда тәрбиелеу жұмыстарын қанша қолданғанымен, оң нәтиже шықпайды.

Сотталғандардың тәрбиелік жұмыстарға белсене қатысуы, олардың түзеугендік дәрежесін анықтауда және жазалау немесе көтермелеу шараларын қолдану кезінде ескеріледі.

Тәрбиелік жұмыстарды әрбір сотталушының жеке басы ерекшеліктерін, қылмыс жасау жағдайын ескере отырып жүргізу керек. Түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыстар, сотталғандарға өз еркі бойынша да міндеттеліп те жүргізіледі. Күн тәртібі бойынша жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарға сотталғандар міндетті түрде қатыстырылады.

Түзеу мекемесінің әкімшілігі қолданылып жатқан тәрбиелік жұмыстардың қорытындысын білуге ұмтылуы керек. Әрине, әкімшілік тәрбиелік шаралардың қорытындысына зер салғанда ғана ол жұмыстардың тиімділігі туралы белгілі бір мәліметтер ала алады. Егер жүргізілген тәрбиелік шаралардан жақсы нәтиже шықпаса, онда түзеу мекемесі әкімшілігі басқа тәрбиелік шараларды қолданып көруі керек.

Сотталғандарды тәрбиелеу жұмысында, тәрбиелік жұмыстарды жүргізуші адамдардың білім деңгейі, қабілеттілігі бұл мәселені шеше алады. Сондықтан, түзеу мекемесі әкімшілігі өз мамандарын таңдағанда немесе дайындағанда осы жағына да көңіл аударуы тиіс.

§ 2. Тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру, оның нысандары мен міндеттері

Тәрбиелік жұмыстар, бас бостандығынан айыру орындарында, түзеу мекемесіндегі режим түріне, сотталғандарды ұстаудың жағдайына қарай әртүрлі деңгейде жүргізіледі. Сотталғандардың ішінде түзелу бағытына түскендерге қарағанда, әлі де қауіпті болып саналатын топтарына, яғни, қатаң және ерекше түзеу колонияларында жаза өтеушілерге тәрбиелік жұмыстар түзеу мекемесінің негізгі жұмысы ретінде жүргізіледі.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға, тәрбие жұмыстарын түзеу мекемесінің әкімшілігі ұйымдастырады және өздері жүргізеді. Түзеу мекемелерінде сотталғандар отряд бастықтарының тікелей бақылауында болатындықтан, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу де, негізінен отряд бастықтарына жүктеледі. Сонымен қатар, түзеу мекемесіндегі әрбір әкімшілік қызметкері тәрбиеші ролін атқара алады. Ал, әрбір отрядтағы тәрбие жұмысына отряд басшылары жауапты. Тәрбиелік жұмыстарға түзеу мекемесі қызметкерлерінен басқа, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін немесе әртүрлі адам тәрбиесі мәселесімен айналысатын ұйымдарды қатыстыруға болады.

Бас бостандығынан айыру жазасына байланысты тәрбиелік шаралардың күшейтілуі – ол қылмыстық-атқару заңының мақсатына ғана байланысты емес, сонымен қатар қылмыстық заңда көрсетілген жазаның мақсатына да байланысты болып табылады.

Түзеу мекемелерінде сотталғандарды тәрбилеудің адамгершілік, құқықтық, еңбек, дене тәрбиесі, сондай-ақ сотталғандарды түзеуге жағдай тудыратын басқа да түрлері қолданылады.

Тәрбиелік жұмыстар еңбек жарыстарын ұйымдастыру түрінде, жаңадан шыққан заңдарды сотталғандарға түсіндіру, үгіт-нсихат және мәдени деңгейдегі көтеруге ұмтылу түрінде жүргізіледі. Еңбек жарыстарын сотталғандардың отрядтары, бригадалары арасында ұйымдастыру – оларда еңбекке ұмтылысты көтеруге, таза еңбек етуге ниет туғызатын тәсіл болып табылады. Еңбек жарысын ұйымдастыруда, мемлекет олардың артық еңбек етуін, олардың белгілі бір бригадаларының жеңуін көздемейді. Түзеу мекемесі еңбек жарысын ұйымдастыру арқылы сотталғандардың бойында жақсы қасиеттердің жинала беруні көздейді. Сонымен қатар, еңбек жарысы – еңбек өнімімен қатар, режим тәртібін сақтау, оқу мен мамандыққа дайындалуға қатысу көрсеткішін де қамтиды.

Сотталғандарға заңдардың мазмұнын түсіндіру – құқықтық тәрбиелеудің бір көрінісі болып табылады. Заңдарды сотталғандарға түсіндіру, әңгімелеу жұмысы, олардың заң нормаларын игеруіне ғана емес, сонымен қатар заң талаптарын бұзбау, құқық тәртібін сыйлау деген тәрізді қасиеттерді де қамтиды. Бұл заңдар қатарына қылмыстық-атқару заңы мен түзеу мекемесіндегі ішкі тәртіп ережесі ғана емес, сонымен бірге, Конституция, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек заңдары да

жатады. Аталған заң салалары бойынша түзеу мекемесі әкімшілігі арнайы заңгер мамандарды шақыртып, олардың баяндамаларын сотталғандарға тыңдатады.

Түзеу мекемелерінде сотталағандарға аталған жұмыстардан басқа үгіт-насихат жұмыстары да жүргізіледі. Көбіне, бұл үгіт-насихат жұмыстары мемлекеттің саясатын қостауға, Президенттің немесе Парламенттің кейбір ұсыныс, іс-қимылдарын жақтауға, шет мемлекеттерде болған уақиғаларды түсіндіруге бағытталып, мемлекеттің ұстанған бағытына сотталғандардың да қосылуын көздейді. Бұл жұмыста радио, газет материалдары тәрізді бұқаралық ақпарат құралдары жиі қолданылады.

Мәдени деңгейді көтеру сотталғандардың рухани байлығының көтерілуін, бос уақыттарда демалудың түрін таңдай білуін және жан-жақты болуын уағыздайды. Бұл мақсатта әрбір түзеу мекемесінде кинозал, кітапхана жұмыс істеп, мүмкіндік болғанда, жазушылар, артистер, т.б. өнер адамдары шақыртылып, олармен кездесулер өткізіледі.

Сотталғандарды тәрбиелеудің өзге де түрлерінің қатарына, жоғарыда аталғандардан басқа, экономикалық және экологиялық тәрбиелеуді де жатқызуға болады.

Экономикалық тәрбиелеу – ел ішінде жүріп жатқан экономикалық өзгерістерді оларға жеткізуге, сотталғандарды жаңа экономикалық жағдайға бейімдеуге бағытталған.

Экологиялық тәрбиелеу – сотталғандарға кейінгі өміріне қоршаған ортаның жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне, су мен ауаға, т.б. экологиялық қорғауға алынған объектілерге зиян келтірмей, оларды қорғауға деген тілектің қалыптасуы үшін жүргізіледі.

Тәрбиелік жұмыстардың әдістері әртүрлі бола алады. Олар сотталғандарға үнемі әсер ету, сотталушыға бір сәтте үлкен әсер туғызу, ұжыммен бірге тәрбиелену, сенім арту, сотталушының жақсы сапаларын пайдалану тәрізді әдістер. Тәрбиелік жұмыстардың өзге де тәсілдері мен түрлеріне, т.б. түзеу мекемелеріндегі режим тәртібіне қайшы болмаса, шектеу қойылмайды.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға тәрбие жұмысы психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде жаппай, топтық және жекеше нысандарда ұйымдастырылады. Тәрбиелік жұмыстар нысандарының бұлай бөліну себебі – сотталғандардың жеке басы ерекшеліктерінің әрқилы болуымен, олардың қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай әртүрлі режимдерде жаза өтеумен, жазаны өтеудің әртүрлі жағдайларында ұсталуымен байланысты. Мысалы, жалпы, қатаң және ерекше режимдердегі түзеу колонияларында тәрбиелік жұмыстар

жатақханаларда, клубтарда жүргізісе, ал түрмелерде камералық тұрғын-жайларда, жалғыз адамдық камерада тұратын сотталғандарға, тәрбиелік жұмыстар камералар бойынша жүргізіліп, тәрбиелік жұмыстардың түрлері де сұрыпталып қолданылады.

Тәрбиелік жұмыстың жаппай нысаны, барлық бас бостандығынан айыру орындарындағы немесе бір түзеу құралдары мен тәрбиелік жұмыстарды білдіреді. Яғни, бұл нысанға жататын тәрбиелік шаралар барлық сотталғандарға қолданылады. Мұндай шаралардың түрлерін еңбекке тарту арқылы тәрбиелеу және отряд бастықтарының тәрбиелік жұмыстары құрайды.

Сотталғандардың тобына қолданылатын тәрбие жұмыстары осы бағыттағы жұмыстардың жиі кездесетін нысаны болып табылады. Мұнын себебі – жазаны атқару мәселесінде сотталғандардың топтастырылып жаза өтеуіне байланысты. Сотталғандар қоғамға қауіптілік деңгейіне қарай әртүрлі топқа бөлініп, оларға қолданылатын түзеу құралдары мен тәрбиелік шараларда іріктеледі. Сотталғандардың топтары түзеу мекемелерінде отрядтар түрінде кездеседі. Мұнан басқа топтарға жазаны өтеу тәртібін бұзғандар, камералық үлгідегі үй-жайларға ауыстырылғандар және жазадан босатуға дайындауға алынғандар тәрізді, т.б. топтар жатады.

Сотталғандарды жекеше тәрбиелеу жұмысы – тәрбиелеудің ұтымды нысанына жатады. Отряд бастықтары немесе түзеу мекемесінің өзге де қызметкерлері сотталған адаммен жеке әңгімелесу арқылы оның ішкі қасиеттерін, оны алаңдататын мәселелерді, қоғамға деген көзқарасын біле алады. Демек, тәрбиелік жұмысты жекеше жүргізгенде, сотталушының қылмыстылыққа деген көзқарасы, мамандығы, әлеуметтік орталары, қоғамға, адамзатқа деген қатынасы тәрізді әрбір адамда болатын ерекшеліктер ашылады. Бұл жағдайлар анықталғаннан кейін, ол сотталушыға тәрбиелік шаралардың түрін белгілеу тиімді тәрбиелік жұмысқа әкеледі.

Түзеу мекемелерінің сотталғандарды тәрбиелеу жұмыстарына білім беру мекемелері, педагогикалық ұжымдар көмектесе алады. Аталған мамандық иелері сотталғандарға орта және жалпы білім берумен айналыса отырып, адамның ішкі бейнесін анықтай алады және тәрбиелік жұмыстың тиімді жолдарын нұсқайды.

Тәрбиелік жұмыстар мұқияттылықпен дайындалып, жоспарланып және жан-жақты ойластырылып жүргізілуі керек. Бұл жағдай бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандарды тәрбиелеу жұмысына ерекше талаптар қойылатындығын көрсетеді.

Сонымен, сотталғандарды тәрбиелеудің түрлері мен тәсілдерін тиімді анықтау қылмыстық-атқару құқығының әлі де іздестіруді қажет ететін негізгі мәселелерінің бірі болып қала береді.

§ 3. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдары

Сотталғандардың өзіндік ұйымдары – түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыстың бір нысаны болып саналады. Өзіндік ұйымдардың бір ерекшелігі – сотталғандарға тәрбиелік ықпалдың өз ұжымы тарапынан қолданылуында.

Өздігінен қызмет ету ұйымдарының міндеттеріне қоғамға пайдалы бастамаларды ынталандыру және сотталғандардың түзелуіне ықпал жасау, еңбекті, жұмысты және бос уақыттарды ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысу, тәртіп пен тыныштықты қолдауда әкімшілікке жәрдемдесу, сотталғандар арасында салауатты өзара қатынасты қалыптастыру, сотталғандарға және олардың отбастарына әлеуметтік көмек көрсету жатады. Сотталғандардың өзіндік ұйымдары түзеу мекемесінде жаза өтеу және атқарудың тәртібі мен жағдайларына қайшы келмейтін жағдайда басқа да міндеттер мен мақсаттарды шеше алады. Жоғарыда аталған, ҚАК 107-бабының 3-бөлігінде келтірілген міндеттер, өзіндік ұйымдардың көпшілік жағдайларда айналысатын мәселелері болып табылады. Сотталғандардың өзіндік ұйымдары түзеу мекемесі әкімшілігінің бақылауымен жұмыс істейді.

Сотталғандардың өзіндік ұйымдары дегеніміз, қызметі қоғамға пайдалы мақсаттарға жетуге бағытталған, сотталғандардың мүшелерінен құрылған, бас бостандығынан айыру орындарындағы ұйым болып табылады. Демек, сотталғандардың өзіндік ұйымы – әртүрлі игі міндеттерге жетуді көздейтін, сотталған адамдардың бірігуі арқылы түзеу мекемесінің заңды мүдделеріне атсалысу үшін құрылған ұжымы болып табылады.

Сотталғандардың өзіндік ұйымының мүшелері мұндай қызметпен айналысқаны үшін ешқандай қосымша жеңілдіктерді иеленбейді. Бірақ, бұл қызметпен айналысу, олардың түзелу дәрежесін анықтау кезінде ескеріледі. Кейіннен сотталған адамдардың мұндай тобына жазадан шартты түрде ерте босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жаза түрімен ауыстыру тәрізді көтермелеу шаралары қолданыла алады.

Өзіндік ұйымдар құрылған кезде, оған мүшелікке өзін жақсы жақтарынан көрсете алған сотталғандар тартылады. Яғни, сотталған өзіндік ұйымның мүшесі болу үшін, жазаны өтеу орындағы режим тәртібін бұзбаған, еңбекке адал қараған, тәрбиелік жұмыстарға белсене араласқан, оқу мен кәсіптік даярлыққа ынталылық көрсеткен болуы керек.

Сотталғандардың өзіндік ұйымдары өзін-өзі басқару құқығын иеленеді және бұл ұйым жүргізетін барлық жұмыстарын түзеу мекемесі әкімшілігінің келісімімен іске асырады. Ұйымдастырылған жұмыстарға әкімшілі қызметкерлері қатысып, оның қорытындысына назар аударуы керек. Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғандардың өзіндік ұйымдарының кейбір өткізілмекші жұмыстарына келісім бермеуге құқылы. Мұндай жағдайда, келісім бермеудің себебі оларға түсіндіріледі. Келісім бермеудің себебін түсіндіруді міндетті жағдай деуге болады. Себебі, сотталғандардың ұйымдастырмақшы болған жұмыстарына әкімшіліктің қарсы болуы сотталғандардың арасында түзеу мекемесінің әкімшілігіне бағытталған реніш тудыруы мүмкін. Сондықтан, әкімшілік сотталғандардың өзіндік ұйымының беделін түсірмеу үшін, келіспеу себебін оларға хабарлауы тиіс.

Сотталғандардың өзіндік ұйымдарының түрлері және олардың жұмыс істеу тәртібі заңда анықталған және өзіндік ұйымдар мынандай түрлерде құрыла алады:

- колония ұжымының кеңесі;
- отряд ұжымының кеңесі;
- бригадирлер кеңесі.

Мұнан басқа да өзіндік ұйымдардың түрлері болуы мүмкін. Мысалы, сотталғандардың мәдени деңгейін көтеру мақсатында, музыкалық аспаптармен жабдықталған ансамбльдерін құруға рұқсат етіледі.

Колония ұжымдарының және отряд ұжымдарының кеңестері жалпы, қатаң және ерекше режимдердегі түзеу колонияларында, сондай-ақ қоныстану колонияларында құрыла алады. Ал, түрмеде және камералық үлгідегі тұрғын-жайларда ұсталатын сотталғандар арасында өздігінен қызмет ету ұйымдарын құруға рұқсат етілмейді. Сотталғандардың өзіндік ұйымдарын, түрменің және изолятордың шаруашылық жұмыстары үшін қалдырылған сотталғандарға құруға рұқсат етіледі.

Ұжымдар кеңесінде әртүрлі секциялар құрыла алады. Олар, өндірістік еңбек жарысы, кәсіптік-техникалық оқу, жалпы немесе орта білім алу, дене тәрбиесі, мәдени-санитарлық мәселелерді жетілдіру мақсатында құрылуы мүмкін. Отрядтар кеңесінде де осы тәрізді бағыттарды жетілдіруді көздейтін секциялар жұмыс істей алады. Кеңес мүшелері сотталғандардың жалпы жиналысында дауыс беру арқылы анықталып, түзеу мекемесінің әкімшілігі арқылы бекітіледі.

Ұжымдар кеңесі өздері белгіленген мерзімдерде сотталғандар алдында есеп беріп отырады. Ұжымдар кеңесі мен отрядтар кеңесінің қабылдаған шешімдері түзеу мекемесі бастығы бекіткеннен кейін іске асырылады.

Бригадирлер кеңесінің мүшелерін сотталғандардың ортасынан әкімшілік анықтап, оны колония бастығы бекітеді.

§4. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға жалпы орта білім және кәсіптік-техникалық білім беру

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға орта білім беру және оларды мамандыққа дайындау – сотталғандардың түзеу құралдарының бірі болып табылады. Оларға орта білім мен арнайы мамандық беру – сотталғанның қоғам талаптарына сай бола алатындай сапада болуы үшін ұйымдастырылады. Әсіресе, кәсіптік даярлау, сотталғанды қоғамға қажет сапада дайындауды көздейді. Сотталған мамандық ала отырып, ол мамандық бойынша жаза өтеу уақытында жұмысқа тартылып қана қоймай, жазадан босатылғаннан кейінгі өмірінде де алған мамандығын пайдалана алады. Түзеу мекемелеріндегі 30 жасқа толмаған сотталғандардың орта білімі болмағанда, оларға орта білім алу міндетті түрде жүргізіледі. 30 жастан асқан сотталғандар мен I және II-топтағы мүгедектер орта білімді өз қалауы бойынша алады. Орта білім берген мектептер түзеу мекемелерінің аумағында ұйымдастырылады және білім беретін жергілікті мамандарды тарта отырып жүргізіледі. Түзеу мекемелеріндегі мектептер, әдетте кешкі мектеп ретінде ұйымдастырылады. Сотталғандарды оқуға қажетті заттармен, яғни кітап-дәптерлермен түзеу мекемесі өзі жабдықтайды. Мектепте оқуға міндеттелген сотталғандардың оқуға баруын, отряд басшылары бақылайды және олардың орта білім алу үшін оқуға қатысуы мадақтау шараларын қолдануға негіз болып, түзелгендік дәрежесін анықтау кезінде ескеріледі.

Емтихан тапсыру уақыттарында жұмыстан босатылғандығы үшін оларға айлық табыс төленбейді, бірақ тамақ тегін беріледі.

Мектептің педагогикалық ұжымы тәрбие жұмысы бойынша түзеу мекемесінің әкімшілігіне көмек көрсетумен де айналысады.

Жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзғандығы үшін оқшаулау орнына қамалғандар жазалау мерзімі кезінде оқуға шығарылмайды. Тәрбиелеу колонияларындағы оқшаулай орнына қамалғандар ғана жазалау мерзімі кезінде оқуға шығарылады. Ал, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға орта білім алу жұмысы жүргізілмейді. Бірақ, мұндай сотталғандар өздігінен білімін көтеру үшін, жазаны өтеудің тәртібі мен жағдайларына қайшы келмейтін жағдайда өздерінше оқумен айналыса алады.

Сотталғандардың арнайы мамандығының болмауы, олардың қылмыс жасау себебінің бірі болып саналады. Сондықтан, сотталғандарға жаза өтеу уақытында арнайы мамандық беру – жаза өтеу кезіндегі және жаза өтеуден босатылғаннан

кейінгі кездердегі қылмыстылығының алдын алушы шара болып табылады. Сондай-ақ, бұл мәселе – адамды қоғамға бейімдеудің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде бағаланады.

Мамандыққа даярлау, алдымен сотталғандардың ішіндегі арнайы кәсіптік мамандықтары жоқтарға жүргізіледі.

Жұмыс істеуге тілек білдірген I және II-топтағы мүгедектер, 55 жастан асқан әйелдер мен 60 жастан асқан ер адамдар, кәсіптік даярлауға өз еріктерімен тартылады.

Түзеу мекемелеріндегі кәсіптік даярлау екі деңгейде жүргізіледі:

- 1) кәсіптік-техникалық білім беретін мекемелердің түзеу мекемелеріндегі кәсіптік-техникалық училищелерінде оқу;
- 2) түзеу мекемесінің өндірісінде оқыту.

Сотталғандарды кәсіптік-техникалық училищелерде оқыту – бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мамандыққа дайындаудың негізгі түрі болып табылады.

Сотталғандар мамандыққа дайындалу кезінде жұмыстан босатылмайды, оқу кешкі немесе жұмыстан бос уақыттарда жүргізіледі. Түзеу мекемелеріндегі училищелер арқылы өз бағдарламасына сай жүргізе отырып, оқуды қысқа уақыттар ішінде аяқтау жолымен жұмыс істейді.

Сотталғандарға арналған кәсіптік-техникалық училищелер мынандай қызметтер атқарады:

- тиісті немесе қажетті кәсіптер бойынша мамандар дайындауды іске асырады;
- сотталғандардың мамандық біліктілігін көтеру мәселесін ұйымдастырады;
- түзеу мекемесінің өндірісінде жүріп оқитын сотталғандарға әдістемелік орталық ретінде көмек көрсетеді.

Мамандыққа дайындаудың келесі түрі – өндірісте тікелей жұмыс істеп жүріп оқу болып табылады. Оқудың мұндай тәсілінде түзеу мекемесі әкімшілігі сотталғанды сол мамандық бойынша жұмыс істейтін басқа адамға қосады немесе оған көмекші ретінде жібереді.

Түзеу мекемелерінде оқудың мұндай түрінің қолданылу себептері әртүрлі. Ол себептер – түзеу мекемесінде арнайы оқу орнының жұмыс істемеуі, сотталғанның қысқа мерзімге бас бостандығынан айырылуы, өндірістік қажеттілік болуы мүмкін.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілер, жаза өтеу жағдайы мен режимінің ерекшелігіне байланысты, тікелей өндірістің өзінде оқытылады. Мамандыққа даярлаудың мұндай түріне, арнайы мамандығы жоқтар мен мамандығы

бар болғанымен, түзеу мекемесінде қолданылмайтын мамандығы бар сотталғандар тартылады.

Оқу – курстық, бригадалық немесе жекеше тәсілдермен жүргізіледі. Курстық тәсіл – мамандық бойынша теориялық білім қажет деп танылғанда қолданылады. Мысалы, машинист, дәнекерлеуші мамандықтарын толық меңгеру және қауіпсіз жұмыс істеуі үшін арнайы курстық оқудан өту керек. Бригадалық тәсілде мамандық – үйренуге аса қиын емес, қарапайым деп танылғанда, сотталған сол мамандық бойынша жұмыс істейтін бригадаға жіберіледі. Ол сотталған тиісті мамандықты сол бригадамен бірге жұмыс істей жүріп үйренеді.

Жекеше оқыту – мамандықты игеру қиын деп есептегенде, сотталған сол жұмыстың орындалуын тікелей қатысып үйренеді. Мұндай оқыту тәсілінде білікті маманға сотталған бекітіліп беріледі.

Сотталғандар мамандықтар бойынша кәсіптік-техникалық училищелерді немесе курсты оқып бітіргеннен кейін, сол мамандықты иеленгендігін кұәландыратын құжат алады. Ол құжат – сотталған жазадан босатылғанда басқа құжаттармен бірге қолына табыс етіледі.

Қоныстану колонияларында жаза өтеушілер, әкімшілік-аумақтық аумақтағы орта және жоғары оқу орындарында сырттай оқып, мамандық алуға құқылы.

XI-ТАРАУ. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРДЫ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ДӘРІГЕРЛІК-САНИТАРЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

§ 1. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

Түзеу мекемелерінің негізгі мақсаты қоғамға пайдалы адамды дайындау болғандықтан, ондағы тұрмыстық қажеттіліктер де адамның осы саладағы мұқтаждықтарын қанағаттандыра алатындай болуы керек. Сотталғандардың материалдық-тұрмыстық қажеттіліктері адамдық қасиетті сақтайтындай немесе адамның өмір сүруі үшін қажетті көлемде болуы тиіс. Яғни сотталғандар, адам өміріндегі бірінші кезектегі қажетті материалдық-тұрмыстық заттармен қамтамасыз етіледі. Олардың қатарына сотталғанның төсек-орнының жеке болуы, маусымдық киімдермен жабдықталуы, сондай-ақ олар үшін түзеу мекемесінде монша, кір жуатын орындар, әртүрлі шеберханалар жұмыс істеуі тәрізді т.б. қажеттіліктер жатады. Сотталған жаза өтеу уақытында осы аталған қажеттіліктермен артық та емес, кем де емес мөлшерде жабдықталуы керек. Демек, бас бостандығынан айыру орындарындағы жаза өтеу жағдай адамның қажеттілігін қанағаттандыратындай

және дұрыс өмір сүруді қамтамасыз ете алатындай болуы керек. Түзеу орындарындағы сотталғандардың материалдық-тұрмыстық қажеттіліктерімен жабдықталуы, әрине, әдеттегі халықтың өмір сүру жағдайымен бірдей болмайды, бірақ олардан көп айырмашылығы да болмауы керек. Демек, түзеу мекемесіне бостандықтан келіп түскен сотталған, тұрмыстық қажеттілік туралы аса зәрулік немесе елеулі айырмашылық байқамауы керек. Керісінше, қаңғыбастықпен немесе алкогольдік ішімдікпен қатты әуестеніп жүріп қылмыс жасап сотталғандар, түзеу мекемесіндегі ретті түрде берілетін материалдық-тұрмыстық жағдайға үйреніп, түзелу бағытына түсе бастайды. Қылмыстық-атқару мәселесімен айналысатын халықаралық ұйымдар және олардың шығарған нормативтік актілері бас бостандығынан айыру орындарындағы материалдық жабдықталу, ұлттық заңдарда белгіленген мөлшерден төмендемей, керісінше, үнемі даму үстінде болу керек екендігін ескертеді. Мысалы, «қамауға алынған адамдармен қатынас жасаудың төменгі стандартты ережесі» сотталғандардың бір камерада екі адамнан орналастырылуын ұсынады.

Қазақстан қылмыстық-атқару заңы мен қамауға алынғандармен қатынас жасаудың төменгі стандартты ережесін салыстырсақ, онда сотталғандардың материалдық-тұрмыстық жабдықталу мәселесінде көп алшақтық байқалмайды. Қылмыстық-атқару заңы түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың тұрмыстық жайларын, тамақтану мәселесін, бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып алуы мен қосымша материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етілуін, аталған БҰҰ шығарған заңына ұқсас көлемде белгіленген.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың тұрғын-жайлары мен жұмыс орындары санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы керек. Барлық түзеу колонияларындағы тұрғын алаңның нормасы бір сотталғанға шаққанда, екі шарты метрден, түрмелерде екі жарым шарша метрден, әйелдер колониясында үш жарым шаршы метрден кем болмауы керек. Түзеу мекемелерінде мұндай әртүрлі тұрғын алаңдардың белгілену себебі, ол адамның жасына, жынысына және сотталушының жағдайына байланысты.

Түзеу мекемелерінде әрбір сотталушыға жеке төсек-орын мен оның керекті заттары беріледі. Әр сотталғанға жеке керует беріліп, оның ақ жаймасы апта сайын ауыстырылуы отыруы тиіс. Төсек-орын – керует, ақ жаймадан басқа, матрац, жастық және жапқыш қосылып беріледі.

Сотталғандар тұратын тұрғын бөлмелер әртүрлі керекті инвентарлармен, яғни үстел, орындықтар, тумбочкалармен жабдықталады. Әр екі сотталушы бір тумбочканы иеленеді және барлық камералық тұрғын бөлмелерде кіре беріс есіктің қасында су құйылған ыдыс болуы керек. Сонымен қатар, сотталғандардың

жатақханалары немесе камералары сырт киім шешетін жерлермен, жуынатын бөлмелермен қамтамасыз етіледі. Сотталғандардың бөлмелері жылу жүйесімен жабдықталған және түнгі уақыттарда электр жарығы берілетін болуы керек.

Жеке адамдық камералардағы тұрғын алаң мөлшері, түрмелердегідей үш шаршы метрден кем болмауы керек.

Айыптық оқшаулау орындары және камералық үлгідегі тұрғын-жайлар, коммуналдық-тұрмыстық қажеттілікте төменгі мөлшерде жабдықталады. Мұндай жазалау шараларын өтеу орындары киім сақтайтын орындармен, тамақ тарататын бөлмелермен, т.б. қамтамасыз етіледі.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілер сотталған адамдардың арнайы үлгідегі киімін киеді. Бұл киімдер жыл маусымдарына қарай ауыстырылады. Киімдердің ауыстырылу уақытын Әділет министрлігі белгілейді және Қазақстанның әр жерінде климаттық жағдайдың әр келкі болуына байланысты, ауыстыру айларында айырмашылық болады. Мысалы, Қазақстанның солтүстік облыстарында оңтүстікке қарағанда қыстың ерте түсуіне байланысты, қысқы киімге түзеу мекемелері ерте ауысады. Түзеу мекемелері сотталғандарды киіммен толық қамтамасыз етуге тиісті. Олар маусымдық киімдерді ғана емес, ішкі киімдерді де ретті түрде ауыстыруды ұйымдастырады.

Сотталғандардың аяқ-киімдері әр 8 ай сайын ауыстырылады. Егер аяқ-киім уақытынан бұрын тозса, онда сотталушының түзеу мекемесіндегі аяқ-киім шеберханасында жөндетуге мүмкіншілігі бар немесе өз есеп шотындағы қаражат есебінен жаңа аяқ-киім ала алады.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілердің қысқы киімдері, олардың денсаулығын сақтауға жарайтындай маталардан тігіледі. Бірақ, сотталғандардың қысқы киімдері түкті материалдардан тігілмейді (бас киімнен басқасы). Әйелдер колониясында жаза өтеушілер сотталғандардың арнайы үлгідегі киімдерін кимейді. Олар, әдеттегі киімдерді кие алады және ондай киімдерді сатып алуға немесе посылка, сәлемдеме ретінде алуға құқылы.

Ерекше режимдегі түзеу колонияларында жаза өтеушілер әдеттегідей қара үлгідегі емес, арнайы үлгідегі киімдерді киеді.

Сотталғандар тәулігіне үш мезгіл тамақтандырылады. Тамақтың сапасы мен көлемі – адамның денсаулығын сақтай алатындай көлемде және қажетті құнарлы болуы керек. Түзеу мекемелерінде таңертеңгі және кешкі тамақтар тұрғын колониядағы асханада беріледі, ал түскі тамаққа арнайы уақыт бөлініп, жұмыс орнында тамақтандырылады. Тамақ берілер алдында, оның сапасы медицина

қызметкері арқылы тексеріледі. Денсаулыққа зиянды жұмыстарды немесе ауыр жұмыстарды істейтін сотталғандарға көтеріңкі нормадағы тамақ беріледі.

Сотталғандар тамақпен және материалдық-тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз ету деңгейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Денсаулыққа зиянды жерлерде жұмыс істейтін сотталғандарға жұмыс күндері жақсартылған тамақ түрлері беріледі. Мысалы, сүт тегін беріледі. Өзіне қатыссыз себептермен жалақы алмайтын сотталғандар мемлекет есебінен тамақты, сондай-ақ киімді және бірінші кезекті қажетті заттарды тегін алады. Олар, сотталғандарды еңбекке пайдаланушы кәсіпорындардың қаражаты есебінен, белгіленген нормадан басқа, қосымша тамақтандырылуы мүмкін. Сондай-ақ, жүкті әйелдерге, емізетін баласы бар әйелдерге, кәмелетке толмағандарға және ауру сотталғандар мен I және II-топтағы мүгедектерге тамақтың жоғары нормасы мен жақсартылған тұрмыстық жағдай беріледі. Жүкті әйелдерге, емізетін баласы бар әйелдерге және ауру сотталғандарға тамақ тегін беріледі. Ал, кәмелетке толмағандарға, I және II-топтағы мүгедектерге тамақпен қатар киім де тегін беріледі.

Түрмеде жаза өтеуші сотталғандарға төменгі нормалы тамақ беріледі.

Жоғарыда аталған жеңілдік алатын сотталғандардан басқалары, тамақтың және басқа да тұрмыстық-материалдық қажеттіліктерінің құнын жалақысынан немесе зейнетақы, сондай-ақ жәрдемақыларынан төлейді. Жұмыстан қасақана жалтарған сотталғандардан бұл шығындар олардың жеке есеп шотындағы қаражатынан ұсталады.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші сотталғандардың материалдық-тұрмыстық заттармен қамтамасыз етілу мөлшері, түзеу мекемесінің түріне, сотталушының жасына, жынысына, денсаулығына қарай әртүрлі көлемде белгіленеді. Мысал ретінде, сотталғандарды мынадай топтарын келтіруге болады:

- 1) түзеу колонияларында жаза өтеуші адамдарға белгіленген нормалар;
- 2) түзеу колонияларында жаза өтеуші әйелдерге белгіленген нормалар;
- 3) түрмеде жаза өтеушілердің нормалары;
- 4) кәмелетке толмағандарға белгіленген нормалар;
- 5) жүкті әйелдер мен емізулі баласы бар әйелдердің нормалары;
- 6) арнайы емдеу-түзеу мекемелеріндегі ауру сотталғандарға белгіленген нормалар.

Түнгі ауысымдағы жұмысқа шығарылатын сотталғандарға, түнгі уақытта қосымша тамақ беріледі.

Сотталғандардың тұрмыстық-материалдық қажеттілігін қанағаттандырудың келесі бір жолы, олардың посылка, бандероль, сәлемдемелерді алуы мен түзеу мекемесінің сауда желісі арқылы азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі заттарды

сатып алуы болып табылады. Сотталғандар посылка, бандерольдар ретінде қандай қажетті заттарды алса, сондай заттарды өздеріндегі сауда дүкенінен сатып ала алады. Посылка, бандероль, сәлемдеме ретінде алуға рұқсат етілмейтін заттардың түрлері түзеу мекемесінің ішкі тәртіп ережесінде анықталған. Ол заттар азық-түлік өнімдері немесе тұрмыстық қажеттіліктегі заттар болса да, түзеу мекемесіндегі режим тәртібін бұзуы мүмкін болғандықтан, оларды алуға және пайдалануға тиым салынған. Ол заттардың қатарына қант, ашытқы, бояу қаламдар, алкогольдік ішімдіктер тәрізді заттар мен азық-түлік өнімдері жатады.

Түзеу мекемелеріндегі сауда дүкенінде сотталғандарға пайдалануға рұқсат етілген темекі, оттық, шай, әжетхана заттары, ине-жіп, жазу құралдары мен дәптерлер, кітаптар, төсектің ақ жаймасы, іш киімдер тәрізді т.б. заттар сатылады. Сотталғандарға бас бостандығынан айыру орындарында жазғы уақыттардағы спорттық киімдерді киюге рұқсат етілмейді. Мұның себебі сотталғандардың жаза өтеу орындарынан қашуын болдыртпауға байланысты.

Түзеу мекемелерінде сотталғандар үшін сауда дүкенін ашу және басқа да материалдық-тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыру көздерін қосымша ұйымдастыру – жаза өтеушілердің материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ықпал жасайды.

Қылмыстық-атқару кодексінің 96-бабында, сотталған жүкті әйелдер мен емізетін баласы бар әйелдердің материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз етілуінің ерекшеліктері қарастырылып, мұндай сотталған адамдардың қосымша материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз етілуі керек екендігі айтылған. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған әйелдердің өзімен бірге 3 жасқа дейінгі баласы болғанда, ол балалар үшін түзеу мекемесінде балалар үйі ұйымдастырылады. Мұндай балалар үйінде балалар үшін қажетті өмір сүру жағдайы жасалады.

Түзеу мекемелерінің балалар үйі, әдеттегі балалар бақшасының ролін атқарады және ол балаларға жаза өтеу орнының әсері байқалмауы тиіс. Түзеу мекемелеріндегі балалар 3 топқа бөлініп тәрбиеленеді. Бірінші топта 10 айға толмаған балалар, екінші топта бір жарым жасқа дейінгі балалар, ал үшінші топта бір жарым жастан асқандар тәрбиеленеді және олардың тәрбиешілері сотталған әйелдердің арасынан емес, жалдамалы жұмысшы әйелдерден алынады.

Емізетін баласы бар әйелдер балалар үйіне жақын жерлердегі жұмысқа жіберіліп, баласын тамақтандыру үшін жұмыстың арасында босатылып отырады. Сонымен қатар, сотталған әйелдер жұмыстан бос уақыттарында балаларының

қасында шек қоюсыз бірге бола алады. Оларға балаларымен бірге тұруға рұқсат берілуі мүмкін.

Сотталған әйелдің келісімімен, балалар туған-туыстарына немесе қорғаншы және қамқоршы органдардың шешімімен өзге де адамдарға берілуі мүмкін. Сондай-ақ, бала 3 жасқа толғаннан кейін, анасына ескертіле отырып, балалар үйіне өткізіледі. Егер түзеу мекемесінің балалар үйіндегі балаға 3 жас толу кезінде, анасының жаза мерзімін өтеп бітуіне 1 жылдан аспайтын уақыт қалса, онда түзеу мекемесінің әкімшілігі баланы анасының жаза өтеу уақытының аяқталуына дейін балалар үйінде қалдыра алады.

Түзеу мекемесі әкімшілігі сотталған жүкті әйелдер мен өзімен бірге баласы бар әйелдерге, медициналық қорытындыда көрсетілген заттарды алу үшін, қосымша ретте қажетті заттар салынған посылка, бандероль, сәлемдемелерді алуға рұқсат етіледі. Сондай-ақ, жүкті әйелдер жүктілігі кезінде және босану уақытында немесе босанғаннан кейінгі уақытта денсаулығын, өмірін сақтау үшін медициналық арнайы көмектер алуға құқылы.

Әйелдер балаларын туған-туыстарының қолына беріп қайту үшін, барып-қайту жолын есептегенде, жеті тәулікке дейін түзеу мекемесінен сырт жерлерге жол жүре алады. Сондай-ақ, баласы бар әйелдер жазадан босату кезінде қаражаттан тапшылық көрсе, түзеу мекемесі бір жолғы жәрдем ақша беруге құқылы. Түзеу мекемесінен босатылған адамдарға жол жүру уақытына есептеліп, азық-түлік немесе ақша беріледі. Сондай-ақ, баратын жеріне дейін тегін бара алады. Егер сотталушыда азаматтық үлгідегі киім болмаса немесе ондай киімдерді сатып алуға қаражаты болмаса, онда сондай киімдер сотталушыға мемлекет есебінен тегін беріледі.

Ауру әйелдерге немесе кішкентай баласы бар әйелдерге баратын жеріне дейін жету қиын болғанда, немесе әйелге жол жүру үшін біреудің қамқорлығы қажет болғанда, түзеу мекемесі әкімшілігі оның туыстарын шақыртады немесе өз қызметкерлерінен алып бару үшін адам бөледі.

2. Сотталғандарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету – жазаны өтеу және атқару мәселесінен туындайтын қатынастардың бір түрі болып табылады. Сотталғандарға Қазақстан Республикасының заңдары мен түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес емдеу-профилактикалық және санитарлық-гигиеналық көмек ұйымдастырылады және беріледі.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға медициналық көмекті беру тәртібін, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі бірлесе отырып анықтайды.

Бас бостандығынан айыру орындарында емдеу-профилактикалық мекемелер, ал жұқпалы аурумен ауыратын сотталғандар үшін емдеу-түзеу мекемелері ұцымдастырылған. Мұндай емдеу жұмысымен айналысатын мекемелер, өзара, сотталушының ауруының қауіптілік деңгейіне байланысты ажыратылады. Барлық түзеу мекемелерінде емдеу қызметімен айналысатын емханалар ұйымдастырылған. Түзеу мекемесінде поликлиника ғана болғанда, сотталғандар тек амбулаториялық емдеуді пайдаланады. Сонымен қатар, түзеу мекемесі ірі мекеме болып саналғанда немесе ол түзеу мекемесіндегі сотталғандардың саны басқа түзеу мекемелерімен салыстырғанда көп деп танылғанда, стационарлық емдеуді жүргізу мақсатында емдеу-профилактикалық орын жұмыс істейді. Түзеу мекемелеріндегі емдеу-профилактикалық орындар ауруханалар түрінде, арнаулы психиатрия, туберкулез ауруханалары және медициналық бөлімдер ретінде жұмыс істеп, туберкулез ауруханалары және медициналық бөлімдер ретінде жұмыс істеп, аталған науқас түрлері бойынша ұцымдастырылады. Ал, науқастың ауруы өміріне қауіпті деп танылғанда немесе туберкулездің ашық түрімен, алкоголизммен, нашақорлықпен ауыратындарды, ВИЧ жұқтырған сотталғандарды емдеу үшін арнайы емдеу-түзеу мекемелері ұйымдастырылып, мұндай ауру сотталғандар жаза өтеу орнынан емдеу-түзеу мекемесіне жіберіледі. Емдеу-түзеу мекемелері емдеуді мәжбүрлі түрде жүргізеді.

Түзеу мекемелерінің медициналық-санитарлық бөлімі сотталғандарға дәрігерлік көмек көрсетіп қана қоймай, санитарлық бақылау және профилактикалық шараларды да жүргізеді. Медициналық-санитарлық бөлімде амбулатория, стационар, аптека тәрізді т.б. дәрігерлік көмек көрсете алатын кабинеттер болады.

Медициналық-санитарлық бөлім – түзеу мекемесінің тұрғын колониясында орналасады, ал сотталғандар жұмыс істейтін өндірістік колонияда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін, әрбір жеке жұмыс орындарында дәрі-дәрмек қобдишалары (аптечка) болады және кейбір өндірістік колонияларда медпункттер жұмыс істейді.

Түзеу мекемесіне келіп түскен кезде сотталғандар медициналық тексеруден өткізіледі. Сотталғандарды отрядтарға бөлу кезінде олардың денсаулығын ескеру үшін медициналық қызметтің өкілдері де қатысады.

Түзеу мекемесінің асханасында, кір жуатын жерлерінде және шаштараздарда жұмыс істейтін адамдар медициналық тексеруден жан-жақты, толық өткізіледі.

Түзеу мекемесінің медициналық бөлімінде әр сотталушыға медициналық карточка ашылып, оның денсаулығының тарихы сақталады және барлық сотталғандар жыл сайын дәрігерлік тексеруден өткізіледі. Мұндай кезде, ұзақ және арнайы емдеуді қажет етпейтін ауру түрлерімен ауыратын сотталғандарға амбулаториялық немесе стационарлық емдеу тағайындалады.

Сотталғандардың науқас түрін емдей алатын дәрігерлер емдеу-түзеу мекемесінде болмаған жағдайда, ондай сотталған адамдар денсаулық сақтау жүйесіне қарайтын, түзеу мекемесіне жатпайтын, жалпы халықтық ауруханаларға жатқызылады. Тек мұндай жағдайда басқа адамдардың жеке басы қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек. Ол үшін ауру сотталушы бөлек палатаға жатқызылып, күзет қойылады.

Сотталған адамдар ақылы емдеу қабылдауға құқылы. Олардың өз өтініші бойынша ақылы емдеу жүргізілгенде, емдеу ақысы сотталушының жеке есеп шотындағы қаражатынан ұсталады немесе туған-туыстарынан өтеледі. Ақылы емдеу жүргізуге сотталғанның туған-туыстары да ұсыныс жасай алады. Сотталғанның дәрі-дәрмектерді сатып алуға немесе жақын туыстарынан посылка, бандероль, сәлемдеме ретінде алуға құқығы бар. Науқас сотталушының дәрі-дәрмек салынған посылка, бандерольдар алуы, оның заң бойынша белгіленген посылка, бандероль, сәлемдемелер алуының санына кірмейді. Сотталғандарға дәрі-дәрмектерді өзінде сақтауға рұқсат етілмейді.

Сотталған ер адамдар мен әйелдер, ересектер мен кәмелетке толмағандар, қылмыстың аса қауіпті рецидивтері, өлім жазасы бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылғандар емдеу мекемелерінде бір-бірінен бөлек емделеді. Қылмысты, аса қауіпті рецидивтері және өлім жазасы бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылғандар түрме үлесіндегі арнайы палаталарда емделеді.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған, алкогольдікпен және нашақорлықпен ауыратын сотталғандарға емдеу шаралары соттың мәжбүрлі емдеуді белгілеуінің нәтижесінде жүргізіледі. Мұндай сотталғандарды емдеу түзеу мекемесінің медициналық-санитарлық бөлімінде немесе алкоголизмді және нашақорлықты емдеумен айналысатын емдеу-түзеу мекемелерінде жүргізіледі. Егер сотталғанның алкоголизммен немесе нашақорлықпен ауыратындығы жаза өтеу уақытында анықталса, онда түзеу мекемесінің әкімшілігі ол сотталғанға міндетті емдеу шарасын мәжбүрлі түрде қолдану туралы сотқа ұсыныс жасайды.

Айыптық оқшаулау орнында, камералық үлгідегі үй-жайларда және жеке адамдық камераларда, сондай-ақ түрменің қатаң режимінде жазалау шарасын өтеушілер науқастануына байланысты түзеу мекемесінің емдеу орындарына

жіберілгенде, олардың емделу уақыты жазалау шарасы уақытына есептеледі. Ал, аталған жазалау шарасына тартылғандар түзеу мекемелерінің емдеу орнына өз денесін өзі қасақана жарақаттап немесе сылтаумен келіп түскенде, емделу уақыты жазалау шарасының уақытына есептелмейді.

Түзеу мекемелерінің емдеу орындарында жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзғандар қылмыстық-атқару заңында көзделген жауаптылыққа тартылады. Бірақ, емдеу орындарындағы сотталғандарға камералық үлгідегі тұрғынжайға немесе жалғыз адамдық камераға ауыстыру тәрізді жазалау шаралары қолданылмайды. Сондай-ақ, емдеу орнындағы тәртіп бұзушылығы үшін сотталушы айыптық оқшаулау орнына жіберілгенде тамақ нормасы төмендетілмейді және күніне екі сағаттық сейілдеу өткізіледі. Түзеу мекемелерінің емдеу орындары сотталғанды жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы деп танығанда, оны емдеу орнынан шығарып, келген түзеу мекемесіне қайтарады. Бірақ, қасақана тәртіп бұзған сотталғандардың науқасы оның өміріне, кейінгі денсаулығына және басқа адамдарға қауіпті, яғни жұғуы мүмкін болса, онда ол сотталған емдеу мекемесінен шығарылмайды.

Егер емдеу уақыты аяқталмай тұрып, сотталғанның жаза мерзімі аяқталса, онда түзеу мекемесі әкімшілігі аурудың жазылмағандығы туралы медициналық қорытындыға сүйене отырып, сотқа емдеу уақытын созу туралы ұсыныс жасайды. Жаңа мерзімі аяқталған сотталған түзелу бағытына түскен немесе түзелген деп танылса, онда емдеу-түзеу мекемесінен денсаулық сақтау жүйесіне қарайтын ауруханаға ауыстырылады.

XII-ТАРАУ. ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫСТАР БОЙЫНША ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЖАЗАЛАРДЫ АТҚАРУ.

1. Тәртіптік-әскери бөлімде ұстау жазасын атқарудың тәртібі мен жағдайлары.

Қылмыстық заңда тәртіптік-әскери бөлімде ұстау жазасы бас бостандығынан айыру тәрізді жазалармен қатар қарастырылған және ол сипаты бойынша да бас бостандығынан айыру жазасына ұқсайды. Тәртіптік-әскери бөлімде ұстау жазасы бас бостандығынан айырудың бір түрі емес, ол жазаның жеке түрі болып табылады.

Тәртіптік-әскери бөлімде ұстау - әскери қызмет уақыты аяқталмаған қатардағы жауынгерлер, сержанттар және контракт негізінде әскери қызмет атқарушы қатардағы жауынгерлер мен сержант тобындағыларға тағайындалады. Бұл жаза - әскери қызметшілерге 3 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге, негізгі жаза ретінде тағайындалады.

Тәртіптік-әскери бөлімде ұстау жазасы Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде қарастырылған, ол әскери қылмыстарды жасағандық үшін тағайындалады. Бұл жаза қылмыстың сипаты мен қылмыскердің жеке басы ерекшеліктері, 2 жылдан аспайтын бас бостандығынан айыру жазасын сол мерзімге тәртіптік-әскери бөлімде ұстаумен ауыстыруға мүмкіндік болғанда ғана тағайындалады. Бас бостандығынан айыруды тәртіптік-әскери бөлімде ұстаумен ауыстыру – сотталушы әскери қылмыстарды жасағанда Бас бостандығынан айыруды тәртіптік-әскери бөлімде ұстаумен ауыстыру – сотталушы әскери қылмыстарды жасағанда ғана емес, қылмыстық заңның басқа да тарауларында қарастырылған қылмыстарды жасағанда қолданылады.

Бас бостандығынан айыру жазасын тәртіптік-әскери бөлімде ұстаумен ауыстырғанда, бас бостандығынан айырудың бір күні тәртіптік-әскери бөлімде ұстаудың бір күнімен теңестіріліп ауыстырылады.

Тәртіптік-әскери бөлімде ұстау әскери қылмыстар бойынша тағайындалатын жазалардың ең ауыр түрі болып табылады және бұл жазаға тартылған адам жаза уақытында әскери қызметтерді атқара береді. Себебі, тәртіптік-әскери бөлімнің күн тәртібі әдеттегі әскери бөлімдердің күн тәртібіне ұқсас келеді. Тәртіптік-әскери бөлімде ұсталушылар әскери қызметшілер болып саналып, әскери міндеттерді орындайды.

Әдеттегі әскери бөлімдерден тәртіптік-әскери бөлімдердің негізгі айырмашылығы – мұнда әскери қызметшілерге тәртіптік жұмыстар қолданылады және әскери қаруларды пайдаланып жаттығулар жүзгізілмейді. Сондықтан, тәртіптік-әскери бөлімде жаза өтеушілерге адамды түзеу, қылмыстылықтан арылу тәрізді жазаның мақсаттары қолданылады.

Тәртіптік-әскери бөлімдер – тәртіптік батальондар, тәртіптік роталар түрінде кездеседі. Тәртіптік батальондар, роталар Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне бағынады. Тәртіптік әскери бөлімдерге жетекшілікті ҚР Қорғаныс министрі өзінің тиісті құрылымдық бөлімшелері арқылы іске асырады. Тәртіптік бөлімдерге әскери қызметтің түрі, тобы бойынша сотталғандарды топтастыру жүргізілмейді. Өртүрлі әскери топқа жататын (мысалы, әуе қорғанысы әскерлері, ішкі майдан бөлімдерінің әскерлері, ракеталық әскери топтардың қызметшілері, т.б.) әскери қызметшілер бір тәртіптік батальонда ұстала алады.

Тәртіптік-әскери бөлімдер Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен құрылады немесе жабылады.

Мұндай жаза атқарушы мекемелерде туындайтын қатынастар, қылмыстық-атқару заңының нормаларымен және тәртіптік-әскери бөлім туралы Ереже нормаларымен реттеледі.

Қорғаныс министрі тәртіптік-әскери бөлімдердегі жұмысты дұрыс ұйымдастыру мақсатында, осы заңдарға сүйене отырып, тәртіптік бөлімдердің құрылысы, жұмысшылар штаты, сотталғандардың әскери оқу бағдарламасы тәрізді қызметтерді жеке тәуелсіз ұйымдастырылады.

Тәртіптік-әскери бөлімде Әскери жарғы қолданылады. Осы заңдар мен өзге нормативтік актілердің негізінде сотталған әскери қызметшілердің құқықтық жағдайлары, яғни міндеттері мен құқықтары анықталады.

Сотталған әскери қызметшілер әскери формаларды киеді. Олардың киімінде әскери қызметтің түрін, тобын білдіретін белгілер болмайды. Тәртіптік-әскери бөлімдердегі басшылық және жетекшілік қызметті ҚР Қарулы күштерінің офицер дәрежесіндегі әскери адамдар атқарады. Олар тәртіптік взводтардың, роталардың командирлері, сонымен қатар, жазаны атқарушы әкімшіліктің қызметтерін атқарады.

Жаза өтеу кезінде сотталғандар әскери дайындықпен және міндетті қоғамдық пайдалы дене еңбегімен айналысады. Олар әскери бөлімдердің арнайы жұмыс орындарында еңбек етеді, ал мұндай жұмыс орындары болмаған жағдайда, жергілікті басқару органдарының берген жұмыстарын тартылады. Сотталғандардың еңбегі Еңбек туралы заңда белгіленген еңбекті қорғау, қауіпсіздік шаралары мен өндірістік санитария ережелері сақтала отырып ұйымдастырылады. Сотталғандардың жұмыстарына мол кәсіпорында жалпы тәртіпте белгіленген бағалар қойылады. Олардың еңбегінен түскен табыстың 55 пайызы тәртіптік-әскери бөлімді қаржыландыруға, оның өндірістік базасын құруға және сотталғандардың материалдық қажеттілігін қанағаттандыруға жұмсалады, ал қалған 45 пайызы мемлекеттің кірісіне аударылады. Әскери қызмет бойынша сотталғандарға бұл жұмыстардан түскен табыс төленбейді.

Тәртіптік-әскери бөлімдер бас бостандығынан айыру орындарына белгіленген тәртіптегідей күзетіледі. Сотталғандар тәртіптік-әскери бөлімнен тысқары жерлерде жүргізілетін жаттығуларға, жұмыстарға айдаумен апарылады.

Сотталғандармен тәрбиелік жұмыстар жүргізіледі, оны тәртіптік-әскери бөлімдердің командованиясі ұйымдастырады және жүргізеді. Сотталғандардың бұрын әскери қызмет өтеген бөлімдері, өздерінен сотталғандардың мінез-құлқын білу үшін және олардың түзелуіне көмектесу мақсатында, тәртіптік-әскери бөлімнің командованиясімен үнемі байланыс жасап отыруға міндетті. Бұл жазаға тартылғандарға тәрбиелік жұмыстардың көлемін арттыру үшін, жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық бірлестіктер өздері ниет білдіріп ат салыса алады.

Сотталушының тәртіптік-әскери бөлімде жаза өтеген уақыты әскер міндетін өтеу уақытына кірмейді. Сот тағайындаған жаза мерзімі біткеннен кейін, сотталған әскери қызметкер өз әскер бөліміне қайтарылады. Ол бұрынғы бөлімде әскери міндетінің қалған уақытын өтеп болғаннан кейін әскерден босатылады.

Тәртіптік-әскери бөлімдегі режим-сотталғандармен түзету жұмыстарын жүргізуге, оларды әскери тәртіпті сақтауға бейімдеуге заңға немесе заңнан туындайтын қатынастарға саналы түрде қарап өзіне тапсырылған міндеттерді орындауға, сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға, сотталғандарға бақылау жүргізуге, сонымен қатар сотталғандар мен онда жұмыс істейтін бөтен адамдардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сотталған әскер қызметшілер тәртіптік-әскери бөлімде белгіленген режим талаптарын сақтауға міндетті. Жаза өтеу мерзімінде олардың барлығы да, бұрынғы дәрежесіне қарамай, қатардағы жауынгер дәрежесінде жаза өтейді.

Сотталғандарға өзімен бірге ақша алып жүруге тыйым салынады. Олар жазаны өтеу арқылы Ережеде көрсетілген заттарды сақтауға құқылы.

Олардан ұстауға, тыйым салынған заттар табылған жағдайда алып қойылады. Егер қауіпті немесе айналымнан алынған заттар табылса, олар жойылады, ал тек ұстауға тыйым салынған заттар болса, сотталушы жазадан босағанға дейін сақтауға өткізіледі. Сотталғандардан ұстауға, сақтауға тыйым салынған заттар алынған жағдайда, тәртіптік-әскери бөлім командирінің бұйрығымен акт жазылады.

Сотталғандар туыстарымен немесе өзге де адамдармен айына 2 ретке дейін, ұзақтығы 4 сағаттық қысқа мерзімді кездесулер өткізуге құқылы. Қысқа мерзімді кездесулер тәртіптік-әскери бөлімнің командирі белгілеген күндер мен сағаттарда, сотталғанның жұмыс пен сабақтан бос кезінде, арнайы белгіленген бөлмеде тәртіптік-әскери бөлім өкілінің бақылауымен өткізіледі.

Ұзақ мерзімді кездесулер сотталушының зайыбымен немесе жақын туыстарымен 1 жыл ішінде 4 ретке дейін, ұзақтығы 3 күнге беріледі. Ұзақ мерзімді кездесу – тәртіптік-әскери бөлімнің аумағындағы арнайы жабдықталған бөлмеде немесе одан тыс жерде өткізіледі. Мұндай кездесулер кезінде сотталған сабақ пен жұмыстан босатылады.

Қысқа мерзімді кездесулер сотталғанның өз өтініші бойынша телефон арқылы сөйлесумен ауыстырыла алады.

Сотталған заң көмегін алу үшін адвокаттармен кездесе алады. Адвокатпен кездесу оңашада, уақытына шек қойылмай өткізіледі.

Сотталғандардың айына 1 посылка, кездесу өткізу кезінде сәлемдемелер, ал бандерольдарды санына шек қоймай алуға құқығы бар. Посылкалар, сәлемдемелер, бандерольдар берілу кезінде сотталғанның көзінше әскер бөлім қызметкерімен ашылып, тексеріледі. Посылкамен, сәлемдемемен келген тыйым

салынған заттар сотталғанға берілмейді, жазаға босағанға дейін басқа заттарымен бірге сақталады және айналымнан алынған заттар посылка, бандероль, сәлемдемемен келген жағдайда, сотталғанға берілмей бұл туралы прокурорға хабарланады.

Тәртіптік-әскери бөлімде жаза өтеушілерге хаттар мен телеграммаларды алуға және жіберуге санына шек қойылмай рұқсат етіледі. Сотталған хатты тәртіптік-әскери бөлім өкілінің қатысуымен ашуы керек. Бұл тексеру – хаттың ішінде тыйым салынған заттың бар-жоғын анықтау үшін жүргізіледі. Хаттың мазмұны тексерілмейді.

Сотталғандардың атына келіп түскен ақша олардың жеке шотына жазылады. Сотталған әскери қызметші тамақ өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды жеке шотындағы ақшасынан тәртіптік-әскери бөлімдегі тікелей командирі арқылы алдыртады.

Тәртіптік-әскери бөлімінде жаза өтеушілерге барып-қайту жолына кететін уақыттарды есептемегенде, 7 тәулікке дейін жол жүруге рұқсат етіледі. Жол жүру-жақынт туысының қайтыс болуына, қатты науқастануына, сотталғанның отбасына елеулі материалдық залал келтірген апатқа байланысты беріледі. Сотталғанның тәртіптік-әскери бөлімнен сырт жерлерде жол жүрген уақыттары жаза мерзіміне есептеледі. Заң қысқа мерзімдік жол жүруге рұқсат берудің негізі ретінде сотталғанның басында тек қайғылы жағдайдың болуын келтірген. Жол қаражаты жол жүру үшін берілетін көмек ақшадан беріледі.

Сотталған әскер қызметші жол жүру кезінде өздерінде киіп жүрген формасын кимейді, киіммен әскери бөлімнің командирлері қамтамасыз етеді. Қысқа мерзімге жол жүруге рұқсат-сотталғанның жеке басын ескере отырып және қайғылы уақиға құжатты түрде куәландырылғанда береді.

Сотталғандарға әскери жарғыға сәйкес қажетті тұрмыстық жағдайлар жасалады, сонымен бірге, әдеттегі әскери қызметшілерге көрсетілетіндей тәртіпте, медициналық көмектер көрсетіледі. Ауруханада емделуде жатқан сотталған әскери қызметші, жеке өздері тектес адамдармен бірге орналастырылып, күзет қойылады. Сотталғандарды госпитальда күзету-госпиталь орналасқан жердегі гарнизон күштерімен жүзеге асырылады.

Сотталғандарға ақшалай үлес-әскери қызметтің бірінші жылдығындағы солдаттар мен матростарға арналған бірінші тарифтік разряд бойынша, ай сайын есептеледі. Темекі үлесі-тәртіптік-әскери бөлімнен босату кезінде ақшалай түрде қолына беріледі.

Тәртіптік-әскери бөлімде жаза өтеп жатқан сотталғандарға көтермелеу және жазалау шаралары қолданылады. Көтермелеу шаралары қолданылады. Көтермелеу шаралары ретінде алғыс жариялау, грамотамен, бағалы сыйлықпен немесе ақшамен марапаттау, қосымша бір қысқа немесе ұзақ мерзімге кездесу өткізу, сондай-ақ туыстарымен телефон арқылы сөйлесуге рұқсат ету және бұрын тағайындалған

жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау қолданылады. Сонымен бірге, жазаның тәртібі мен талаптарын сақтағандар, өзінің түзеліп келе жатқандығын байқатқандар жазаның 1/3 мерзімін өтегеннен кейін, тәртіптік – әскери бөлім командирінің бұйрығымен түзеліп келе жатқандар қатарына қосылады. Түзеліп келе жатқандар тізіміне қосылған сотталғандар тәртіптік-әскери бөлім командирінің ұсынысымен жазадан шартты түрде ерте босатыла алады. Мұндай сотталғандар тобы, жазаның кем дегенде жартысын өтегеннен кейін шартты түрде босатылады. Сот, тәртіптік-әскери бөлім командирінің сотталушыны жазадан шартты түрде ерте босату туралы ұсынысын қабылдамаған жағдайда, ол сотталушыны енді 6 ай өткеннен кейін ғана қайта ұсынуға болады.

Жазалау шарасы ретінде сөгіс , қатаң сөгіс , 30 тәулікке дейін гауптвахтада ұстау арқылы қамауға алу қолданылады. Гауптвахтаға қамау-сотталушыны жеке камераға қамау арқылы орындалады. Сотталған гауптвахтада болған кезінде кездесулер өткізу, әскери бөлімде өткізілетін әртүрлі жоспарлы шараларға қатысу құқығынан айрылады.

Тағайындалған барлық жазалау шаралары, тағайындалған күннен бастап 1 айдың ішінде орындалуы керек.

Командирлердің сотталғандарға көтермелеу және жазалау шараларын тағайындау және қолдану тәртібі, әскери жарғылардың талаптарына сәйкес, ҚР Қорғаныс министрлігінің осы мәселе жөніндегі әскери бөлімде ұстау туралы Ережесімен анықталады.

Тәртіптік-әскери бөлімде ұстау жазасын өтеушілер, соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен бастап жазадан босатылғанға дейін, сотталған болып есептеледі. Егер сотталған жазадан шартты түрде ерте босатылса, онда жазаны өтеп біткеннен кейін, яғни негізгі де, қосымша да жазалардан босатылған кезден бастап сотталғандық атағы жойылады.

Әскери қызмет бойынша шектеу жазасын атқару

Әскери қызметін шектеу жазасы Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде көрсетілген реттерде ғана, 3 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге, әскери қызметті контракт бойынша өтеп жүргендерге және офицерлерге тағайындалады. Сондай-ақ, бұл жаза-Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде көрсетілген реттерде, контракт бойынша әскери қызмет өтеп жүргендерге түзеу жұмыстарының орнына тағайындала алады. Аталған әскери қызметшілерге бұл жаза тек негізгі қаза ретінде қарастырылған.

Әскери қызметін шектеу жазасына тартылған сотталған, бұрынғы атқарған әскери қызметін жаза мерзімінде орындап жүре береді. Ол сотталған уақытқа дейін қызмет жасаған бөлімінде сол дәрежеде қалдырылады, бірақ оның ақшалай табысынан сот белгіленген көлемде, 20 пайызды аспайтын мөлшерде мемлекет кірісіне ұсталады. Сонымен бірге, сотталушы жаза өтеу мерзімінде лауазымды

өсіруге, әскери атақ алуға ұсынылмайды және жаза мерзімі кезекті атақ алу үшін еңбек сіңірген жылдарына қосылмайды.

Бұл жазаның орындалуы сотталған қызмет етіп жүрген әскери бөлімнің командованиесі атқарады.

Әскери бөлімнің командирі сот үкімі келіп түскеннен кейін, 3 күннен кешіктірмей, оның орындалуы туралы бұйрық шығарады. Бұл бұйрықта сотталушының қандай негізде, қанша мерзімге лауазымы өзгертілмейтіндігі, кезекті әскери атақ алуға осы мерзімнің ішінде ұсынылмайтындығы, кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдарына бұл мерзімдер есептелмейтіні баяндалады. Мұнан басқа, ол бұйрықта сотталғанның жаза мерзімі кезеңінде ақшалай табысынан қанша пайыз мемлекет кірісіне ұсталатыны көрсетіледі. Бұйрық әскери бөлімде жарияланып, сотталған әскери қызметші онымен танысады, мұнан кейін жаза атқарыла бастайды.

Жазаны атқарушы әскери бөлім сот үкімінің келіп түскенін, ол бойынша тиісті бұйрық шығарылып, оның орындала бастағанын 3 күн ішінде үкім шығарған сотқа хабарлауы тиіс. Сотқа осы құжатпен бірге жазаның орындалуы туралы бұйрықтың көшірмесі де жіберіледі.

Сотталғанның табысынан ұсталым оның айлығынан, әскери атағы бойынша берілетін үстеме ақшасынан, ай сайынғы өзге де үстеме берілетін ақшалай қаражаттарынан жүргізіледі. Бұл ұсталымдар қатарына әскери қызметшілерге берілетін тамақ өнімдері немесе оның орнына берілетін ақша, балалардың жәрдем ақшалары, сондай-ақ өзінің жеке шаруашылығынан түсетін табыстар жатпайды.

Сотталған әскери қызметшілер, өз әскери бөлімдерінде жоғары емес басқа жұмыстарға немесе басқа бөлімдердегі жұмыстарға ауыса алады. Бірақ бұл туралы үкім шығарған сотқа қабылданады. Мұндай жағдай сотталғанның жасаған қылмысының сипаты мен өзге де мән-жайлар талап өткенде және оны әскери қызметте басшылыққа қалдыру қауіпті болған жағдайда орындалады. Басқа лауазымға ауыстыру – осы бөлімнің командирінің шешімі бойынша іске асырылады. Сотталғанды әскери қызмет атқарып жүрген немесе басқа жердегі әскери бөлімдерге ауыстыру – уақытша немесе тұрақты жұмыс орны ретінде жүргізіле алады. Басқа лауазымға ауыстырғанда, сотталғанның табысынан жазаға байланысты ұсталым жаңа жұмысы бойынша алатын табысына қарай белгіленеді.

Әскери қызметін шектеу жазасын өтеп жүрген сотталғандардың жасаған қылмысының сипатына, мінез-құлқына және әскери қызметке деген көзқарасына қарай тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылып жүргізіледі. Сотталған бұрынғы қылмысты қандай себептен жасаса, оған тәрбиелік жұмыстар сол бағыттан күшейтіле қолданылады. Мысалы, сотталушының әскери қызметке деген көзқарасы

қауіпті болуы мүмкін. «Әскери қызметте бағыныштыларға тым қатал қарау – әскери борышты дұрыс орындау» деген қате көзқарас сотталғанда қалыптасқан болса, онда жаза өтеушіге, бағыныштыларға ұйрықтар беру, жазалау шараларын қолдану тәрізді жұмыстардың маңызын түсіндіруге басқа көңіл аударылуы керек.

Бұл жазаға тартылған сотталған әскери бөлімге қоғамдық ұйымдар тарапынан өткізілетін әртүрлі адамды тәрбиелеуге ықпал ететін шаралара жиі қатыстырылады. Сотталғанға, негізінен, тәрбиелікжұмысты оның командирі жүргізеді.

Әскери қызметін шектеу жазасын аяқтау, әскери бөлім командирінің жазаның тоқтатылатын күні көрсетілген бұйрық шыаруымен басталады. Әскери қызметін шектеудің аяқталуына 3 күн қалғанда бұйрықтың көшірмесі үкім шығарған әскери сотқа жіберіледі. Соттың белгіленген мерзімі өтіп болғаннан кейін сотталған осы жазаға байланысты барлық шектеулер алынады.

Әскери қызметін шектеу жазасына сотталғандар заңды негіздер туындағанда ерте босатылуы мүмкін. Мұндай заңды негіздерге айыптау үкімінің орнына ақтау үкімі шығуы, шартты түрдеерте босату, сотталушының ауруы, амнистия және кешірім жасау тәрізді т.б. негіздер жатады. Сотталғанды жазадан босататын негіздер туындағанда, ол негіздер сотталғанға бірден қолданылады.

Сотталған әскери қызметші – заңда көрсетілген тәртіпте әскери қызметтен шығып кете алады. Мұндай жағдайда, жазаны атқарушы әскери бөлімнің командирі үкім шығарған сотқа сотталғанның белгілі бір себептермен әскери қызметтен кеткені және жазаның өтелмеген бөлігін басқа жеңіл жазаның бірімен ауыстыру немесе жазадан босату туралы ұсыныс жасайды.

Сотталғанды жазадан босату немесе жеңіл жазалармен ауыстыру үшін, ол жұмыстан ерте шыққан болып саналуы керек. Мысалы, әскери қызметте жұмыс штатының қысқаруы, олардың контракт міндеттерін орындамауы, мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуден бас тартуы, сотталғанның ауруға шалдығуы, т.с.с.

§3. Әскери қызметшілерге қатысты қамау жазасын атқару

Әскери қызметшілер қамау жазасын гауптвахталарда өтейді. Гауптвахталарда жазаны прапорщиктер, мичмандар, сержанттар, старшиналар қатардағы жауынгерлерден бөлек өтейді. Сол сияқты осы топтағы сотталған әскери қызметшілерден офицерлер бөлек ұсталады.

Сотталған әскери қызметшілердің гауптвахтада жаза өтеуін, әдеттегі гауптвахталармен, яғни, солдаттардың әскери тәртіпті бұзғандығы үшін тағайындалатын гуптвахталарымен бірдей қарауға болмайды. Әдеттегі

гауптвахталармен сотталған әскери қызметшілер жаза өтейтін гауптвахталардың арасында жаза мерзімі бойынша айырмашылық бар.

Қамау жазасына сотталған әскери қызметші соттың үкімі алынғаннан кейін, әскери жарғыда белгіленген тәртіппен 3 күн мерзімде гауптвахтаға жіберілуі тиіс.

Жазаны өтеу уақыты әскери қызметтің жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ алу үшін еңбек сіңірген жылына кірмейді.

Жаза өтеу уақытында әскери қызметші кезекті әскери атақ алуға ұсынылмайды, бұрынғы атқарған қызметінен жоғарғы қызметке және басқа әскери бөлімдердегі қызметке ауыстырылмайды. Заңда, жаза өтеу уақытында сотталушыны жаза өтеуден кейінде қызметінде төмендетуді қолдануға негіз береді. Сотталған әскери қызметшілерге жаза өтеу уақытында ақшалай үлес төленбейді. Заң, қамау жазасына тартылған әскери адамға қандай ақшалары төленбейтіндігін анықтап көрсетпеген. Бұл жағдайды анықтап көрсету – офицерлер мен прапорщиктардың ақшалай табысының қай түрлері төленбейтіндігін анықтау үшін қажет.

Сотталған жаза өтеу уақытында әскери жұмысынан шығып кете алмайды. Олар жаза өтеу уақытында ауруға шалдығып, әскерге жарамсыз болып саналғанда ғана әскери қызметтен шығарылып, жазадан босатылады немесе басқа жеңілдік жазалардың бірімен жазаның қалған бөлігі ауыстырылады.

Сотталғанның әскери қызметке денсаулығына байланысты жарамсыздағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссияның тексеруімен және куәландыруымен анықталады.

Сотталғандарға үлгілі мінез-құлқы үшін алғыс жариялау және бұрын алып тастау тәртізді көтермелеу шаралары заңда белгіленген.

Қамау жазасын өтеп жүрген әскери қызметшінің жаза өтеу тәртібін бұзғандығы үшін сөгіс және 10 тәулікке дейін жалғыз адамдық камераға ауыстыру шаралары қолданылады.

Жазалау және көтермелеу шараларын гарнизонның бастығы және гауптвахтаның әскери коменданты жариялайды.

Қамауға алынған әскери қызметшілер жаза мерзімінде гауптвахта комендантының тікелей қарамағанда болатындықтан, бұл шараларды көбінесе осы комендант тағайындайды.

Әскери қызметшілерге қамау жазасын атқарудың тәртібі мен жағдайлары, жалпы азаматтарға қолданылатын қамау жазасының тәртібі мен жағдайларына

ұқсас. Гауптвахталарда жаза өтеуден туындайтын қатынастар қылмыстық-атқару заңымен, сонымен бірге әскери жарғы нормаларымен реттеледі.

ХІІІ- ТАРАУ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫН ОРЫНДАУ

Өлім жазасы Қылмыстық заңның Ерекше бөлімнің баптарында көрсетілген реттерде, сотталған аса ауыр қылмыстарды жасаған жағдайда және ол сотталған «енді түзелмейтін, қоғамға пайдасыз адам» деп танылғанда, ең ауыр жаза ретінде қолданылады. Қазақстанда өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ 18 жасқа толмай қылмыс жасағандарға және сот үкім шығарған кезде 65 жасқа толған ер адамдарға тағайындалмайды. Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен, жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы, өмір бойы бас бостандығынан айырумен немесе 25 жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін.

Өлім жазасы үкім енген сәттен бастап, 1 жылдан кейін орындалады. Бұл мерзімде үкімді жеңілдететін сотқа белгісіз жағдайлар ашылып, жеңіл сотталған адам жеке адамдық камераға орналастырады және сол камерада тамақтанады, олар сыртқа сейілдеуден басқа уақыттарда сыртқа шығарылмайды. Камера қаралып, тінтіліп отырады.

Сотталған үкім заңды күшіне енгеннен кейін, Қазақстан Республикасының Президентіне кешірім жасау туралы өтініш жасай алады. Өтінішпен бірге, бірінші инстанция сотының үкімі мен кассациялық соттың ұйғарымы бірге жіберіледі. Сонымен бірге, Президент әкімшілігіне сотталған туралы мәліметтер және Жоғары сот төрағасының, Бас прокурордың осы іс туралы қорытындыларының көшірмелері жіберіледі.

Барлық құжаттарды алғаннан кейін Президент өтінішті қарап, оны қанағаттандыру немесе үкімді күшінде қалдыру туралы шешім қабылдайды.

Егер сотталған кешірім сұрау туралы өтініштен өзі бас тартса, онда бас бостандығынан айыру мекемесінің әкімшілігі прокурордың қатысуымен бұл туралы акт жазады, ол акті – сот үкімін іске асыруға негіз болады.

Өлім жазасы мынандай жағдайларда орындалады:

- Сот үкімі заңды күшіне енгенде;
- ҚР Бас Прокурорының қадағалау тәртібімен соттың үкіміне қарсылық жасау үшін негіздердің жоқтығы және істі қадағалау тәртібімен қарау үшін де негіздердің жоқтығы және істі қадағалау тәртібімен қарау үшін де негіздердің жоқтығы туралы қорытындысы болғанда;
- Президент сотталғанға кешірім жасау туралы өтініш беруден бас тартқаны туралы акті болғанда.

Өлім жазасына кесілген сотталғандарға қылмыстық–атқару кодексінде көрсетілген құқықтары түсіндіріледі.

Сотталғанның үкім заңды күшіне енгенге дейін және енгеннен кейін де, заңда көзделген тәртіппен қажетті азаматтық-құқықтық және неке–отбасылық қатынастарды рәсімдеуге құқығы бар. Бұл қатынастарға өсиет қалдыруды рәсімдеу, сыйға беру шартын құру, сатып алу-сату, некені тіркеу, әкелікті таныту (туылмаған балаларға да) сияқты шарттар жатады. Сотталған өзінің істерін жүргізуге басқа адамға сенімхат бере алады. Сенімхат - сотталушы жатқан мекеменің бастығымен бекітіледі.

Заң көмегін алу үшін сотталған ұзақтығы мен санына шек қойылмай, адвокатпен және басқа да заң көмегін көрсете алатын тұлғалармен кездесуге құқылы.

Қажет кезде сотталғанға медициналық көмек көрсетіледі. Өлім жазасына сотталғандарға медициналық көмек камерада көрсетіледі. Мұндай жағдайда медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек .

Егер сотталғанға стационарлық емдеу қажет болса, онда сот таралғанды арнайы ауруханаға апарды, емдеу ауруханада жүргізіледі.

Өлім жазасына сотталғандар хаттарды шек қоймай алуға және жіберуге құқылы. Жіберілген және алынған хаттар әкімшілік арқылы тексеріледі.

Сотталғанның ай сайын жақын туыстарымен қысқа мерзімді кездесу өткізуге құқығы бар. Үкім заңды күшіне енгенше кездесуге рұқсатты сот берсе, үкім заңды күшіне енгеннен кейін сотталған жатқан мекеме әкімшілігінің рұқсатымен беріледі.

Сотталған діни қызметкерлерді шақыруға өтініш жасағанда, діни қызметкерлер, оның жеке басы қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда келтіріледі.

Өлім жазасына сотталғандары тұрмыс жағдайы жасалып, жүйелі түрде төсек жабдықтары беріліп тұрады.

Үкім орындалғанға дейін сотталғанның туысқандары оған ақша жібере алады және бұл ақшаға қатаң режимдегі түрмеде белгіленген мөлшерде тамақ өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды сатып ала алады.

Өлім жазасына кесілгендер күн сайын ұзақтығы 30 минуттын сейілдеуге шығарылады, олар дене еңбегіне тартылмайды.

Сотталғанның жоғарыда баяндалған құқықтарын қанағаттандыру және күшейтілген күзеттегі жеке камераға шығарылуы үкім шыққаннан кейін іске асырылады.

Сот үкімі шыққаннан кейін және кешірім жасау туралы өтініш шешілгенше, өлім жазасына сотталғандар өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеуші сотталғандарға арналған ерекше режимдегі жаза өтеу жағдайында ұсталады.

Кешірім жасау туралы өтініші қанағаттандырылмаған сотталғандар үкім орындалатын мекемеге ауыстырылады. Бұл жерде олар түрменің қатаң жағдайында ұсталады.

Өлім жазасы орындалу тәсілі бойынша жария етілмей, ату жолымен орындалады. Бірнеше адамдарға қатысты өлім жазасы әрбіреуіне жеке және өзгелері жоқта орындалады.

Үкім орындалар алдында сотталғанның бойы тағы да тінтеледі. Егер үкім орындалар кезде сотталғанның есі дұрыстығы күмәнді болса, онда үш дәрігерден құралған комиссия тексеріп, хаттама жазады. Сотталғанның психикалық ауруға шалдыққаны расталған жағдайда, үкімнің орындалуы тоқталып, хаттама үкім шығарылған сотқа жіберіледі. Есі дұрыстығы бұзылған сотталғанды сот жазадан босатып, оған медициналық сипаттағы мәжбүрлі емдеу шарасын тағайындайды.

Егер сотталған сауықса және жазаның ескіру мерзімі өтпеген болса, онда қылмыстық жауапқа тартылып жазаланады. Мұндай жағдайда, өлім жазасына сотталғандарға аса ауыр қылмыстар бойынша айыптау үкімнің талап мерзімі қолданылады. Үкімнің орындалмағанына 15 жыл толмаса, сотталғанға өлім жазасы қолданылады немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылады. Үкімнің талап мерзіміне 15 жыл өтіп кеткен жағдайда, сот өлім жазасына кесілген адамды жазадан босата алады немесе жазаны өмір бойына бас бостандығынан ауыстырумен ауыстырады. Өлім жазасын орындау кезінде прокурор, жазаны атқарушы мекеменің қызметкері және дәрігер қатысады.

Сотталғанның өлгенін дәрігер куәландырады. Сот үкіметінің орындалғаны туралы хаттама жазылып, оған қатысушылар қол қояды.

Жазаны атқарған органның әкімшілігі, үкім шығарған сотқа және сотталғанның жақын туыстарының біріне өлім жазасының орындалғаны туралы хабарлайды. Мәйіттің жерленген жері туыстарына үкім орындалғаннан кейін, 2 жыл өткен соң хабарланады. Өлім жазасына кесілген адамның мәйіті туыстарына берілмейді.

Азаматтық хал актілерін тіркеу органына әкімшілік белгіленген үлгіде хабарлама жіберіледі және туыстарына сотталушының өлгені туралы куәлікті қайдан алуына болатыны хабарланады.

XIV-ТАРАУ. ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТУ

1. Жазаны өтеуден босатудың негіздері мен түрлері

Жазаны өтеуден босату – сотталғанның жауапкершілікті атқарып шығуын білдіреді.

Мерзіміне байланысты жаза өтеуден босату екі түрге бөлінеді: жаза мерзімінің толық өтеліп бітуіне байланысты босату және ерте босату.

Жаза мерзімінің толық өтелуіне байланысты босату дегенеміз сот тағайындаған жаза мерзімінің толық аяқталуы болып табылады. Бұл жазадан босатудың қарапайым түрі.

Жазадан мерзімінен бұрын босату – бірнеше түрлерге бөлінеді. Қылмыстық іс бойынша ақтау үкімінің шығуына немесе істің қысқартылуына байланысты босату, шартты түрде ерте босату, жазаны жеңілірек жазалармен ауыстыру, кешірім жасау немесе рахымшылық, сотталғанның ауыр сырқатқа шалдығуына немесе мүгедектігіне байланысты босату және басқа да негіздерде босату.

Шартты түрде ерте босату – түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, тәртіптік-әскери бөлімдерде ұстау және бас бостандығынан айыру жазалары бойынша қолданылады. Заң жазадан шартты түрде ерте босатуды қолдану үшін бірнеше негіздердің болуын қажет етеді. Ең алдымен жазаны атқарушы мекеменің сотталғанның түзеліп келе жатқаны туралы мәліметтерді сотқа беруі, соттың «ол сотталған түзелуі үшін, жазаны толық өтеуі міндетті емес» деген көзқарасы болуы керек. Мұны материалдық негіз деп атайды. Келесі бір негіз ретінде, сотталғанның жаза мерзімінің белгілі бір бөлігін өтеуі алынады. Бұл – жазадан босатудың формалды негізі болып саналады. Мысалы, маңызы ауыр емес немесе орташа ауыр қылмыстар үшін сотталған адам жазаның 2/3 бөлігін, ал аса ауыр қылмыстар үшін жазаның 3/4 бөлігін өтегеннен кейін ғана шартты түрде босатыла алады. Сондай-ақ, шартты түрде ерте босатуды, бұрын осындай ерте босату түрін пайдаланған, бірақ шартты уақыт ішінде қайтадан тәртіп бұзушылықпен айналасып, әкімшілік жазаларға тартылған немесе соттың белгілеген мерзімі ішінде қойған талаптарын сақтамай, міндеттерін атқарудан кәнігі бұлтарған және сынақ мерзімі кезінде абайсыздықта қылмыс жасағандығына байланысты қайтадан сотталғандарға да қолдануға болады. Бірақ, мұндай сотталушылар енді жазаның тек 3/4 бөлігін өтегеннен кейін шартты түрде ерте босатылуға ұсынылады. Мұндағы шартты уақытқа жазаның өтелмеген бөлігі белгіленеді. Осындай шартты түрде ерте босатылған адам сынақ уақыты ішінде қысақана қылмыс жасап қайтадан сотталса, оған да жазаның енді 3/4 бөлігі өтелгеннен кейін, шартты түрде ерте босату қолданылуы мүмкін. Қылмыстық заң – мұндай топтағы сотталғандарға шартты түрде ерте босатуды қолдануға тыйым салмаған. Заң – өлім жазасы бас бостандығынан айырумен ауыстырылғандарға ғана шартты түрде ерте босату қолданылмайтындығын келтірген.

Шартты түрде ерте босатудың үшінші негізі – жазаның 6 ай мерзімін өтемей ерте босатуға болмайтындығы болып табылады.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар да шартты түрде ерте босатылуы мүмкін. Олар екі түрлі негіз болғанда жазадан босатылады. Біріншіден,

сотталушының жаза өтеу мерзімі кезінде түзелуі, яғни қоғам мен адамзатқа оң көзқарастың қалыптасуы, еңбекке адал қарауы, ондағы қоғам үшін қауіпті мінез-құлықтардың жақсы жағына қарай өзгеруі және екіншіден, ол сотталушының жазаның 25 жылын өтеуі. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адам осы аталған екі негіз болғанда жазадан шартты түрде ерте босатылады.

Сонымен, жазадан шартты түрде ерте босату – кез келген қылмыс санаттары бойынша қолданылады деуге болады. Тек, ол сотталғандарда түзелу процесі қалыптасқан және заңдағы қойылған өзге де талаптар болуы керек.

Жазадан ерте босатудың бір түрі–белгілі бір топтағы сотталғандарға арналып рахымшылық туралы заңның шығуы болып табылады. Рахымшылық туралы заң ҚР парламенті арқылы қабылданады. Рахымшылық туралы заңда қандай топтағы сотталғандардың жазадан босатылындығы немесе жаза мерзімінің азайтылатындығы және кімдердің жазасы жеңілірек жаза түрімен ауыстырылатындығы, сондай-ақ қандай қосымша жазалардан босатылындағы көрсетіледі.

Рахымшылық заңының күші қолданылатын белгілі бір топтағы сотталғандар ретінде, қылмыстардың санаттары, ауру түрі, сотталғандардың жасы, т.б. белгілер алынады.

Рахымшылық заңына байланысты жаза өтеуден босатылғандардан соттылық атағы алынып тасталады.

Кешірім жасау – ҚР Президентімен, жекелеген сотталғандарға сот үкімі шыққаннан кейін жасалады. Кешірім жасау туралы өтінішті сотталғанның өзі немесе бұрын жұмыс істеген еңбек ұжымы, туыстары немесе жазаны атқарушы мекеменің әкімшілігі бере алады. Президенттің кешірім жасауы арқылы сотталған жазадан толық босатылады немесе жаза мерзімі азайтылады немесе жаза басқа жеңілірек жазаның түрімен ауыстырылады. Сотталған кешірім жасау арқылы жазадан босатылғанда, оның соттылығы жойылады.

Жазадан сөзсіз босатылатын адамдарға есі дұрыс еместігі байқалған, яғни, психикалық ауруға шалдығуына байланысты өз әрекетінің қоғамға қауіптілігін сезіне алмайтын немесе әрекетіне жетекшілік ете алмайтын адамдар жатады. Сот психикалық ауруға шалдыққан адамдардың құжаттары түзеу мекемелеріне келіп түскеннен кейін, оны жазадан босатып, медициналық сипаттағы мәжбүрлі емдеу шарасын тағайындайды. Қалған ауру түрлеріне байланысты жаза өтеу мәселесі екі түрлі шешілуі мүмкін. Жазаны өтеу кезінде мүгедек болып қалған, яғни өз бетінше өмір сүру қабілеті азайған немесе (сотталғанның аяқтарынан, қолынан айырылуы, көзі көрмей қалуы, т.б.) қоғамға қауіпті әрекеттерді жасауға мүмкіндігі кеміген мүгедектер жаза өтеуден босатылады. Мұндай сотталушыларға әрі қарай жазаны өтеуді жүктеу әділетсіздікті, қатыгездікті, мемлекеттің адамгершілікке жатпайтын жаза өтеу саясатын ұстанғанын білдіреді. Сотталушының науқасқа шалдығуының екінші түріне, уақытша ауруға шалдығып, сотталғандарды емдейтін арнайы емханаларда емделу нәтижесінде әрі қарай жаза өтеуге мүмкіншілігі бар сотталғандар жатады. Мұндай сотталғандар жаза өтеуден босатылмайды.

Ауруына байланысты жазадан босатуға болатын адамдардың түрлері Әділет министрлігі мен денсаулық сақтау жүйесінің бірлескен ведомствоаралық

нормативтік актісінде анықталған. Бұл нормативтік актіде көрсетілмеген аурулар бойынша жазадан босату жөнінде түзеу мекемесінің кемшілігі сотқа өтініш бере алмайды.

Әскери тәртіптік бөлімде ұстау, әскери қызметін шектеу және қамауға алу жазаларын өтеп жүрген сотталушылар, тек денсаулығына байланысты, яғни әскери қызметке жарамсыз деп танылғанда ғана жазадан босатылады немесе жазасы басқа жеңілдікпен жаза түрімен ауыстырылады. Әскери қызметі бойынша тағайындалатын жазалардан басқаларына, сотталғанның денсаулығы қалпына келіп түзелген жағдайда, жазаның талап мерзімі өтіп кетпесе, соттың шешімімен жазаның қалған бөлігін өтеу жүктеледі.

Жазадан босатудың келесі түрі – соттың айыптау үкімінің қылмыстық заңда белгіленген уақыттарда сотталған адамдарға қолданылмау себебі жазадан босату болып табылады. Сотталғанға жаза тағайындалып, бірақ ол мынандай уақыттар аралығында қолданылмаса, сотталған жазадан босатылады:

- маңызы ауыр емес қылмыстар үшін 3 жыл өтсе;
- орташа ауыр қылмыстар үшін 6 жыл өтсе;
- ауыр қылмыстар үшін 10 жыл өтсе;
- аса ауыр қылмыстар ,жыл өтсе.

Сот үкімінің талап мерзімі жаза өтеуден бұлтартқан, яғни, тергеу мен соттан қашқан қылмыскерлерге қолданылмайды. Мұндай адамдарға сот үкімі шыққан кезден бастап 25 жыл өтсе және осы уақыттардың ішінде ол адам басқа қылмыс жасамаған болса, үкімнің талап мерзімі қолданылмайды.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға және өлім жазасына сотталғандарға үкімнің талап мерзімін қолдануды сот өзі шешеді. Егер сот өлім жазасына сотталған адамға үкімнің ескіру мерзімін қолданбауға шешім жасаса, онда өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылады, ал өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасы 25 жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды шартты түрде ерте босатуға қылмыстық-атқару заңы ерекше талап қояды. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамды шартты түрде ерте босату үшін, ол жазаның соңғы 3 жылының ішінде жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзбаған және жазаның 25 жылын өтеген, сондай-ақ осы уақыттардың ішінде сотталған ауыр және аса ауыр қылмыстар жасамаған болуы керек. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамды шартты түрде ерте босатудан сот бас тартқан жағдайда, ол сотталушы туралы осы ұсынысты түзеу мекемесі әкімшілігі енді 3 жыл өткеннен кейін ғана бере алады.

Іс бойынша ақтау үкімінің шығарылуына немесе істің қысқартылуына байланысты сотталған адамды жазадан босатқанда, босату шарасы дереу іске асырылады. Мұндай адамдар сот-тергеу қызметінің қателігінен жазаланған деп бағаланып, босату туралы құжатта сотталғаннан мемлекет атынан кешірім сұралады. Сонымен қатар, босатылған адамның сотталуына байланысты жоғалтқан барлық құқықтары мен мүліктік жағдайлары, жұмыс орны қалпына келтіріледі. Мысалы, үйін қайтарып бере алмаса, онда сондай үй беріледі. Жұмысында ол бұрын жасаған қызметін қайтарып беру мүмкін болмаса, сол дәрежедегі басқа жерден жұмыс беріледі, мұндай жағдайда, заңсыз жазаланған уақыты еңбек стажына кіреді.

Жазадан босатудың басқа да негіздеріне, қылмыстық заңда қарастырылған өзге де жағжайлар, мысалы, жүктілігіне немесе 8 жасқа толмаған баласы болуына байланысты үкімнің орындалуын кейінге қалдыру және сотталғанның отбасында төтенше ауыр жағдайлардың болуына байланысты жазадан босату жатады.

Егер жүкті әйелдер мен 8 жасқа толмаған баласы бар әйелдер түзеу колонияларында жаза өтеуге тиісті болса, оларға қатысты үкімнің орындалуын кейінге қалдыруға болады. Мұндай әйелдердің жазасы сот үкімі арқылы кейінге қалдырылады. Ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағандығы үшін 5 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүктң әйелдерге және 8 жасқа толмаған баласы бар әйелдерге үкімнің орындалуы кейінге қалдырылмайды.

Жазадан босатудың бір түріне, сотталғанның отбасында ауыртпалықтың болуы жатады. Мұндай төтенше қайғылы жағдайлар қатарына үйі өртеніп кетуі, табиғи апат, сотталғанның отбасын асырап отырған жалғыз адамның ауруы немесе қайтыс болуы, т.б. жағдайлар жатады.

Мұндай сотталғанды жазадан босату үшін тағы да мынандай екі негіз болуы керек. Біріншіден, сотталғанды жазадан босатпаса, оның салдары тағы да ауыр зардаптар әкеле алатындай болуы керек (мысалы, асыраушысы жоқтықтан отбасы мүшелерінің үйсіз қалуы, т.б.), екіншіден, сотталған маңызы ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар бойынша сотталған болуы керек. Ал, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағандығы үшін сотталған адамдардың отбасында жоғарыдағыдай жағдайлар болғанда сот үкімнің орындалуын жағдайлар болғанда сот үкімнің орындалуын 3 айға кейінге қалдыра алады. Бұл уақыттар сотталушыға отбасын туыстарына тапсыру, немесе т.б. жерлерге орналастыру үшін беріледі.

§ 2. Жазаны өтеуден босатудың тәртібі

Қылмыстық заңда қарастырылған жазадан босату түрлерінің орындалуы кезінде әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктер жазаның түріне, сотталған адамның жеке басына байланысты жағдайлардан туындайды.

Көпшілік жағдайларда жазадан босатуға ұсынысты жазаны атқарушы орган немесе мекеме береді. Мұның себебі, сотталғанды жазадан босатуға негіз беретін жағдайлардың алдымен жазаны атқарушы мекемеге мәлім болуына байланысты. Мысалы, сотталған адамның түзеле бастауы, қатты науқасқа шалдығуы, т.б.

Жазаны атқарушы мекеме шартты түрде жазадан ерте босату немесе жазаның қалған мерзімін жеңілірек жазамен ауыстыру туралы сотқа ұсыныс жасауға құқылы. Мұндай ұсынысты әдетте жазаны атқарушы мекемелер бергенмен, кейде қоғамдық ұйымдар, сотталған бұрын жұмыс жасаған мекеме әкімшілігі де бере алады. Бас бостандығынан айырылу орындарында түзеу мекемесі бастығының төрағалық етуімен комиссия жұмыс істейді. Бұл комиссия құрамына отряд бастықтары және түзеу мекемесінде жұмыс істейтін басқа да қызметшілер (мысалы, оқытушылар, мамандыққа даярлау курсының мұғалімдері, т.б.) кіреді. Олар ай сайын комиссия жұмысын жүргізіп, шартты түрде ерте босатуға болатын сотталған адамдарды анықтап, сотқа ұсыныс жасайды.

Жазаны өтеуден шартты түрде ерте босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жеңілірек түрімен ауыстыру туралы ұсыныста сотталғанның жеке басын сипаттайтын деректер, сондай-ақ оның мінез-құлқын, жазаны өтеу кезіндегі еңбек пен оқуға деген көзқарасы баяндалуы тиіс. Сотталған жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде, жаза атқарушы мекеменің әкімшілігі жаза өтеуден шартты түрде ерте босату немесе жазаның қалған бөлігін жеңілірек жазалармен ауыстыру туралы мәселені 1 ай мерзімде қарайды және осы мәселе туралы қаулы шығарады.

Рақымшылық және кешірім жасау арқылы жазадан босату үшін бірнеше мәселе шешілуі керек. Рақымшылық актісі – сотталушыны сот тағайындаған жазадан толық босата алады. Жазаны атқарушы мекеме әкімшілігі белгілі бір топтағы сотталғандарды шартты түрде босату туралы қаулы шығарды, оны жоғары тұрған орган бекітеді. Сотталғандарды рақымшылық заңының негізінде жазадан босату кезінде, кейде арнайы комиссия құрылады. Мұндай жағдайда, жазадан шартты түрде ерте босатудың негізі – комиссия шығарған қаулы болып табылады.

Рақымшылық туралы заңдар сотталғандарға белгілі бір талап қоймайды. Мысалы, сотталған адамның түзеле бастауы, жазаның белгілі бір мерзімін өтеуі талап етілмейді. Сондықтан рақымшылық туралы заңның негізінде кез келген саннаттағы сотталғандар жазадан босатыла алады. Бірақ, рақымшылық актісінде босатылуға жататын сотталғандардың тобы және босатылу себебі көрсетіледі. Мысалы, ашық формадағы туберкулезбен ауыратын сотталғандар тобы.

Кешірім жасау арқылы сотталғанның жаңа мерзімі азайтылады немесе ол жаза басқа жеңілірек жазалармен ауыстырыла алады. Сотталғанға кешірім жасау туралы

ұсынысты түзеу мекемесінің әкімшілігі беруі сотталғанды көтермелеу шарасына жатады. Президенттен кешірім сұрау арқылы тағайындалған жазаны жеңіл жаза түрімен өтеуге мүмкіншілік алу – өмір бойына бас бостандығынан айыруға және өлім жазасына сотталғандарға қатысты. ҚР Президенті мерзімді қысқарта немесе жеңілірек жазамен ауыстырыла алады.

Сотталғанның кешірім сұрау туралы хат жолдағаннан немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғанға өзге де адамдар кешірім жасау туралы ұсыныс жасағаннан кейін, сотталғанның мінездемесі мен сот үкімінің көшірмесі Президент аппаратына жіберіледі. Президент кешірімді Жарлық шығару арқылы береді және Президенттің кешірім жасау туралы Жарлығы түзеу мекемесіне келісімен, сотталғанға кешірім жасау актісі дереу қолданылады. Сотталған қатты науқасқа шалдыққанда, оны жазадан босату туралы ұсынысты жаза өтеу ауданындағы сот қарайды. Ауырған сотталғанды дәрігерлік-сараптамалық комиссия тексеріп, тиісті қорытындысын береді. Бұл қорытынды сотқа жіберіледі. Қорытындымен бірге сотталғанның мінездемесі, жеке ісі де жіберілуі керек.

Сот жазадан босату туралы істі қарай отырып, науқасқа шалдыққан сотталғанды жазадан босату немесе босатпау туралы шешімін шығарады. Егер психикалық ауруға шалдыққан, яғни, өз әрекетінің маңызын түсінбейтін немесе әрекетін игере алмайтын сотталғанды жазадан босату туралы ұсыныс психиатрдың қорытындысымен бірге келсе, онда сот медициналық сипаттағы мәжбүрлі емдеу шарасын тағайындайды. Мұндай жағдайда соттар, сотталғанның денсаулығы мен қоғамға қауіптілігін ескере отырып, мынандай медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындай алады: а) амбулаториялық мәжбүрлі бақылауға алу және психиатрда емделу; ә) жалпы топтағы психиатриялық стационарда мәжбүрлі емдеу; б) арнайы топтағы психиатриялық стационарда мәжбүрлі емдеу; в) күшейтілген бақылауымен арнайы топтағы психиатриялық стационарда мәжбүрлі емдеу.

Психиатриялық стационарда емделуде болған уақыт жазаға жатады және мерзіміне психиатриялық стационардың бір күні бас бостандығынан айырудың бір күнімен теңестіріліп есептеледі.

Тағайындалған жаза мерзімінің аяқталуына байланысты сотталғанды жазадан босату жаза мерзімі біткен күні жүргізіледі. Сотталған жазадан күннің алғашқы жартысында, таңертеңгі уақыттарда босатылуы тиіс. Егер сотталғанның босатылатын күні демалыс немесе мейрам күндеріне сай келсе, онда демалыстың немесе мейрамның алдындағы күні таңертең уақыттард босатылады. Сотталғанға босатылар кезде оның есеп шотында қалған ақшалары, құжаттары және сақталған азаттары қайтарылады. Сонымен бірге, сотталғанға жазадан босатылғандығы туралы анықтама беріледі. Жазадан босатылған адам баратын жеріне дейін тегін барады және жол азық-түлігін түзеу мекемесі тегін беруі тиіс. Сотталған адамда

киім болмаған жағдайда, ол киімдер тегін беріліп, қажетті деп танылған жағдайда бір жолғы жәрдем ақша беріледі. Егер жазадан босатылған адам түзеу мекемесіне қарыз болса, ол қарыздар жазадан босатылу үшін кедергі болып саналмайды.

Кәмелетке толмағандар жазадан босатылғанда, оларды түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметкері апарып тастайды.

Жазаның басқа түрлерінің мерзімі біткенде, сол жазадан туындайтын барлық шектеулер күшін жояды. Мысалы, түзеу жұмыстарының мерзімі біткенде, оның айлық табысынан ұсталым тоқтатылады. Бас бостандығын шектеу жазасының мерзімі біткенде, үйіне қайтарылып, оған бақылау жүргізу тоқтатылады.

Жазадан босату мерзімі ретінде соттың тағайындаған уақытының соңғы күндері алынады. Егер жаза жылмен тағайындалса, онда жазаның аяқталу жылы үкім шыққан аймен анықталады. Егер жазаны аймен есептесе, онда жаза сот белгілеген айдың соңғы күнінде аяқталуы керек.

Түзеу жұмыстары жазаның аяқталатын күні, қылмыстық-атқару инспекциясы жаза өтеген адам жұмыс мекеме әкімшілігіне жазаның өтеліп біткенін, оның табысынан ұстауды тоқтату керектігін хабарлап және жазадан босатылғандығы туралы анықтама қағаз жібереді.

I және II-топтағы мүгедектер, 60 жастан асқан ер адамдар мен 55 жастан асқан әйелдер жазадан босатылар кезде, қарттар үйі мен мүгедектер үйіне орналасқысы келетіндігін хабарласа, онда олардың өтініштерін қанағаттандыру мақсатында түзеу мекемесі әкімшілігі осындай үйлермен немесе әлеуметтік қорғау органдарымен хабарласып, олардың тілегін қанағаттандыруға шаралар қолданады. Түзеу мекемесінің әкімшілігі мүгедек адамдар, жүкті әйелдер, жас баласы бар әйелдер, кәмелетке толмағандар жазадан босатылатын кезде, олардың туыстары мен жақын адамдарына хабарлап, келіп алып кетуге шақырады. Мұндай шақыру – сотталған бас бостандығын шектеу, қамау, бас бостандығынан айыру жазаларынан босатылған жағдайда берілуі керек.

Түзеу мекемелерінде жазаның аяқталу уақыты таялғандарға арнайы дайындық жұмыстары жүргізіліп, онда жазадан босатудың тәртібі, жұмысқа орналасу, әкімшілік бақылаудың жүргізілуі тәрізді т.б. қажетті мән-жайлардың тәртібі түсіндіріледі. Бұл дайындық – жазадан босатылған адам, кейін, осы мәселелерде жаңылыспау, қателіктер жасамау үшін көмек ретінде жүргізіледі.

Сотталғанның сұрауы бойынша жазадан босатылуға 2 ай қалғанда, түзеу мекемесінің әкімшілігі халықты еңбекке орналастыру туралы қызмет орындарына немесе сотталғанның тұратын жеріндегі жергілікті басқару органына жазадан босатылатын адамға жұмыс орны жағынан көмек көрсету туралы хабарлама жасайды. Мұндай хабарлама – бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру жазаларынан босатылатын адамдар үшін жасалады.

Жаза өтеген адамдар соттылығы бар адамдар үшін көзделген шектеулер мен

Қазақстан Республикасы азаматтарына белгіленген құқықтарды пайдаланып, міндеттерді атқарады.

XV-тарау.Жазадан босатылған адамдарға бақылау жүргізу.

Әкімшілік бақылау ұғымы,оның міндеттері мен мазмұны.

Сотталған адамдарға әкімшілік бақылау жүргізу дегеніміз-заңда белгіленген санаттарға жататын жаза өтеген адамдарға жергілікті ішкі істер бөлімі әкімшілігі тарапынан,заңда белгіленген мерзімдерге дейін орнатылған қадағалау шарасы болып табылады.

Мемлекеттің соттылығы бар адамдарға бақылау жүргізуі,жаза өтеген адамның келісімінсіз,міндетті шара ретінде және мәжбүрлі түрде жүргізіледі.

Жаза өтеген адамдарға әкімшілік бақылауды орнатудың себебі,ол осы бақылаудың мақсатымен байланысты және бұл бақылау мынандай санаттарға жататын жазадан босатылған адамдарға тағайындалады:

-қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегілерге;

-ауыр немесе аса ауыр қылмыстары үшін жаза өтегендерге;

-қасақана жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазасын 2 немесе одан да көп рет өтегендерге;

-жазадан шартты түрде ерте босатылғандарға.

Жазадан босатылған адамдарға әкімшілік бақылау-6 айдан 1 жылға дейін тағайындалады.Әкімшілік қажет деп тапқан жағдайда бақылау мерзімі ұзартыла алады,бірақ бұл бақылау сотталғандық атақ алынатын немесе күшін жоятын уақыттан аспауы тиіс.

Әкімшілік бақылаудың мақсаты,қылмыс жасағандығы үшін жаза өтеген адамдарды қайтадан қылмыстар жасаудан сақтандыру және алдын алу болып табылады.Бұрын қылмыс жасаған адамдардың қылмыс жасауы кездесетін жайт.Мемлекет қылмыстылықпен күресу шараларының негізгі түріне оның алдын алу шараларын жазқызады.

Алдын алу шараларын 3 кезеңде жүргізуге болады.Бірінші кезең-қылмыс жасауға бейімделе бастаған және алдын алу шараларын жүргізбесе қылмыс жасауы әбден ықтимал адамдарға мемлекет,қоғам тарапынан бақылау орнату.Екінші кезең-қылмыс жасағандығы үшін,қылмыстық жазаны қолдану арқылы қылмыстылықпен күресу.

Үшінші кезең-жаза өтеген,бірақ әлі де қылмыс жасауы мүмкін деп танылған адамдарға мемлекет және қоғам тарапынан бақылау орнату.Жаза өтеген адамдарды қайтадан қылмыстылықпен айналысудан сақтандыру үшін әкімшілік бақылау жүргізгенде,ол адамның намысына,отбасы мен жұмысындағы қадір-қасиетіне нұқсан келетіндей түрде жүргізбеу керек. Әкімшілік басқаруды милиция қызметкерлері жүргізеді.Ал,бұрын жаза өтеген адамға қайта-қайта милиция қызметкерлерінің келуі немесе шақыртуы,ол адамның көңіліне кірбің,ал отбасына үрей туғызуы мүмкін.Сондықтан,әкімшілік бақылау жазадан босатылған адамның өзіне жүргізілгенмен,оның отбасы,қоршаған ортасына ол бақылаудың жүргізіліп жатқандығы байқала бермейтіндей болуы керек.

Әкімшілік бақылау тәрбиелік мақсатта да қолданылады. Жоғарыда аталған топтардағы қылмысты жасағандарға және мінез-құлқы қылмыстылыққа бейімделе бастаған адамдарға бақылау жасаудың күшейтілуі,әрине,ол адамды қылмыстылықтан сақтандырып қана қоймайды,сонымен бірше тәрбиелейді де.

Қылмыстық-атқару заңында белгіленген адамдарға әкімшілік бақылау-екі негіздің біреуі болғанда жүргізіле алады.

Егер жаза өтеу кезінде түзелу жолына түскісі келмейтіндігін және қоғам үшін қауіпті болып қала беретіндігін көрсетсе немесе жазаны өтегеннен кейін ішкі істер органдарының ескертуіне қарамай,қоғамдық тәртіпті үнемі бұза берсе,онда мұндай адамдарға әкімшілік бақылау жүргізілуі тиіс.Қылмыстық-атқару заңында сотталған адамдарды әкімшілік қадағалаудың негізі ретінде,жоғарыда аталған санаттарға жатпайтын,бірақ жаза өтеп келгеннен кейін үнемі қоғамдық тәртіпті бұзған адамдар қарастырылмаған.

Қылмыстық-атқару заңында,бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік бақылау орнатудың материалдық және формалды негіздері келтірілген.

Формалды негіздер ретінде,ауыр немесе аса ауыр қылмыстары үшін жаза өтегендер,қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегілер,қасақан қылмыс жасағандығы үшін екі немесе одан да көп рет бас бостандығынан айыру жазасын өтегендер алынған.

Материалдық негіз-жаза өтеген адамның бас бостандығынан айыру органдарындағы мінез-құлқына және қайталап қылмыс жасау мүмкіншілігіне байланысты болады.

Әкімшілік бақылау орнатудың материалдық негізінің элементтеріне сотталған адамның жаза өтеу кезінде түзелу жолына түскісі келмейтіндігін байқатуы және қоғам үшін қауіпті болып қала беретіндігін көрсетуі жатады.

Түзелу жолына түскісі келмейтіндігін көрсету-бұл жаза өтеген адамның бас бостандығынан айыру органдарында режим талаптарын бұзып, сол үшін жазалау шараларына бірнеше рет тартылуы болып табылады. Жазаның белгіленген режимін бірнеше рет қасақана бұзушылықтың салдары сотталушыны «Жаза өтеу тәртібін қасақана бұзушы» деген санатқа жатқызуы себеп болады. Әкімшілік бақылау жаза өтеу кезінде осындай санатқа жатқызылған адамдарға қолданылады.

Қоғам үшін қауіпті болып қала беру-бұл әр жағдайда жеке бағалауды қажет етеді. Сотталушыны «қоғам үшін, қауіпті» деген топқа жатқызу үшін, ол жазаны өтеуден жалтарушы ғана емес, сонымен бірге «кейін, бостандыққа шыққанда, тағы да қылмыстар жасауы мүмкін, соған бейім» деген пайымдау болуы керек. Мұндай адамдар жаза өтеуден босатылғанда, түзеу мекемесі әкімшілігі оның тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органына бақылау жасау туралы хабарлайды.

Қылмыстардың аса қауіпті рецидивіндегілерді бақылау-оларды бас бостандығынан айыру органдарындағы мінез-құлқына қарамай, жаза өтеуден босатылу фактісіне қарай жүргізіледі.

Әкімшілік бақылау белгіленген адамдарға мынандай шектеулер толық немесе ішінара қолданылады:

- ауданның (қаланың) белгілі бір жерлеріне, орындарына баруға тыйым салу;
- ауданның (қаланың) шегінен тысқары жол жүруге тыйым салу немесе уақытын шектеу;
- милицияға айына 1 реттен 4 ретке дейін келіп, тіркеліп тұру.

Бұл шектеулер жазадан босатылған адамның отбасы жағдайына, жұмыс орнына, тұратын жеріне немесе басқа да жағдайларына байланысты күшейтілуі немесе азайтылуы мүмкін.

Әкімшілік бақылауға алынған адамға осы шектеулерге байланысты, мынандай міндеттер белгілеуге болады; еңбекке адал қарау, қоғамдық тәртіпті бұзбау және бақылаудың белгіленген тәртібіне мынандай міндеттер жатады:

- ішкі істер органдарының шақыруы бойынша уақытында келіп, әкімшілік бақылау ережелеріне байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру;

-жұмыс орнының немесе тұратын жерінің ауысатындығын, сондай-ақ қызмет бабы бойынша ауданнан (қаладан) тысқары жол жүретінін бақылау жүргізуші органға хабарлау;

-аудан(қала) аумағынан тысқары жерде 1 тәуліктен астам уақыт болатын жағдайда, жергілікті ішкі істер органына тіркелу;

-осы санаттағы адамдарға белгіленген шектеулерді сақтау.

Әкімшілік бақылау тағайындалған адам осындай міндеттерді орындамағанда немесе бұзғанда, әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

§2. Әкімшілік бақылауды белгілеу тәртібі және бақылаудың аяқталуы

Түзеу мекемелерінде әлі де әкімшілік тарапынан бақылауды қажет ететін сотталғандар жазадан босатылуға бір ай қалғанда, ейінгі уақыттарда бақылау жүргізу ұйымдастыру шаралары жүргізіле бастайды.

Түзеу мекемелері жжазадан босатылатын, бірақ, бақылауды әліде қажет ететін адамдарды анықтап, олардың тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарына хабарлайды. Әкімшілік бақылау осындай хабарламаның негізінде жүргізіледі. Бұл негіздегі бақылау – қылецидимыстардың аса қауіпті рецидивіндегілерге, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағандығы үшін сотталғандарға екі немесе одан көп қаса қана қылмыс жасағандар және шартты түрде жазадан ерте босатылып, сынақ мерзімінде қайтадан қылмыс жасағандарға қолданылады.

Мұндай санаттағылар жаза өтеу кезінде түзелу нышаның байқатпаса және жазаның белгіленген тәртібің көрінеу бір неше рет бұзса, бақылауға алынады.

Әкімшілік бақылау бас бостандығынан айыру жазасын өтеп, бостандыққа шыққана кейін, ішкі істер органдарының ескертіуіне қарамай қоғамдық тәртіпті үнемі бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершіліктерге тартылғана адамдарға да тағайыдалады. Мұндай қауіпті адамдарға әкімшілік бақылауды қолдану үшін жаза өтеу некемелерінің бақылау жүргізу туралы үнұсыныс жасау міндетті емес. Аса қауіпті рецидивте қылмыс жасағандығы үшін сотталғандарға әкімшілік бақылауды орнату негізіне соттың рецидив деп таныған үкімі алынады. Демек, мұндай рецидивтерге әкімшілік бақылауды қолдану үшін арнайы хабарлама қажет емес.

Басқа да санаттардағы жаза өтеген адамдарға әкімшілік бақылауды белгілеу негізін, түзеу мекемесінде түзелу жолына түскісі келмейтіндігін көрсетіп, әліде қауіпті адам екендігі байқалатын немесе бас бостандығынан айыру орындарынан

босатылған адамның қоғамға қайшы келетін өмір жолын ұстануын құалардыратын материалдырдың жергілікті ішкі істер орындарында болуы жатады.

Түзеу мекемесі жаза өтеген адамдардың аталған санаттарына әкімшілік бақылау жүргізу туралы ұсынысты сотқа жолдайды. Сот әкімшілік бақылауды қолдарну туралы қаулы шағарады. Түзеу мекемесінің әкімшілігі бақылауға алынатын адамды бас бостандығын айыру органдарыны бостар алдында, оның тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына сотталғаның барып жететін уақытың көрсете отырып, әкімшілік бақылауды тағайымдау туралы соттың қаулысын жібереді.

Бақылауды жүргізуші ішкі істер органы жасадан босатылған адамды суретке түсіріп және саусақарының ізін алуы керек. Әрбір бақылаудағы адамға бақылау ісі ашылады.

Бақылауға алынатын адамды милиция органдары шақыртып, әнгімелесу өткізеді және жұмыс орны әкімшілігінен ол адам туралы мәліметтер сұраттады, сондай-ақ үйін тексеріп қайтадан қылмыс жасамау үшін оны үнемі бақылап, сақтандыру шараларын жүргізеді.

Әкімшілік бақылау - белгіленген уақыттың өтуімен және бақылауға алынған адамның еңбекке, тұрмысқа адал қарап, түзелуіне байланысты бақылауды ерте алып тастаумен, сондай - ақ сотталғандық атағының өтуімен немесе алынуымен аяқаталады.

Әкімшілік бақылау аяқталғаннан кейін, ол туралы қаулы шығарылыпғ бөлім бастығымен бекітіледі және бақылауда болған адамға қаулы жариялана отырып, ішкі істер органының есебінен шығарылады.

§3. Шартты түрде сотталғандарды бақылау

Шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылауды сотталғандардың тұратын жері бойынша қылмыстық –атқару инспекциялары, ал шартты сотталған әскери қызметшілерді бақылауды олардың әскери бөлімдерінің командованиесі іске асырады.

Шартты түрде сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды қылмыстық атқару инспекцияларынан басқа да қызметкерлер іске асыра алады. Бірақ бұл қызметкерлер белгілі бір кезеңдерде ғана қатысады. Негізінен шартты түрде сотталғандарды бақылау, қылмыстық атқару инспекцияларына жүктелген.

Қылмыстық атқару инспекциялары шартты сотталғандардың есебін жүргізеді және сотталғандардың қоғамдық тәртіпті сақтауын оған сот арқылы тағайындалған

міндеттердің орындалуын, сонымен бірге қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалса, онда осы жазаның да орындалуын бақылайды. Шартты сотталған адам міндетті әскери қызметін өтеу үшін әскерге шақырылғанда, қылмыстық - атқару инспекциясы әскери комиссиariatқа үкімнің көшірмесін және басқа да құжаттарын (мысалы, мінездемесі, жеке ісі) жібереді. Әскерге алынған шартты түрде сотталған адамды есепке қойып, қылмыстық - атқару инспекциясына бақылаудың орнатылғанын 10 күнде хабарлауы керек.

Шартты сотталған адамның сынақ мерзімі әскерде жүргенде аяқталса, онда әскери бөлім қылмыстық атқару инспекциясына жаңа мерзімнің аяқталғанын, оған бақылау жүргізу тоқтатылып, есептен алынғанын хабарлайды. Шартты сотталғандар қылмыстық - атқару инспекцияларының немесе әскери бөлімдер командованиелерінің алдында өзінің жүріс - тұрысы туралы есеп беруге, сот жүктелген міндеттерді орындауға, шақыру бойынша қылмыстық - атқару инспекциясына келуге міндетті.

Бұл міндеттерді орындамау мәжбүрлеу шаралары мен жазалау шараларын қолдануға негіз болады. Қылмыстық атқару инспекцияларының міндеттері сот үкімінің толық орындалуы барысындағы қажеттіліктерден құралады.

Ол міндеттердің қатарын былай анықтауға болады:

- Шартты сотталғандарға есеп жүргізу;
- Сотталушының қоғам тәртібін сақтауын бақылау;
- Сотталушыға сот тағайындаған міндеттердің орындалуын бақылау;
- Белгілі бір лауазымды болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тәрізді қосымша жазалардың орындалуын бақылау.
- шартты соттаудың атқарылуы мақсатында сот, ішкі істер органдарымен, әскери бөлім командованиелерімен байланыста болу.

Шартты сотталған адамдарға – сот мынандай міндеттерді тағайындай алады: бақылау жасаушы органның рұқсатынсыз оқу, жұмыс, тұратын орнын ауыстырмау, тыйым салынған жерлерге бармау, отбасына материалдық жәрдем көрсету.

Соттың белгіленген міндеттерін сотталған орындамағанда немесе әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда қылмыстық атқару инспекциясы оған шартты түрде сотталу алынып, қатал жаза тағайындалуы мүмкін екендігін жазбаша түрде ескертеді.

Сотталғанның тағайындалған міндеттерді үнемі орындамауы дегеніміз оның тыйым салынған әрекеттерді жасауы немесе шартты сотталғанға ұйғарылған іс-әрекетті бір жыл ішінде екі реттен астам орындамауы және өзіне сот жүктеген міндеттерді ұзақ уақыт орындамауы болып табылады. Міндеттерді ұзақ уақыт орындамау ретінде 30 күннен астам уақыт алынады.

Тұратын жері қылмыстық-атқару инспекциясына 30 күннен астам белгісіз болған шартта сотталған бақылауда жасырынушы деп танылады.

Шартты сотталғандардың жауапкершілігін жалпы және арнайы деп екіге бөлуге болады.

Шартты түрде сотталған адамның арнайы жауапкершілігі сотталуына байланысты белгіленген міндеттерін бұзғанда туындайды. Бұл жауапкершілік түрінің туындауы үшін, сотталған қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған, сондай-ақ қылмыстық атқару инспекциясының бақылауынан және сот белгілеген міндеттерді атқарудан бұлтарған болуы керек. Шартты сотталғанда осы жағдайлар болғанда, қылмыстық-атқару инспекциясы сотқа шартты соттауды алып тастау туралы ұсыныс жасайды. Шартты соттау алғанда, бас бостандығынан айыру немесе бастапқы шартты соттаумен ауыстырылған жаза тағанындалады.

Шартты сотталғанның жалпы немесе басқа да міндеттерді бұзуы сотталғанның сот белгілеген міндеттерін қылмыстық-атқару инспекциясы алдында сақтамауы болып табылады. Мысалы, қылмыстық-атқару инспекциясына келіп есеп бермеу, инспекцияның шақыртуына бармау, т.б. Басқа да жағдайлар ретінде қылмыстық атқару инспекциясының өз көзқарасымен белгілеген міндеттері алынады. Бұл міндеттерді де сотталаушы сақталмаған жағдайда, қылмыстық атқару инспекциясы сотқа шартты соттауды бір жылға дейін ұзарту немесе шартты соттаудың күшін жою туралы ұсыныс жасайды.

Шартты түрде сотталғанды сынау мерзімі сот үкімі шыққан кезден басталды. Сынақ мерзімі өткеннен кейін шартты сотталғанға бақылау тоқтатылды және ол қылмыстық-атқару инспекциясының есебінен алынды.

ХҮІ-ТАРАУ. ЖАЗАНЫ АТҚАРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

§1. Пенитенциарлық мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық

Жазаны атқару мәселесіне байланысты бүгінгі халықаралық ынтымақтастық ұзақ уақыттар бойы қалыптасты. Әр халықтың әдет-ғұрпымен байланысты болған жазаны орындау мәселесін бір жүйеге келтіру туралы бағыт ХІХ-ғасырдың ортасында басталды. Әдепкіде, бұл мәселе жекелеген мемлекеттердің жазаны атқарумен айналысатын мекемелерімен және жеке адамдармен басталып, ол тек осындай топтардан құралған жиынның өтуімен ғана шектелді. Ол кездерде әр мемлекет жазаны өз заңдары бойынша атқарып, өз үлгісін басқа елдерге таратуды ойға алмаған еді.

Пенитенциарлық мәселер бойынша халықаралық тұтастыққа ұмтылу 3 кезеңнің(сериядан) тұрады. Бірінші кезең – адамдардың осы мәселе төңірегінде

өткізген конгрестерінен тұрады. Мұндай жиындар бірінші кезеңде 3 рет өткізілді. Бірінші рет 1846 жылы Майндағы Франфуртте, екінші рет 1847 жылы Брюсселде, үшінші рет 1857 жылы Франкфуртте өткізілді. Бұл конгрестерде түрмеде жаза өтеудің мәселелері қарастырылып, үлгілі бағытты қалыптастыру ұсынылды. Негізінен, бұларда жазаны жеке тұрғын жайларда қамау арқылы өтеу түрі қарастырылып, оның пайдалы жақтары және көпшілік жағдайда қолдану қажеттілігі айтылды. Бірінші сериядағы халықаралық конгрестер маңызы бойынша, жазаны атқару мәселесінің теориялық жақтарымен айналысатын адамдардың ұсыныстарымен, ой-пікірлермен ерекшеленеді.

Түрме конгресінің екінші сериясы Нью-Йорктегі түрме қоғамының басқа елдерге ұсыныс жасауынан басталды. Бұл ұсыныста, түрмеде жаза өтеуді қарастыру, зерттеу және біртектес түрме жүйесін қолдану үшін, сол кештерде барынша дамыған елдерге өз түрмелерінің жағдайын, қамаудағы адамдарды ұстау жағдайларын қолдануға шақырды. Осы шақыру бойынша, бұл кезеңнің бірінші түрме ісі жөнінде конгресі 1872 жылы өткізілді. Конгресте алдағы уақыттағы конгрестерді ұйымдастырылған түрде өткізу үшін арнайы орган – мемлекеттердің ресми өкілдерінің комиссиясы құрылды. Бірінші сериядағы конгрестерге қарағанда, бұл конгрестер ерекшелігі – оған жекелеген мемлекеттер өз органдары немесе ресми өкілдері арқылы қатысты. Кейінгі конгрестерде ұйымдастырушы органның атауы «халықаралық қылмыстық және пенитенциарлық комиссия» деп өзгертілді. Бірақ бұл орган қызметі, рөлі бойынша бұрынғы күнде қала берді және осы атауымен 1950 жылға дейін өмір сүрді.

Түрме мәселесі жөніндегі екінші сериядағы конгрестер 12 рет өткізілді. Бұл конгрестерде сотталушыны түрмеде жеке қамау, пенитенциарлық саясат пен оның тәжірибесі, бас бостандығынан айыру жазасын өтеудің тәртібі, оның режимін анықтау, еңбекке тарту тәрізді мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, бұл кезеңдегі конгрестер пенитенциарлық қызметі жетілдіре түсу мақсатында және басқа елдерге үлгі ретінде бірнеше халықаралық актілер қабылдады. 1947 жылы құрылған БҰҰ халықаралық қылмыстық және пенитенциарлық комиссияны алып тастап, оның қызметін 1950 жылы өзіне қосты. БҰҰ-ның пенитенциарлық мәселелер бойынша өткізілетін конгрестерді өзіне қосу себебі – бұл кезеңдерде түрме ісі жөніндегі конгрестер таза пенитенциарлық мәселелер шегінен шығып, қызметін кеңейте бастаған еді.

БҰҰ-ның құрылуымен, пенитенциарлық мәселелер жөніндегі халықаралық ынтамақтастықтың үшінші-кезеңі басталды. Бұл кезеңдегі өткізілген конгрестерде пенитенциарлық мәселелермен қатар, оған ұқсас яғни қылмыстылықтың алдын алу, онымен күресу тәрізді өзекті мәселелер де қарастырылды. Конгрестер қызметінің құқықтық негізін БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциялары, экологиялық және әлеуметтік кеңес анықтады. Осы кеңестің ұйымдастыруымен қылмыстылықпен

күресу, оның алдын алу қылмыстық заңда көзделген жазаларды қылмыскерлерге қолдану мәселелері жөніндегі конгрестер 1955 жылдан бастап, 5 жылда бір реттен өткізіліп отыратын болды. Бұл конгрестерде қабылданған міндеттемелер туралы есеп-баяндамалар тыңдалды, жаңа мәселелер, пікірлер қозғалып, сотталған адамдармен жаза өтеу кезіндегі қатынас туралы халықаралық дәрежедегі жаңа құжаттар қабылданды.

Конгрестің шешімдері мен резолюциялары, оған қатысушы мемлекеттер мен басқа да мемлекеттер үшін үлгі қабылданылды. Бұл конгрестер өзге елдердің пенитенциарлық мекемелерімен тәжірибе алмасуға кеңінен мүмкіндік туғызды. Мұндай жұмыстар негізінен жазаның мақсатына дұрыс жету, қылмыстылықты азайту, сотталған адамдармен жаза өтеу кезінде адамгершілікке сай келетін тұрғыда қатынас жасау бағытында жүргізілуде.

Қамаудағы адамдармен дұрыс қатынас жасауды көздейтін бірнеше құжаттар бар. Олардың көпшілігі БҰҰ-ның бастауымен оның конгрестерінде қабылданды. Ал кейбіреулерін жеке мемлекеттер қабылдады. Бұл құжаттардың барлығы да, ұлттық заңдардың сотталған адамдарға қатыгездікті қолдануына тыйым салып, олармен қатынас жасау кезінде адамның тәнін, ар-ожданын, заңды құқықтарын қорламайтындай түрде нормаларын құруды ұсынады. Ол құжаттардың барлығы да, осы тұрғыдан келген бір-біріне ұқсас. Ал заңдық күшіне келгенде, олардың кейбіреулерінің мемлекеттік күші жоқ.

Олардың кейбіреулері ереде ретінде қабылданған, яғни пенитенциарлық мәселелер жөнінде ұлттық заңдар қабылдағанда, осы бағытты ұстануды ұсынады. Ол ережедегі ұсыныстарды қазіргі кезде көптеген мемлекеттер қолдап, ішінара ереже нормаларын өз заңдарында қабылдауда. Мысалы, Қазақстан Республикасында қылмыстық жазаны атқару және өтеу мәселесін зерттеуде, оқытуда, заңды қабылдауда сол ережелер қолданылады немесе ескеріледі.

I. Жалпы сипаттағы актілер:

Адам құқының жалпыға бірдей декларациясы (1948ж.);

Экономикалық-әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Халықаралық пакті (1966ж.);

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакті(1966ж);

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ декларациясы (1963ж);

Дініне немесе нанымына қарай кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Декларация (1981ж);

Нәрестелер құқының Декларациясы (1959ж);

Ақылы кем адамдардың құқы жөніндегі декларация (1975ж).

II. Арнайы актілер:

Қамаудағы адамдармен қатынас жасаудың төменгі стандартты ережесі (1955ж);

Барлық адамдарды азаптаудан және басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысын қорлайтын қатынас жасау және жаңа түрлерінен қорғау туралы Декларация (1975ж);

Азаптау және басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысын қорлайтын қатынасқа және жазаға қарсы Декларация (1984ж)

Қамаудағы немесе ұсталған адамдарды азаптаудан, басқа да қатал адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысын қорлайтын қатынасқа және жазадан қорғау бойынша денсаулыққорғау қызметкерлеріне, әсіресе дәрігерлерге қатысты медициналық этиканың қағидалары (1982ж);

Өлім жазасына сотталғандардың құқықтарын қорғауға кепілдік беру шаралары (1984ж);

Кәмелетке толмағандарды соттауға қатысты БҰҰ-ның төменгі стандартты Ережесі (Пекин ережесі) (1985ж)

Қандай нысанда болмасын, ұстауға немесе қамауға алынған барлық адамдарды қорғау қағидаларының жинағы (1990ж);

Түрмеде жаза өтеумен байланысты емес жазаларға қатысты БҰҰ-ның төменгі стандартты Ережесі (Токио ережесі) (1990ж);

Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды қорғауға байланысты БҰҰ-ның ережесі (1990ж);

Кәмелетке толмағандарды қылмыстықтан сақтандыру туралы БҰҰ-ның жетекші қағидалары (Эр-Рияд жетекші қағидалары) (1990ж);

§ 2. Кейбір шет мемлекеттердің жазаны атқару жүйесіне қысқаша сипаттама

Пенитенциарлық мәселені жеке заң, ғылым ретінде зерттеген елдер, бүгінгі дамыған қылмыстық-атқару заңына бірден жеткен жоқ. Бір мемлекеттің өзінде, қоғамның әр даму формациясында өзіндік ерекшеліктері бар заңдар өмір сүреді. Қылмыстық-атқару заңы арнайы зерттеудің және сотталған адамдарға жазаны дұрыс қолдана білуге ұмтылдырудың нәтижесінде дамып, үлгі ретінде шығарылған, өзге мемлекеттер қабылдауға болатын қылмыстық-атқару заңдары пайда болды. Осының нәтижесінде, бүгінде көпшілік мемлекеттердің қылмыстық-атқару тәжірибесінде ұқсастық байқалады.

Америка Құрама Штатарында пенитенциарлық жүйенің қалыптасуына елеулі үлес қосты. ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда АҚШ-та пайда болған пенитенциарлық мекемелер сол кездерде басқа мемлекеттерге таныс болып, ол жүйелер кейбір мемлекеттерде қолданыла бастады. Солардың ішінде Пенсильвания және Оборн жүйелеріне, сондай-ақ жастар реформаториясына тоқталайық.

1786 жылы Пенсильвания штатында бас бостандығынан айыру жазасы үшін, «пенитенциарий» (латын тілінде: өкіну) деп аталатын жаңа түрме ашылды. Бұл жаңа жүйе бойынша, сотталған адамдар жаза өту кезінде оқшау ұсталып, жасаған қылмысы үшін өкінуге тиіс болды. Сотталушыны өкінуге мәжбүрлеудің негізін салушы діни нанымдар болып табылады. Протестантық дінінің бағалауы бойынша, қылмыс жасау «күнә» саналып, қылмыскер жаза өтеу кезінде сол күнәсі үшін өкінуі керек болды. Пенсильвания жүйесі бойынша сотталғандар жеке камерада ұсталып, жазаны үнемі камерада өткізуі тиіс болды. Олар дене еңбегіне тартылмады, сондай-ақ сыртқы өмірден ажыратылды. Жазаның тәртібін сол бұзғандық үшін сотталушы азаптауға, дүреге алынды.

Пенсильвания жүйесі сотталғандардың еркін қатты басып, адамда тек үрей қалыптастырды. Осы себептен бұл жүйе қылмыстың азаюына елеулі үлес қосса да, ол өз мақсатына, сотталушының өкінуіне жете алмады. Жазаны атқарудың бұл түрі сол кездерде АҚШ-та қолданылды.

1816 жылы Нью-Йорк штатына Оборн қаласында тағыды пенитенциарий ашылды. Бұл жүйе мақсаты бойынша, жазаның қатаңдығын, экономикалық және адамды түзеу жақтарымен бірге іске асыру тиіс болады. Бұл мақсатты іске асыру үшін сотталғандар ұжымды түрдедене түрде тартылды. Ал түнгі уақыттарда жеке камераларға қамалды. Бас бостандығынан айыру жазасын атқарудың бұл жүйесі «Оборн жүйесі» деп аталып, сол кездердегі АҚШ-та танымал жаза өтеу тәсілі болды.

XIX-ғасырдың 2-жартысында АҚШ-та жазаны атқарудың жетілген түрін шығарылу туралы жаңа идеялар байқала бастады. Осының нәтижесінде, АҚШ-та түзеу мекемесінің жаңа түрі – жастар реформаториясы құрылды. Бірінші реформатория 1976 жылы Нью-Йорк штатына қарасты Эльмайр қаласында ашылды. Бұл мекеме сотталғандарды тәрбиелеудің белгілерін қоса отырып ұйымдастырылуы керек болды. Жастар реформаториясы деп аталу себебі – мұнда бас бостандығынан айыру жазасын 16-дан 30 жасқа дейінгілер өтеді.

Жастар реформаториясының бұрынғы атқару жүйесінен артықшылығы – мұндағы бас бостандығынын айыру жазасын өтеушілер 3 топқа бөлінді. Әр топтағы сотталушылар басқа топтағы сотталушылардан бөлек ұсталды. Бұл топтар өзара жазаны атқару мен өтеудің ереушелігіне, яғни сотталғандарды ұстаудың әртүрлі жағдайларына және сотталған адамдардың мінез-құлқына қарай ажыратылды.

XX-ғасырда АҚШ-та бас бостандығынан айыру жазасын атқару жан-жақты қарастырылып, оған әлеуметтік-психологиялық, психиатриялық, т.б. бағыттарды қолдануға көңіл бөлінді. АҚШ штаттарының түзеу мекемелері осы бағыттарда қалыптасқан түзеу мекемелерін құра бастады. Әр штаттың бас бостандығынан айыру жазасын бағалауына қарай, өзіндік ерекшелігі бар жекелеген колониялары пайда болып жатты. Бірақ штаттардың пенитенциарлық мекемелерді жетілдіруге

бағытталған ортақ жұмыстарының нәтижесінде, оларда дамыған түзеу мекемелері пайда бола бастады.

Сонымен, АҚШ-та, ортақ ұмтылыстың нәтижесінде, бүкіл штаттар үшін федералдық құқықтық ережелер және әр штатың жекешелігіне қарай штаттар заңдары шықты.

Қазіргі кезде АҚШ-та бас бостандығынан айыру жазасы пенитенциарлық заңдармен реттелсе, ал бас бостандығынан айырумен байланысты емес шараларды атқару, негізінен қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу сипатындағы заңдармен реттеледі.

Американ соттары пробация, айыппұл және түрмеге алу жазаларын жиі қолданады. Пробация институты мағына-мазмұны бойынша, біздегі шартты түрде соттауға және үкімнің орындалуын кейінге қалдыруға ұқсайды. Пробация – жазаның түрін білдіріп, жаза түрі ретінде қолданылады. Соттар пробацияны Соттар пробацияны қолданғанда, сотталушы бостандықта қалып, тиісті органның бақылауына алынады және сотпен белгіленген міндеттерді орындайды.

Айыппұл – АҚШ-та жиі қолданылатын жаза. АҚШ заңдар жинағы бойынша, айыппұл жеке адамдар үшін 250 мың долларға дейін тағайындалса, ал заңды ұйымдар үшін 500 мың долларға дейін тағайындала алады. Штат заңдары айыппұлдың басқа да көлемдерін белгілеген. Бұл жаза АҚШ заңы бойынша негізгі және қосымша жаза ретінде қолданылады. Айыппұл қосымша жаза ретінде пробацияға және бас бостандығынан айыру жазасына қосылып тағайындала алады және бұл жазаны тағайындау үшін қылмыстың сипатын ескеру міндетті емес. Демек, айыппұл пайдақорлық ниетпен жасалған қылмыстарға да, басқа қылмыстарға да тағайындала алады.

АҚШ-та босандығынан айыру жазасы түрмелерде өтеді. Түрмелердің 3 түрін атауға болады: федералдық түрмелер, штаттар түрмелері және жергілікті түрмелер. Бұл түрмелерде жаза тәртібін сақтаудыңқатал шаралары қолданылады. АҚШ-тың бүгінгі пенитенциарлық жүйесінің қалыптасуына, Пенсильвания, әсіресе Оборн жаза атқару жүйелерінің әсер еткендігі байқалды.

Федералдық және штатық жаза атқару мекемелері 4 түрге бөлінеді: 1) төменгі қауіпсіздікті; 2) орташа қауіпсіздікті; 3) жоғарғы қауіпсіздікті; 4) төтенше қауіпсіздікті.

Төменгі қауіпсіздіктегі түрмелер, біздегі қоныстану колонияларына ұқсас. Бұл түрмелер көбінесе лагерь немесе ферма деп аталып, ондағы жаза өтеушілер түрмеден тысқары жерлердегі әртүрлі жұмыстарға тартылады. Бұл түрмелерге қарулы күзет қойылмайды, сотталғандар ашық жерде жұмыс істеп, жеңілдетілген режимде ұсталды.

Орташа қауіпсіздіктегі түрмелер жабық түрдегі түзеу мекемелеріне жатады. Онда қарулы күзет қойылады, бірақ сыртқы қабырға биік салынбайды. Мұндай

түрмелерде жаза өтеушілер, түрмеден тысқары жерлердегі жұмыстарға пайдаланылады.

Жоғары және төтенше қауіпсіздіктегі түрмелер аса қауіпті қылмыскерлерге арналған. Оларда қару қолданылатын, жазаны өтеудің қатаң тәртібі белгіленген және сыртынын күзет мұнаралары арқылы күзетілді.

Жергілікті түрмелер қауіптілігі аз сотталғандарға арналған. Онда маңызы ауыр емес қылмыстарды жасағандығы үшін сотталған адамдар жаза өтейді.

Кәмелетке толмағандар жазаны жастар реформаторияларында және тәрбиелеу мектептерінде өтейді. Бұл мектептерде жаза өтеу тәртібі ересек адамдарға арналған түрмелерге қарағанда жеңілірек белгіленген.

АҚШ-тың көптеген штаттарының қылмыстық заңдары бойынша, түрмеге қамау жазасының төменгі мөлшері бірнеше күннен басталып, жоғары мөлшері 25 жылға дейін тағайындалады. Кейбір штаттардың заңдарында аса айыр зардаптар келтірілгендігі үшін мұнан да ұзақ мерзімдер белгіленген. АҚШ-тың қылмыстық заңдарыда қылмыстар жиынтығы бойынша жаза тағайындау мөлшері анықталмаған.

Соттар бас бостандығынан айыру жазасын тағайындағанда, нақты мерзім емес, түзеу мекемесінде ұстаудың төменгі немесе жоғарғы мерзімін белгілейді.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы – аса ауыр қылмыстар жасағандық үшін, мысалы, ауырлататын жағдайда кісі өлтіргендік үшін тағайындалады.

Өлім жазасы АҚШ-тың 40 штатының 38 штатында сақталған. Соңғы 20 жылдың ішінде өлім жазасын қолданудың көбірек кездесуі байқалады. 25 штатта өлім жазасын 14 жасқа толмаған қылмыскерлерге де қолдануға мүмкіндік берілген.

Францияда жазаны атқару

Франция мемлекетінде жазаны атқару мәселесі қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығымен және пенитенциарлық мәселелер қарастырылған заңдармен, сондай-ақ, өзге де нормативтік актілермен реттеледі. Францияда қылмысты қарастыратын заңдар қатарынан, 1954 жылдан күшіне енген Қылмыстық кодекс, 1958 жылы қабылданып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы қолданылып келе жатқан Қылмыстық іс жүргізу кодексі және 1959 жылы қабылданған пенитенциарлық заң болып есептелетін үкімет декреті жатады. Қылмыстық жаза осы заңдарда қарастырылып, осы заңдар арқылы реттеледі. Францияның пенитенциарлық мекемелері негізінен екі түрге бөлінеді. Бірінші түрі – кәмелетке толған адамдар үшін арналған мемлекеттің орталық және жергілікті түрмелер. Екінші түрі – кәмелетке толмағандар үшін арнайы ұйымдастырылған түзеу мекемелері.

Орталық түрмелерге бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар жіберіледі. Орталық түрмеге келіп түскен сотталған

адамдар, әдетте 45 тәулікке түрме жағдайына үйрену үшін, жеке кәмеларға камалады. Осыдан кейін барып, олар 5 кезеңнен тұратын жаза өтеудің сатыларына жіберіледі.

Жергілікті түрмелерде үкім шыққанға дейін бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алынғандар, маңызы ауыр емес қылмыс жасағандығы үшін сотталғандар және 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар ұсталады. Жергілікті түрмелерде жаза өтеудің тәртібі – біздегі қамау үйлерінде, түзеу орталықтарында жаза өтеуге ұқсас болып келеді. Олар департаментер бойынша құрылады.

Кәмелетке толмағандар жазаны түрме-мектептерде немесе арнайыланған түзеу колонияларында өтейді. Францияда кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру жазасын түзеу мекемесіне жатпайтын жеке орындарда өткізуге мүмкіндік берілген. Мұндай жеке орындардың мысалы – діни мекемелер, қайырымдылық қоғамдары бола алады.

Францияның қылмыстық және пенитенциарлық заңдарында соттың қылмыстық жазаны атқару мәселесіне араласуы кездеседі. Олардың бас бостандығынан айыру жазасы мерзімін қысқартуға, сотталғанды шартты түрде жазадан ерте босатуға құқығы бар.